ҮЗДІК ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІ

Халед ХОССЕЙНИ

Жарқыраған мың күн



FOLIANT



ҮЗДІК ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІ

Khaled
HOSSEINI

A thousand splendid suns

Халед
ХОССЕЙНИ

Жарқыраған мың күн

Роман

Аударған *Төлеген Меллат*

FOLIANT БАСПАСЫ
Нұр-Сұлтан

ӘОЖ 821.111(73)
КБЖ 84(7Сое)
Х-79

Khaled Hosseini
A THOUSAND SPLENDID SUNS
Copyright @ 2007 ATSS Publications, LLC

Хоссейни, Халед

Х-79 Жарқыраған мың күн : роман / Халед Хоссейни ; [ауд. Т. Меллат]. — Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. — 352 б. — (Үздік шетел әдебиеті).

ISBN 978-601-338-676-8

Роман соңғы жарты ғасырда әлем назарын өзіне жиі аударған Ауған елінің ашық та тұңғиық өмір шындығын, тыныс-тіршілігін боямасыз бейнелейді. Соғыс өрті толастамаған, қараңғылық пен надандық үстемдік құрған қоғамдағы адам тағдыры мен әйелдер өмірін, махаббаттың мұң-наласын айшықты тілмен анық жеткізеді.

«Жарқыраған мың күн» әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, оқырманның ыстық ықыласына бөленген. Алғашқы екі кітабымен автор 2008 жылғы «Әлемдегі ең ықпалды жүз тұлға» тізіміне енген.

564801

ӘОЖ 821.111(73)
КБЖ 84(7Сое)

ISBN 978-601-338-676-8

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

© «Фолиант» баспасы, 2021

БІРІНШІ БӨЛІМ

1

Мәриям «харами»[1] деген сөзді алғаш рет бес жасында естіген.

Мұны бейсенбі күні естіген сияқты. Өйткені Мәриямның мазасы қашып, дегбірсізденіп кеткен еді. Оған себеп — әр бейсенбіде Жәлелдің оны көруге лашығына іздеп келетіні. Ондайда Мәриям белуардан келетін қою, бітік көк шалғын арасынан қол бұлғап, Жәлелдің алдынан жүгіріп шығатын. Сол мезгіл келіп жеткенше алып-ұшқан көңілін басу үшін орындыққа шығып, шешесі Нанаға ыдыс-аяқтарды алып беріп, тасып көмектесетін. Бұл ыдыстар көне Қытайда жасалған, Нанаға анасынан бұйырған бірден-бір жәдігер еді: ол екі жасында жетім қалған. Нана ақ және көк түс араласқан, ернеуі әсем иілген, сыртына торғай мен бамбуктың суреті салынған шәугім мен тіл-көзден сақтайтын айдаһар суреті бар қант салғышын жанынан артық көретін.

Дәл сол қант салғыш Мәриямның қолынан түсіп кетіп, парша-паршасы шыққан.

Оның шағылғанын көргенде Нананың жүзі қызылкүреңденіп кетті. Ерні дірілдеп, әдеттегі мейірімді қос қарашығы Мәриямға сұқтана қалды. Нананың долдануынан қорыққан қызы оған тағы да жын жабысып алды ма деп алаңдады. Әйтсе

[1]Харами — некесіз туған.

де, бұл жолы жын келмеді. Анасы Мәриямның білегінен тартып, тістерін шықырлата қайрап:

— О, харами, қиналып баққан еңбегімді осылай өтегенің бе? Асыл дүниемнің быт-шытын шығардың, арамнан туған шата неме, — деп балағаттай жөнелді.

Ол кезде Мәриям шешесінің сөзін түсінбеген еді: «харами» дегеннің мағынасын білмейтін. Дүниенің әділетсіздігін түсінуге, айыпталуға тиістілер — шаталар емес, керісінше, сол «шаталарды» тапқандар екенін танып-білуге қауқарсыз сәби еді. Сөйте тұра, шешесінің «харами» деп тілдеген кезіндегі сықпытына қарап, мұның масқара, жиіркеніште бірдеңені білдіретінін сезінетін. Ол, бәлкім, шешесі үй сыпырғанда қарғап-сілеп тұрып сыпырып тастайтын таракан сияқты жиіркеніште жәндік болса керек.

Мәриям есейе келе Нананың бұл сөзді ашуын тарқату үшін ғана айтпайтынын түсінді. «Харамидің» елеусіз біреулерге қаратыла айтылатынын, өзінің де дәл сондай ешбір заң мойындамайтын, жұрт қатарлы махаббатқа, жанұя мен мейірімге бөлену хақысынан мәңгілікке айырылған ілікке алғысыз жан екенін білді.

Жәлел Мәриямды ешқашан олай атап көрмеген. Оны «Сүйкімді гүлім» дейтін. Құшағына алып, хикая айтып бергенді құп көретін. Бір жолы ол Мәриямның 1959 жылы туғанын, туған жері Гераттың бір кездерде парсы мәдениетінің бесігі болғанын, онда көптеген жазушы, суретшілер мен тақуалардың өмір сүргенін әңгімелеп берген.

— Ақындардың көптігі сол, аяғыңды сәл көтерсең болды, әй-шай жоқ бір шайырдың басына теуіп салып қарап тұрасың, — деп қарқылдап күлген.

XV ғасырда өмір сүрген Гауһар Шад[2] бегімнің Герaтқа деген махаббатын әйгілеп, әсем мұнаралар тұрғызғаны жайлы

[2] Гауһар Шад (1378-1457) — Тимуридтер империясының сұлтаны Шахрүһтың әйелі, Ұлықбектің шешесі.

хикаясын да айтқан еді. Онымен қоса, Гераттың көсіліп жатқан жап-жасыл атыздарын, құлпырған бау-бағын, сабақ-сабақ самсап тұрған жүзімі мен жүзім бағын, адамдар иін тірескен базарларын Мәриямға тебірене баяндаған.

— Онда бір пісте ағашы бар еді, — деді Жәлел бір күні. — Сол ағаштың саясына ұлы шайыр Жәми[3] жерленген. — Ол еңкейе түсіп, Мәриямның құлағына сыбырлады: — Жәми бес жүз жыл бұрын жасаған. Сені сол жерге, дәл сол ағаштың түбіне апарамын.

Бұл пәниге келген он бес жылында Герат қа жаяу-ақ жетіп баратын жерде тұрғанымен, сол ағашты, әлгі әйгілі мұнараларды жақыннан көру оған еш бұйырмаған. Гераттың бақшасынан жеміс үзу, атызын аралап, серуендеу нәсіп болмады. Бар болғаны, Жәлелдің осы тақылеттес әңгімелері басталғанда, қызыға тыңдаумен тынады. Әкесінің көп білетініне таңданады. Осындай білімді әкесі болғанына тебіреніп, көкірегін мақтаныш кернейтін.

— Не деген өтірік бұл! — дейтін Нана Жәлел кеткен соң. — Байлардың көпірме сөздері де ақшасы сияқты көп болады екен. Ол сені ешқашан әлгі ағаштың түбіне апарған емес. Оның құрғақ көпірмесіне сеніп қалма. Сол қадірлі әкең бізге қиянат жасады, бізден баз кешті. Өзінің хан сарайындай үйінен қоқыс шығарғандай-ақ сыпыра салды. Сонысына риза тағы.

Бұл сөздерді Мәриям шарасыз тыңдайтын. Нананың Жәлел жайлы осы сықпытты сөздерін естігісі келмейтінін айтуға еш бата алмайтын. Әкесімен бірге болған кезінде ол өзін «харами» санамайды. Әр бейсенбіде Жәлелмен кездесіп, бірге болатын сол бір-екі сағатта, ол әкелген тарту-сыйлар мен жүзіндегі жылылықты көріп, өзін өмірдегі бар сұлулық, ілтипат атаулыға лайық және соған ие болғандай сезінетін.

---

[3] Рахман Жәми (1414-1492) — парсы ақыны.

Сол үшін де ол Жәлелді жақсы көретін. Ол тіпті әкесінің басқа бір отбасы барын білсе де, бәз-баяғысынша оны жақын тарта беретін.

Жәлелдің үш әйелінен заңды тоғыз баласы бар. Мәриям олардың біреуін де танымайды. Ол — Гераттағы байлардың бірі. Кинотеатры де бар. Оның кинотеатрын көрмесе де, Мәриям Жәлелдің айтқандарынан театрдың ақ әрі көгілдір түсті кірпіш қабырғалары, оқшауланған балкондары мен кресло-орындықтары барын, кинозалдың қос қабатты есігіне үнді филмьдеріне арналған постерлер ілінетіндігін де білетін. Жәлел оған сейсенбі күндері балалардың кинотеатрда тегін балмұздақ жейтінін де айтқан.

Жәлелдің сөздерін естіп, Нана мырс етті. Ол кеткен соң Мәриямға келемеждей тіл қатты:

— Елдің балалары ақысыз балмұздақ жепті. Сен не жейсің, Мәриям, балмұздақ хикаясын ба?

Кинотеардан басқа Жәлелдің Карах пен Фареде жер учаскелері, үш кілем дүкені, киім-кешек дүкені, оған қоса 1956 жылғы қара түсті «Бьюик» көлігі бар. Гератта таныс-білісі жетерлік, өрісі кең. Қала мәрі, провинция губернаторымен де дос. Аспазы, шопыры, үш бірдей үй қызметкері бар. Нана жүкті болып, іші шыға бастағанша сол үй қызметкерлерінің бірі болған еді.

Нананың айтуынша, бұл іс бүкіл Гератқа таралып кетіптімыс. Жәлелдің туысқандары қан төгеміз деп қасам ішіп, әйелдері Нананы үйден қуып шығуды талап етіпті. Гүлдаман қыстағында тас қалаушылықпен айналысатын әкесі бұл масқараға шыдамай, Нанамен арасын үзіп, буынып-түйініп, Иранға баратын автобусқа мінген беті ұшты-күйлі жоғалыпты.

— Кейде, — деді Нана аулада тауықтарға жем шашып тұрып, — әкем мені бауыздап өлтіріп, намысын сақтап қалған болса ғой деп ойлап кетемін. Сөйтсе дұрыс болар еді. — Ол тағы бір шөкім жемді шашып жіберіп, аз кідірді де, Мәриямға

қарады: — Саған да жақсы болар еді, бәлкім. Өзіңнің қандай адам екеніңді білуден құтылар едің, бірақ менің қоянжүрек әкем ондай ерлік жасай алмапты.

Онымен қоймай, Нана Жәлелдің де сонша батылдығы жоғын, әйелдері мен туысқандарының алдында қолымен істегенін мойнымен көтерудің орнына, абыройын қорғап, жең ішінен саудаласып бітіскенін айтты. Ертесінде-ақ ол Нананы қызметкерлер бөлмесіндегі көрпе-жастығын жинауға бұйырып, шығарып салған көрінеді.

— Оның өзін қорғау үшін қатындарына не дегенін білемісің? Мен оны жолдан тайдырыппын, бар кінә менде екенмыс. Көрдің бе? Міне, осының бәрі дүниеге әйел болып келгеніңнің кінәсі.

Нана қолындағы жем салынған ыдысты жерге қойып, саусағымен Мәриямның иегінен көтеріп:

— Маған қара, Мәриям, — деді. Мәриям шарасыз оған қарады. — Айтқанымды есіңде берік сақта, қызым. Компастың тілі қашанда солтүстікті көрсететініндей, еркектердің күйе жағатын саусақтары қай кезде де әйелдерге бағытталады. Қай кезде де. Мұны есіңнен шығарма, Мәриям.

2

— Жәлел мен оның қатындарының алдында мен бір улы тікен, ошаған сияқтымын, сен де сондайсың. Маңдайыңа тумай тұрып-ақ сондай тағдыр мөрленген.

— Ошаған деген не? — деп сұрады Мәриям.

— Арамшөп, — деді Нана: — мал да жемейтін.

Мәриямның қабағы қарс түйілді. Жәлел оны арамшөпке баламайды. Ешқашан ондай ойда болған емес. Дегенмен ол өзінің наразылығын жасырып, білдіргісі келмеді.

— Арамшөпке ұқсамайтын бір жерім, сенің себебіңнен ас ішіп жүрмін. Жәлел үй ішіндегілерімен солай келіскен.

Нана өзінің Гераттa өмір сүргісі келмегенін айтты.

— Мен мұнда қалай өмір сүремін? Оның маймақ қатындарын машинасына салып алып, базар аралатқанын көру үшін бе?

Ол тағы өзінің Гераттан екі шақырым жердегі әкесінің бос үйінде де тұрмағанын, ол жерден алыс болса да, көршілері мұның шартиған қарнына көз сұғын қадап қарамайтын, дәрекіліктерін паш етіп, масқараламайтын бір жерде өмір сүруді таңдағанын айтты.

— Маған сен, — деді Нана. — Әкең мені көзінен таса қылғаннан кейін ғана көңілі жайланды. Өзінің күткені де дәл сол еді.

Нананы бұл жерге қуып жіберуді Жәлелдің бәйбішесі Хадишадан туған үлкен ұлы Мухсин ойлап тапқан. Бұл ара Гүлдаманнан алыс емес еді. Онда бару үшін Герат пен Гүлдаманның арасындағы күре жолды екіге бөліп тұрған дөңнің үстіндегі лай соқпақпен жүруге тура келеді. Соқпақ жолдың екі жағы белуардан шалғын, жасыл желек. Құлпырған гүл-бәйшешектен хош иіс аңқиды. Жыландай иреленделеген бұл соқпақ дөң арқылы өтеді. Қурап қалған ағаш бұтақтары мен бітік бұта-бүргеннен аяқ алып жүргісіз, бір-біріне шырмалып өскен жабайы бұталар ары қарай жазық алаңқайға тұтасады. Дөң үстінен Гүлдамандағы жел диірменінің мүжілген қалақшаларын, төменде кеңінен көсіліп жатқан Гератты көруге болады. Бұл соқпақ Гүлдаманды айнала қоршаған Сафедкох деп аталатын таулардан тарамдалып келетін өзенге кеп тірелетін. Балығы тайдай тулаған өзен десе артық болмас. Өзеннің бірнеше жүз метрдей жоғарғы тұсындағы тау баурайында оратыла, бітік өскен тоғай көрінеді. Сол тоғайдың ортасында алақандай бос жер бар.

Жәлел бұл жерді көру мақсатында бір рет келген екен. Нананың айтуынша, ол қайтып келе салысымен, бейне аппақ қабырғалары мен тап-таза еденін мақтап жатқан түрме қызметкеріндей бұл жерді аузы-аузына тимей мақтай жөнеліпті.

— Сонымен ол сен екеуімізге осы тышқанның інін жасап берді.

Нана он бес жасында тұрмысқа шығуға шақ қалыпты. Сөз салған жігіт Шинданд[4] деген жерде ұзын құйрықты тотықұс сатумен жан бағады екен. Нана немқұрайлы айтқанымен, Мәриям оның сол бір хикаяны айтам дегенше көзінде қылаң берген жарқылдан оның сол жігітке тиюге риза болғанын, той қамы сөз болған сол күндер оның өміріндегі ең бақытты сәттер болғанын түсінді.

Мәриям Нананың құшағында оның әңгімесін тыңдай отырып, той күні оның қолына қына жағып, өн бойын күміспен күптеп, шашын өріп, жасыл түсті той көйлегі мен ораған жаулығының астынан қымсына күлімсіреп, ат үстінде отырған бейнесін көз алдына елестетті. Одан әрі музыканттардың сырнайлатып, кернейлетіп, көшедегі балалардың бірін-бірі қуалап шұрқырасқан дауыстарын естігендей күй кешті.

Тойға бір апта қалғанда Нанаға жын жабысыпты. Мұның қандай жағдай екенін Мәриямға түсіндірудің қажеті шамалы еді.

Ол Нананың кенеттен құлап, денесі жиырылғанын, қарашығы аларып, тұла бойында бірдеңе жыбырлап жүргендей аяқ-қолы дірілдеп, аузынан қанды көбік аққан сәтін талай мәрте көрген. Артынша басы айналып, есін жоғалтып, сандырақтап сөйлейтінін де әбден біледі. Бұл хабар Шиндандқа жеткенде, тотықұс бағатын жігіттің отбасындағылар тойды болдырмай тастапты.

— Олар қатты қорқыпты-мыс, — деп сөзін аяқтады Нана.

Той көйлегі көз көрмес бір жерге жасырылыпты. Осыдан кейін Нанаға сөз саларлық біреу еш жерден табылмапты.

* * *

Алқап аясындағы бос жерге Жәлел ұлдары Фархат пен Мухсинді ертіп барып, Мәриям үшін осы лашықты тұрғызып

[4] Шинданд — Ауғанстанның батысында орналасқан қала.

берген. Мәриям осынау қуықтай күркеде он бес жыл өмірін өткерді. Үйдің қабырғаларын сабан араласқан лаймен сылады. Үй ішінде екі ағаш диван, бір үстел, бір жұп қатты орындық бар. Қабырғадағы сөрелерге Нана саз балшықтан жасалған ыдыстар мен өзі құнды санайтын шәугім, кеселерін әдемілеп тізіп қойған. Бір бұрышта Жәлел қойып берген шойын пеш, одан әрі артқы қабырғаға отын жиналған. Аулада нан жабатын тандыр пеш, тауық кепесі де бар. Бір кездері Жәлел бірнеше қой әкеліп, аула ішіне шағын қора да жасаған. Ұлдарына лашықтан жүз метр жердегі бұталар арасынан терең шұңқыр қаздыртып, дәретхана жасатқан. Осынау аядай тамды аздаған ақы төлеп, адам жалдаса-ақ тұрғыза салар еді, неге екені, Жәлел олай етпеген.

— Бұл оның кінәсі үшін өзін жазалауы-мыс, — дейтін Нана.

Айтуына қарағанда, Мәриямға босанарда оның қасында ешкім болмапты. Бұл — 1959 жылғы көктемнің жаңбырлы күндерінің бірі. Захир Шахтың[5] қырық жылдық тыныш билігінің жиырма алтыншы жылы. Толғақ кезінде Нанаға тағы да жын жабысып алу қаупі бар екенін біле тұра Жәлел дәрігерді, тым құрығанда туытқа жәрдемдесер бір пендені де іздемепті. Нана лашығында бір өзі қара терге түсіп, қолына пышақ алып, сыз еденде жатыпты.

— Толғақ қысқанда жастықты тістелеп, тамағым қарлықканша айғайладым. Көзіме құйылған терді сүртер, таңдайыма бір тамшы су тамызар жан табылмады. Ол аз болғандай, сен де мынау жарық дүниеге келуге асықпай-ақ қойдың. Екі күн бойы мені сол бір суық еденде жатуға мәжбүр еттің. Екі тәулік нәр сызбадым, кірпік ілмедім. Бар болғаны қинала ыңыранып, сенің сау-саламат өмірге келуіңе дұға қылдым.

— Көп қиындық көріпсің, Нана.

[5] Мұхаммед Захир Шах — Ауғанстанның айтулы королі. 1933 жылдан 1973 жылға дейін билікте болған.

— Екеумізді жалғап тұрған кіндікті де өзім кестім. Соған бола пышақты қасыма алып қойдым.

— Кешір мені, Нана.

Әр жолы сөйлеп отырып осы тұсқа келгенде, Нана сырлы бір мағынасы бар күлкінің ыңғайымен жымиятын. Мәриям бұлай күлімсіреудің айыптау не шарасыз кешіру екенін ажырата алмайды. Өзінің бұл өмірге қалай келіп қалғаны үшін кешірім сұраудың арзымас іс екенін пайымдап жатпайтын.

Қалай болмасын, он жасқа толғанда бұл айтқандарына сенбейтін болды. Одан гөрі Жәлелдің хикаяларына, оның Нананы Гераттағы ауруханаға апарғанына, акушер әйел босандырып, жарық бөлмедегі аппақ сейсеппен тысталған төсекке жатқызғаны туралы айтқандарына сенді. Мәриям әлгі пышақ туралы айтқанда, Жәлел түңілген шырай танытып, басын шайқады.

Ол тіпті шешесінің екі күн толғақ азабында қиналғанына да күмән келтіре бастады.

— Олар маған туыттың бас-аяғы бір сағатқа да жетпегенін айтты, — деді Жәлел. — Сен өте мықты қызсың, Мәриям. Өмірге келерде де анаңа еш қиындық тудырмадың.

— Ол мұнда болған жоқ, — деді Нана ызалы бейнемен. — Сен туғанда ол Тахты-Сафарда достарымен ат мініп, серуен құрып жүрген.

Нананың қыз туғанын естігенде Жәлелдің иығын қомдап қойып, атының жалын сипағанын, достарымен көңіл көтеруін жалғастырғанын, сөйтіп Тахты-Сафардан екі апта бойы келмей қойғанын да Мәриямға қалдырмай баяндаған.

— Шынымды айтсам, ол сені бір айлығыңа дейін қолына алып та көрмеді. Кейінірек, саған бір-ақ рет қарап, басы сопақ екен деп өзіме ұстата салған.

Мәриям әңгіменің бұл тұсына да сенбеді. Рас, Жәлел шынымен ат мінуге кетіпті. Әйтсе де, ол Мәриямның өмірге келгенін естігенде жайбарақат қалмапты. Қайта, атына қамшы басып, Гератқа құстай ұшып жетіпті. Мәриямды қолына алып

кішкентай бармақтарын, қасы мен көзін аялай сипапты. Әнмен әлдилепті. Мәриямның басы расында сопақ болса да, Жәлелдің олай дегенін көз алдына елестете алмады.

Нана «Мәриям» деген есімді өзі қойғанын, бұл есімнің шешесінен қалған тәбәрік екенін айтса, Жәлел мұны өзі ойластырғанын, «Мәриям» әсем гүлдің аты екенін түсіндірген.

— Сіз сол гүлді жақсы көресіз бе? — деп сұрады Мәриям.

— Ол — мен ұнататын гүлдердің бірі, — деді Жәлел күлімсіреп тұрып.

3

Үш дөңгелекті арбаның сықырлай қозғалған дыбысы Мәриямға сәби кезінен таныс. Күріш, ұн, шай, қант, май, сабын мен тіс пастасын тиеген сол арба әр айда бір рет бұлардың есік алдында пайда болады. Мәриямның өгей ағаларының екеуі — Мухсин мен Рамин (кейде Рамин мен Фархат кезектесіп), арбаны сүйреп келетін. Олар жағалауы жасыл желекпен көмкерілген кедір-бұдыр соқпақпен кезек-кезек сүйрейтін. Арықтан өтерде арбадағы заттарды қолмен өткізіп, судан өткен соң қайта тиейді. Одан былайғы екі жүз метрлік жол қою көк шалғын. Шөп арасынан бақалар шоршиды. Қара терге түсіп қиналған екеуі бет-ауыздарына қонған шыбын-шіркейді қайта-қайта қағып-сілкіп әбігерленетін.

— Әкемнің үй қызметкерлері бар емес пе? Бұл шаруаны солар атқарса да болады ғой, — дейтін Мәриям.

— Іші қуыс адамның шарасыз тірлігі емес пе, — деп түсіндіретін Нана.

Нана мен Мәриям арбаның сықырын естіп, далаға жүгіріп шығатын. Міне, ас-ауқат келетін осындай күні Нана жалаң аяқ қалпында босағаға сүйеніп, қолын қусырып тұрады. Күннен көзін сығырайта ұлдарға кекірейіп қарайды. Қырқылмаған шашының үйпа-түйпасы шығып, үстіне іле салған сұр

түсті көйлегін де дұрыс түймелемейді. Қалтасын жаңғақтай тастарға толтырып алады.

Мәриям екеуі арбадағы заттарды тасып, кіргізіп болғанша үлдар арықтың жағасында күтіп отыратын. Нананың атқан тастары бұларға тимесе де, олардың жақындауға батылдары бармайтын. Нана күріш қалтасын көтеріп бара жатып Мәриям түсінбейтін сөздермен ұлдарды, олардың шешелерін қарғап-сілейді. Бірақ олар сөз қайтармайтын.

Мәриям олардың сонша жырақтан зілдей арбаны сүйреп келгендерін ойлап, қамығады. Нананың бұларға бір кесе болса да су беруінен үміттенгенімен, шешесі ондай сыпайыгершілік таныта қоймайды. Тіпті қол бұлғап қоштаспайды да. Бір жолы Мәриям Нананы қуантып қою үшін Мухсинға қарап: «Сенің аузың кесірткенің артына ұқсайды» деп айғайлады да, мұнысы Жәлелдің құлағына жете ме деп алаңдап, кідіріп қалды. Шешесі сарғайған тістерін ақситып қарқылдай күлгенде, Мәриям оның талмасы ұстап қалмаса екен деп алаңдады. Нана күлкісін әрең тыйып, бұған қарады да:

— Тауып айттың, қызым, — деді.

Заттарды түсіріп алған соң жігіттер апыл-тапыл орындарынан тұрып, арбаларын сүйрей қайта жөнеледі. Мәриям белуардан келетін көк шалғын арасында олардың қарасы өшкенше қарап тұрады.

— Үйге кірмейсің бе енді?

— Қазір, Нана.

— Олар сені мазақтайды. Қылықтары сондай. Сүмелектердің масқаралай күлгенін талай естігенмін.

— Міне, келе жатырмын.

— Маған сенбейсің бе?

— Келдім, міне.

— Білуге тиіссің, Мәриям, сені жанымнан артық көремін.

Таңсәріден маңыраған қой мен Гүлдаман шопандарының тау бөктерінде сызылта тартқан сырнай үні Мәриям мен

Нананы ұйқыдан оятты. Олар сиырларын сауып, тауықтарына жем шашып, кепеден жұмыртқа жинайды. Бірге нан жабады. Нана қызына қамыр илеп, тандырға от қалауды, нанды тандыр қабырғасына қалай жапсыруды үйретіп қойған. Оған қоса Мәриям шешесінен киім пішу мен шалғам қуырдақ палауын даярлауды, зімбір араластырып, күріш пісіруді де үйренген.

Нана үйге қонақ келгенін қаламайтын. Өзіне таныс бірнеше жаннан өзге ешкімді де үйіне шақырмайды. Гүлдаманның ауыл әкімі Хабибхан — басы ожаудай, қауға сақалды, қарны жуан адам. Айына бір мәрте амандаса келеді. Әр рет қызметкеріне кейде тауық, кейде сарымсақ қосылған бұршақ палауын көтертіп әкелетін. Мәриямға түрлі түсті піскен жұмыртқа ала келуді де ұмытпайды.

Сәлемдесе келетіндердің бірі — Нана «Бибі» деп шақыратын семіз әжей. Ол алты келінінің біреуімен, бір не екі немересімен бірге келеді. Ақсаңдай ілбіп, есік алдындағы орындыққа отырар-отырмастан жамбасын уқалай ыңыранады. Әр жолы сыйлық деп Мәриямға бір қорап кәмпит пен бір кәрзеңке айва ала келеді. Әңгімесі денсаулығының нашарлап бара жатқанынан басталып, Герат пен Гүлдамандағы желдей гулеген өсек-аяңдармен аяқталатын. Келіні оның иық тұсынан сәл кейінірек жайғасып, үн-түнсіз құлақ қойып отыратын.

Файзулла молда — Мәриямның Жәлелден кейінгі жақсы көретін қонағы. Гүлдаманнан аптасына бір-екі рет келіп, бала күнінде Нанаға Құран Кәрімнен дәріс бергеніндей, Мәриямға да Құран аяттарын жаттататын. Мәриямның саусақтарын ұстап, Құран Кәрімдегі әрбір сөзді көрсетіп, қалай оқуды түсіндіретін. Қолына қарындаш ұстатып, әрбір әріпті қалай жазуды үйреткен де сол Файзулла молда.

Аузында тіс қалмаған, аппақ сақалы кеудесін жапқан молда лашыққа көбіне жалғыз, ал кейде қызыл шашты ұлы Хамзаны да бірге ала келетін. Молда аулаға кіріп келгенде, Мәриям алдынан жүгіріп шығып, түк басқан қолынан сүйетін. Молда

оның маңдайынан иіскейді. Олар ауладағы терек саясында, Нана берген тәрелкедегі қарағай жаңғағын жей отырып, шай ішіп, дәрісті жалғастыратын. Орманнан құйқылжытқан бұлбұлдың, торғайлардың сайраған үні естілетін. Кейде олар күзгі қураған сары жапырақтарды таптап, сайды бойлап, тау бөктеріне қарай беттейді. Молда қолындағы тәспісін баяулата тартып, өзінің жас шағында бастан кешкендерін қоңыр даусымен, баппен әңгімелейтін. Ирандағы отыз үш доғалы көпірдің үстінен екі басты жыланды көргенін, Мазари-Шарифтегі көк мешіттің алдынан қарбызды қақ бөлгенде бір жартысынан «Алла», екінші жартысынан «Әкбар» деген жазу шыққанын айтатын.

Файзулла молда Мәриямға өзінің «Құран» аяттарының мағынасын толық түсіне бермейтінін де ашық айтқан. Дегенмен ол арабша сөздерді дыбыстағанда естілетін мұңлы әуенді өте жақсы көретін. Әр жолы аят оқығанда жаны балқып, жүрегі езіледі. Кеудесі кінә-кірбіңнен арылып, бойы тазарып, жеңілдеп қалғандай сезінетін.

— Бұл сүрелер саған да жұбаныш сыйлайды, Мәриям, — дейді Файзулла молда. — Мұқтаждыққа жолыққанда осы аяттарды оқысаң, ісің оңға басады. Алланың сөзі саған ешқашан кедергі келтірмейді, қызым.

Молда Мәриямға сан алуан хикая, қиссаларды баяндап береді. Мәриямның сөздерін де ықыласпен тыңдайтын. Кейде басын изеп, арасында күлімсіреумен Мәриямның пікірін талқылайды. Мәриям Нанаға айтуға аузы бармаған жүрек сөздерін Файзулла молдаға жеткізетін.

Бір күні олар соқпақ жолда бірге келе жатқанда, Мәриям өзінің мектепте оқу арманы барын айтты.

— Мен де әкемнің басқа балалары сияқты мектепте оқығым келеді.

Файзулла молда бір орында үнсіз тұрып қалды.

Бір апта бұрын Бибі әжей оған Жәлелдің қыздары Сахида мен Нахиденің Гераттағы «Мехри» қыздар мектебіне оқуға

564801

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

баратыны жайлы хабарды жеткізген. Содан бері, мектеп, сынып, мұғалім, торкөз дәптер, сан бағандары, қара сиялы қалам сияқты сөздер Мәриямның ойынан бір кетпеген. Өзі құралпас қыздармен бірге сыныпта отырып, сабақ тыңдаған бейнесін елестетті. Дәптерге жазуды армандады.

— Шынымен сондай ойың бар ма? — деді молда қолын арқасына айқастыра, жасаураған, сыпайылық есіп тұратын жанарымен Мәриямға елжірей қарап. Сәлдесінің көлеңкесі сарғайған аютабан гүлінің қауашағына түсіп тұрды.

— Иә.

— Маған шешеңнің рұқсатын алып бер демексің бе?

Мәриям жымиды. Бұл дүниеде Жәлелден басқа, тек осы қарт молда ғана оның жан қалауын түсінер еді.

— Олай десең, мен қайтпекпін? Шексіз мейірімді Жаратушы Алла пендесіне әлсіздікті де берген ғой. Талабыңды тойтара алмау — сол әлсіздігімнің бірі, Мәриям, — деді ол қисайған саусақтарымен маңдайын жеңіл сипап тұрып.

Дегенмен бұл жаңалықты Нанаға жеткізгенде, оның қолындағы сарымсақ турап отырған пышағы жерге түсіп кетті.

— Не дейді? Мектепте оқып не істемекші екен?

— Бұл қыздың оқитын ойы болса, бетінен қақпайық. Білім алсын.

— Оқиды дейді? Несін оқиды, Файзулла молда? — деді Нана бірден.

— Мектепте үйренетін не бар? — Ол көзін Мәриямға қадады. Мәриям жерге қарап қалған бойда тапжылмай қалды: — Сен сияқты қыздың мектепке барып оқуының пайдасы не? Ол арадан ештеңеге ес қатпайтын былжырақты үйренесің. Бұл дүниеде сен екеуіміз үйренетін бір-ақ нәрсе бар. Естіп тұрмысың? Оны саған мектеп үйретпейді, бері қара.

— Қызым, оған бұлай айтпағайсың, — деді Файзулла молда.

— Бері қара деймін.

Мәриям басын көтеріп, шешесіне қарады.

— Сенің үйренетін бір-ақ нәрсең бар, ол — шүкір ету.

— Несіне шүкір етемін, Нана?

— Сен шүкіршілік қылатын іс көп, — деді шешесі.

Нана Жәлелдің қатындарының өзін «Ұсқынсыз, арамтамақ тас қалаушының қызы» деп қарғағандарын, қыстың қақаған суық күндерінде далада қолдары икемге келмей қатып қалғанша кір жуғызғандарын айтты.

— Міне, бұл — екеуіміз сияқты әйелдердің тағдыры, Мәриям. Біздің осы күнімізге шүкір қылмасқа шарамыз жоқ. Айтқанымды түсіндің бе? Мектепке барсаң, жұрт келеке қылады. Сені «харами» деп шақырады. Балағат естисің. Мен бұған төзіп тұра алмаймын.

Мәриям басын изеді.

— Бұдан былай мектепке барамын дегенді тісіңнен шығарушы болма. Менің сенен басқа ешкімім жоқ. Сені өлсем де оларға талатпаймын. Енді мектеп туралы ауыз ашпа.

— Сабыр ет, ондай жолсыздық қылмағайсың. Егер бұл қыздың оқу ойы болса... — деп сөз бастады Файзулла молда.

— Сіз бар, ғой молда мырза, бұл қыздың ондай ақымақ қиялдарға берілуіне жол бермеңіз. Оған шындап күйінсеңіз, түсіндіріңіз. Ол тек шешесіне және осы үйге тиесілі. Сыртта оған қасіреттен өзге ештеңе жоқ. Білемін, Файзулла молда, мен солай болатынын жақсы білемін.

4

Үйлеріне қонақ келсе, Мәриям қатты қуанатын. Ауыл ақсақалының сыйлықтарын алғанды, Бибі әжейдің пай-пайлап тұрып айтқан қауесеттерін тыңдағанды ұнатады. Әлбетте, Файзулла молда келе қалса, тіптен мәз-мейрам болушы еді. Әйтсе де, ешкім де Жәлелдің орнын баса алмайтын.

Мәриям үшін сейсенбінің кеші бәрінен ұзақ сезілетін. Жәлелдің сауда қамымен болып, бейсенбі күні кемей қала ма

деп алаңдап, ұйқысы келмейді. Сәрсенбі күні аулада әрнені ойлап, тауықтарға жем себеді. Гүл теріп, бет-аузына қонған шыбын-шіркейді қағып-сілкіп, мақсатсыз шиырлап жүреді. Күн санаумен әрең жеткен бейсенбі келгенде тоған жаққа қарап, қабырғаға сүйеніп отырады. Жәлел кешігер болса, қиялы төңкеріліп, көңілін алаң басады. Уақыт өткен сайын денесі зілденіп, қол-аяғы жансызданып, бір жерді тауып жатып алатын.

Нананың: «Әне, сенің әкең салтанаты жарасып, айбатпен келе жатыр», — дегенін естіген бетте орнынан атып тұрады. Күртесін иығына іліп, биік, бітік бұта-бүрген арасымен өрлеп келе жатқан Жәлелдің алдына жүгіріп барғысы, етегіне оралғысы келсе де, Нананың өзін күзетіп тұрғанын, тебіренісін сәл білдіріп қойса-ақ қабағы қатулана қалатынын білетіндіктен, әкесін босағада сабырмен күтуге мәжбүр болатын. Жәлел лашықтың алдындағы алаңқайға келгенде, күртесін тандырдың үстіне тастай салып, құшағын кең жаяды. Мәриям оған қарай ақырын бір-екі аттап барып, тұра жүгіреді. Жәлел оны құшақтай алып, аспанға лақтырып ойнатады.

Биікке көтеріліп бара жатқан Мәриям төменнен қарап, езуін кере қарыс аша қарқылдай күліп тұрған Жәлелдің самай шашын, беті мен аппақ тістерін көріп, сыңғырлай күлетін. Оның әсемдеп басқан мұртын, ретті қырылған сақалын, күннің ыстық-суығымен санаспастан киіп алатын қоңыр түсті костюмін жақсы көретін. Әкесі қол орамалын үшбұрыштап бүктеп, қалтасына салып алатын. Мәриям оның мойнына таққан қызыл галстугіне қызыға қарайтын. Жәлелдің көзінен өзінің бейнесін, төгіліп тұрған сүмбіл шашын, шаттанған жүзін, көкпеңбек аспанды көріп рахаттанатын.

Нана қызының Жәлелдің қолынан жерге түсіп кетіп бір жерін жарақаттап ала ма деп алаңдайды. Ал Мәриям Жәлелдің өзін жерге тастай салмайтынына еш күмән келтірмейді. Әкесінің күтім көрген қолы аман-есен қайта қағып аларына сенеді.

Жәлел келгенде олар ауладағы теректің саясында отырған. Нана Жәлелге басын изеп салқын сәлемдесті де, оларға шай әкеліп берді. Жәлел оның ұлдарына тас атып, келекелегенін айтып жатпайтын.

Нана Жәлелді сыртынан қарғап-сілегенімен, өзі келгенде әдеппен сөйлеседі. Шашын тарап, тісін тазалап, ең әдемі жаулығын орап, оның қарсысындағы орындыққа қолын тізесіне қойып, үнсіз отырады. Оған ешқашан тіке қарамайды. Әңгімеге дөрекі сөздерін де араластырмайды. Күле қалса, сарғайған тістерін жасырып, аузын бүркеп алатын.

Ол Жәлелдің сауда жайы мен әйелдерінің амандығын сұрады. Бибі әжейден оның кіші тоқалы Наргизаның үшінші баласына жүкті екенін естігенін айтқанында, Жәлел басын сыпайы шұлғыды.

— Қатты қуанған шығарсыз-ау? — деді Нана. — Сонымен перзенттеріңіз нешеу болды? Он ба?

— Иә, он, — деді Жәлел.

— Мәриямды қоссаңыз, он бір болады деген сөз.

Жәлел қайтып кеткен соң, Нана мен Мәриям тағы араздасып қалды. Мәриям оның неліктен қасақана әкесін ызаландырғанын сұрады.

Әр жолы шайдан кейін Мәриям мен Жәлел тоған жағалап, балық аулауға баратын. Ол Мәриямға қай жерде тұруды, қармақты қалай салуды, жіпті қалай орауды, балықты қалай тазалап, қылтанын қалай ажыратуды; оған қоса қаламды қағаз бетінен көтерместен пілдің суретін қалай салуға болатынын үйететін. Өлең оқып, бірге ән салатын.

Алақандай көлшік бар
Соқпақ жолдың бойында.
Су жағалап торғай да,
Шөлін баспақ ойында.
Тайып кетіп аяғы,
Құлап кетті айдынға.

Жәлел Гераттан шығатын «Ислам иттипахы» газетін ала келіп, оқып беретін. Ол Мәриямды лашығынан, тіпті Гүлдаманнан да кең дүниеге байлап тұратын бірден-бір арқау еді. Тілін бұраса да келтіре алмайтын дүниедегі әр ел президенттерінің есімдері, пойыз, музей, футбол, айға ұшқан ракеталар туралы хабарлар оны қайран қалдыратын. Тебірентетін. Әр бейсенбі Жәлел әлемді төбесіне тік көтеріп, өзімен бірге ала келетін.

Мәриям он төрт жасқа толған 1973 жылы, Кабулға қырық жыл билік жүргізген Захир Шах бір тамшы да қан төгілмеген төңкеріс есебінен, тақтан кетіп қалған хабарын да Жәлел Мәриямға жеткізген.

— Захир Шах Италияда емделіп жатқанда немере інісі Дәуітхан[6] саяси төңкеріс жасапты. Дәуітхан есіңде ме? Мен саған ол туралы айтқанмын. Сен туғанда ол кісі Кабулда бас уәзір еді. Қазір Ауғанстанда монархия аударылып, жаңадан республика құрылды. Дәуітхан президент болды. Естуімше, Кабулдағы социалистер оның билікті қолға келтіруіне жәрдем беріпті-мыс. Бірақ өзі социалист емес. Солардың жәрдеміне ие болған сияқты. Дегенмен бұл – көшедегі қауесет.

Мәриям одан социалистер деген сөздің мағынасын сұрайды. Жәлел байыптап түсіндіргенімен, онысы Мәриямның құлағына да кірмейтін.

— Тыңдап отырсың ба?

— Иә.

Ол күртесінің томпайып тұрған қалтасына Мәриямның қарап тұрғанын байқады.

— Ойбу, ұмытып кете жаздаппын. Міне...

Жәлел қалтасынан шағын қорапты алып, Мәриямға ұсынды. Әр жолы оны көргелі келгенінде білезік, маржан дегендей кішкентай сыйлықтарын ала келетін. Мәриям қорапты ашып,

[6] Мұхаммед Дәуітхан (1909-1978). 1973 жылы Ауғанстан Республикасының президенті болған. 1978 жылы қастандықпен өлтірілген.

ішінен ай мен жұлдыз ойылған ұсақ монеталар тәрізді бірдеңелер ілінген алқаны алды.

— Тағып көр.

Мәриям алқаны тақты.

— Қалай, ұнады ма? Енді ханшайымға ұқсадың.

Жәлел кеткен соң, Нананың көзі Мәриямның мойнындағы алқаға түсті.

— Құмалақтан тізген қойшының алқасы бұл, — деді ол. — Мен олардың бұны қалай жасайтынын көргенмін. Сенің сол қадірлі әкең саған алтын әкеліп береді дейсің бе, көрерміз әлі.

Жәлел кеткенде, Мәриям есік алдында оның сұлбасы көрінбей кеткенше қарап тұратын. Қайта айналып келгенше жеті күн барын ойлап, көңілі құлазитын.

Кештерде Мәриям қамыс төсеніште жатып, Жәлелдің Гераттағы үйі туралы қиялдайды. Онымен дәл сол үйде бірге тұрса, қалай болатынын елестетеді. Ол қырынғанда орамал дайындап тұруды, алда-жалда бетін тіліп кетсе, оған айтуды, шайын демдеп, түймелерін қадап беріп, онымен бірге Гераттың қайнаған базарларын аралауды армандайтын. Жұрт оларға қарап: «Қараңдар, Жәлелхан қызымен бірге кетіп барады» десе, өзін әлгі бір әйгілі ақын жерленген терек саясына ертіп барса, қандай ғанибет болар еді!

Ол күндердің бірінде Жәлелге осы армандарын айту ниетіне келді. «Жәлел мұны естісе, өзі кеткен соң, қалай сағынатынымды білсе, мені сөзсіз өзімен ала кетеді. Басқа балаларымен бірге мен де оның үйінде тұрармын», — деп ойлады.

5

— Өзіме не керек екенін жақсы білемін, — деді Мәриям Жәлелге қарап.

1974 жылы Мәриям он бес жасқа толған. Көктем күндерінің бірі. Олар лашықтың алдындағы ақ теректің саясына қойылған бүктемелі орындықта отырған.

— Туған күніме... маған не керек екенін өзім білемін.

— Солай ма? — деді Жәлел Мәриямның жауабына қызыққан сыңаймен күлімсіреп.

Екі апта бұрын, Жәлел Мәриямға өзінің кинотеатрында Американың мультфильмі қойылып жатқанын айтқанда, Мәриямның соны көруге деген ынтасы оянған. Әкесінің айтуынша, фильм тым өзгеше, көріністері дерлік сызба картиналардан құралған. Көптеген сызба картиналарды суретке түсіріп, оларды тәртіппен кадрға қойғанда, ондағы көріністер бейне қимылдағандай әсер береді екен. Фильмде мынадай оқиға баяндалатын көрінеді: ерте заманда ойыншық жасайтын бір қария жалғыз тұрады. Қария бір балаға зар екен. Ол ағаштан ұл бала жасапты. Кенеттен сиқырдың күшімен ағаш балаға жан бітіпті. Қария мен ағаш бала көп оқиғаны бастан өткеріпті. Олар «Шаттық аралы» деп аталатын жерге барғанда, содыр-сотанақтардың есекке айналып қалатынын көріпті. Ақыр аяғында қария мен ағаш баланы кит жұтып қойыпты...

Мәриям Файзулла молдаға бұл фильм жайында әкесінен естігендерін баяндап берген еді.

— Сіз мені кинотеатрға апарыңызшы, — деді Мәриям. — Сол мультфильмді көргім келеді. Ағаш баланы көргім келеді.

Мәриям айналадағы жағдайдың аяқ астынан өзгеріп сала бергенін аңғарды. Сасып қалған әке-шешесі тынши алмай орындықтарын қозғалта бастады. Мәриям олардың бір-біріне әлдеқандай түсініспікпен қарасқандарын байқады.

— Бұл талабың орынды болмады, — деді Нана. Жәлел бар кездері ол өте мүләйім, салмақты сөйлейтін. Мәриям оның кінәлай қараған жанарынан өзіне наразы екенін біле қойған.

Жәлел қипалақтап, тамағын қырнады.

— Бері қарашы, — деді Жәлел, — бұл фильм онша сапалы шықпаған, дыбысы да анық емес. Оның үстіне кино қою аппаратында ақау бар, бәлкім, шешеңді тыңдағаның дұрыс болар. Бұл қалауыңды өзгертсең қалай, Мәриям?

— Міне, — деді Нана, — әкең де мені қостады.

Олар тоған бойына барғанда, Мәриям әкесіне:

— Мені бірге ала кетіңіз, — деді.

— Ендеше, былай болсын, — деді Жәлел, — сені алып кетуге адам жіберейін. Саған ең жақсы орынды таңдап қоямын. Сен ұнататын тәттілерді де алып қоямын.

— Жоқ, мені өзіңізбен бірге алып кетіңіз.

— Мәриям...

— Менің аға-әпкелерімді де шақырыңыз. Оларды көргім келеді. Олармен бірге отырып кино көргім келеді.

Жәлел жеңіл күрсінді. Көзін Мәриямнан ала қашып, алыстағы тауларға телмірді.

«Экрандағы адамдардың беті үйдей үлкен көрінеді, — деген Жәлел, — көліктер қақтығысса, тура сені қағып кетердей сезінесің».

Мәриям өзін балкондағы арнайы орында Жәлел және өзінің туысқандарымен бірге балмұздақ жеп отырғанын елестетті.

— Туған күнімд, міне, дәл осылай өткізгім келеді.

Әкесі оған мұңая қарады.

— Ертең сәскеде мені алуға келіңіз. Сізді осы жерде күтемін. Жарай ма? Ертең.

— Мұнда кел, — деді Жәлел. Жүрелей отырып, Мәриямды алдына алып, бауырына басты.

Бастапқыда Нана үй ішінде жұдырығын түйіп, қинала арлы-берлі жүрді.

— Құдай маған сен сияқты опасызды несіне берді екен? Су... саған төккен терім құмға құйған су болды! Мені тастап кетуге дәтің қалай барады, а? Айт қане, өй, сатқын харами!

Нана өршелене түсті.

— Сен, миғұла, өзіңді ол үшін сонша керек адаммын деп ойлайсың ба? Үйіне апарады деген дәмеңді ит жесін. Саған айтып қояйын, еркектердің жүрегі — тас, бауыры — беріш. Олардың бауыры ананың құрсағы емес, ананың құрсағы —

алтын, балаға пана. Саған біреудің жаны ашыса, ол — мен. Мен ғана сені жанымнан артық көремін. Бұл дүниеде менен басқа ешкімің жоқ. Мен болмасам, мына жалғанда ешкімің қалмайды. Ешкімің!

Нана Мәриямды айыптаудан жалынуға көшті.

— Егер сен кетсең, маған өлім ғана қалады. Маған тағы жын жабысады. Талмам ұстайды.

Тілімді тістелеген қалпымда жан тапсырғанымды көресің. Өйтпе, Мәриям. Мені тастап кетпе. Сен кетсең, шынымен өлемін.

Мәриям үндемеді.

— Білесің, сені жанымнан артық көремін, Мәриям.

Мәриям сыртқа жалғыз серуендеп келгісі келетінін айтып, шығып кетті.

Ол Нананың жын туралы айтқандарының дерліктей жалған екенін білетін. Жәлел оған Нананың бір түрлі сырқаты барын, дәрі ішсе, сауығып кететінін айтқан. Егер ол үйден шығып кетпесе, шешесінен неліктен Жәлел айтқан дәрігерге көрінбегенін, Жәлел әкеліп берген дәрілерді ішпегенін сұрауы мүмкін еді. Басқалар өзіне не айтса да мыңқ етпес құр тұлып, кім көрінген күйесін жағып, кірін сүртетін қолжаулық болудан ығыр болғанын, Нананың қашанда өмірлеріндегі ақиқатты бұрмалап, Мәриямды өзінің бұл дүниеге запыранын төгетін шелегіне айналдырып алғанынан қатты қажығанын айтып салуы мүмкін еді. Мәриям тағы: «Сіз менің қуанышқа бөленгенімнен, сіз көрмеген жақсы тұрмысты кешіруімнен, сізге бұйырмаған бақытқа қол жеткізгенімнен қорқасыз. Бақытты болғанымды қаламайсыз. Меніңше, жүрегі тас, бауыры беріш адам – дәл өзіңіз» деуі мүмкін еді.

Мәриям аулаға шығып, алысқа көз жібергенді жақсы көретін. Ол ептеп басып есік алдындағы шалғынға келіп отырды. Төменде Герат бейне тізіп қойған манекендердей көрінеді. Қаланың терістік жағында әйелдер бақшасы, Чарсук

базары, оңтүстігінде ұлы Александрия бекінісінің қирандылары...

Қыстақтардағы мешіттердің мұнаралары алып диюлардың саусақтарындай шоқиып тұратын. Ол жүргісі келген көшелер қайшыласқан адам мен ат, қашыр жеккен арбаларға толып кеткен. Төбеден бір-екі қарлығаш ұшып өтті. Мәриям оларға қызыға қарады. Олар әп-сәтте Герaтқа бара алады, қалаған жеріне қона алады. Бәлкім, олар Жәлелдің үйіне, кинотеатрының алдындағы ағаштарға барып қонатын шығар.

Мәриям он тал ұсақ тасты үш қатар етіп тізді. Ол бұл ойынды Нанаға көрсетпей ойнайтын. Бірінші қатарға тізілген төрт тас — Хадишаның, екінші қатардағы үш тас — Афсунның, үшінші қатардағы үш тас — Наргизаның балалары. Ол төртінші қатарды қосты. Онда бір ғана тас бар еді.

Ертесі таңсәріде Мәриям тізесіне түсіп тұратын сүт түсті көйлегі мен мақталы шалбарын киді. Басына жасыл жаулығын орады. Жасыл жаулығының киіміне жараспай қалғанынан аздап ыңғайсызданғанымен, ақ жаулығын күйе жеп түте-түте болғанын көріп, басқа амал таппады.

Ол сағатқа қарады. Файзулла молда тарту еткен бұрамалы қол сағатының сырты жасыл, цифрлары қара болатын. Сағат тілі тоғызды көрсетіп тұрған. Манайда Нананың қарасы көрінбейді. Мәриям оны іздемекші болды да, тағы керілдесіп қалудан алаңдады. Ол шешесінің жазғыра шікірейетін қарашығынан қатты қорқатын. Нананың оны «бетсіз» деп келекелеуі, Жәлелмен бірге тұру арманын мазақ қылары анық.

Мәриям жүрелеп отырды. Уақыт өткізу үшін Жәлел үйретіп қойғанындай қаламды қағаз бетінен көтерместен қайта-қайта пілдің суретін салды. Белі талып, аяғы ұйып қалса да, көйлегінің жиырылып қалуын уайымдап, жерге отыра кетуге батылдық етпеді.

Сағат тілі он бір жарымды көрсетті. Мәриям он бір тал ұсақ тасты қалтасына салып, далаға шықты. Тоған жаққа бара жа-

тып, Нананың мәжнүнталдың астына қойылған орындықта отырғанын көрді. Бірақ оның өзін көрген-көрмегенін біле алмады.

Ол Жәлелмен жолығуға келіскен тоған бойына келді. Зеңгір аспанның әр тұсына қырыққабаттың жапырақтары тәріздес бұйра бұлттар ұйысып алыпты. Жәлел оған:

— Анау бұлттар қалың, қою болғандықтан, үстінен түскен күн нұры тосылып қалады да, сұп-сұр болып көрінеді, — деген еді.

Арада біраз уақыт өтті.

Мәриям лашыққа қайтып келді. Бұл жолы ол Нананың көзіне шалынып қалмас үшін батыс жақпен жүрді. Сағатына тағы қарады. Сағат бір болайын деді.

«Әкем — жұмысбасты адам, қалайда шаруасы шығып қалған болуы керек», — деп ойлады Мәриям.

Ол тоған бойына қайта барды. Аспанда суылдап ұшқан құстар, жалт беріп жерге қарай заулайды да, бұта-бүрген, бітік шөптердің арасына сіңіп жоқ болады. Мәриям қоғаның сабағымен өрмелеп бара жатқан жібек құртын біраз күзетті. Аяғы талғанша тік тұрып бақылады. Бұл жолы лашығына қайтып бармады. Керісінше, балағын тізесіне дейін түріп, суды кешіп өтті. Өмірінде алғаш рет Герат қа алып баратын иір жолға қарай беттеді.

Нананың Герат жайлы айтқандары да дегеніндей болмады. Ешкім оны саусағымен ишаралап, қол шығарып, келемеждеген жоқ. Мазақ қылған да жоқ. Мәриям Гераттың даңғаза көшелерімен жаяу жүргіншілерге, велосипед мінгендерге, қашыр жеккен арбаларға ілесіп кетіп бара жатты. Ешкім оған тас атпады, «харами» деп шақырмады. Шынтуайтында, ешкім де оған назар аударма ды. Ойламаған жерден бұл ортада басқалар сияқты қалыпты адамға айналды.

Мәриям үлкен бақшаның ортасындағы шағыл төселген тасжол кесіп өткен жұмыртқа пішіндес көлшіктің жанында аз

кідіріп қалды. Ол көлшіктің жағасындағы суға қарап тұрған, мәрмәрдан құйылған жылқының мүсініне таңдана қарап, еппен сипалады. Қағаз қайықтарын суға ағызып ойнап жүрген бір топ балаға қызыға қарады. Төңіректе қызғалдақтар, лалагүлдер құлпырып тұр. Олардың жапырақтары күн сәулесімен жарқырайды... Бақ ішінде біреулер серуендеп жүрсе, біреулер орындықтарда шай ішіп, жайбарақат әңгімелесуде.

Ол өзінің Гератта екеніне сене алмады. Жүрегі тебіреністен жиілей соқты. Дәл қазір Файзулла молда оны көрсе ғой, қандай керемет болмақ! Ол Мәриямның ерік-жігері мен қайратына дұға қылар еді. Осы қалада өз әкесімен, аға-інілерімен, әпке-сіңілілерімен, етжақындарымен бірге тұру үшін, өзі күндіз-түні арман еткен, шартсыз сүю мен сүйікті болуға қол жеткізу үшін жасаған тәуекеліне дұға қылған болар еді.

Мәриям көкірегін кернеген тебіреніс ішінде бақшаның бүйіріндегі базарды кесіп өтті. Арбаларына жүзім, шиелерді молынан үйіп қойған кәрі-құртаң, шал-шауқандар, көше саудагерлері оған мағынасыз қарап қойысады. Жалаң аяқ балалар автобус-машиналардың соңынан пакеттегі айваларын бұлғап жүгіріседі. Ол көше қиылысында адамдардың мына таңғажайыптарды елеп те қоймай, құлықсыз кетіп бара жатқандарына таңырқай қарап тұрды.

Сәлден соң ол бір арбакештің қасына барып, кинотеатр қожайыны Жәлелдің үйін сұрады. Арбакеш жасамыс тартқан, беті шиедей, үстіне шұбар ала ұзын шапан киіп алған адам еді.

— Гераттан емес сияқтысың? — деді әлгі адам таңданысын жасырмай, — Мұнда Жәлелдің үйін білмейтіндер жоқ шығар, сірә.

— Сіз маған сол үйді көрсетіп жіберсеңіз.

Қарт бір кәмпитті ашты.

— Жалғызсың ба?

— Иә.

— Арбаға мін. Мен сені жеткізейін.

— Бірақ сізге төлейтіндей ақшам жоқ.

Арбакеш Мәриямға кәмпитін берді. Екі сағаттан бері бірде-бір адам тасымағанын, өзі де қайтуға ыңғайланып отырғанын, оған қоса Жәлелдің үйі қайтар жолының бойында екенін айтты.

Мәриям арбаға мінді. Олар жол бойы үн-түнсіз қатарласып отырды. Көшенің екі жағында дәріхана, жеміс-жидек дүкендері, кітапхана, тіпті бүркіт сататын дүкендер де бар еді. Балалар құмда жиналып отырып алып, мәрмәр тас ойнауда. Шайханалардың сыртындағы кілем төселген ағаш сәкіде еркектер шай ішіп, қорқор тартып отыр.

Арбакеш созылып жатқан қарағайлы көшеге бұрыла салып, арбасын жолдың ортасына тоқтатты.

— Міне, келдік. Жолың болған сияқты, қызым. Анау тұрған — оның көлігі.

Мәриям арбадан секіріп түсті. Арбакеш оған қарап жымиды да, арбасына мініп кете барды.

Мәриям сыртынан көзі шалғаны болмаса, өмірінде машинаны ұстап көрмеген. Ол қара түсті машинаның капотын ақырын сипап қойды. Жарқырап тұрған дискілерінен өзінің үлкейген бейнесін көрді. Орындықтары ақ былғарымен тысталған, рулінің айналасына қатар-қатар тізілген жылтырақ тетіктері мен шыны нұсқаушалары орналасқан.

Ол кенеттен Нананың айғайлаған, долданған, мүсәпірси жалынған үнін естігендей болды. Аяқтары дірілдей, баяу ілбіп, үйдің алдыңғы есігіне жақындады. Қолдарымен биік те келісті қабырғаларды сипады. Дуалдың арғы бетіндегі теректің басын көру үшін аспанға тік қарауы керек еді. Терек бұтақтары Мәриямды қарсы алғандай желмен тербеледі. Ол өзінің тебіренісін басу үшін аз кідірді.

Жалаң аяқ бір қыз есік ашты. Ернінің астына гүлдің суреті салыныпты.

— Мен Жәлелханмен жолықпақшы едім. Қызы Мәриям-мын.

Қыздың шырайында әуелде таңданыс, одан соң қорқыныш, соңынан білінер-білінбес күлкі пайда болды.

– Сәл күте тұрыңыз, — деді қыз Мәриямға қызыға қарап.

Қыз есікті жауып кіріп кетті. Арада бірнеше минут өткенде бойы еңселі, иығы кең, шала ұйқылы бір адам есікті қайта ашты.

— Мен — Жәлелханның шопырымын, — деді ол әдеппен.

— Кімімін дедіңіз?

— Көлік жүргізушісімін. Жәлелхан бүгін үйде жоқ.

— Оның көлігін көрдім, — деді Мәрмям.

— Ол шұғыл сауда ісімен алысқа кетті.

— Қашан келеді?

— Онысын айтпады.

Мәриям өзінің күтетінін айтты. Әлгі адам есікті жауып кіріп кетті. Мәриям тізесін құшақтап, жерге қисайды. Күн кешкіріп, қараңғылық басты. Оның қарны да аша бастады. Қалтасынан арбакеш берген кәмпитті алып, аузына салды. Одан уақытта шопыр қайта шықты.

— Үйіңізге қайтыңыз, — деді ол. — Енді бір сағатқа жетер-жетпесте қараңғы түседі.

— Қараңғыға үйренгенмін.

— Кеш түссе, күн салқындайды. Сізді үйіңізге көлікпен жеткізейін, келістік пе? Оған келгеніңізді айтамын.

Мәриям басын көтеріп, оған қарап қойды.

— Болмаса, сізді қонақүйге апарайын. Ол жерде жақсы ұйықтайсыз. Қалған істі ертең ойласайық.

— Үйге кіруіме рұқсат етіңіз.

— Маған сізді үйге кіргізбеуге бұйырды. Тыңдаңыз, оның қашан келетінін ешкім білмейді. Бәлкім, бірнеше күннен кейін оралар.

Мәриям қолын қусырып тұрды.

Шопыр тамағын қырнап қойып, наразы бейнеде қарады.

Ұзақ жылдардан кейін Мәриям сол кезде шопырдың өзін үйіне жеткіземін дегеніне құлақ асқан болса, тағдырының қалай болатыны туралы ойланып қалған.

Сол күні ол Жәлелдің есік алдында бір түнді өткізді. Айналаны қараңғылық басты. Ернінің астына гүл суретін салған қыз нан мен бір тәрелке палау әкеліп берді. Мәриям жегісі келмейтінін айтса да, қыз тамақты оның жанына қойып, кіріп кетті. Әлдекімдердің жүрген, есіктің ашылып-жабылған дыбыстары үрген иттің үнімен араласып, Мәриямның құлағына ауық-ауық келіп тұрған. Қарны қатты ашқан Мәриям төзімі жетпей тәрелкедегі асты нанымен қоса қарпып салды. Шегірткенің шырылы естіледі, ай бетін бір шөкім қара бұлт торлап алған.

Таң атысымен ол біреудің сілкілегенінен оянып кетті. Түнде әлдекім шығып оған жамылғы жауып қойған. Оны сілкілеп тұрған кешегі шопыр еді.

— Доғар, сен өзіңді әбден танытып қойдың. Жетер енді, қайт үйіңе.

Мәриям орнынан қозғалмастан көзін уқалап, бетін сипалады. Белі мен мойны ұйып қалыпты.

— Оны күтемін.

— Бері қара, — деді шопыр, — Жәлелхан маған сені дәл қазір үйіңе апарып салуды бұйырды. Дәл қазір, түсіндің бе? Жәлелхан солай деді.

Ол машинаның артқы есігін ашты.

— Тез, көлікке мін, — деді ол бәсеңдеу үнмен.

— Мен оған жолығамын, — деді Мәриям. Көзіне жас толып кетті.

Шопыр терең күрсінді.

— Сені үйіңе жеткізейін, ақылға кел, қызым.

Мәриям орнынан тұрып, оған қарай жүрді де, кенет кілт бұрылып, ауланың алдыңғы есігіне қарай жүгірді. Шопыр оның желкесінен тартты. Мәриям оның қолынан бұлқынып шығып, ашық тұрған есікке атылды.

Ол Жәлелдің ауласындағы әр алуан гүлдер тізілген шыны текшелерге, жүзім салбырап тұрған бұтақтарға, сұп-сұр тас-

тармен әсемделген балық көлшігіне, жеміс ағаштарына, гүлдерге көз жүгіртіп шыққан соң, үстіңгі қабаттағы терезеден қарап тұрған таныс бейнеге қадалды. Бұл таныс бейне бірнеше секундтан кейін перденің артына өтіп кеткен болса да, ол Мәриям үшін жетерлік еді. Артынша бір қол пайда болды да, жасындай жалт еткен жылдамдықпен пердені жауып үлгерді.

Шопыр жол бойы Мәриямға жұбату айтып, көңілін аулап отырды. Алайда оның не дегені құлағына кіріп те шықпады. Ол көліктің артқы орындығында отырып, көз жасын көлдетумен болды. Оның жаны ауыр азап пен қорлыққа толы еді. Өзінің Жәлелге ақымақтарша сеніп келгенін, онымен кездесерде қай киімін киерін білмей дағдарғанын, тіпті жаулығының киіміне үйлеспей қалуына бас қатырғанын есіне алғанда, өзегін өкініш өртеді. Сонша жолды жаяу жүріп, шопырдың қайт деген ақылына құлақ аспай, қаңғыбас иттер сияқты далада бір түн жатқанына ашынды. Шешесінің жалынышын, жылай-жылай жасы сарқылып, ісіп кеткен көзін қаперіне де алмағанына намыстанды. Нана оған ескерткен еді. Оның айтқандары, мінеки, нағыз ақиқат болып шықты.

Ол үстіңгі қабаттан көрінген сол бейнені елестетті. Ол Мәриямды бір түн далада жатқызды. Далада! Мәриям орындыққа қисая түсіп, тоқтаусыз жылап жатыр. Тік отырғысы, басқаларға көрінгісі келмейді. Міне, енді күллі Герат бүгін таң атпастан не іс болғанын, қалайша өз абыройын төккенін біліп болды. Дәл қазір Файзулла молда қасында болса, басынан сипап, көңілін аулаған болар еді.

Біраз жүрген соң машина кедір-бұдыр жолға түсті. Олар Герат пен Гүлдаманның арасындағы дөңге жетіп келді. Енді Нанаға қай бетімен қарамақ, не деп түсіндірмек? Одан кешірімді қалай сұрамақ?

Машина тоқтады. Шопыр артқы есікті ашып, оны сүйеп түсірді.

— Сені үйіңнің алдына дейін жеткізейін, — деді ол.

Мәриям шопырдың соңынан ілесіп, жолдан өтіп, соқпаққа келді. Жол жиегінде жабайы гүлдер бітік өскен, оған ұшып-қонып шырын жиған бал араларының ызыңы естіліп тұрған. Шопыр Мәриямның қолынан ұстап, оны арықтан өткізді. Сосын ол Гераттың жарты жыл бойы тоқтаусыз соғатын атышулы боранының белгісі білініп, жыра-жықпыттың бәрін құммен көміп жатқанын сөз қыла бастады. Кенет ол кілт тоқтады да, артына бұрылып, Мәриямның көзін қолымен баса қойды. Сосын кері қарай жетелей жөнелді.

— Кері шегін! Алдыңа қарама! Кейін қайт! — деп дауыстады шопыр.

Бірақ кеш еді. Мәриям бәрін көрді. Жел мәжнүнталдың бұтақтарын құдды пердені қайырғандай екі жаққа желпіп тұрған. Мәриям ағаштың астында құлап жатқан орындықты, бұтаққа байланған арқанда асылып тұрған Нананың жансыз денесін көрді.

6

Олар Нананы Гүлдаманның шет жағындағы зиратқа жерледі. Мәриям қабір басына Бибі әжей және басқа да әйелдермен бірге барды. Файзулла молда Құран хатым түсірген соң, бірнеше ер адам Нананың кебіндеген мәйітін қабірге еппен түсіріп, лахатқа жатқызып, аузын бітеді де, көрді топырақпен толтырды. Жерлеу рәсімі біткен соң лашыққа қайтып келгенше Жәлел Мәриямның қасында болды. Жамағаттың алдында өзінің Мәриямға айрықша күйінетінін шамасы жеткенше көрсетіп қалуға тырысты. Оның киім-кешектерін өз қолымен чемоданға салды. Төсекте бүк түсіп жатқан Мәриямның жанына барып, оны желпіп отырды. Қызының маңдайын сипап, қайғырған сыңайда одан: «Қызым, саған не керек?» деп екі қайталай сұраған да болды.

— Файзулла молда, — деді Мәриям.

— Файзулла молда сыртта. Қазір шақырып келейін.

Файзулла молданың босағада пайда болған бүкшиген бейнесін көрген бетте Мәриямның көзінен алғаш рет тарамдап жас төгілді.

— Eh, жаным Мәриям қызым.

Файзулла молда оның қасында отырып, маңдайын сипады.

— Жылап ал, қызым, шерің тарқағанша жылап ал. Жылау — күнә емес. Әйтсе де, мынаны есіңде сақта: Қасиетті Құранда айтылғандай, бұл дүниені ұлы Алла Тағала жаратқан. Біздің тағдырымыз сол ерекше мейірімді, аса қамқор Жаратқан Иеміздің қолында. Құранға ешуақытта шәк келтіруге болмайды. Әр қиындығымызға Алла өзі жар болады.

Дегенмен Файзулла молданың жұбатулары Мәриямның құлағына кірмеді. Оның құлақ түбінде тек Нананың ғана зарлы үні жаңғырады: «Егер сен кетсең, маған өлім ғана қалады, мен шынымен өліп қаламын!»

Мәриям енді қайтпек? Оның жылаудан басқа шарасы таусылған. Тарамдап аққан көз жасы Файзулла молданың алақанынан сырғып түсіп жатқан.

Машина лашықтың алдынан қозғалды. Жәлел артқы орындықта Мәриямның желкесіне қолын қойып отырған.

— Енді менімен тұрасың, Мәриям, — деді ол, — Мен оларға үстіңгі қабаттағы бөлмеңді тазалап қоюға бұйырдым. Бөлмеңнің терезесінен бақты көре аласың.

Мәриям өмірінде алғаш рет Жәлелдің арамзалық мұңкіп тұрған шынайы үнін естігендей сезінді. Нананың не демекші болғанын енді толық түсінген. Тап қазір Жәлелдің түріне қарауға да құлқы жоқ.

Машина Жәлелдің үйінің алдына тоқтады. Жүргізуші есікті ашып, Мәриямның чемодан-сөмкелері мен керек-жарағын қолына алды. Жәлел оның иығынан ұстап, құшақтаған бетте аулаға бастап кірді. Мәриям екі күннің алдында бір түн қонған дәл сол қақпаның босағасынан аттап, үйге кірді. Екі

күннің алдында Жәлелмен бірге бұл аулаға кіру — Мәриямның мына дүниедегі ең үлкен арманы еді ғой. «Өмірімде қалайша жер мен көктей өзгеріс болып кетті» деп ойлаған ол қиыршық тас төселген жолда басын төмен салып, аяғының ұшына қарап кетіп бара жатып. Сол сәтте әлдекімдердің өзіне қадала қарап тұрғанын сезді.

Ол үйге кіргенде де басын көтермеді. Жәлелмен бірге еденге төселген майсадай кілемнің үстімен, баспалдақтармен жоғары көтеріліп бара жатып, қабырғадағы нақышты ойықтарға тізілген шыны мүсіндерге, жібек кілемдерге көз қиығын салды. Жәлелге ілесіп, жоғарғы қабаттағы дәліздең өтіп, сол жақтаудағы есіктің алдына келіп тоқтады. Әкесі есікті ашты.

— Бұл бөлмені қонақтарға дайындап қойғанбыз, — деді ол. — Кейде екі сіңілің — Нилуфер мен Хадие осы үйде ойнайды. Қалай, бөлме саған ұнады ма?

Бөлме өзгеше безендірілген, төсекке жасыл түсті жамылғы төселіп, терезеге сол жамылғы түстес гүлді перде тартылып, екі жаққа түрілген. Терезеден бақтағы гүлзар көрініп тұратын. Төсектің қасына үш тартпалы шкаф, үстіне гүл салынған құмыра қойылыпты. Қабырғадағы бірнеше ойыққа ағаш рамкаларға салынған Мәриямға бейтаныс кісілердің портреттері ілінген. Тағы бір тұсына үлкенді-кішілі ұқсас бір жүріс ағаш қуыршақтар тізілген.

Жәлел Мәриямның ағаш қуыршақтарға ден қойып қарап тұрғанын байқады.

— «Матрешки» деп аталатын қуыршақтар. Мәскеуден сатып алғанмын. Алып көруіңе болады. Ешкім ренжімейді.

Мәриям төсекке келіп отырды.

— Бірдеңе қажет пе? — деді Жәлел.

Мәриям жастыққа басын қойып, көзін жұмды. Сәлден соң есіктің еппен жабылған дыбысы естілді.

Мәриям төменге жуыну үшін ғана түскенін есепке алмағанда, бар уақытын дерлік өз бөлмесінде өткізді. Ерніне гүлдің

суреті салынған қыз оған жайпақ табақпен кәуап, көкөніс сорпасы мен суға бұқтырылған кеспе әкеліп беретін. Алайда ол бұлардың көбін жемейді. Жәлел бірнеше рет келіп жағдайын сұрады.

— Төменге түсіп, бізбен бірге тамақ жесең болмай ма? — деді Жәлел бір күні.

Мәриям өзінің тамақты жалғыз жегісі келетінін айтқанда, ол бірден оның еркіне салған.

Мәриям терезеден қызметкерлердің аулада әбігерленіп, жүгіріп жүргендеріне, бағбандардың тал-терек, гүл-шөптердің қияқ, бұтақтарын бұтап-қырыққандарына, гүлзарды суарғандарына, есік алдына тоқтаған көліктерден түсіп жатқан сәнқой әйелдерге, шашы ретті таралған балаларға және елтірі бөрік киген еркектерге құлықсыз қарап тұратын. Кеше ғана осыларды көруге сонша ынтызар еді ғой? Нананың айтқандары анығында ақиқат болып шықты. Ол Жәлелдің мынау өміріне тиесілі болмаған екен. Және мәңгі тиесілі болмайтындай.

«Бірақ, сірә, менің орным қай жерде? Енді қайтсем болар?»

«Саған ескертейін, Мәриям, сенің де мына дүниеде менен басқа ешкімің жоқ. Мен болмасам, мына жалғанда ешкімің қалмайды. Ешкімің!»

Мәриямның көз алды тұманданып кетті.

Жәлелдің үйіне келген үшінші күні оның бөлмесіне бір қыз кірді. Оның қолында сұры түсті қорапша бар еді.

— Ішінде не барын білесіз бе? — деді қыз. Іле-шала қораптың аузын ашты: — Бұл дегеніңіз — патефон. Онымен музыка ойнатуға болады.

— Есімің Нилуфер, сегіз жастасың, солай ма?

Қыз күлімсіреді. Оның бет-әлпеті мен күлкісі Жәлелге қатты ұқсайтын.

— Сіз қайдан білесіз?

Мәриям иығын қомдап қойды.

— Ән тыңдағыңыз келе ме?

Мәриям жауап бермеді. Нилуфер қорапшаның астыңғы жағындағы жұқа тартпаны тартып, ішінен патефон дискісін алды да, текшенің үстіне қойды. Патефон инесін айналып тұрған дискіге тигізген бойда әуен ойнай жөнелді.

Гүлдерге қонған сөз бен қиялым,
Сен — менің сұлтаным, менің сұлтаным.

— Бұл әнді білесіз бе?

— Жоқ.

— Бұл — Иранда түсірілген фильмнің әні. Мен мұны әкемнің кинотеатрынан көргенмін. Иә, рас, сізге бір нәрсе көрсетейін бе?

Мәриям жауап бергенше, Нилуфер басы мен екі қолын жерге тіреп, аяғын аспанға қаратып тік тұра қалды.

— Мен сияқты жасай аласыз ба?

— Жоқ.

Нилуфер аяғын түсіріп орнынан тұрды да, күртесінің етегін тартып, түзеп, ретке келтірді.

— Сізге үйретейін, — деді Нилуфер шашын арқасына қайыра тастап тұрып, — Мұнда қанша күн тұрасыз?

— Білмеймін.

— Апамның айтуынша, сіз менің әпкем емес екенсіз. Өзіңіз солай ойлап алыпсыз.

— Олай айтқан да, ойлаған да емеспін.

— Апам солай деді. Онда менің шаруам жоқ. Мені жалғаннан сіңілім деп алған болсаңыз да, яки шынымен сіңіліңіз болсам да, бәрібір.

Мәриям жастыққа бас қойды.

— Шаршап кеттім.

— Апамның айтуынша, анаңыздың өзін өлтіруіне жын себеп болыпты-мыс.

— Ренжімей, әуенді өшіре салсаң, дұрыс болар еді.

Сол күні Бибі әжей Мәриямды көргелі келді. Сыртта жаңбыр жауып тұрған. Бибі әжей төсектің шетінде қамығып отырды.

— Осы, жаңбыр жауса болды, Мәриям, жамбасым қақсап шыдатпайды... Жаным, қызым, бері келші, жылама, мені құшақтап қойшы, қане. Ех, бейшара қызым!

Сол күні Мәриям түннің бір уағына дейін ұйықтай алмады. Үдей соққан желдің жаңбыр тамшыларын терезеге ұрған дыбысының өзі қатты естілетін.

Көзі іліне бергенде астыңғы қабаттан әлдекімдердің сөйлескен, есікті тартып жапқан дауыстарынан оянып кетті.

Ертесі Файзулла молда Жәлелдің есік алдында пайда болды. Сақалы күмістей жылтыраған оның қарасы көрінгенде Мәриям еңіреп жылады. Төсегінен секіріп түсіп, молданың алдына жүгіріп жетті де, қолын сүйді. Файзулла молда да оның маңдайынан мейірлене иіскеді. Мәриям оған орындық әкеліп берді. Молда қойнынан Құран Кәрімді шығарды.

— Мұны оқып үйренуді тоқтатуымызға болмайды, — деді молда.

— Бұл дәрісті жалғастыруымның еш қажеті қалмады, молда мырза. Сіз маған Құран Кәрімдегі аят-сүрелерден әлдеқашан дәріс беріп, түсіндіріп болғансыз.

Молда қолын көтеріп, ризалық білдірген кейіпте:

— Сені көріп тұруға осыдан басқа дәнекер таба алмадым.

— Мені көріп тұру үшін себеп іздеудің қажеті жоқ, молда мырза.

— Мұны айтқаныңа көп рақмет, қызым.

Молда Құран Кәрімді Мәриямға ұсынды. Ол үйренгені бойынша маңдайын Құранға үш рет тигізіп, үш рет сүйген соң, молдаға қайтарып берді.

— Жағдайың қалай, қызым?

— Нананың... — деп сөз бастады Мәриям, көмейіне бірдене тұрып қалғандай сезініп. — Нананың мен кетерден бұрын айтқан сөздері құлағымның түбінен кетер емес. Ол...

— Жо-жо-жоқ... — деді Файзулла молда қолын Мәриямның тізесіне қойып. — Сенің сол анаң көңілі сынық, мазасы қашқан бақытсыз адам еді. Ол өзіне, саған және мейірімді Аллаға көрсете алмайтын ауыр күнә жасады. Ұлы Жаратушым оның күнәсін кешсе де, таңдаған жолын құптамайды. Алла Тағала өзі сый еткен жанды қайтарып алуға өзі ғана хақылы. Кімде-кімнің өз өмірін, не басқалардың өмірін құрбан етуі — аса ауыр күнә.

Ол орындықты сырғытып, Мәриямға жақын келіп отырды да, оның қолын қатты қысты.

— Мені тыңда, қызым. Сенің анаңды сәби шағынан білемін. Сол кездерден-ақ оның көңілі сынық еді. Оның мынадай тағдырға түсуінің себептері сол кездерден-ақ басталған. Айтайын дегенім, болған істердің ешқайсысына сен себепкер емессің, қызым. Сен кінәлі болған емессің.

— Оны тастап кетпегенімде ғой. Мен...

— Жә, сабыр ет. Ондай мазасыз ойларыңнан арыл, Мәриям. Мұндай ойлар сені құрдымға жіберді. Соны есіңде берік сақта, қызым: бұл істерге сен себепкер емессің.

Мәриям басын изеді. Молданың айтқандарын құп көруге тырысса да, көкірегіне өксік тығыла берді.

Арада бір апта өткенде, Мәриямның есігін біреу қақты. Артынша аққұба келген, саусақтары салалы, қызғылт шашты әйел кіріп келді.

— Есімім Афсун, — деді әйел. — Нилуфердің шешесімін. Сізге үсті-басыңызды дұрыстап, астыңғы қабатқа түссеңіз деп келдім.

Мәриям бөлмесінен шыққысы келмейтінін білдірді.

— Болмайды. Мені түсінбедіңіз. Төменге түсуіңізге тура келіп тұр. Сізбен ақылдасатын маңызды шаруа бар.

7

Мәриям дастархан басында Жәлел мен оның әйелдерінің ортасында отырды. Үстелдің ортасында гүл салынған үлкен шыны құмыра мен қайнақ су құйылған әйнек ыдыс қойылған. Жәлелдің оң жағында өзін Нилуфердің шешесімін деп таныстырған Афсун, сол жағында Жәлелдің өзге әйелдері — Хадиша мен Наргиза отырған. Олардың бастарына орап алған қара түсті жаулықтары сырғып түсуге шақ тұрған. Рәсім үшін ғана орап алғандары анық еді. Олардың Нана үшін қаралық оранбайтындары Мәриямға бес саусақтай белгілі. «Мүмкін, Жәлел оларға мен келерден бұрын оранып алуды бұйырған шығар», — деп ойлады Мәриям.

Афсун үстелдегі ыдыстан су құйып алды да, Мәриямның алдына әкеліп, тор көзді майлықтың үстіне қойды.

— Жаз шықпастан күннің ысып кеткенін қарамайсың ба? — деді ол қолымен өзін желпіп.

— Көндігіп қалдыңыз ба? — деп сұрады Наргиза. — Бәріміз сіздің бұл жерді өз үйіңіздей көруіңізді қалаймыз. Сіздің басыңызға түскен жағдайға... төзу де қиын ғой.

Афсун мен Хадиша Наргизаның сөзін құптайтындарын білдіріп, бастарын изесіп, жіңішке қырылған қасын жиырып, қамыққан бейне танытты. Мәриямның құлағы шыңылдап, алқымы сығылғандай болды да, стаканды қолына алып су ұрттады.

Жәлелдің желке тұсындағы ашық терезеден гүл атқан алма ағаштары көрініп тұрған. Терезенің жақтауына жақын қойылған ағаш сөреге үлкен сағат және Жәлел мен оның үш ұлының балық аулауға барғанда түскен суреттері тізілген. Онда балықтың қабыршақтары күн нұрымен жарқырап, Жәлел мен ұлдары шаттана күлісіп тұр.

— Шаруаға келсек, — деп сөз бастады Афсун, — сізге жеткізетін жақсы жаңалық бар. Соған бола осында шақырдық.

Мәриям басын көтерді.

Афсун Жәлелдің сол жағында отырған әйелдерімен көз қағыстырып алды. Жәлел үстелдегі әйнек ыдысқа қарап отырып қалды. Араларындағы жасы ең үлкен көрінетін Хадиша Мәриямға қарады. Мәриямға жаңалықты кім жеткізетіні жайында олардың ақылдасып алғандары анық еді.

— Сізге серік табылып тұрғаны, — деп сөз бастады Хадиша.

Мәриямның жүрегі аузына тығылғандай болды.

— Немене? — деді ол ерні дірілдеп.

— Ханзадаңыз табылды деймін. Ол сізді қасына алмақшы. Есімі Рашид, — Хадиша сөзін жалғады: — әкеңіздің кәсіпкер досы екен. Ұлысы — пуштун, туған жері — Кандагар. Қазір Кабулдағы Дихмазаңда тұрады, екі қабатты зәулім үйі бар.

Афсун басын изеді.

— Ол жігіт біз сияқты парсы тілінде сөйлейтін көрінеді. Пуштунша үйреніп әуре болмайсыз.

Мәриямның тынысы тарылып, көзі қарауытып кетті. Әйелдер сыбыр-сыбыр, пыш-пышқа көшті.

— Ол етікші екен. Етікші болғанда да, әлгіндей көшенің қиылыстарында отырып аяқ киім жамайтындардан емес, дүкені бар, аты мәлім шебер деседі. Кабулда жұрт арнайы іздеп келіп аяқ киім тіктіретін көрінеді. Тіпті Кабулдағы дипломаттар, президент пен оның айналасындағылар да тіктіреді дейді. Сізге өте жақсы қарайтынына еш күмән жоқ деген сөз.

Мәриямның көзі Жәлелге шегедей қадалды. Жүрегі дүрсілдей соқты.

— Бұл не сөз? Ол не дейді? Оның айтқандары рас па?

Жәлел Мәриямға қарамады. Астыңғы ернін жымырған қалпында әйнек ыдысқа тесіліп отыр.

— Ол кісі сізден үлкендеу, — деді Афсун сөз бастап. — Үлкен дегенде, қырық... қырық бестерде болса керек. Солай ма еді, Наргиза?

- Солай, бірақ мен тоғыз жастағы қыздардың сіздің ол сөзіңізден жиырма жас үлкен кісілерге тұрмысқа шыққанын да көргенмін. Сіз биыл он беске толдыңыз ба? Он бес жас деген қыздар үшін күйеуге шығудың ең оңтайлы шағы ғой.

Барлығы келісетіндерін білдіріп, бас шұлғысты. «Олар неліктен бір әкеден туған әпке-сіңілілерім — Сахит пен Нәсипені ұзатпайды? Олар да он бес жаста ғой, сонда да олар Герттағы «Мехри» қыздар мектебінде оқып жатқан жоқ па? Мектептері бітсе, Кабул университетіне түсіп, оқуларын жалғастыратын шығар?» деп ойлады Мәриям.

— Оның үстіне, — деп сөзін сабақтады Наргиза, — сіз сияқты оның да көрмегені жоқ екен. Әйелі он жыл бұрын туыт үстінде қайтыс болған көрінеді.

Үш жылдың алдында ұлы суға кетіп өліпті.

— Неткен ауыр жағдай. Ол бірнеше жылдан бері төсек жаңғыртуды ойластырғанымен, лайықты адам табылмаған көрінеді.

— Менің тұрмысқа шығу ойым жоқ, — деді Мәриям Жәлелге тіке қарап. — Тұрмысқа шығу ойым жоқ. Мені мәжбүрлемеңіздер.

Ол өзін ұстап қалуға сонша тырысса да, кемсеңдей жылаған үнінен Жәлелге шын жүрегімен айтып тұрғаны белгілі еді.

— Ойлансаңызшы, Мәриям, — деді әйелдердің бірі. Мәриямға енді кімнің нені алға тұтып, нені түсіндіргенінің маңызы қалмаған. Ол Жәлелдің осынау айтылып жатқан кесір сөздер мен қияңқы кеңестің бекер екенін жариялап, дүмбілез оңгіменің нүктесін қойғанын шын ниетімен қалап, жас жуған жанарын қадай түсті.

— Сіз бәрібір бұл жерде өмір бойы тұрмайсыз ғой.

— Отау тігіп, ошақ ұстап, жанұя құрғаныңыз жақсы емес пе?

— Соны айтамын, өз отбасыңыз болса, бала сүйсеңіз, қандай жақсы?

— Енді сабыр қылуыңыз керек.

— Егер сізге жергілікті тәжік жігіт табылған болса, нұр үстіне нұр болар еді. Дегенмен Рашид — өте қуатты адам. Сізге деген ықыласы бөлек. Оның үйі, қызметі бар. Ең керегі осы. Солай емес пе? Кабул деген ғажайып, әсем қала. Бұл мүмкіндіктен айырылып қалмаңыз.

Мәриям назарын Жәлелдің әйелдеріне бұрды.

— Менің Файзулла молдамен бірге өмір сүргім келеді. Ол кісі маған ықыласын береді. Маған жақсы қарайды.

— Олай болмайды, — деді Хадиша. — Ол — өте егде адам. Оның үстіне... — ол оңтайлы сөз таппақшы болып кідіріп қалды.

Мәриям оның «бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» демекші болғанын аңдады. Олардың, сірә, не мақсаты бары Мәриямға аян еді. Бұл Мәриям үшін «таптырмас мүмкіндік» болса, олар үшін Мәриямның өздеріне алып келген шер-шемендерін жуатын таптырмас мүмкіндік. Мәриям олардың көз алдында болса, сол бір шер-шеменнен мәңгілік арылмайтындары өздеріне бес саусақтай белгілі-дүр.

— Молда тым кәрі әрі қуатсыз, — деді Хадиша ақыры. — Алда-жалда бақиға оза қалса қайтеміз? Босқа отбасыға жүк боласыз.

Ол Хадишаның «құдды бізге жүк болғандай» демекші болғанын түсінді.

Мәриям өзінің Кабулдағы тұрмысын елестетіп көрді. Бір кездері Жәлел Кабулдың қайнаған адамға толы ерекше шаһар екенін, Гераттан кемі алты жүз елу шақырым шығыста орналасқанын айтқан. Мәриям үшін алты жүз елу шақырым дегенің жердің түбі дегенге бара-бар. Шынтуайтында, ол қанша аралық екенін де ойлап жете алмайды. Осы уақытқа дейін ол барған ең алыс жер — лашығынан екі шақырым жердегі Жәлелдің үйі. Ол Рашидтың ауласын да елестетіп көрді. Тұрмысқа шыққа, сол адамның қызметінде болып, тамақ дайын-

дауы, кір жууы, мінезіне көніп, бұйрығына бойсұнуы керек. Көзі тірісінде Нана еркектердің әйелдерді қалай басынатынын айтып еді. Мәриямның ойына ер мен әйел арасында болатын жақындық түскен кезде өне бойын суық тер басты.

Ол Жәлелге тағы бұрылды.

— Оларға айтыңыз. Бұлай істеулеріңе жол бермеймін деңіз.

— Жасырмай айтсақ, әкеңіз Рашидке разылығын берді, — деді Афсун. — Рашидтың өзі де осы жерде, Гератта. Осы шаруа үшін арнайы Кабулдан келді. Таңертең неке қиылады, ал түстен кейін Кабулға жүретін автобус бар.

— Оларға айтыңыз, ауыздарын жапсын! — деп, Мәриям жылап айғайға басты.

Үйде тыныштық орнады. Бәрінің назары Жәлелге ауды. Ол орындыққа шөге түсіп, саусағындағы неке жүзігін арыбері айналдырып, шарасыз жанның кейпінде отырған. Сөредегі сағаттың ғана тықылы естіледі.

— Жәлелхан? — деді әйелдердің бірі тыныштықты бұзып.

Жәлел басын ақырын көтеріп, Мәриямды көзінің қиығымен бір шолып өтті де, қайта жерге қарап алды. Бірдеңе айтпаққа аузын ашып, ыңыранғандай үн шығарғаннан өзге ләммим дей алмады.

— Бір ауыз айтсаңызшы? — деді Мәриям.

Жәлел ақыры даусы жіңішкеріп, үніне діріл араласып бірдеңе деуге ыңғайланды.

— Құдай үшін, Мәриям, мені мұндай қиын жағдайға қалдырма.

Жәлелдің сөзі бітісімен, үстел басындағы шиеленіс сап болды. Әйелдер Мәриямға жеңістік пиғылымен қарасты. Ол басын төмен салып, тамақ үстелінің иір сиректарына қарап отырып қалды.

Афсун Мәриямды үстіңгі қабаттағы бөлмесіне ертіп кірді де, есікті жауып шығып кетті. Артынша есіктің құлыптанған дыбысы естілді.

8

Таңсәріде олар Мәриямға ақ шалбар мен ұзын жеңді жасыл көйлек кигізді. Афсун тағы да жасыл орамал мен бір жұп аяқ киім алып шыққан.

Олар Мәриямды астыңғы қабаттағы тамақ үстелі қойылған үйге алып кірді. Үстелдегі құмыра мен гүлдер алып тасталған. Құмыраның орнына тәтті бадам дәні салынған ыдыс, Құран Кәрім, жасыл орамал мен айна қойылған. Үстел басында Мәриямға бейтаныс екі адам отыр. Мәриям оларды неке куәгерлері болса керек деп топшылады. Анау молданы да ол бұрын көрмеген.

Жәлел Мәриямға орындықты нұсқады. Үстіне солғын қоңыр түсті костюм киіп, қызыл галстук тағып алған, шашы ретті таралған еді. Ол Мәриямға орындықты артқа тартып алып бергенше зорға жымиып тұрды. Афсун мен Хадиша Мәриямның қасынан орын алды.

Молда орамалды ишарат етті. Наргиза үстелге жайғаспас бұрын орамалды Мәриямның басына жапты. Мәриям саусақтарының ұшына қарап отырған.

Жәлел әлдекімге:

— Оны шақырып кел, — деп бұйырды.

Мәриямның мұрнына ащы шылым мен тұтқыр әтір иісі келді. Орамалының саңылауынан босағада қақиып тұрған, еңсегей бойлы, қарны бар иықты бір адамды байқады. Оның қолақпандай мұрнын көріп шошып кетті де, жерге қарады. Жүрегі атқақтай бастады. Әлгі адамның босағада аз тұрған соң, ақырын жылжып, тамақ үстеліне жақындап келе жатқанын сезіп отырды. Әр басқан қадамының екпінінен үстел үстіндегі конфет салынған ыдыс қозғала берді. Ол терең тыныс алды да, Мәриямның қасындағы орындыққа келіп отырды. Әр тынысы Мәриямға естіліп тұрды.

Молда отырғандарға бір шолып қарап шықты да, сөзін бастады. Бұл некенің дәстүрлі некеден айырмашылығы бар екенін түсіндіріп былай деді:

— Білуімше, Рашид аға сәлден соң Кабулға жүретін автобус билетін алып қойыпты. Соған орай мен кейбір жосын-жоралғыны қысқартайын.

Молда қысқа аят оқыды да, некенің ұлылығы жәйлі бірер ауыз сөз айтты. Жәлелден бұл некеге қарсылығы бар-жоғын сұрады. Ол басын шайқады. Молда Рашидтен: «Мәриямды өз ризалығыңызбен қасыңызға алдыңыз ба?» — деп сұрады. Рашид «алдым» деп жауап берді. Оның қопалдау әрі жарықшақтанған үні қураған жапырақтарды басып қалғанында естілетін дыбыспен бірдей-ақ екен.

— Мәриям, сіз бұл еркектің некесін қабыл алдыңыз ба?

Ол жауап бермеді. Әлдекім құрғақ жөтеліп қойды. Үстелдің астынан бір әйелдің:

— Қабыл алды, — деген даусы естілді.

— Қыз өзі жауап берсін. Үш рет сұраймын. Айтайын дегенім, бұл кісі қызды некелі жары етпекші. Сондықтан қыз өз аузымен ризалығын білдіруі керек.

Молда екі рет сұрады. Мәриям жауап бермеді. Молданың үшінші рет даусын зорайта сұрауы оның маңындағыларға ескертпесі іспетті еді. Мәриям Жәлелдің үстел астындағы аяғының қайта-қайта бүгіліп-жазылып, алма-кезек айқастырылып жатқанын сезді. Біреу тамағын қырнап, үстелді қолымен сүртті.

— Мәриям, — деп сыбырлады Жәлел.

— Қабыл алдым, — деді Мәриям діріл араласқан үнмен.

Әлдекім Мәриямның жүзін жапқан орамалының астынан айна ұсынды. Мәриям айнада көрінген бейнеге назар салды. Қою, қырылмаған қас, түп-түзу таралған шаш, кейістіктен нұрсызданып кеткен жасыл көз... Бет терісі құрғап, бозарып кеткен, әр жеріне дақ түскен. Оның көзіне қасы өте жалпақ,

маңдайы тар көрінді. Айнадан көргендері өзіне ұнамаса да, өзін көріксіз деуге келмейтінін де байқады.

Мәриям Рашидтың айнадағы дөрекілеу түріне, добалдай мұрнына, қызыл күлгін бетіне қарады. Рашидтың тістері тығыз бітісіп, қасқа тістері көрініп, бурыл тартқан шашының ұшы қасына тиіп тұратын. Олар айнадағы бейнелері арқылы бір-біріне қарасты да, Мәриям көзін ала қашты. «Міне, бұл күйеуімнің түрі», — деп ойлады ол.

Жәлел қалтасын ақтарып, бір жұп жүзікті қолына алды. Рашидтың саусақтары сарғайып, тырнақтарының көбесі көтеріліп, ұштары тілінген. Жүзікті Рашидтың саусағына салғанша Мәриямның қолы дірілдеп кетті. Рашид жүзікті Оның қолынан алып, сол қолының аты жоқ саусағына салды. Мәриямға атаған жүзік сәл тарлау болса да, Рашид еш қиналмастан саусағына кигізіп жіберді.

— Әйе-бө-өй, — деді Жәлелдің әйелдерінің бірі. — Не деген әсем жүзік бұл, а, Мәриям?

— Енді некеге қол қою ісі ғана қалды, — деді молда.

Мәриям қағазға қол қойды. Маңындағылар оның қолына телмірді.

Рашид түрлі түске боялған автобустың ішінде күтіп отырған. Жәлел мен Мәриям автобустың арт жағында тұрған. Мәриям терезеден бұрқырап шығып жатқан темекі түтінінен Рашидтың қай тұста отырғанын шамалады. Маңайдағы кісілер бір-бірімен сүйісіп, құшақтасып, қоштасуда. Тағы біреулері Құран Кәрімді сүйіп, астынан өтіп әбігерленуде. Жалаң аяқ балалар шылым мен сағыз тізілген сандықшаларын мойындарына асып алып, жолаушылардың арасында зыр жүгіріп жүр. Жәлел Мәриямға Кабулды аузы-аузына тимей мақтай бастады. Оның айтуынша, Кабулдың әсемдігі сондай, Моғол империясының ханы Бабыр-Шах сүйегін Кабулға жерлеуді өсиет қылған екен. Ол Кабулдың гүлдерін, дүкендерін, тал-теректерін, табиғатын әсерлі бейнеде жеткізді. Аздан соң

Мәриям да автобусқа шықты. Жәлел автобустың қасында біразға дейін қолын бұлғап күлімсіреп тұрған.

Дәл осы сәтте Мәриям өзін ұстап қала алмайтындай сезіне берді.

— Сізді сонша қадыр тұтып келген едім, — деді ол.

Жәлел бірдеңе айтпақшы болды да, іркіліп қалды. Қолын алма-кезек көтеріп, түсіргенінен-ақ алағызып тұрғаны білініп еді. Чемодан көтерген үндістандық бір жұп олардың ортасынан кесіп өтті.

— Әр бейсенбіде сағаттап сіздің жолыңызға телміруші едім. Сізді келмей қалар ма деп алаңдаумен ауырып қалатынмын.

— Жол ұзақ. Бірдеңе жеп алсаң болар еді, — деді Жәлел ешкі сүтінен сығылған сүзбе мен нан әкеліп бергісі келгенін айтып.

— Сізді күндіз-түні ойлаушы едім. Сізге ұзақ өмір, ұзақ өмір тілеп, дұға қылатынмын. Менен намыстанатыныңыз ойыма да кіріп-шықпапты.

Жәлел жерге қарап, бір аяғының ұшымен жас балаша жер шұқылап қалды.

— Менен қорынып, жер басып жүруден ұялатын көрінесіз?

— Сенің хәліңді біліп тұрамын, — деді Жәлел кекештеніп. — Кабулға сені көруге барып тұрамын. Біз...

— Жо-жоқ, — деді Мәриям, — келмеңіз. Сізді енді көргім келмейді. Мені іздемей-ақ қойыңыз. Үніңізді де естігім келмейді. Мәңгі естігім келмейді!

Ол Жәлелге мұң тұнған, ызалы көзімен тіке қарады.

— Арамыз осымен бітті. Бүгін мәңгіге қоштасамыз.

— Бұлай деуге болмайды.

— Сіздің мені молда мырзамен қоштастыратындай да ұжданыңыз жоқ екен.

Мәриям артына бұрылып, автобустың ішіне қарай беттеді. Арт жақтан Жәлелдің ілесіп келе жатқан аяқ дыбысы естілді. Ол есік тұтқасына қолын соза бере, оны шақырды.

— Мәриям...

— Мәриям автобусқа шығып, артқы орындарға қарай жүрді. Жәлелдің автобус қабырғасын бойлап, өзіне қатарласып жүріп бара жатқанын көзінің қиығымен көрсе де, мойнын бұрмады. Ол соңғы орындықта отырған Рашидтың жанына келіп отырды. Жәлел автобус терезесін алақанымен сипап, төпештеп, Мәриямның назарын өзіне аудармақшы болды, бірақ ол қарамады. Автобус қозғалды. Жәлел автобустың арт жағынан көтерілген шаң-тозаң арасында ғайып болды.

9

Ертесі кешқұрым олар Рашидтың үйіне келіп түсті.

— Біз қазір Дихмазаң деген жердеміз, — деді Рашид. Олар жолдың жиегіне шықты. Рашид бір қолымен Мәриямның чемоданын көтеріп, екінші қолымен үйінің ағаш қақпасының құлпын ашып жатты. — Бұл — қаланың батыс оңтүстік бөлігі. Жақын маңда хайуанаттар бағы мен университет бар.

Мәриям басын изеді. Ол Рашидтың Кабул акцентімен парсыша сөйлегенін толық түсінбейтін. Сол үшін де оның әрбір сөзін мұхият тыңдауына тура келген. Әйтсе де, Рашид Мәриямның Герат акцентіндегі парсыша сөздерін жақсы түсінетін.

Мәриям Рашидтың үйінің алдындағы топырақ жолға көз жүгіртті. Жолды жағалай тығыз орналасқан үйлердің қабырғалары бір-біріне тұтасып кеткен, ауланы қоршаған аласа дуалдар үйлерді көшеден айырып тұратын. Көбінің төбелері тегіс. Кейбірінің қабырғалары күйдірілген кірпіштермен қапталса, енді біреулері қаланы айнала қоршаған таулардың реңіндей қызғылт түсті лаймен сыланған. Жолдың екі жағындағы арықтар күре жолды тротуарлардан бөліп тұратын. Көше қиылыстарына қоқыс жәшіктері қойылған. Рашидтың үйі еңселі екі қабатты. Қабырғаларының бұрын көк түске боялғанын байқауға болатын.

Рашид есікті ашты. Мәриямның көз алдында шағын, ретсіз аула пайда болды. Ауланы дерлік сарғайып кеткен арам шоп басыпты, оң жақта тауық кепесіндей ғана шағын үй, сол жағында қол сорғысы бар құдық пен құрап кеткен бір түп ағаш бар. Қабырғаға жапсарласа құрал-сайман, керек-жарақ салатын кебеже орналасыпты. Кебежеге ескі велосипед сүйеулі тұр.

— Әкең маған сенің балық аулағанды ұнататыныңды айтқан, — деді Рашид Мәрияммен бірге ауланы кесіп өтіп бара жатып. — Бұл жердің шығыс бетінде өзен бар. Онда балық көп, уақыт бөліп, сені апарып келермін.

Рашид үйдің есігін ашты, Мәриям босағадан аттап, ішке кірді. Оның үйі Жәлелдікінен кіші болса да, Нанамен бірге тұрған лашығына қарағанда, кең сарай деуге болады. Бірінші қабатта зал мен оған іргелес асүй бар еді. Рашид Мәриямға асүйдегі ыдыс-аяқтарды, газ қазандығы мен керосин ошақты бір-бірлеп көрсетіп шықты. Қонақ бөлмеге солғын жасыл түсті диван қойылып, бүйіріндегі жыртылған тұсы олақтау жамалған. Қабырғаға ештеңе ілінбепті. Үйде диваннан өзге, тамақ үстелі, екі қамыс орындық, екі бүктемелі орындық, бұрышта қап-қара шойын пеш тұрған.

Мәриям қонақ бөлмеде тұрып Гүлдаманды, ондағы лашығын еске алды. Оның қолы лашықтың төбесіне жетуші еді. Төсекте жатып, терезеден түскен күн сәулесіне қарап, қай мезгіл болғанын тұспалдайтын. Жатын бөлменің есігі қанша лық ашылғанда шиқылдайтынын, еденге төселген отыз дана ағаш тақтайдың жарықшақтанған әрбір жерін де бес саусағындай білетін. Міне енді сол дүниелер мәңгі келмеске кетті. Нана бақиға аттанды. Өзіне таныс өмірден тау-дариялармен бөлініп жатқан осынау бейтаныс шаһарда тірлік кешуге мәжбүр. Тағдыр оны шылым иісі сіңген жат бір мекенге алып келді. Оған үйдегі жайпақ табақтар, ыдыс-аяқтар, терезедегі жасыл перделер, шырақ-шамдар... бәрі-бәрі бейтаныс. Оның

көңілі құлазыды: Нананы, Файзулла молданы, өзінің ескі өмірін сағынды.

Мәриям жылай бастады.

— Неге жылайсың? — деп сұрады Рашид оған бұрылып. Шалбарының қалтасынан орамалын шығарып, Мәриямға ұстатты да, бір қырымен қабырғаға сүйеніп, шылым тұтатты. Қолорамалмен жасын сүртіп жатқан Мәриямға қарап тұрды.

— Көз жасы сарқылар ма?

Мәриям басын изеді.

— Дұрыс айттым ба?

— Иә.

Ол Мәриямды қолтықтап, қонақ бөлменің терезесіне келді.

— Бұл терезе терістікке қарап тұрады, — деді ол сұқ саусағымен терезенің әйнегін шертіп тұрып. — Қарсымыздағы Асмай тауы. Көріп тұрсың ба? Сол жақта — Али-Абад тауы. Университет әне сол таудың етегінде. Арт жағымызда, шығыс жақта, Шырдарбаза тауы бар, оны бұл жерден көре алмайсың. Әр күні сәскеде сол таудан зеңбірек атылады. Енді жылама, болды, басыңды көтер.

Мәриям жасын сүртті.

— Мұндайға төзбеймін, — деді ол қапалы түрмен. — Бұлай дегеніме ренжіме. Әйелдердің жылаған үнін естіп тұруға шыдамым еш жетпейді.

— Гүлдаманға қайтып кеткім келіп тұр, — деді Мәриям.

Рашид күрсінді. Аузынан шыққан шылым түтіні Мәриямның жүзін шарпыды.

— Бұл жолы сөзіңді ауыр алмайын.

Ол Мәриямның білегінен ұстап, жоғары көтерілді. Үстіңгі қабатқа күңгірт шамдармен жарықтандырылған шағын зал мен екі бөлме орналасыпты. Үлкендеу бөлменің есігі жартылай ашық тұрған. Мәриям саңылаудан бөлмеде қоңыр түсті жамылғы жабылған төсек және аяқ киім сөресі барын көрді. Қабырғасына алақандай айнадан өзге ештеңе ілінбепті.

— Бұл — менің бөлмем, — деді Рашид. Артынша тағы бір бөлмені көрсетті. — Көңіліңе алмассың, мен жалғыздыққа көндігіп қалыппын.

Мәриям Рашидтың бұл сөздерін естіп, желкесінен бір ауыр тасты алып тастағандай жеңілдеп қалғанын айтпақшы болды да, тағы бөгелді.

Мәриямның бөлмесі Жәлелдің үйіндегі бөлмесінен тар еді. Мұнда да төсек, сүп-сүр үстел мен шкаф бар. Терезесі аулаға қараған. Алыстан көше көрініп тұрады. Рашид оның чемоданын бір бұрышқа қойды да, төсегіне келіп отырды.

— Сен назар салмадың, — деді ол есікке сүйеніп тұрып, — терезеңнің жақтауына қарашы, оның қандай гүл екенін білесің бе?

— Мәриям терезедегі ақ түсті гүлмәриям гүлін енді байқады.

— Оны ұнатасың ба?

— Иә, ұнатамын.

— Ендеше, маған рақмет айтсаң болғандай.

— Рақмет, көп рақмет.

— Қалтырап тұрсың ғой. Сені қорқытып жіберген сияқтымын. Шынымен-ақ қорқытып алдым ба?

Мәриям Рашидке бұрылып қарамаса да, даусынан оның сыр бағып тұрғанын аңғарды. Ол басын шайқады. Дегенмен бұл оның сол сәттегі шынайы көңіл күйі емес еді.

— Солай ма? Онда жақсы. Бұл енді сенің үйің. Бауыр басып кететініңе сенемін. Бізде электр қуаты барын айттым ба, мұнда жарық өшіп қалу деген атымен жоқ.

Осыны айтып, ол артына бұрылды. Есік жақтауында көпке дейін темекісінің түтінін шұбатып тұрды. Мәриям оны бірдеңе айтатын болуы керек деп ойлады. Алайда ол ештеңе деместен, Мәриямды жалғыз қалдырып, есікті жауып шығып кетті.

10

Мәриям бірнеше күн бойы бөлмесінен шықпады. Әр күні таңсәріде мешіттен естілген азан даусынан оянып, бір аунап түсіп, қайта жатады. Рашидтың тазалық бөлмесінде жуынып, артынша өзі жатқан бөлменің есігін ашып сығалап, шеберханасына кеткеніне дейін біліп жатады. Түстік тамағын велосипедтің артқы жағына салып, ауладан шығып бара жатқан Рашидке терезеден қарап тұрады.

Мәриям төсегінде түрлі қиялға шомып, күннің көп бөлігін өткізіп алады. Кейде астыңғы қабатқа түсіп, асүйдегі май басып кеткен сөрелерге, ыс сіңген гүлді перделерге көз жүгіртіп шығатын. Тартпаны ашып, қасық, пышақ, кәкпірді реттейді. Асүйдегі шашылған ыдыс-аяқтар оған өзінің астаң-кестеңі шығып, тамырымен қопарылып, алыс бір жерге апарылып тасталған ағашқа ұқсайтын өмірін елестеткен.

Ол лашығында болған күндері қай уақта қарны ашатынын білуші еді. Мұнда келісімен тәбеті азайып, тамағынан ас өтпейтін халге түсті. Кейде, Рашидтен асып қалған сорпаға бір жапырақ нанды шылап қойып, терезенің түбінде төңіректегі жер үйлердің шатырларына қарап отырып қалатын. Өз аулаларында кір жайып, балаларына сөйлеп жүрген әйелдерді, жер шұқып дән терген тауықтарды, терекке байлаулы тұрған сиырларды көретін.

Ол айлы кештерде лашығының шатыршасында Нанамен бірге үйықтаған жаз күндерін сағына еске алды. Гүлдаманның тамыз күндері ыстық болғаны сонша, тер шылқыған көйлектері терезеге жабысып қалған жапырақтардай денелеріне жабысып қалатын. Ол тағы қыс күндері Файзулла молдамен бірге кітап оқыған кездерін, түс әлетінде күн нұрымен еріген мұз кесектерінің үзіліп түскен дыбыстарын, қар басқан ағаш бұтақтарына қонып алған қарғалардың үнін де еске алды.

Ол жалғызсырады. Бірде асүйге, бірде қонақ бөлмеге барады. Жоғары көтеріліп, өз бөлмесінде намазын оқиды. Терезе түбінде отырып, Гүлдаманды, Нананы сағынып, қиялға батады.

Күн еңкейіп, батуға таяғанда Мәриямның жүрегі атқақтай бастайды. Кеште бөлмесіне Рашид кіріп, бірге болу ниетін білдіріп қала ма деп тістері сақылдап кететін. Ол төменде ас ішіп біткенше бөлмесіне кіріп жатып алатын.

Кешкі астан соң Рашид Мәриямның бөлмесіне бас сұқты.

— Ұйықтамаған шығарсың, сағат енді ғана жеті болды, ояусың ба? Ояусың ба деймін.

Рашид Мәриямның «ояумын» дегенін естіп, босағаға сүйеніп отыра кетті. Мәриям төсегінде оның ірі денесін, ұзын аяқтары мен добалдай мұрнын көріп жатты.

Рашид өзінің сыртқы істер министріне етік тігіп бергенін, оның тек өзінен ғана аяқ киім алатынын, Польшаның дипломаты мен ханымы жаздық аяқ киімге тапсырыс бергенін сөз етті. Ел ішінде «Аяқ киімді төсектің үстіне қойса, үйге өлім алып келеді, әуелі сол аяқтан бастап кисе, ұрыс-керіс, кикілжің арылмайды» дейтін тәмсіл барын айта келіп:

— Егер жұма күні байқамай сол аяқтан бастап киіп қалса, күнә болмайды, алайда аяқ киімдерді бауымен қосақтап шегеге іліп қойса, аса ауыр күнә болады-мыс, — деді.

Рашид бұл сөздердің ешқайсысына сенбейтін. Қайдағы-жоққа әйелдер ғана сенеді деп санайтын.

Ол көшеден естігендерін де әңгімеледі. Мәриям Рашидтен Америка президенті Ричард Никсонның келеңсіздікке ұшырап, отставкаға кеткенін естіді. Бірақ үндемеді, Никсонның кім екенін ол бәрібір білмейтін. Күйеуінің әңгімесін доғарып, шылымын өшіріп, бөлмесіне кетіп қалуын асыға күтті. Әр күні Рашидтың залдан өтіп, бөлмесінің есігін ашып-жапқан дыбысын естісімен, иығын басып тұрған бір салмақтан құтылғандай жеңілдеп қалатын. Әйтсе де, бұл кеште олай

болмады. Рашид шылымын өшірді де, бөлмесіне кетпей, есікке сүйеніп тұрып алды.

— Мына дүниеңді ашып, ішіндегі заттарыңды реттеп қоймайсың ба? — деді ол қолымен бұрыштағы чемоданды нұсқап. Артынша кеудесін сипалай бастады. — Сен көндіккенше деп артық сөз айтпадым, дегенмен мынауың жөнсіздеу іс болды. Апта өтсе де... Ертеңнен бастап әйелім сияқты бол. Түсіндің бе?

Мәриямның тістері сақылдай бастады.

— Сөйлесеңші!

— Иә, түсіндім, — деді Мәриям.

— Бұл жерді қалай деп ойладың? Қонақүй деп пе? Онда мені қонақүй қызметкері деп ойлаған шығарсың? Шынымен солай қиялдасаң... О, тоба, тағы жыладың ғой, саған не дедім, Мәриям?

Ертесі Рашид жұмысына кетті. Мәриям чемоданын ашып, киімдерін шкафқа салды. Құдықтан бір шелек су әкеліп, бөлмесінің, қонақ бөлмелердің әйнектерін сүртті. Еденді сыпырды. Қабырғаларды өрмекші торынан арылтып, есік-терезелерді ашып, үйдің ауасын тазартты.

Ол қазанға үш кесе бұршақ салып қайнатты. Сәбіз бен картоп турап, суға шылап, шкафтың артындағы шаң басқан банкілердің артынан ұн алып, Нанадан үйренгеніндей қамыр иледі. Қамырға ұн септі де, дымқыл дәкәге орап, қыстақ тұрғындарының наубайханасына апарып жабуға дайындап қойды.

Наубайханаға бару үшін көшенің аяғына шығып, солға бұрылғаннан кейін аз жүріп, оңға бұрылу керектігін Рашид тәптіштеп түсіндірген. Мәриям солай беттеп, бір топ әйел мен балаларға ілесе жүрді. Шешелерінің алды-артына шығып жүгіріскен балалардың киімдері қырық құрау жамау, шалбарлары кең не тар болып қалған, тозып, жыртылып түсуге айналған сандалдарын шандып байлап алған. Бір-екеуі тат басқан велосипед дискісін дөңгелетіп бара жатыр.

Әйелдер екі-үштен топтасып алған. Біреулері бұрқаға[7] оранып алса, енді біреулерінің жүзі ашық еді. Мәриям басын төмен салып, жерге қарап кетіп барады. Олардың бір-біріне есе бермей қауқылдысып, күліскен үндері мен зеки сөйлеген дауыстары оған оңық естіледі. Әңгімелерінің дені ауру балалары мен әзәзіл, жалқау күйеулері жайында.

— Тамақ өз-өзінен пісіп жатқандай... Ой, Алла, титтей тыныштық жоқ адамға... Құдай ақы, рас айтам бар ғой... ол тіпті...

Көшені тыншытпаған осы дауыстар наубайханаға жеткенше жалғасты. Кейбірі құмарпаз күйеулері хақында сөйлесе, біреулері тапқан-таянғанын шешелеріне беріп, қатындарына көк тиын бергісі келмейтін пысық күйеулері туралы айтысты. Мәриям сонша көп әйелдің қалайша қайырсыз ерге тиіп, бақтары жанбай қалғандарын түсіне алмады. Бәлкім, сол әйелдердің күніне бір уақ ас ішкені секілді, күніне бір рет айтпаса болмайтын сөздері болса керек. Көп ұзамай Мәриям да осылардың қатарына біліп-білмей қосылып қалуы ғажап емес.

Мәриям нан жабу үшін тізілген жұрттың соңына келіп тұрды. Бейтаныс адамдардың өзіне қадала қарап, әлденелерді пыш-пыштағанын естіді. Некесіз туып, әкесі мен оның отбасына шер-шемен алып келгенін, анасына опа қылмай, өліміне себепкер болғанын бұлар қайдан білсін? Ол орамалының ұшымен ернінің үстіндегі терді сүртіп, қысылғанын сездірмеуге тырысты. Бірнеше минут тыныштықтан соң біреуі Мәриямның иығынан жеңіл ғана қақты. Басына Мәриямның орамалынан аумайтын орамал тартқан, аққұба, домалақтау келген әйел оның арт жағында тұрған. Бойы аласа, бұйра шашты, бүйрек бетті әйел. Ерні Мәриямның ернінен қалыңдау, иегіндегі қара меңі тартып тұрғандай астыңғы ерні бір жағына қарай сәл қисайған. От шашып тұрған жасыл көзі Мәриямға таңдана қадалды.

---

[7] Бұрқа — мұсылман әйелдері бастан-аяқ оранып киетін ұзын киім.

— Сіз Рашидханның жақында алған әйелісіз бе? — деді ол күлімсіреп, — Гераттан келдіңіз ғой деймін? Тым жас екенсіз. Қателеспесем, есіміңіз Мәриямжан болар? Менің атым Фарибе. Сіздің үйіңізден солға қарай бес үйден кейінгі жасыл қақпалы аулада тұрамын. Мынау — ұлым Нұр.

Күлімсіреп тұрған Нұр шешесіне тартқан домалақ жүзді, қара бұйра шашты, сол құлағының үстіне бір тұтам қара қыл өскен, көзі от шаша жалындап тұрған бала еді.

Ол қолын көтеріп:

— Сәлем, жеңге, — деді.

— Нұр биыл он жаста. Бұдан үлкен бір ұлым бар, аты Ахмет.

— Ол он үште, — деді Нұр.

— Өзі он үште болғанымен, қылықтары қырық жастағы адамдай демедің бе, — деді Фарибе қарқылдай күліп. — Күйеуімнің аты Хакім. Дихмазаңда оқытушылық қызметте. Уақытыңыз болса үйге кіріп...

Арт жақтағы бірнеше әйел Фарибені итеріп жіберіп, Мәриямның алдына келді де, оны ортаға ала, сұрақты қарша боратты.

— Рашидханның жақында алған әйелі болдыңыз ғой?

— Кабул қалай екен?

— Мен бар ғой, Гератқа барғанмын. Онда менің немере туысқаным бар.

— Бірінші ұл туғың келе ме, әлде қыз ба?

— Мұнараларын айтсаңшы, әсем қала екен?

— Меніңше, ұл туғаның жақсы, Мәриямжан. Не дегенмен ұл бала әулеттің атын сақтайды.

— Бірақ ұл үйленсе бітті, үйден шығып кетеді. Ал қыздар қартайғанында қарайласады.

— Сізді келеді екен деп естігенбіз.

— Сіз ше, егіз туыңыз. Біріңе — бірден. Сонымен мәселе шешіледі.

— Ха-ха-ха ...

Мәриям артқа қарай шегінді. Тынысы тарылып, құлағы шуылдай бастады. Төңірегіндегі әйелдерге қорқа қарады. Артына жылжи берді. Әйелдер қаумалап алғандықтан, шегініп, шеттеп тұруға да шарасыз қалған. Ол Фарибеге бұрылды. Ол қорыққанын байқап, әйелдерге айғай салды:

— Қауымаландар! Былай тұрыңдар! Қарасаңдаршы, оны қорқытып жібердіңдер.

Мәриям қолындағы қамырды қолтығына қатты қысып құшақтады да, қарсыдағы біреуін итеріп жіберіп, алға қарай аттылды.

— Қайда барасыз, сіңілім?

Көше қиылысына жеткенде ол өзінің басқа көшеге кіріп кеткенін аңғарды. Артына қайырыла бергенде шалынып жығылды да, орнынан тез тұрып, қайта жүгірді.

— Сізге не болды, сіңілім?

— Тізеңіз қанап кетіпті ғой...

Мәриям әр көшенің басына жүгіріп, келген жолын іздеді. Көзіне жас іркіліп, жүрегі атқақтай соқты. Көшесін әрең тапқанда, Рашидтың үйін ажырата алмай қиналды. Көзі қарауытып, кейбірі құлыптаулы, кейбірі сығырайып жартылай ашық тұрған қақпаларға үңілді. Бөтен аулаларда абалап ит үріп қоя берді. Рашид үйге оралғанда, мұның үйін таба алмай әр көшеде бір тентіреп жүргенін көрсе, не деп ойлар? Тізедегі қанды көрсе ше? Соны ойлап ол дауыстап жылай бастады. Бірнеше қақпаны ашып, соңыра таныс ауланы, құдықты, құрал-сайман салынған кебежені, шағын кепені көрді. Есікті қатты жауып, іштен іліп алды да, теңселіп барып, құса бастады. Әлсіреп, еңбектей жылжып, қыбырғаға сүйене аяғын жазып отырды. Мұндай жалғызсырау сезімін ол бұрын-соңды бастан өткермеген еді.

Кеште Рашид қолына қоңыр түсті дорба көтеріп кірді. Мәриям оның жуып-тазаланған үйге назар аудармағанына кейісе де, дастархандағы ас толы кеселерге қуана қарап:

— Бүгін бұршақ қайнаттым, — деді.

— Көрім болған екен. Қарным қатты ашып еді.

Мәриям Рашидтың қолына құмғанмен су құйып, бір кесе бұршақ сорпасы мен бұқтырылған күрішті дастарханға қойды. Бұл — оның Рашидке дайындаған алғашқы асы. Бар назарын ас әзірлеуге салмақ болғанымен, бағана болған істер көз алдынан кетпей қойған. Оның үстіне бұршақтың қою-сұйығы, реңі, зімбірдің мөлшері келіспей, Рашидтың таңдайына татымай қала ма деп алаңдап, көңілі алабұртып тұрған.

Рашид қасығын сарғыш піскен бұршаққа салғанда, Мәриям еріксіз қипалақтады. Тамағы Рашидтың таңдайына татымай, кесесін сырғытып жіберсе қайтпек?

— Байқаңыз, — деді ол қобалжып: — тамақ бір түрлі қызық...

Рашид қасығын үрлеп, аузына салды.

— Керемет, — деді ол. — Тұзы сәл аздау демесең, өте дәмді болыпты.

Басын бір көтерместен тамақтануға кірісіп кеткен Рашидқа қарап, Мәриямның көңілі орнына түсті. Өзі дайындаған астың оған ұнағанына қайран қалды әрі қуанды. Күйеуінің «керемет» деген жалғыз ауыз сөзі бүгінгі естіген әңгімелерді ұмыттырып жіберді.

— Ертең жұма екен, — деді Рашид, — сені қыдыртып келейін бе?

— Кабулға апарасыз ба?

— Жоқ, Калькуттаға.

Мәриям көзін жыпылықтатты.

— Әзілдегенім ғой, әлбетте, Кабулға апарамын. Басқа қайда апарушы едім? — деп, қоңыр дорбаны қолына алды. — Әйтсе де, саған бірдеңені ескертіп қоймасам болмас.

Рашид дорбадан қара көк түсті кездемені алып, тізесіне жайды. Онысы — әйелдердің бұрқасы.

— Қаридырларым шеберханаға әйелдерін ертіп келеді. Әйелдері жүздерін жаппайды. Ұялмастан көзіме тіке қарап

сөйлейтінін қайтерсің. Бетін баттастыра бояп, тізеден жоғары көйлектер киіп алады. Кейде маған өлшеп алсын деп аяғын созады. Бөтен еркек әйелдерінің аяғын ұстап жатса да, күйеулері түк болмағандай бір шетте қарап тұрады. Онымен қоймай, өздерін тым заманауи, білімдар, ақылды санайды. Еркектік намыстарын жоғалтып тұрғандарымен шаруасы жоқ, — деп, ол түңілген бейнемен басын шайқады. — Көбісі Кабулдағы байлар қоныстанған аумақта тұрады. Дегенмен осы қыстақта да ондай жігерсіз, ынжықтар аз емес. Көшенің аяқ жағында бір мұғалім бар. Аты Хакім, әйелінің есімі Фарибе. Сол қатын қашан көрсең жүзін жаппай, жаулығын мойнына іле салып көше кезіп жүреді. Дәл сондай қатынын басқара алмайтын, тышқақ тиген сиырдың тезегіндей былжыраған еркектерді көрсем, қаным басыма шабады. — Ол Мәриямға қадала қарады. — Ал өзім ондай еркектердің нәсілінен емеспін, Мәриям. Түп-тегімде біреуге жаман көзбен қараған, тура жолдан сәл тайқып кеткендердің қаны төгіледі. Менің жамағатымда әйел адамның жүзі тек күйеуіне ғана мәнсұп. Осыны есіңде берік сақта. Түсіндің бе?

Мәриям басын изеп, Рашид ұсынған қоңыр дорбаны қолына алды. Рашидтың манағы ас ішкен жүзіндегі күлкінің табы қайда сіңгені белгісіз, орнына от орнындай қара көлеңке қалдырып, ғайып болыпты. Мәриям оның алдында өзін кішірейіп бара жатқандай, Гүлдаманның арқасындағы еңселі, өр, айбатты Сафд тауы кеудесіне құлап келе жатқандай сезіне берді.

Рашид дорбаны Мәриямға ұстатты.

— Ендеше, сөз анық болды, енді маған тағы бір кесе бүршақ сорпасын әкеліп бер.

11

Мәриям бұрқа киіп көрмеген. Рашид оның бұрқаны киюіне жәрдемдесті. Бұрқаның алқымынан жоғарғы бөлігі Мәриямға тар әрі ауыр көрінді. Одан сыртты көрудің өзі ол үшін жаңа-

лық болды. Ол бұрқа киіп, үй ішінде арлы-берлі жүрді. Етегін басып қалып, омақаса құлады. Бұрқаның торланған бетпердесінен сыртты көру оңай іс емес еді. Ауыз бен мұрынға тура келетін пердесі мұрнына жабысып, тыныс алуы да қиынға соқты.

— Аз күнде көндігіп кетесің, — деді Рашид, — тіпті шешкің келмей қалады.

Олар автобуспен Шернау бақшасына жетіп келді. Бір топ бала әткеншекте тербеліп, тағы бір тобы екі түп терекке тор тартып, волейбол ойнап жүр.

Мәриям мен Рашид бақшаны айналып, балалардың батпырауық ұшырғанын тамашалады. Мәриям бұрқасынның етегіне әлсін-әлсін шалынып қала берді.

Рашид Мәриямды мешіттің жанындағы «Қажы Яхуб» деп аталатын кәуапханаға түстенуге алып келді. Кәуапхананың еденін май басып, қабырғаларына шикі еттің иісі сіңіп қалыпты. Логары[8] әуені естіледі. Мәриям өмірінде асханаға кіріп көрмеген. Бөтен адамдардың арасында отырып, бетіндегі шілтерді қайырып, ас ішкенше жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Бір тәуірі, қасында Рашидтың барын ойлап, көңілі орнына түсті. Кәуапханадағы тұтқыр түтін иісіне, даңғаза әуендерге, тіпті айналадағы адамдарға да бойын үйретті. Ол бұрқаны ұнатып қалды. Оған оранса да, төңіректі еркін көре алады. Басқалар оның кім екенін, оның азапты жағдайын мүлдем біле алмайды.

Рашид көшедегі ғимараттарды Мәриямға таныстырып келеді.

— Анау — Америка елшілігі. Оның қасындағы — Сыртқы істер министрлігі, — деді ол ғимараттарды иегімен нұсқап. Кеңес Одағының «Волга», Американың «Шевроле», Германияның «Опель» маркалы көліктерін де атын атап, түсін түстеп көрсетті.

— Қайсысын ұнаттың?

---

[8] Логары — Ауғанстанның гитара тәрізді ұлттық музыка аспабы.

Мәриям сәл кібіртіктеп барып, «Волганы» көрсетті. Рашид күліп жіберді.

Мәриям Кабул тұрғындарының Гераттағыдан әлдеқайда көп екенін білді. Кабул көшелерінде ағаш пен ат арбалар Гераттағыдай көп болмаса да, көлік пен көше шамдары көп. Жолдары дерлік асфальт, биік ғимараттары да жетерлік. Ол Кабул халқының бөтен акцентпен сөйлейтінін, заттарды да түрлі атайтынын байқады.

Рашид оған балмұздақ әперді. Бұл оның балмұздақты алғаш татып көруі. Таңырқай қарап, үстіне себілген пісте, бадам ұнтақтарынан бастап, күріш талқанынан жасалған шөлмегіне дейін тамсана жеді.

Рашид оны «Морха тауық» көшесі деп аталатын тар, ығыжығы базарға бастап барды. Рашидтың айтуынша, бұл Кабулдың бай аудандарының бірі екен.

— Осы маңда шетелдік дипломаттар, бай саудагерлер, ақсүйек әулеттері тұрады, біз тұра алмаймыз.

— Еш жерден тауық, көрмедім ғой? — деді Мәриям.

— Тауық көшесінде, кездеспейтін бірден-бір нәрсе — дәл сол тауық, — деді Рашид қарқылдай күліп.

Көшенің екі жағалауында қой терісінен тігілген елтірі бөрік пен ұзын шапандар сататын дүкендер бар еді. Рашид дүкендердің біріне соғып, оюланған күміс пышақты қолына алып көрді. Келесі дүкенге кіргенде, оның көзі қабырғаға ілінген ескі мылтыққа түсті. Дүкен қожайыны мұны британдықтарға қарсы алғашқы соғыстан[9] қалған жәдігер деп таныстырды.

— Қарашы, Моше Даянға[10] ұқсадым ба? — деп сыбырлады Рашид жымиып.

Олар кілем дүкендері мен зергерлік шеберханалардың алдынан өтті. Мәриям киім-кешек дүкендерінен түйме қадап,

---

[9] Британдықтарға қарсы алғашқы соғыс — (1838–1842 жж.) Англия — Ауғанстан соғысы.

[10] Моше Даян — (1915–1942 жж.) — Израильдің данқты әскери қолбасшысы және саяси қайраткері.

киім үтіктеп жатқан жас қыздарды көрді. Рашид жолшыбай бірер дүкен иесіне сәлем берді. Бірімен пуштунша, енді біреуімен парсыша әңгімелеседі. Таныстарымен бетін тиістіріп амандасқанда Мәриям бірнеше қадам кейін тұрады. Рашид оны қасына шақырмайтын, жолыққандарға таныстырмайтын.

Кесте дүкенінің алдына келгенде, Рашид Мәриямға сыртта күтуді бұйырды.

— Дүкен иесі танысым еді, — деді ол, — сәлемдесіп қана шығамын.

Мәриям сыртта күтті. Төңіректегі қайшыласқан жаяуларға, жайма саудагерлеріне, көліктерге кедергі келтірген балалар мен есек, сиырларға дейін көз жүгіртті. Сатып алушыларға мақта мен теріден тігілген пальтоларды көрсетіп, әлденелерді айтысып қызарақтасқан дүкен иелерінен өзгелері дүңгіршектерде шылым шегісіп, арнайы жасалған мыс кеселеріне түкірініп-қақырынып жайбарақат отырады. Көшедегі әйелдер де Мәриямды ерекше қызықтырды.

Бұл жердің әйелдері Рашид тұратын аймақтағы бұрқа оранып жүретіндерден тіптен өзгеше. Мұндағылар, Рашид айтқандай, «заманауи» әйелдер болса керек. Рас, әлгі ауғандық заманауи ерлердің қатындары. Бөтен адамдардың ортасында күйеулерінен жасқанбай боянып-сыланып, бастарына орамал тартпастан бейғам кетіп бара жататын заманауи әйелдер. Кейбірі жалғыз, кейбірі күйеулерімен бірге. Тағы біреулері бетін қып-қызыл етіп, былғары етік киіп, білектеріне былғары баулы сағат тағып, балаларын жетелеп алған. Мәриям бұл «заманауи» әйелдерге тыжырына қарады. Балалары рулі биік, алтын түстес қоңыраулы велосипед мініп алыпты. Олар Дихмазандағы ескі велосипедтің тат басқан дисксін дөңгелетіп ойнайтын, жүздері тотыққан, тыртық бет балаларға ұқсамайды.

Бұл әйелдер қолына сөмке ұстап, бұттарына тар юбка киген. Тіпті, кейбірі көлік ішінде шылым шегіп отырады. Ұзын

тырнақтарын шабдалы гүлі немесе апельсин түстес бояп, ерніп шиедей қызартып алған. Биік өкшелерін тықылдатып, асығыс жүреді. Үстілерінен әтір бұрқыраған, қара көзілдірік таққан әйелдер Мәриямның қасынан өтіп бара жатыр. «Бұлар сөзсіз университет бітірген, биік ғимараттардағы кеңселерде шылымын қисық тістеп, тықылдатып хат басатын яки телефонмен маңызды істерді хабарлайтын әйелдер», — деп ойлады ол. Бұлар Мәриямға тым тұңғиық, сырлы көрінді. Ол өзін жабайы, қараңғы, көп істен мешеу қалған жандай сезінді.

Рашид Мәриямның иығынан жеңіл қағып, жиегі зерленіп, кестеленген қара түсті шарфы ұсынды.

— Ұнаттың ба?

Мәриям басын изеп, Рашидтың көз қысып күлімсіregенінен ыңғайсызданып жерге қарады. Оның қоярда-қоймай шарфы ұсынғаны Мәриямның есіне Жәлелді түсірді. Сыйлық алғандағы көңіл хошы дәл бір кездегі Жәлелге деген ризашылығы тәрізді еді. Әйтсе де, Нана айтқандай Жәлелдің сыйлықтары оның қара ниетінің айнасы іспетті. Ол Мәриямды қуанту үшін емес, өзінің көңілін көтеру үшін, өз күнәсін жуу үшін сол жылтырақтарды берген. Бірақ бұл шарф — Мәриям үшін шынайы сый.

— Қандай әдемі! — деді Мәриям.

Сол кеште Рашид Мәриямның бөлмесіне кірді. Бұл жолы ол босағада тұрып шылым шекпестен, төсекте жатқан Мәриямның қасына келіп отырды. Төсектің ол отырған тұсындағы серіппелері жапырыла сықырлады. Сәл екілене, Мәриямның иек тұсын, мойнын уқалады. Мүйізгек, сом саусақтарымен Мәриямның екі иығын кезек сығып, қолын жылжытып, желкесі мен арқа тұсын сипалады. Мәриямның денесі тітірей бастады. Рашид оның көйлегін қармады.

— Өйтпеңіз... — деді Мәриям діріл араласқан бәсең үнмен. Көзі Рашидтың ай жарығындағы қорбиған сұлбасына, көйлегінен көрініп тұрған кеуде түктеріне түсті.

Рашид оның оң жақ кеуде тұсын бар салмағымен баса түсті. Тынысы жиіледі. Ол көрпеге кірді.

— Қысылып-қымтырылатындай іс емес бұл, Мәриям, — деді ол кекештене. — Ерлі-зайыптылардың қалыпты шаруасы. Пайғамбарымыз да әйелдерімен бірге болған.

Сәлден соң Рашид көрпені қайырды да, бөлмеден шығып кетті. Мәриям терезеден жұлдызды аспанға қарады. Толған айдың жамалын ұзатылар қыздың жүзін жапқан жұқа жаулықтай бір қабат бұлт бүркеп алған еді.

12

1974 жылдың күзі. Рамазан айы. Мәриям өмірінде алғаш рет жаңа туған айдың бүкіл қаланың тәртібі мен бейнесін өзгерте алатын күш-құдіретін өз көзімен көрді. Кабулдың даңғаза тірлігі кеш түсе тыныштыққа шомады. Тыныштық құшағында мүлгіген көшелерде көліктер азайып, дүкендер жабылған. Шылым шеккіштердің қарасы да көрінбейді. Мейрамханалардың шамдары сөніп, есіктері құлыптанған. Терезе жақтауларында күндегідей буы бұрқырап тұратын шай кеселері жоқ. Күн батып, ауызашар мезгіл жақындағанын білдіріп тұрған. Шырдарбаза тауларынан зеңбірек үні естілісімен Мәриям қала тұрғындарымен бірдей нан мен құрма жеп ауыз ашады. Он бес жылдық өмірінде ол алғаш рет жұрт қатарына қосылғандығына қуанған.

Дегенмен Рашид көп күндерде ораза ұстамады. Ауыз бекіткен күндерінде түнеріп, қапаланып кіріп келетін. Қарнының аштығы жүйкесін жұқартып, сабырсыздандырып жіберген. Бір күні кеште Мәриямның тамағы бірнеше минут кешігіп қалып еді, қызыл шалғаммен нан жей бастады. Мәриям палау мен қой етінен әзірлеген қуырдағын дастарханға қойғанда, ол ауыз тимеді де. Ызадан шеке тамырлары адырайып кеткен.

Мәриям бір-екі ауыз тіл қатқанда, ол қарап қойып, тағы бір жапырақ нан алып, аузына салды.

Рамазан айы біткенде Мәриям мойнынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды.

Жәлел ораза айттың бірінші күні Мәриям мен Нанаға амандаса келетін. Үнемі костюм-шалбар киіп, галстук тағып, сыйлық көтеріп келеді. Қайсыбір жылы ол Мәриямға тоқыма жаулық алып келген еді. Олармен бірге отырып, шай ішіп қайтатын.

— Өзінің шынайы отбасындағыларымен айт өткізуге кетті, — дейтін Нана, арықтан аттап өтіп, қол бұлғап қоштасып тұрған Жәлелге қарап.

Айтта Файзулла молда да келетін. Ол Мәриямға жылтыр қағазға оралған шоколад пен суға пісірілген жұмыртқа, прәндік-печенье ала келетін. Молда қайтып кеткен соң, Мәриям есік алдындағы мәжнүнталға жармасып шығатын да, бұтағында отырып, шоколад жеп, қабығын жерге тастайтын. Шоколады біткенде прәндік-печенье жей бастайтын. Жұмыртқалардың сыртына қарындашпен сурет салатын. Әйткенмен, адамдардың жаңа киімдерін киіп, бір-бірінің үйлеріне айттап кіргендерін ойлағанда Мәриямның көңіл күйі түсетін. Гераттағы туысқандарының айт күндері бір-бірін құттықтап, мәз-мейрам болғандарын ойлағанда құлазып, ұнжырғасы түсетін... Оның ғаріп көңілі айт біткенде ғана сәл жеңілдейді.

Биыл Мәриям балалық шағында тек қиялмен ғана өткізетін айт күндерін алғаш рет өз көзімен көрді. Шаттыққа шомған думанды көшеге Рашидпен бірге шықты. Жұрт күннің суығын да елемей, сабылысып жүр. Ол костюм киіп, галстук таққан ұлы Нұрмен бірге бара жатқан Фарибені көрді. Басына ақ жаулық тартып алған. Қасында түркы шағын, жүзінен тартыншақтық сезілетін, көзілдірікті ер адам бар. Үлкен ұлдарын да ертіп алыпты. Фарибе оның есімін наубайхананың алдында «Ахмет» деп айтқан. Ахметтің шүңірейген жанары мен

сопақша жүзінен інісіне қарағанда салмақты, ақылы кірген естияр бала екені байқалатын. Мойнына таққан «Алла» сөзі бедерленген алқасы ерекше көрінеді.

Үстіне бұрқа киіп, Рашидпен бірге жүрген Мәриямды Фарибе танып қалса керек, қолын бұлғап, айғай салды:

— Айтыңыз қабыл болсын!

Мәриям басын изеді.

— Ол әйелді, анау мұғалімнің әйелін танитын сияқтысың ғой? — деді Рашид.

Мәриям танымайтынын айтты.

— Ең дұрысы, одан алыс жүр. Ол — өсекші, ғайбатқор әйел. Күйеуі өзін оқымысты қылып көрсеткенімен, жүрген бір егеуқұйрық. Түрі де егеуқұйрыққа ұқсайды.

Олар Шернау бақшасына келді. Аппақ көйлектерінің сыртынан әсем кестеленген бешпеттерін киген балалар алған сыйлықтарын бір-біріне көрсетісіп, әйелдер жағы жайпақ табаққа салынған тәттілер мен жеміс-жидекті маңайдағыларға үлестіріп әлек. Дүкендердің терезелеріне түсті мерекелік шамдар ілініп, төңіректі әуелеген ән, көңілді музыка кернеген. Бейтаныс адамдар да Мәриямға қарап: «Айтыңыз қабыл болсын» десті.

Сол күні кеште олар Чаман алаңына барды. Мәриям Рашидтың арт жағында тұрып, апсанға атылған салюттарға қарап, Файзулла молданы сағына еске алды. Гүлдаманда Файзулла молдамен бірге лашығының алдында отырып, Гераттың аспанын жарқыратқан отшашуды тамашалаған. Кенеттен атылған отшашулар ұстазының жасаураған жанарында жарқ етіп пайда бола кететін. Ол Нананы да қатты сағынды. Оның тірі болғанын, қазіргі тұрмысын, сұлулық пен бақыттың қол жетпес көкжиек еместігін өз көзімен көргенін шын ниетімен қалады.

Үйге қонақтар келе бастады. Меймандардың дені Рашидтың дос-жаран, тамыр-таныстары. Ауланың есігі қағылы-

сымен Мәриям Рашидтың ескерткеніндей бөлмесіне кіріп, есігін іштен іліп алды. Рашид қонақтармен шай ішіп, шылым шеге, әңгіме тиегін ағытты. Мәриямға қонақтар кетпейінше бөлмесінен шықпауды бұйырған. Әлбетте, Мәриям оны көңіліне алмады. Керісінше ол қатты қуанған. Ол Рашидты ер-әйел арасындағы қатынас пен әдепті жетік білетін адам деп санайды. Өзінің ар-намысы күйеуінің дәл осылай қоргауына лайық. Осындай сәттерде ол құрметке ие болғандай, адами орны көтерілгендей сезінетін.

Айттың үшінші күні Рашид достарымен сыртқа шығып кетті. Мәриям ас сіңбегендей түнімен мазасызданып шыққан. Күйеуін шығарып салған соң, көк шай демдеп ішіп, үй тазалауға кірісті. Қонақ бөлмедегі көрпе-жастықтарды реттеп, кілем-кілшелердің бетіндегі шашылған асқабақ дәнектерін теріп, сыпырды. Ыдыс-аяқты ыңғайлап, жуып-шайып жөнге келтірді.

Рашидтың бөлмесіне кіру Мәриямның ойында болмаған. Баспалдақтар мен үстіңгі қабаттағы дәлізді тазалап жүріп, күйеуінің ашық тұрған бөлмесіне қалай кіріп, төсекте отырғанын өзі де аңғармай қалды. Бұл оның осы бөлмеге алғаш кіруі. Рұқсатсыз кіріп алғанына ыңғайсызданды. Терезеге тартылған жасыл перделерге, сүртіліп, кремделіп, қабырғаны бойлай қатарласа тізілген аяқ киімдерге, сыры кетіп, ағашы көрініп тұрған ескі киім шкафына айнала қарап шықты. Төсектің қасына қойылған шкафтың үстіндегі бір қорап темекіге көзі түсті. Бір талын ернінің арасына қысып, қисық тістеді. Қабырғадағы үлкен айнаға қарап, шылым шегіп тұрған бейнеге еніп, ауаны үрледі де, орнына қоя салды. Әлгі кабулдық әйелдердің шылымға сонша әуестігін түсінбейтін. Өзінің айнадағы шылым тістеп тұрған бейнесі қораш әрі сөлекет көрініп кетті.

Ол жүрексіне, бірақ қызығушылығы басым түсіп, шкафтың үстіңгі тартпасын ашты. Әуелде көзіне қап-қара револьвер

түсті. Тапаншаны қолына алудан бұрын оның қалай тұрғанын есінде сақтады. Тапаншаның соншама ауыр болатынын ойламаған еді. Шүріппесі майда, оқпаны суық сезілді. Рашидтың суық қаруды басына жастап қойғаны көңіліне күдік ұялатса да, отбасының қауіпсіздігі үшін керек екеніне сенді.

Ол бұрыштары қайырылып қалған бірнеше журналды байқап қалды. Біреуін алып парақтай бастады да, қорыққанынан аузы ашылған бойда сілейіп тұрды.

Журналдың әр парағында жалаңаш әйелдердің суреттері бар еді. «Намаз оқығанда бұл суреттердің еске түсіп кетуінен Құдай сақтасын» деп тіледі Мәриям. Қолындағы журналды алған орнына қоя салды. Бұл қандай әйелдер? Мұндай суретке түсуге қалай батылдық етеді? Мәриям мас адамша теңселіп кетті. Басы айналып, мазасы қашты. Рашид бұларды қай қажеті үшін сақтап жүр? Мәриям оның талабын орындай алмаған ба? Оның ар-намыс, ұят-ұждан туралы сөздері қайда? Дүкеніне кірген әйелдердің жалаңбас жүргенін де жақтырмайтыны ше? Әйелдер беті мен аяғын етіктің өлшемі үшін ғана оған көрсеткен шығар? Ол тіпті «Әйелдердің жүзі ерлеріне ғана мәнсұп» деуші еді? Ал мына суреттегі әйелдердің күйеулері ше? Тым құрығанда олардың аға-інілері бар шығар. Ендеше, басқа еркектердің әйелі, әпке-қарындастарына қарауын орынды деп санайтын Рашид несіне оған бұркамен басынан-бақайшығына дейін тұмшалануды бұйырады?

Мәриям Рашидтың төсегінде отырып, намыс пен қаймығу араласқан екіұдай сезім ішінде бетін басып, терең тыныс алды. Ақыр соңында мана көргендерінің себебін дұрыс түсінді. «Қалай дегенмен ол бір ер адам, — деп ойлады Мәриям, — ұзақ жылдар жалғыз жасады». Мәриямның ойынша, оның мұқтаждығы Мәриямға тіптен ұқсамайды. Бірнеше айдан бері өзі ерлі-зайыптылық тұрмысқа әлі де көндігіп болмаған. Рашидтың әуесі тым күшті. Оның асырып жіберетін дөрекіліктері ессіз мақұлықтың қылығынан еш кем емес. Десе де, Мәриям жөні-

пен ол қайткен күнде де ер адам. Тәңірі оны солай жаратса, Мәриямның оған не шарасы болсын?

Ол шкафтың төменгі тартпасын ашты. Онда ұл баланың суреті болды. Мәриям оның Жүніс екенін білді. Суретте ол төрт-бес жас шамасында. Үстіне ақ көйлек киіп, галстук тағыныпты. Түрі тартымды келген оның шашы қара, қыр мұрын, көзі қысықтау еді. Суреттегі жүзінен аздаған қорқыныш байқалады.

Мәриям екінші суретті қолына алды. Бұл сәл бұлыңғырлау көрінді. Орындықта отырған әйел мен арықтау әрі жас Рашидтың суреті. Суреттегі әйел журналдағы әйелдердей сұлу болмаса да, Мәриямнан әлдеқайда сымбатты көрінді. Мойны жіңішке, қою қара шашын қос өрім етіп өріп алған. Мәриям оның кең маңдайы мен бет-әлпетін өзінің жұқа ерні мен ұзын мойнымен салыстырды. Кенеттен қызғаныш оты лап етіп, жүрегін шарпып өтті.

Ол қолындағы суретке ұзақ қарап тұрды. Рашид бүйір жағына бұрылып, бір қолын әйелінің иығына қойып, миығынан күліп тұрған. Әйелі қапалана, Рашидтың қолын иығынан алып тастағысы келіп тұрғандай.

Мәриям қолына алған нәрселерді орнына қойды. Кір жуамақ ниетпен Рашидтың бөлмесіне рұқсатсыз кіргеніне өкінді. Сонда не тапты? Күйеуінің тапаншасын, еркектерге тән дөрекі қажеттіліктердің болатынын біліп не ұтты? Ол өзінің Рашидтың әйелімен түскен суретіне сонша ұзақ қадалып, одан орынсыз күдік іздегеніне өкінді.

Тау-төбе кірді алдына үйіп алып жуып отырған Мәриям, Рашидтың да өзі тақылеттес тағдырдың соқыр тұманы адастырған бақытсыз жан екенін ойлап, жаны ашыды. Оның ұлы Жүністің осы аулада қардан аққала жасап, өзі басқан баспалдақтарды басып ойнаған бейнесін елестетті. Қатал тағдыр оны Рашидтен мәңгіге айырып әкеткен. Рашидтың көл жиегінде ah ұрып тұрып, ұлының көлден аман шығуын тілеген қасіретті жүзін елестеткенде, Мәриямның тұла бойы шымырлап кет-

ті. Алғаш рет өзін күйеуіне жақын сезінді. Іштей өздерінің жарасымды жұп болатындарына сенді.

13

Ауруханадан шығып, автобуспен үйге қайтып келгенше, төңірек Мәриямға тотыдай түрленіп көрінді. Қабырғалары лаймен сыланған үйлер, төбесі қаңылтырмен жабылған дүкендер, ойлы-шұңқыр жолға тұнған лай сулар да сонша үйлесім тапқандай жағымды сезілді.

Рашид саусақтарымен тізесін қағып, бір әуенді ыңылдап отырған. Автобус әр шұңқыр-шұқанақтардан өтіп сілкіне қалғанында, ол Мәриямның құрсағын еппен ұстап қояды.

— Атын Залмай қоямыз ба? — деді Рашид. — Пуштунша өте жақсы есім.

— Қыз болса ше? — деді Мәриям.

— Меніңше, ұл, айтқаным — айтқан.

Автобустағылардың әлденені әңгіме етісіп, күңкілдескен үндері естілді. Біреулері сыртты нұсқады. Жұрт жапырыла тұрысып сыртқа қарай бастады.

— Қарашы, — деді Рашид, әсерлі бейнемен терезені шертіп: — сыртты көрдің бе?

Көшедегі жүргіншілер тоқтап, аспанға қарауда. Қызыл шыраққа тоқтаған көліктердің терезелерінен адамдар бастарын шығарысып, қалықтап түсіп жатқан алғашқы қар ұшқындарын тамашалап жатыр. Мәриямның көңілі толқыды. Міне бұл жаңа мезгілдің басталуы, бәлкім жаңа бір өмірдің басталуының нышаны болса керек.

— Егер қыз болып қалса, — деді Рашид: — бірақ олай болмайды. Шынымен солай болып жатса, есімін кім қойсаң да еркің.

Ертесі Мәриям сырттағы тықылдаған балғаның даусынан оянып, үстіне мақталы халатын іліп, аулаға шықты. Қырбақ

жауып басылған. Әредік түсіп жатқан қар ұшқындары оның жүзіне тиісімен еріп жоқ болады. Маңайды көмір ысының иісі алған. Тыныштыққа шомған Кабул ақ көрпемен қымталыпты. Мұржалардан будақтаған қою түтіндер сұрғылт аспанға тік көтерілуде.

Рашид құрал-сайман қоятын шағын үйде тақтайларды шегелеп жатқан. Мәриямды көріп аузына тістеп алған шегені қолына алды.

— Мен былайша, саған тосын сый жасайын деген едім. Ұлымызға бесік керек қой, мұны біткенде ғана көруің керек еді.

Мәриям оның баланы ұл деп ерте қуанбағанын қалады. Өзінің құрсақ көтергеніне қуанып жүрсе де, күйеуінің кесіп-пішкен артық үміті ауыр қысым болған еді.

Алдыңғы күні Рашид базардан ұл баланың қыстық күпісін алып келіп, Мәриямды онан сайын күйзелте түскен. Күпі қой терісімен астарланып, жеңі қызыл және алтын түсті жібек жіппен кестеленіпті.

Рашид жіңішке, ұзын тақтайды қолына алып аралап жатып, баласының баспалдақтардан шығып-түскенде құлап қалуынан алаңдайтынын айтты.

— Аяғын басып, баспалдақтардан өзі шығып-түсетін болғанша бір амалын жасамасақ болмайды.

Ошақтың қауіпсіздігіне де алаңдайтынын, пышақ-шанышқы баланың қолы жетпейтін жерге қойылуы керектігін айтты.

— Ұл бала деген тынымсыз келеді. Абайламасақ болмайды.

Мәриям лəм-мим деместен халатын қаусырынып қойды.

Ертесі Рашид достарын кешкі асқа шақырып, отбасылық қуанышын құттықтамақ ойы барын айтты. Мәриям таңнан қара кешке дейін бұршақ ақтап, суға күріш бұқтырды. Бора жасау үшін баклажан аршыды. Ұзын сарымсақ пен сиыр етін араластырып, қуырдақ жасады. Ендерді сүртіп, перделерді

жуды. Терезелерді ашып, үйдің ауасын тазартты. Қонақ бөлмеге төр көрпелер төсеп, кәмпит пен қуырылған бадам салынған тәрелкелерін дастарханға тізді.

Қонақтар келмес бұрын Мәриям бөлмесіне кіріп кетті. Астыңғы қабаттан ерлердің қарқылдап күліскен, айғайлай сөйлескен дауыстары естіледі. Ол жастыққа сүйеніп, алақанымен құрсағын аялай сипады. Жуық күндерде перзентті болатынын ойлап, терезеден кірген майда самал жүзін өбіп өткендей, тұла бойын шексіз жылылық билеп, көзінен еріксіз жас парлады.

Ол Рашидпен бірге басқан алты жүз елу шақырымдық жолды еске алды. Батыстағы Иранның шекарасына жақын жұрттан бел-белестерді, тау-төбелерді асып, өзіне бейтаныс үлкенді-кішілі елді мекендерден өтіп, шығыстағы Кабулға келген еді. Міне, енді қағыр таулармен қоршалған осы өлкеде, өз үйінде, өз күйеуімен бірге өмір сүруде. Жақын күндерде ана болу бақытына бөленбек. Өз перзенті туралы ойлау неткен ғажап сезім! Балаға деген махаббаты өміріндегі әрқандай дүниеге деген сүйіспеншілігінен асып түсуде. Енді ол ұсақ тастарды жинап, бал ашпас, сірә.

Төменнен аккордеонның үні естілді. Әлдекім табланы күйіне келтіріп жатты. Тағы біреуі тамағын қырнап, ән салуға дайындалды. Соңыра музыка әуенімен қосыла ысқырған, қол соққан, жарыса ән шырқаған дауыстар естілді. Мәриям құрсағының жұмсақ әрі онша шыға қоймағанына назар аударды. «Ол әлі жұдырықтай ғана» деген еді дәрігер. «Ана болатын болдым», — деп өз-өзіне сыбырлайды Мәриям. Міне, ол даусын көтере бір сөзді қайталауда, шаттанған бейнемен масайрай күлуде, көз жасын төгуде...

Өмірге келу алдында тұрған перзенті туралы ойлағанда Мәриям өзегіне байланған шерді ұмытып, өмірлік азабынан құлан-таза айыққандай, рахаттана кең тыныс алады. Анық болған бір дүние, Алла Тағала оны мақсатты түрде осында

алып келген екен. Құран Кәрімнен тәлім бергенде Файзулла молда: «Пенденің тағдыры он сегіз мың ғаламды жаратқан ұлы Алланың қолына» деген еді.

Ол жайнамазын ыңғайлап, намаз оқып болған соң, қолын биік көтере алақанын жайып, Құдайдан бұл бақыт-сағадатының өзіне мәңгі жар болуын шын ниетімен тіледі.

Хамамға бару Рашидтың нұсқауы болды. Оның айтуынша, дүниеде ыстық будан шығып, суық ауамен тыныстаудан артық рахат жоқ-мыс. Мәриям өмірінде хамамға барып көрмеген.

Хамамның іші буланып, жуынып жатқандар мен ерсілі-қарсылы жүріп жүргендердің қарасы шаңда бұлдырлап көрінеді. Жас қыздардың шұрқырасқаны, жасамыс әйелдердің салпылдап сөйлегендері, судың шарқырап еденге төгілгені, әлдекімдердің денесін ысқылап жуғандары Мәриямның құлағына түрпідей тиді. Ол табанын кеуектаспен үйкеп жуа бастады.

Кенет ендегі қанды көріп қалған Мәриям айғай салды. Әлдекімдердің жүгірген, демін ішіне тартқан, таңдайларын қаққан дауыстары естілі.

Кешкі ас түстінде Фарибе күйеуіне Рашидтың әйелінің хамамда, аққан қанның үстінде екі тізесін құшақтап жылап отырғанын жаңалық етіп жеткізді.

— Бейшара қыздың тістерін сақылдатқанын естісең, жаның ашиды, Хакім. Сондай қалтырап кетті.

Фарибе Мәриямның: «Бұлай болуы қалыпты жағдай, солай ғой, солай ғой?» деп қайта-қайта сұрай бергенін де күйеуіне айта келді.

* * *

Мәриям автобуста Рашидтың қасында үн-түнсіз отырды. Сыртта тағы да қар жауып тұрған. Жолдар мен ағаш бұтақтарын, үйлердің шатырларын қар қымтай бастады. Көше саудагерлері жайма үстелдердегі қарды қағып түсіріп әлек. Қап-қара итті қуалап жүрген балалар автобусқа қарап қолын

бұлғасты. Мәриям Рашидке қарады. Ол көзін жұмып алыпты. Өткендегідей ыңылдап ән салған жоқ. Мәриям да орындыққа шалқайып, көзін жұмды. Мұз қатып қалған шұлықтары мен су сіңіп, дым тартқан тоқыма свитері денесін жайсызданырып, мазасын алды. Үйге тез жетуге асықты.

Үйге қайтып келісімен Мәриям диванға қисая кетті. Рашид оның үстіне көрпе жауып қойды. Десе де, оның немқұрайлы қимылдарынан ашуға булығып тұрғаны байқалады.

— Бұл тағы не сөз? — деді ол қайталап. — Ондай сөзді молдалар айтса, жарасады... Дәрігерге «Алланың жазмышы» дегеннен жақсырақ жауап ала алар ма екем деп ақша төлейсің...

Мәриям көрпесін қымтай түсіп, Рашидтың да ертерек демалуын өтінді.

— Алланың жазмышы-мыс, — деп күңкілдеді Рашид.

Ол бөлмесіне кіріп, арт-артынан шылым шекті.

Мәриям диванда көрпеге оранып жатып, терезеге қонған қар ұшқындарына қарады. Нананың айтуынша, әр түйір қар ұшқыны бұл дүниеде азап шегіп жатқан әйелдердің тынысынан пайда болып, аспанға бу болып көтеріледі-мыс.

— Олар жиналып, бұлтқа айналады, — деген еді Нана. — Содан соң біз, әйелдердің, азап-машақатқа сонша шыдамды екенімізді, қиындыққа үн-түнсіз төзетінімізді адамдардың есіне салу үшін қарға айналып, жерге қайта түседі.

14

Мәриямды ауыр қайғы басты. Жасалып бітпеген бесік пен Рашидтың киім сөресіндегі қыстық күпі есіне түссе болды, тепкіленіп, іңгәлай жылап, саусағын сорып, омырауын қанбастан түртіне еміп жатқан бір нәресте көз алдына пайда бола кетеді. Шаранасы түсіп қалған соң Мәриям қуаныш-күлкіден айырылып, үміт-арманын жоғалтты. Жан дүниесінің сонша тез астан-кестең болғанына қайран қалды.

Кей күндері өзін сабырға шақырып, орнынан ерте тұрып, беті-қолын жуып, Рашидке таңғы ас дайындайтын. Солай етсе, қайғысы сәл пәс тартып, көңіл тұманы сейілгендей сезінетін.

Ол сыртқа шығудан қорықты. Әр жолы қыстақтағы әйелдерді балаларымен көргенде кеудесінде қызғаныш оты тұтанады. Жеті-сегіз баласы бар әйелдердің өз балаларын құрсағында көтеріп, бауырына алып, омырауын емізе алғандары үшін бақытты екендерін білмейтіндеріне ашынса, хамамнан ағып шыққан лас сумен ойнап, бас-көзі кір-қожалақ болып жүрген балаларға қарап қамығатын...

Олардың ұлдарының сотқарлығына, қыздарының жалқаулығына тыжырынғандарын көргенде Мәриямның тұла бойын ашу кернейтін. Іштен «Сен тағы да балалы боласың, Иншалла, әлі жассың ғой. Алда талай нәсібің бар» деген үн құлағында тоқтаусыз жаңғырығып жататын. Дегенмен ол бұл істі тағдырдың өзіне берген жазасы деп білді. Ойы он саққа шашырады. Өзін жалт еткен жасындай аз күн шаттыққа бөлеген сол нәресте бәлкім бұл дүниеге көз ашуды қаламаған шығар. Тәңірі Тағала оның Нанаға жасаған екіжүзділігі үшін осы жолмен жазалаған-дүр. Анасының асылып өлуіне оның себеп болғаны рас қой? Мәриямдай опасыз перзенттер ана болуға лайық емес!

Ол кейде қорқынышты түстер көретін. Түсінде Нананың жыны оның бөлмесіне кіріп, тырнақтарымен оның қарнын жарып, баласын алып қашатын. Ал Нана қуана қарқылдап күледі де тұрады.

Кей күндері оның кеудесін ашу мен кек кернейді. Көр де тұр, Рашидтың ерте қутыңдағаны, ұл туады деп жосықсыз көстеңдегені, басы бітіп жорғасы қалғандай балаға ат қойып үлгергені осы қайғыны алып келген шығар? Алланың бергеніне қанағат тұтпағанның жазасы болар? Болмаса Рашид оны кеу-кеулеп алып барған моншаның сасық буы, лас суы, сабыны... Әйтеуір бірдеңе бұл келеңсіздікке себеп болды.

Жоқ, бұған Рашид себепкер емес, өзі кінәлі. Өзінің ұйқыға дұрыс жатпауы, ащы тамақ жегені, жеміс-жидек жемейтіні, шайді артығымен ішкені... себеп болған.

Жоқ, мұның бәрі — Алланың бұйрығы. Алла оны несіне осылай жаратты екен? Неліктен басқа әйелдерге сый қылған қуаныш-бақытты оған бермейді? Арман еткен дүниесін оған жылт еткізіп көрсетіп, масқаралағандай қайта тартып алатыны несі?

Бұл ашыну, айыптаулар Мәриямның көңілін астан-кестең етіп, жүрек тұсынан әлдекімнің улы шеңгелі сығымдап жатқандай күйзеле түсті. Мұндай ойларға ерік беру Аллаға шәк келтіргендік-дүр, Файзулла молданың сөздері оның құлақ түбінде жаңғырыға бастады: «Бар ғаламды әлемдердің Раббысы Қадир Ием жаратқан, кімнің өліп, кімнің жасауы — бізді жаратқан Ұлы Алла Тағаланың еркі».

Хамамда болған істен кейін Рашидтың сөздері сіреп кетті. Әр күні үйге оралғанда, кешкі астан соң шылым шегеді де, өз бөлмесіне тартады. Кей күндері түн жарымында тосаттан Мәриямның бөлмесіне кіріп, дөрекі әрекеттерімен апы-тапы шаруасын бітіреді де, шығып кетеді. Мәриямның тамақтарынан айып іздейді. Ауладағы көлденең көк шырпыға, үй ішіндегі сіркедей қоқыс қалдығына тыжырынады. Жұма күндері базарға бірге барарда соңынан салпақтап ілесе алмай келе жеткен Мәриямға пысқырып та қоймайды. Әйелімен сыртқа шығудың қызығы ендігі солғындап, оған тәтті-тұрым, сыйлық алып беру дегендер сап тыйылған. Мәриямның жақ ашқан бір ауыз сөзі де оған түрпідей тиетін болған.

Ақшам сөніп, қараңғы үйірілді. Кешікі астан соң олар радио тыңдап отырған. Қыстың соңы болғандықтан шымшылаған сары аяз да сіреп қалған. Қара ағаштың бұтақтарындағы қарлар еріп, әне-міне дегенше бүртік ататын түрі бар. Рашид Ауғанстанның айтулы халық әншісі Хамаханның табламен орындаған әніне мұлгіп, өкшесін тықылдата, шылым шегіп, ыңылдап отырған.

— Сіздің маған өкпеңіз бар ма? — деді Мәриям.

Рашид үндемеді. Әуен бітіп, ел жаңалықтары басталды. Жаңалықтарда әйел диктор Ауғанстан президенті Дәуіт-ханның Кеңес Одағының бірқатар кеңесшілер тобын Кеңес үкіметіне наразылығын білдіру мақсатында қайтарып жібергенін айтып жатты.

— Маған өкпелеп жүр ме деп...

Рашид күрсініді.

— Шынымен ренжіп қалған сияқтысыз?

Рашидтың көзі оған шікірейе қадалды:

— Несіне ренжімекпін?

— Білмедім, әлгі баладан кейін...

— Сенің қылыңа тимесем де, тағы келіп мені сондай адам деп ойладың ба?

— Жоқ, олай емес.

— Ендеше, жүйкеме тиме, білдің бе?

— Кешіріңіз, кешіріңіз.

Рашид қолындағы темекі қалдығын табанымен басып өшіріп, екіншісін тұтатты да, радионың даусын көтерді.

— Әйтсе де, бір іс ойымнан шықпай жүргені, — деді Мәриям радионың үні естіртпей қояр ма деп даусын көтере.

Рашид тағы да ауыр күрсінді. Бұл жолы ызалы түрмен маңдайын сипап:

— Бұл тағы не сөз?

— Баланы жосын бойынша жерлеп қойсақ деп ойлағанмын, азырақ Құран хатым түсірсек болғаны.

Мәриям мұны көп ойланған, өзегін жарып шыққан кішкентай жан иесінің еш белгісіз ұмытылып кетуін қаламаған.

— Не керек ол? Мұның ақымақтық қой.

— Солай етсек, көңілім сәл де болса орнына түсер ме деп ойлаймын.

— Ендеше, өзің солай істе, — деді ол қыжырына. — Бір ұлды көміп болғанмын, тағы біреуін көмер жайым жоқ. Сөзің бітсе, радио тыңдайын.

Ол радионың үнін одан сайын көтерді де, жастыққа сүйеніп, көзін жұмды.

Сол аптаның жылымық бір күні Мәриям ауланың бұрышынан шұңқыр қазды.

— Бисмилляхи Рахмани Рахим, — деп күбірледі ол күрекпен шұңқыр қазып жатып. Рашид нәрестеге деп алған күпіні шұңқырға салып, үстін топырақпен жапты. — Түнді таң қылып атырасың, күнді кеш қылып батырасың. Тіріні өліден шығарасың, өліні тіріден шығарасың, өзің қалаған пендеңе есепсіз ризық бересің.

Мәриям күректің сыртымен шұңқыр үстіне үйілген топырақты баттап, шыңдады. Өзі тұрғызған шөкімдей қабірдің басында тізерлей отырып, көзін жұмды.

Ей, Пәруәрдигарым! Ризық бергін.

Маған ризық бергін.

15

1978 жылдың сәуір айы

1978 жылы Мәриям он тоғызға толған. Сәуірдің 17 күні Мир Акбар Хайбар мырза қастандықпен өлтірілді. Екі күннен соң Кабулда ауқымды наразылық шеруі болды. Көшедегі адам атаулының аузында бұл әңгіме желдей гуледі. Мәриям тезеземен көршілерінің радионы құлақтарына тақап, хабар тыңдап, дүрілдесе әңгіме қозғап жатқандарын көрді. Арасында Фарибе де бар. Ол есікке сүйеніп, Дихмазаңға жаңадан көшіп келген бір әйелмен сөйлесіп тұр. Бір қолымен томпиған қарнын сипалайды. Олардың қасына қолына бала көтерген, шашын қызғылт түске бояп алған әйел келіп қосылды. Жасы Фарибемен шамалас болса керек. Мәриям оның өз ұлын «Тарых» деп шақырғанын естіді.

Мәриям мен Рашид көршілерінің тобына қосылмады. Он мыңдай адамның Кабулдағы үкімет үйінің маңында наразылық көрсеткендерін радиодан естіді. Рашидтың айтуынша, Мир Акбар Хайбар коммунист екен. Оның жақтастары президент Дәуітхан оны қастандықпен өлтірді деп есептейді. Осы оқиғімені айтып отырғанда Рашид Мәриямның жүзіне қарап та қоймады. Бұл күндерде ол Мәриямға еш назар аударmайтын болған. Оның өзіне соңы рет қашан сөйлегенін де есіне түсіре алмады.

— Коммунист деген кім? — деп сұрады ол.

Рашид демін ішіне тартып, қабағын түйді.

— Коммунистің кім екенін білмейсің бе? Бұл қарапайым нәрсе ғой жұрттың бәрі білетін. Сен ғана білмейсің...

Ол аяғын үстелдің үстіне шығарды да, жақтырмаған сыңаймен, коммунист дегеннің Карл Маркстың жолын құп көретіндер екенін айтты.

— Карл Маркс деген кім?

Рашид күрсінді.

Радиода әйел диктор Ауғанстан коммунистік партиясының халықтық фракциясының жетекшісі Таракидің көшедегі наразылық білдірушілерге қолдау көрсетіп, сөз сөйлегенін хабарлап жатқан.

— Айтайын дегенім, олар нені талап еткен? — деп сөзін жалғастырды Мәриям. — Коммунистерді айтам, олар неге зәру?

Рашид келемеждей күліп, басын шайқады. Дегенмен оның бұл сұрақтардан сәл тосылып қалғанын сезді.

— Ештеңе білмейсің, солай ғой? Есі кірмеген бала сияқтысың. Басыңның іші боп-бос. Ештеңе жоқ.

— Бұларды сұраған себебім...

— Аузыңды жап!

Мәриям үнсіз қалды.

Рашидтың Мәриямға бұлай сөйлеуіне, айыптауларына, келекелеуіне, балағаттауына, тіпті қасынан кісі құрлы көр-

мей өтіп кете беретініне төзімділік таныту ақиқатында оңайға соқпайтын. Алайда Мәрмямға әйел адам қорыққанда бәріне төзе білетіні анық болған. Ол да дәл сондай еді. Ол қатты қорыққан. Рашидтың мінезінің өзгеріп кетуінен, әп-сәтте пайда болатын ашуынан қорыққан. Оның арзымас қана сөз тәжікесін өзін сынға алу, қол көтеру, төбеп-тебу арқылы шешуінен қорыққан. Мұндай істер бола қалғанда Мәриямның ғапу сұрауы, жалынып-жалбарынуы да Рашидты райынан қайтара алмайтын.

Хамамда болған оқиғадан кейінгі төрт жыл ішінде Мәриямның үміт шырағы алты рет жанып-өшті. Рашид Мәриямнан барған сайын алыстап, ақыр соңында оның ешбір қыбыр-қимылы Рашидке жақпайтын болып тынған. Ол үйді мұнтаздай тазалайды. Рашидтың кірін жуады. Оған уақтылы ыстық тамақ дайындайды. Тартымды көрінбекке крем бұйымдарын сатып алып, боянып та көрді. Оның да еш пайдасы болмады. Рашид үйге қайтып келгенде оған қарап қояды да, бетін келекелей тыжырады. Мәриям өзін қоярға жер таппай, тазалық үйіне жүгіреді. Көз жасымен бірге ағып кеткен кремді сабындап жуады.

Рашидтың есіктен кіргені білінген бетте Мәриямның бойын қорқыныш билейтін. Кілттің сылдырлаған, есіктің сықырлаған дыбысымен бірге жүрегі де тоқтап қалардай әлсіз соға бастайтын. Төсегінен атып тұрып, күйеуінің сатырлаған аяқ алысы мен аяқ киімін шеше салып жалаң аяқ жүре жөнелген сыбдырына дейін еститін. Оның орындықты тартып отырып, қасықты тақылдатып тамақ жеген, газет парақтап, су ішкен дыбысын тыңдайтын. Тағы нендей сылтаумен қағытар екен деп алаңдап, қалтырайтын. Әлбетте, Рашидке себеп табылады. Түймедейді түйедей қылады. Мәриям оның көңілін табу үшін барын салса да, оның бар қажетін қанағаттандырса да, Рашид риза емес. Оның ұлын қайтарып бере алмады. Жеті рет шикі ет бітіп, түсік тастады. Міне, енді күйеуінің алдында

құнсыз затқа, артық жүкке айналғанын оның суық көз қарасынан-ақ аңғарады...

— Енді не болмақ? — деп сұрады ол Рашидтен.

Рашид оған тесіле қарап, тісін шықырлатты. Аяғын үстелден түсіріп, радионы өшіріп, баспалдақпен өз бөлмесіне қарай көтерілді. Мәриям есіктің жабылғанын естіді.

17 сәуір күні Мәриямның сұрағына жауап табылды. Сырттағы айғай-шуды естіп, баспалдақтан жалаң аяқ жүгіріп түсіп, қонақ бөлмеге кірді. Рашид іш киіммен шашы ұйпаланып, терезеден сыртқа қарап тұрған. Мәриям терезенің алдына келді. Әуеде әскери ұшақтар солтүстік пен шығысты бетке алып ұшып барады. Даусы құлақ жарады. Жарылыс болған жақтан қою ыс-түтек көтерілді.

— Не жағдай болды, Рашид? — деді Мәриям. — Бұл, сірә, не жағдай?

— Құдай біледі, — деп күбірледі Рашид.

Ол радионы қосып тыңдамақшы болды. Бірақ одан ызыңдаған шуылдан басқа ештеңе естілмеді.

— Енді не істейміз?

— Не істеуші ек, күтеміз, — деді Рашид ызаланып.

Сол күні Мәриям асүйде тамақ пісіріп, Рашид радио қабылдағыштың толқынын таба алмай әлектеніп жатқан. Мәриям өзінің Рашидке риза көңілмен ас даярлайтын кездерін есіне алды. Ендігіде сол ризашылықтың орнын алаң мен қорқыныш алмастырған. Өзі жасаған тамақтар үнемі күйеуіне тұзды не дәмсіз көрінеді. Күріш пісірсе, дәйім езіліп не құрғақ болып қалыпты деп ренжиді. Кейде нанды өте жұмсақ деп кейісе, кейде тым қатты деп зарлайды. Рашидтың үнемі айып тағуларынан Мәриям да өзіне сенімін жоғалтқан. Ол асты күйеуінің алдына қойып жатқанда радиодан мемлекет гимні орындалды.

— Бүгін сіз үшін палау дайындадым.

— Мұнда қой да, аузыңды жап.

Радиодағы әуен біткен соң, ер адам сөйледі. Өзін әуе қорғаныс бас командирі Абдул Кадир деп таныстырды. Ол төртінші дивизионнан бөлініп шыққан төңкерісшілердің Кабулдағы әуежай мен қаланың негізгі тасжолдарын басып алғанын жариялады. Айтуына қарағанда, Кабулдағы байланыс және ақпарат министрлігі, ішкі, сыртқы істер министрліктері де басып алыныпты-мыс. «Бұл жерлер Кабул халқының қолына өтті» деп мәлімдеді ол тебірене. Көтерілісшілер президент сарайына шабуыл жасап, танкілер әлдеқашан сарай ішіне басып кірген еді. Абдул Кадир қатаң түрде Дәуітханның сойылын соғушылардың күні бітуге жақын деп жар салды.

Бірнеше күннен кейін Дәуітханның жақтастарының коммунистер тарапынан қолға алынып, түрмеге жабылғаны жайлы әңгімелер тарқала бастады. Поли-Чархи түрмесіне тоғытылған тұтқындардың көзі ойылып, жыныс мүшелері кесіліп, кейбірінің денелерін парша-парша етіп турап тастағаны хақындағы дақпырттар көше-көшеде желдей есті. Мәриям президент сарайында да қақтығыс болғанын естіді. Дәуітхан да өлтірілді. Алайда Коммунистер оны өлтіруден бұрын отбасындағылары мен туыс-туғандарынан жиырмадан астам адамның көзін құртыпты. Арасында әйелдер мен балалар да бар еді. Біреулер Дәуітхан өзіне қол жұмсапты десе, біреулер қарулы қақтығыста оққа ұшыпты десті. Енді біреулері олар Дәуітханды өлтіруден бұрын отбасындағыларын оның көз алдында жайратып, соңынан оның өзін өлтіріпті деседі.

— Қарулы Күштердің революциялық кеңесі құрылды. Еліміз енді «Ауғанстан Демократиялық Республикасы» деп аталады, — деп мәлімдеді Абдул Кадир. — Ақсүйектер заманы, непотизм мен теңсіздіктің дәуірі аяқталды. Біз ондаған жылдар өмір сүрген зұлым билікті аударып тастадық. Билік енді халықтың, еркіндікті сүйетін халықтың қолына өтті. Отанымыз жаңа тарихи дәуірге қадам баспақ. Жаңа Ауғанстан дүниеге көз ашпақ. Отандастар, ештеңеден қорықпаңдар, жаңа

төртіп ислам мен демократияның ең озық қағидаттарын ұстанады. Бүгін сіздердің шаттыққа шоматын, жеңісімізді тойлайтын күндеріңіз. Сіздерді жарқын болашақ күтіп тұр.

Рашид радиоқабылдағышты өшіріп тастады.

— Бұл жақсы іс пе әлде?

— Оның сөзіне қарағанда, байлар үшін жақсы болмайтын түрі бар, — деді Рашид. — Біз үшін онша жаман іс болмаса керек.

Мәриямның ойына Жәлел түсті. «Коммунистер оны қайтер екен? Оны түрмеге жаба ма? Ұлдарын ше? Үй-жайы мен бар мүлкін тартып ала ма?» деп ойлады Мәриям.

— Мынауың ыстық па? — деп сұрады Рашид ыдыстағы тамаққа тесіле қарап.

— Қазаннан қазір алдым.

Рашид жөткірініп қойды.

* * *

Кенеттен көтерілген сары, қызыл сәулелер түнгі аспанды жарқыратып жіберді. Көшенің төмен жағындағы аулада қалжыраған Фарибе бүйірін таянып, басын көтерді. Терлеп-тепшіген оның шашы бір-біріне жабысып, самайынан аққан тері иегіне жиналып, жерге тамып кетеді. Жасамыс туыт анасы күйеуі мен ұлдарының нәрестені қолдан-қолға алып еркелеткендеріне елжірей қарап тұрған. Олар нәрестенің сирек шашына, қып-қызыл бетіне, дүрдиген ерніне, жап-жасыл көзіне таңдана қарасады. Оның әуелі мысықтың миялағанындай үн шығарып, артынша бажылдап жылай бастағанына қарық болып күлісті. Нұр сәбидің көзін жақұтқа ұқсатты. Ахмет бұл үйдің ең діндар мүшесі ретінде қарындасын қолына алып, құлағына азан шақырып, бетіне үш рет үрледі.

— Сонымен, есімі Ләйла болды ма? — деп сұрады Хакім қызын қолына алып өбектеп.

— Иә, «Ләйла», — деді Фарибе шаршаған сыңаймен әрең жымиып, — түн перизаты, дөп келді.

* * *

Рашид алақанымен бір уыс палауды аузына салып, бір-екі шайнады да, үстелдің үстіне түкіріп жіберді.

— Сізге не болды? — деп сұрады Мәриям сасқанынан жүрегі атқақтап.

— Не болушы еді? — деді Рашид Мәриямның даусына салып. — Күндегі әуеніңе басыпсың.

— Күрішті күндегіден бес минут артығырақ қайнатқан сияқты едім.

— Қып-қызыл өтірікші екенсің.

— Ант етейін.

Рашид қолына жұғып қалған күріш түйірлерін сілкіп түсірді. Тәрелкені итеріп жіберіп, үстелдегі дәмдеуіштер мен палауды төңкеріп тастады. Мәриям оның асүйден тарс-тұрс басып, далаға шығып кеткеніне қарап тұрды. Артынша қақпаның қатты жабылған даусы естілді.

Мәриям шашылған күрішті тізерлей отырып теріп, тәрелкелерді орнына қоймақ болып еді, қол-аяғы дірілдеп орнында тұрып қалды. Жүрегі аузына тығылып, бірнеше рет терең тыныстады. Өзінің терезедегі қуарып кеткен бейнесін көрді де, көзін басқа жаққа бұрып әкетті.

Есік ашылып, Рашид асүйге қайтып келді.

— Орныңнан тұр, — деді ол. — Орныңнан тұр да, мұнда кел!

Ол Мәриямның қолын дөрекілене тартып, алақанын ашып, бір уыс ұсақ тасты салды.

— Сал аузыңа.

— Не дейсіз?

— Аузыңа сал деймін мынаны.

— Тоқтатыңыз, Рашид. Мен...

Рашид қарымды қолдарымен Мәриямның иегін көтеріп, аузын үлкен аштырып, екі саусағымен мұздай суық тастарды аузына тықты. Мәриям тыпырлап, босап шығып кетпекке ты-

рысты. Рашид тастарды тоқтаусыз итеріп сала берді. Астыңғы ернін жымыра қатты тістеп алған.

— Енді шайна, — деді ол.

Аузы таспен лық толған Мәриям ыңырси жылап, Рашидке жалынды. Көзінен жас құйылып кетті.

— Шайна! — деп ақырды Рашид. Демі Мәриямның бетін шарпып, тасты шайнай бастады. Аузынан бірдеңенің сынған дыбысы етілді.

— Жақсы, — деді Рашид. Шеке тамырлары адырайып кеткен. — Міне, енді пісірген палауыңның қандай болғанын білген шығарсың. Маған тигелі бері татымсыз, дәмсіз тамақтан өзге ештеңе бермегеніңді сезген шығарсың?

Ол үйден шығып кетті. Мәриям қанға боялған тастан өзге екі тал сынған тісін алақанына түкірді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1

1987 жылдың көктемі. Кабул

Тоғыз жасар Ләйла орнынан ерте тұрды. Таң атысымен досы Тарыхпен кездесуге асығатын. Десе де, бүгін досын көре алмайтынын білетін.

Тарых оған ата-анасымен бірге Газни қаласында тұратын кіші әкесінің үйіне баратынын айтқан.

— Қашан қайтып келесің? — деп сұрады Ләйла жолға шығар алдында Тарыхтан.

— Он үш күн.

— Он үш күн?

— Сонша ұзақ уақыт емес. Қабағың түйіліп кетті ғой, Ләйла.

— Жоға!

— Жылап тұрсың ба?

— Несіне жылаймын. Әсіресе сен үшін ешқашан жыламаймын. Мың жыл көрмесем де жыламаймын.

Ләйла оның сау аяғының башпайларынан тепті (екінші аяғы протез). Тарых Ләйланың басынан жеңіл ғана түртіп қойды.

Он үш күн дегені екі апта. Бес күн өтпей жатып Ләйла уақыт туралы бір шындықты түсініп жетті. Уақыт бейне Тарыхтың әкесінің пуштунша ән салғанда тартатын аккордеоны секілді ұзарып-қысқарады екен. Ләйла астыңғы қабатта ата-анасының тағы да керкілдескен дауыстарын естіді. Олардың ұрыс-керістерінің қалай болатыны Ләйлаға бес саусақтай белгілі. Шешесі шаптығып, ауыз жаппай айғай-шу жасайды, әкесі жуастықпен үндемей, басын изеп, әйелінің ашу-ызасының тарқағанын күтіп отырады.

Ләйла кимін ауыстырмаққа бөлмесіне кіріп, есікті жапты. Шешесінің айғайы әлі естіліп тұрған. Сәлден соң есік қатты

жабылып, тарс-тарс басып бара жатқан аяқ дыбысынан соң шешесінің жата қалған үні төсектің сықырлағанынан білінетін. Сөйтіп әкесі бір күн болса да тыныштық табатын.

— Ләйла, — деп шақырды Хакім, — мен жұмыстан кешігетін болдым.

— Бір минут!

Ләйла аяқ киімін тез киіп, иығына түсіп тұратын сары бүйра шашын айнаға қарап тарады. Шешесі оның сол алтындай сары шашын, ұзын кірпіктері мен жап-жасыл көзін, бетінің шұңқырын, қалың ернінің әжесінен аумай қалғанын айтатын. «Ол періштенің өзі еді, — дейтін шешесі, — сұлулығы бүкіл алқапта таусылмас дастан еді. Екі ұрпақ аттаса да, сені аттап кетпепті, Ләйла». Шешесінің алқап дегені Панджшер — Кабулдың шығыс солтүстігінен жүз шақырымдай жерде орналасқан, парсыша сөйлейтін тәжіктердің ықшам ауданы. Ләйланың әке-шешесі — немерелес туысқандар. Екеуі де Панджшерде туып-өскен. Әкесі 1960 жылы Кабул университетіне оқуға түскенде, Фарибеге үйленіп, Кабулға көшіп келген.

Ләйла баспалдақтан түсті. Сол сәтте ол «шешем бөлмесінен шыға келіп, тағы да азан-қазан қылмаса екен» деп тіледі. Әкесі тор тартылған есіктің жақтауында тізерлеп отырған.

— Мынаны көрдің бе, Ләйла?

Торланған есіктің астыңғы ернеуіндегі тесіктің пайда болғанына бір-екі аптадай болған. Ләйла әкесінің қасына келіп, еңкейе қарады.

— Жоқ, көрмеппін. Бүгін тесілген сияқты.

— Мен де Фарибеге солай десем, — деді ол даусы қарлығып, — ол осы тесіктен ара кіріп жүр дейді.

Әр жолы Хакімнің әйелімен кикілжіңінен соң тамағы қарлығып қалатын. Сондай кездері Ләйланың оған жаны ашып кететін.

Хакім — иығы тар, тұрқы шағын адам. Саусақтары әйелдің саусағындай жіп-жіңішке. Кей күндері Ләйла әкесінің бөл-

месіне кіргенде, оның көзілдірігін тұмсығына түсіріп алып, үңіле кітап оқып отырғанын көретін. Кейде ол Ләйланың кіріп келгенін де аңғармайды. Қызын көрген бетте келген тұсына белгі салып, кітапты жабатын. Хакім Джалаледдин Руми мен Шамсиддин Хафиздің ғазалдарын жатқа соғатын. Англия мен патшалы Ресейдің Ауғанстанға таласып жүргізген соғыстарының тарихын жақсы білетін. Үңгір ішіндегі сталактит пен сталагмитты еш қиналмай ажырататын. Күн мен жер Шарының аралығы Кабулдан Газниға бір миллион бес жүз мың рет барғанға бара-бар екенін есептеп беретін. Алайда Ләйла кәмпит құтысының аузын ашпақшы болса, шарасыз шешесінен жәрдем сұрайтын. Хакім қарапайым құралдарды да қолдана білмейді. Шегелеген есіктері ертесі-ақ қисайып, шиқылдап тұратын. Шатырдың суағарларын ретке келтірсе де, су тамшылағанын қоймайды. Шкаф-сөрелердің іші көгеріп, иістеніп кетсе де, Хакімнің жасағандары оған тыйым бола алмайтын. Фарибенің айтуынша, Ахмет 1980 жылы Кеңес Одағына қарсы соғысқа аттанардан бұрын мұндай ұсақ-түйек шаруаларды өзі-ақ тындыра салатын көрінеді.

— Егер саған кітап оқитын адам керек болып жатса, әкеңнің алдына түсетін чемпион таба алмайсың, — дейтін Фарибе Ләйлаға.

Әйтсе де, Ләйланың есінде қалуынша, әкесі Ахмет пен Нұрды соғыс майданына жіберуден, ал шешесі Ахметтің кітапқұмарлығына көбірек сүйінетін. Әкесінің ұмытшақтығын жақсы көретін.

— Сонымен, бүгін аптаның қай күні болды? — деп сұрады Хакім күлімсіреп. — Жұма ма әлде сенбі ме?

— Қайдан білейін? Күн санап отырмасам, — деді Ләйла. Ол әзілдеген еді. Тарыхтың жоқтығы әкесінің есінде барына іштей қуанған.

— Көзді ашып-жұмғанша оның фонарының жарығын көресің, — деді Хакім.

Ол Ләйла мен Тарыхтың кеште бір-біріне фонарьмен белгі беріп, ойнайтынын меңзеп айтқаны. Олар бұл ойындарын әр күні кеште тістерін тазалағандарындай ұзақ уақыттан бері жалғастырып келе жатқан.

Хакім тесікті сипалап:

— Мұны уақыт бөліп, жамап қоярмын. Біз енді жүрелік, — деді. Ол артына бұрылып айғайлады. — Біз кеттік, Фарибе, Ләйланы мектепке апарамын, кеште оны алып қайтуды ұмытпа.

Ләйла әкесінің велосипедінің артына міне беріп, етікші Рашид пен оның ешкіммен араласпайтын әйелі тұрып жатқан үйдің алдында тұрған көлікке көзі түсті. Көк түсті, сыртында ақ жолағы бар «Мерседес-бенц» маркалы мұндай көліктер бұл қыстақта аз ұшырасатын. Көлікте шопырдан басқа тағы бір адам бар еді. Ол көліктің артқы орындығында отырған.

— Бұлар кімдер? — деді Ләйла.

— Оны қайтесің, — деді Хакім. — Тез мін. Кешігетін болдық.

Ләйла ата-анасының арасында болған тағы бір кикілжіңді еске алды. Онда шешесі әкесіне келіп бастырмалата: «Қашан көрсең топан су тобығыңнан келмейді сенің, солай ма, немере аға? Тіпті өз балаларың соғысқа аттанса да, сенің ісің емес. Сонша жалынсам да, бетіңді кітаппен бүркеп алып, ұлдарымызды құдды некесіз туған шаталардай жібере салдың» дегендей айыптауларын жаудырған.

Хакім велосипедке мінді. Ләйла оның белінен мықты ұстап, артына отырды. Көк түсті көліктің қасынан өте бергенде, көліктің артында отырған адамды Ләйла анық көрді. Арық, шашы күмістей ағарған, үстіне қоңыр түсті костюм киіп алған кісі екен. Костюмінің кеуде қалтасынан үшбұрышталған ақ қолорамал көрініп тұрған. Ләйланың көзі көлік номеріндегі «Герат» деген жазуға түсті. Олар жол бойы әңгімелеспеді. Көше қиылысынан бұрылғанда ғана Хакім велосипедін тежеп: «Ләйла, мықтап отыр, қазір тоқтаймын, қолыңды босатпа», — деп қойды.

Сабақ кезінде Тарыхтың жоқтығы, ата-анасының ұрыскерісі Ләйланың есіне түсе берді. Мұғалім оның атын атап, Румыния мен Кубаның астанасын айтып беруін сұрағанда, ол не дерін білмей аңырып қалды.

Мұғалімнің есімі – Шанзан. Оқушылар оны өз араларында «Ранмал хала» (суретші апай) деп атайтын. Оған себеп, тәртіпсіздігі үшін ол алақанымен балалардың бетінен бейне қылқаламмен сурет салып жатқан суретшідей кезек-кезек ұратын. Ранмал хала — қасы қою, жүзі сопақша келген әйел. Сабақ басталған алғашқы күні оқушыларға өзінің Хост ауылында кедей шаруа отбасында туып-өскенін тебіренe айтып берген. Үнемі бойын тік ұстап, теп-тегіс таралған қара шашын шүйде тұсынан буып алатын. Ешқашан крем қолданбайтын, боянбайтын. Сәндік әшекейлер тақпайтын. Жүзін де жаппайтын. Қыздардың да бетін бүркемелемегенін сөкпейтін. «Ер мен әйел тең, егер ерлердің жүзін жабуы қажетсіз болса, оны әйелдерге аударудың еш орны жоқ» дейтін. Кеңес Одағын Ауғанстан сияқты ең ұлы мемлекеттердің бірі деп мақтайтын. Оның айтуынша, Кеңес Одағы — жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті. Онда әркім тең және бақытты. Адам адамға дос әрі туыс. Тұрғындары ұры-қарыдан қорқып, көшеге шығуға алаңдайтын Америка сынды қылмысы көп ел емес. Ауғанстандағы прогреске қарсы бандылар, санасы соқыр қарақшылар жеңіліске ұшырағанда, бұл елдің халқы да Кеңес Одағының халқы сияқты бақыт пен қуанышта өмір сүреді екен.

— Сондықтан Кеңес Одағындағы жолдастар 1979 жылы бұл жерге отанымызды мешеу, қараңғы қалпында қалдыру ниетіндегі жабайылардан құтқару үшін көмекке келген. Сол үшін сендер де отанымызға өз көмек қолдарыңды созуларың керек, балалар. Сондай ниеттегі бүлікшілерді білсеңдер, табан астында хабарлаңдар. Бұл — сендердің парыздарың. Анық естіген бойда мәлімдеңдер. Олар сендердің ата-аналарың, нағашыларың яки аға-жеңгелерің болса да мейлі. Өйт-

кені ешкім де сендерді отанның сүйгеніндей сүйе алмайды. Сендердің отандарың бәрінен ұлы. Естеріңде болсын, осыны орындағандарыңда сендерді мақтан тұтамын. Ұлы отандарың сендерді мақтаныш етеді.

Ранмал халаның арт жағындағы қабырғаға Кеңес Одағы мен Ауғанстанның картасы, оның қасында президент Наджибулланың портреті ілінген. Хакімнің айтуынша, Наджибулла бұрын адамның зәресін зәр түбіне кетіретін үрейлі құпия полицияны басқарған. Қабырғада күлімсіреп тұрған жас кеңес жауынгерлерінің шаруалармен қол алысып сәлемдескен, алма ағаш отырғызып, құрылыс салысып жатқан суреттері де бар еді.

— Ойбу, — деді Ранмал хала: — көзіңізді ашып көріп отырған тәтті түсіңізді бұзып жіберген сияқтымын ғой, төңкерісші қыз?

Ләйла 1978 жылы сәуірде, үкімет аударылған түні дүниеге келгендіктен «Төңкерісші қыз» аталып кеткен. Бұл — оның сыныптағы лақап аты. Ранмал хала оқушыларға сол күннің төңкеріс басталған, халықтың теңсіздікке қарсы қозғалған бір күн екенін түсіндірген. Оның айтуынша, сол түні ешқандай соғыс болмаған. Тек шетелдік арандатушылармен, төңкеріске кедергі келтірушілермен болар-болмас кикілжің орын алған. Әлбетте, ешкім де оның алдында сегіз жылдық соғыстан кейін кеңестіктердің жеңілгені туралы айтуға батылы бармайтын. Ал шынында сол күндерде моджахедтер Америка президенті Рейганның «Стингер» зымырандарын тасып әкеліп, Кеңес ұшақтарын нысанға алып атқылап жатқан. Мысыр, Пәкістан тіпті Сауд-Арабиясы қатарлы мұсылман елдері бірлесіп, Кеңес Одағына қарсы соғысып жатқан.

— Бухарест, Гавана, — деп жауап берді Ләйла.

— Бұл елдер біздің досымыз ба?

— Олар бізбен дос, мұғалім. Олар — бізге дос елдер.

Ранмал хала риза көңілмен басын изеді.

Сабақ бітті. Фарибенің қарасы көрінбейді. Әдетте ол дәл уақытында Ләйланы алуға келетін. Ол шарасыз сыныптастары Гити және Хасиналармен бірге үйге қарай жаяу тартты. Гити — сидиған, арық қыз. Шашын қос өрім етіп өріп алатын. Қабағы қатулы жүретін. Үнемі кітаптарын құшақтап алатын. Он екі жасар Хасина Гити мен Ләйладан үш жас үлкен. Үшінші сыныпта бір рет, төртінші сыныпта екі рет сыныптан қалып, қайта оқыған. Сабақтағы олқылығының орнын өжеттігімен, Гитидің сөзімен айтқанда, тігін машинасының үніндей жабылмайтын аузымен толтырған. «Ранмал хала» деген лақап атты да сол қойған. Бүгін ол ұсқынсыз жігіттен қалай құтылу жөнінде кеңес бере бастады.

— Бұл дегенің жеті өлшеп бір кескен тәжірибе, өте сенімді әдіс, сендерге уәде бере аламын.

— Мұның бір ыңғайсыз іс болды. Мен ше, жігіт табуға асығып жүргенім жоқ, әлі кішкентаймын, — деді Гити.

— Сәби емессің ғой енді.

— Онда неге сұрап келген ешкімді көрмеймін?

— Өйткені сенің сақалың бар ғой, қымбаттым.

Гити иегін сипап, Ләйлаға қапалана қарады. Ләйла оның әзілді түсінбегеніне ыңғайсызданып күлді де, Хасинаның айтқандарына наразылығын білдіріп, басын шайқады.

— Не істеу керек екенін білгілерің келе ме өзі, қыздар?

— Иә, иә, айтшы, қане?

Оның дәрісі — бұршақ. Төрт құтыдан кем болмауы керек. Кеште әлгі сұрықсыз, кексе жігіт сені сұрап үйіңе келгенде сазайын солай бересің. Есіңде болсын, ол шайға қолын созға бергенде көзі мен құлағын көздеп атасың.

— Бәрекелді, солай істеймін, — деді Ләйла.

— Сонымен ол кекседен құтыласың!

Ләйла оның кеңестеріне зәру емес екенін айтқысы келді. Әкесінің оны жуық күндерде ұзату ойы жоқтығын білетін. Осы күндерде әкесі Кабулдағы ең үлкен «Сило» нан зауытында

от-жалын мен құлақ тұндырарлық ызың-шудың орасында тыным таппай жұмыс істеп жүрсе де, университетте білім алған оқымысты адам. Бұрын орта мектеп оқытушысы болған. 1978 жылғы төңкерістен кейін, Кеңес Одағы Ауғанстанды басып алудан бір жыл бұрын қызметінен босаған. Хакім Ләйлаға бас амандығынан қалса оқудың маңыздылығын бұрын да анық түсіндірген.

— Мен білемін, сен әлі жассың, қызым, ошақ-отқа ие болу оңай, бірақ білімге ие болу оңай емес. Сен өте ақылды қызсың. Қандай адам боламын десең де бола аласың, қай жолды таңдаймын десең, таңдай аласың. Мен сені шын жүрегіммен түсінемін. Бұл соғыс біткенде Ауғанстан сендерге еркектерге мұқтаж болғанындай мұқтаж болады. Бәлкім, саған тіпті де зәру болатын шығар. Себебі, әйелдері білімсіз елдің аспаны мәңгі қараңғы, Ләйла.

Әйтсе де, Ләйла Хасинаға әкесінің айтқандары жайлы ауыз ашпады, яки әкесін қаншама мақтаныш ететінін, өзіне деген көзқарасын, өзін қалай бағалайтынын, өзінің әкесі сияқты білімді болуға қалай бел байлағанын айтпады. Екі жылдан бері ол үздік оқушы сертификатын алып келеді.

Хасинаның әкесі — таксист, мінезі қыңырлау адам. Екі-үш жыл ішінде Хасинаны ұзатып жіберу ойы да жоқ емес. Хасина Ләйлаға Лахордағы көлік жөндеу цехының иесі, өзінен жиырма жас үлкен немере ағасына тұрмысқа шығатыны бекітіліп қойылғаны жөнінде бұрын да айтқан болатын. Ләйла бұларды да сөз етпеді.

— Оны екі рет көргенмін, — деді Хасина. — Тамақ жегенде аузын сонша үлкен ашатын адам екен.

— Бұршақ жайлы айтқандарымды ұмытып қалма, — деді Хасина қулана күліп. Сосын Ләйланы түртті де: — Жалғыз аяқты ханзадаң келіп есігіңді қақса, қарсы емес шығарсың, ә?

Ләйла Хасинаны итеріп жіберді. Егер басқа біреу Тарыхты солай десе, ашуы келер еді. Хасинаның сөзінде зіл жоқ екенін білетін.

— Өзгелерді олай мазақтауға болмайды, — деді Гити.

— Кімді айтасың?

— Соғыста жараланғандарды айтамын, — деді Гити Хасинаның сыр тартып тұрғанын білмей.

— Меніңше, Гити молданың Тарыхқа көңілі ауып қалыпты. Енді білгенімді қарашы. Дегенмен оған басқа бір сұлудың көңілі әлдеқашан құлап болған. Сен білмейсің ғой деймін? Дұрыс па, Ләйла?

— Менің көңілім ешкімге ауған жоқ!

Олар Ләйламен қоштасып, өз үйлеріне қарай керкілдесе кете барды.

Ләйла тағы үш көше жалғыз жүрді. Өз үйіне қарай бұрылғанда, көк түсті көліктің Мәриям мен Рашидтың үйінің есік алдында әлі тұрғанын көрді. Әлгі қоңыр костюмді адам көліктің алдына сүйеніп, үстіңгі қабатқа қарап тұрған. Ләйланың арт жағынан біреудің шақырған даусы естілді.

— Ей, алтын шаш, бері қара.

Ләйла артына бұрылды.

2

Хадим қызыл түсті, оқпаны жасыл ойыншық тапаншаны Ләйлаға кезеді. Үстіңгі ерні астыңғы ернінен қалың, ұзынтұра, семізшелеу келген, он бір жасар ол Тарыхпен құрдас. Жолдан өтіп бара жатқандарға тайынша-торпақтың ішектерін лақтыратынымен таныс. Әкесі Дихмазаңда қасапшылықпен айналысады. Сабақ аралығындағы үзілістерде Хадим Тарыхтың жоқтығын пайдаланып, Ләйланың соңынан қалмай, әр ненің даусын салып мазалағанын қоймайтын. Бірде ол Ләйланың иығына қолын артып: «Өте сұлусың, алтын шаш, сені жар еткім келеді!» деген.

— Қорықпа, атпаймын, әсіресе басыңа атпаймын.

— Қолыңдағыны таста, саған ескертемін.

— Не істемексің сонда? — деді Хадим, — мені әлгі мүгедегіңе сабатпақсың ба? «Ех, Тарыхжан, тез келіп, мені мына жексұрыннан құтқарып ал!» десеңші.

Ләйла артқа қарай шегінді. Дегенмен Хадим тапаншасының шүріппесін басып үлгерген еді. Арт-артынан ытқып жатқан жылымық су Ләйланың басына, бетін басып тұрған қолына шашырай бастады. Бірнеше ұл тығылып жатқан жерлерінен атып шығып, қарқылдай күлісті.

Ләйла балағаттап жіберді, бірақ сол сөздердің мәні мен қай кезде қолданылатынын білмейтін.

— Доңыз жегіштің баласы.

— Не десең де, менің шешем сенің шешең секілді алжып отырған жоқ, — деді Хадим сызданып, байыздай сөйледі. — Ал әкем, сенің әкең сияқты ез, мылжың емес. Тіліңді безегенше қолыңды иіскеп көр!

Қаумалап тұрған ұлдар да шуылдай жөнелді.

— Қолыңды иіске, қолыңды иіске!

Ләйла қолын искеді. Иіскемес бұрын-ақ Хадимнің нелiктен басыңа атпаймын деуінің себебін сезген. Қолын мұрнына әкеле бере айғай салды. Оның бажылдағанын көріп, маңайдағылар онан сайын қарқылдап күлісті. Ләйла жылап, артына бұрылып тұра жүгірді.

Ол құдықтан су тартып, моншадағы шылапшынға құйды. Киімдерін шешіп, шашын сабындап, ызалана ысқылады. Денесі мен басына сабынды қайта-қайта құйды. Бірнеше рет жүрегі айнып, құсып жіберуге шақ қалды. Беті мен мойнын орамалмен қызарғанша сүртті.

Таза киімдерін киіп жатып, Ләйла Тарыхты есіне алды. Ол қасында болғанында Хадимнің зәр шашуға батылы жетпес еді. Ал шешесі күндегіше мектептен алып кеткен болса ше? Кейде ол шешесінің өзін несіне туғанын түсінбей дал болатын. «Адамдар бар махаббатын алдыңғы балаларына арнап

тауысса, кейіннен тағы бала сүйіп несіне әуре болады» деп күңкілдейтін.

Ол бөлмесіне кіріп, төсегіне құлай кетті. Көңілін орныктырып, сабасына түскен соң, орнынан тұрып шешесі жатқан бөменің есігін қақты. Кішкентай кезінде шешесінің бөлмесінің алдында сағаттап отырып, қасиетті сөздерді күбірлегендей: «Шеше, шеше...» деп қайта-қайта шақыратын. Бірақ шешесі дауыстап та қоймайтын, есікті де ашпайтын. Бұл жолы да ашпады. Ләйла тұтқаны айналдырып, бөлмеге кірді.

Кейде шешесінің бойы сергіп, көңілі көтеріліп қалады. Көзі жайнап, төсегінен тез тұрады. Күлімсірегенде астыңғы ерні сәл жиылып, жоғары көтеріледі. Моншаға түсіп, таза киімдерін киіп, көзінің асты-үстін бояйтын. Ләйланың да шашын тарап, құлағына сырға-әшекейлерін тағып, базарға бірге барады. Ал кейде «жыландар мен сатылар» үстел ойынын ойнайтын. Шешесі ұнататын шоколад алып жейтін. Шешесінің көңіл күйі орныққанда әкесінің де жүзі жылып сала береді. Хакім үйге оралғанда, Фарибе ас тақтайдан көзін тайдырып, күйеуіне бұрылып, тістерін көрсетіп күліп тұратын. Сонымен, үй ішіндегі келіспестік қайда сіңгені белгісіз ғайып болатын. Фарибе балалары шулаған, мейір-махаббатқа толған сол бір бақытты күндерге қайтып барғандай күй кешетін. Кейде ол прәндік-печенье пісіріп, көршілерін шайға шақырады. Шешесі дастархан жайғанша, Ләйла тегенедегі қамырдың жұғындыларын қырып тазалайды. Аздан соң қауқылдаса жөнелген әйелдердің ортасына кіріп, гу-гуге құлақ салатын. Олардың әңгімелеріне сөз қоспаса да, бірге отырып, Фарибенің Хакім жайында аузы құрғамай айтқан сөздерін тыңдауды ұнататын. Басқа күндері үйде мұндай әңгімелердің болуы мүмкін емес еді.

— Ол — жоғары дәрежелі оқытушылардың бірі, — дейтін Фарибе. — Оқушылары оны жақсы көретін. Өзге мұғалімдер

сияқты балаларды шыбықпен ұрмайды. Керісінше, өз балаларындай қарайтын. Оқушылары да оны ерекше құрмет тұтты. Нағыз ұлағатты ұстаз деуге лайық.

Фарибе Хакімнің өзіне сөз салған кезін тамсана әңгімелейтін.

— Сол кезде мен он алтыдамын. Ол — он тоғызда. Панджшерде көрші тұрдық. Оған көңілім біржола құлады десем, өтірік емес. Мен дәйім екеуміздің үйімізді бөліп тұратын қоршауға жармасып, олардың ауласына асып түсетінмін. Олардың жеміс бағында бірге ойнайтынбыз. Хакім ұсталып қалып, әкемнен таяқ жеп қалам ба деп алаңдайтын. Үнемі: «Күндердің күнінде әкең сазайымды беретін шығар», — дейтін. Бір күні оған: «Ау, немере аға, енді қайтпек керек? Сіз мені сұрап, елші жібересіз бе, әлде мен сізге жіберейін бе?» — дедім. Иә, дәл солай дедім. Сондағы оның түрін көрсеңдер...

Ләйла Фарибе мен өзге әйелдерге қосыла қол соғып, жарыса күлетін. Осы әңгімелерді естігенде ол шешесінің жас күнінде әкесі Хакімге шынайы ынтық болғанын, онымен бір бөлмеде ұйықтайтын кездерін қиялдады. Өзінің сол жарқын күндерді көруге үлгермегенін ойлап өкінді.

Хакім мен Фарибенің махаббат хикаясы біртіндеп жар іздеу тақырыбына ауысатын. Әлбетте, Ауғанстан — Кеңес Одағы арасындағы соғыс аяқталған соң, жігіттер үйлеріне оралады. Оларға жар табу керек. Шайға келген әйелдер қыстақтағы қыздардың арасынан Ахмет пен Нұрға қалыңдық табу жайында әңгімеге көшеді. Әйелдер Ләйла сонша ынтызар болғанымен, көру бақыты бұйырмаған көріністер хақында әңгімелесіп жатса да, неге екені белгісіз, өзін елеусіз қалдырғандай сезінеді. Ол екі жасқа толған жылы, Ахмет пен Нұр солтүстік жақтағы Панджшерге командир Ахмад Шах Масудтың күштеріне қосылып, Кеңес Одағына қарсы соғыс майданына аттанған еді. Ол ағалары туралы көп істерді есіне түсіре алмайтын. Бары — Ахметтің мойнына тағатын «Алла»

сөзі мөрленген алқа мен Нұрдың сол құлағының үстіндегі бір тұтам қара қыл ғана.

— Азита ше?

— Ә, әлгі кілемшінің қызы ма? — дейді Фарибе шошынғандай алақанымен бетін басып.

— Хакімдікінен қою мұрты бар ол қыздың.

— Анахита болмай ма? Естуімше, ол Зархуна қыздар мектебінде сыныптың алдын бермейтін үздігі дейді.

— Ол қыздың тістерін көрмедің бе? Құдды қабірдің тастары секілді. Ернінің астына бірнеше мола жасырып қойғандай көрінеді.

— Онда әпке-сіңілілі Уахиделер?

— Жо-жо-жоқ, ол екі тапалды атай көрме, олар — ұлдарымның теңі емес. Иншалла, ұлдарыма олардан жақсы жар табылады.

Әңгімелерді тыңдап отырған Ләйланың қиял құсы қиындарға шарқ ұрып, ақыры Тарыхты іздеп тапты.

Фарибе терезедегі сарғыш пердені тарта салысымен бөлме қараңғылыққа шомды. Бөлмеде оның демінен шыққан иіс, кір шұлық, алдыңғы күннен қалған құрма мен әтірдің тұтқыр иісі бұрқырады. Ләйла бір бұрышқа қарай жылжымақ ниетпен, қараңғыға көз үйретіп, сәл аялдап тұрғанымен, аттай бере шашылып жатқан киімдерге шалынып, құлап түсе жаздады. Пердені ашып, төсектің аяқ жағындағы бүктемелі орындыққа келіп отырды. Шешесі көрпеге оранып, қыбыр-қимылсыз теріс қарап жатқан.

Фарибенің бөлмесіне Ахмет пен Нұрдың суреттері ілінген. Ләйла қай жағына қараса да, өзіне бейтаныс сол екі бейне күлімсірей қарап тұратын. Бір суретте Нұр үш дөңгелекті велосипедке мініп, енді бірінде он екі жасар Ахмет әкесі жасаған күн сағаттың қасында намаз оқып отырған. Қарсы қабырғадағы суретте Ләйланың тағы сол екі ағасы ауладағы көрі алмұрт ағашының астында иық тірестіріп отырған.

Ләйла Фарибенің төсегінің астындағы аяқ киім қорабының үлкендігіндей сандықшаның бір бұрышын көрді.

Кейде шешесі сандықшаның ішінен бүктетілген газеттер мен кітаптарды алып, Ләйлаға көрсететін. Бұл кітаптарды Ахмет партизандық топтар мен бас штабы Пәкістанда орналасқан қарсылық ұйымдарынан жинап сақтаған. Бірде Ләйла сол газет қиындылары мен кітаптар арасынан сурет тауып алған. Онда ақ халат киген ер адам аяғы шолақ сәбиге кәмпит ұсынып тұрған. Суреттің астына «Кеңес миналарының құрбандары — балалар» деп жазылған. Соған жазылған мақалада айтылуынша, кеңестіктер балалар ойыншығының ішіне жарылғыш зат жасырып қояды екен. Бала ойыншықты қолына алса, бірден жарылып, саусақтарын, тіпті қолын үзіп жібереді. Нәтижесінде әкелері шарасыз үйде бала бағуға мәжбүр болып, соғысқа бара алмайды делінген. Ахметтің сандығындағы газеттер мен кітаптардың арасында жас сарбаз жазған бір бума хат та бар еді. Хатта кеңестіктер оның ауылына улы газ жіберіп, адамдардың терісі күйіп, көзі соқыр болғаны айтылған. Сарбаздың баяндауынша, сол оқиғада шешесі мен қарындасы шырқырап тоған жаққа жүгіре қашқан, жетіп үлгергенше жолда қан құсқан сәтін өз көзімен көрген-мыс.

— Шеше...

Төсектегі көрпе қозғалып, ыңыранған дыбыс естілді.

— Тұрыңыз, шеше, сағат үш болды.

Екінші рет ыңыранған дыбыстан соң, бейне су асты кемесінің перископы су үстінде кенеттен пайда бола кеткені секілді бір қол көтеріліп, қайта түсті. Көрпе сырғып, әуелі шешесінің ұйпаланған шашы, артынша қуарған жүзі көрінді. Ол көзін сығырайта әрең ашып, қолын таянып орнынан тұрмаққа ыңғайланды.

— Сабағың қалай? — деді Фарибе бәсең үнмен.

Одан әрі дағдылы бірер сұрақ-жауап басталды. Екеуі де ескі бір әуенге ұзақ билеп шаршаған бишілерге ұқсайтын.

Көңілдері қаламаса да, бұл сұхбатқа өздерін мәжбүрлеп отырған.

— Өте жақсы, — деді Ләйла.

— Бірдеңе үйрендің бе?

— Күнделікті қарапайым нәрселерді үйрендік.

— Тамақ іштің бе?

— Іштім. Жақсы болыпты.

Фарибе басын көтеріп, терезеге қарады. Көзі ісіп кеткен. Оң жақ беті қызарып, шашы тегістеліп, бетіне, маңдайына жабысып қалған.

— Басым ауырып тұрғаны.

— Аспирин берейін бе?

Фарибе шекесін уқалады.

— Сәл байқайын. Әкең келді ме?

— Сағат енді ғана үш болды.

— Иә, рас, солай деген едің, — деді Фарибе есінеп. — Түс көріппін. Ертерек, сен кірмес бұрын. Түсімде не көргенімді есіме түсіре алмай отырғаным, сен де солай ұмытып қалушы ма едің?

— Барлық адам сөйтеді, шеше.

— Қызық қой бұл.

— Сіз түс көріп жатқанда, біреу су мылтығымен шашыма зәрін шашты.

— Несін шашты дейсің?

— Зәрі-і-ін.

— Бұл... бұл не сорақылық? Ой, Алла, қапаланба, бейшара қызым. Ертең онымен сөйлесем, болмаса шешесімен жолығайын. Иә, шешесімен жолыққаным дұрыс.

— Сізге оның кім екенін әлі айтпадым ғой.

— Иә, рас, кім ол?

— Болды, қойшы.

— Әбден ашуланған екенсің-ау?

— Сіз мені мектептен алып кетпекші болғансыз...

— Сол... — деді, Фарибе кібіртіктеп.

Ләйла шешесінің сөзінің түбіне бойлай алмады. Шешесі шашын талдап жұла бастады. Ләйла шешесінің шашын талдап жұла берсе де, әлі күнге басының жұмыртқадай тақырайып қалмағанына қайран қалатын. — Ендеше... әлгі досының аты кім еді? Тарых, солай ма? Ол қайда?

— Осы аптада бір жерге кеткен.

— Ие... — шешесі өтірік күрсінді. — Жуындың ба?

— Иә.

— Тазаланып алыпсың, — деп шешесі жабырқап, терезеге қарады, — жуынып алғаның жөн болған, басқасының қажеті шамалы.

Ләйла орнынан тұрды.

— Тапсырмамды орындайын.

— Сөйте ғой. Шықпас бұрын терезенің пердесін тарта сал, құлыным, — деді Фарибе. Үні әлсіреп бара жатқан ол әлдеқашан көрпеге сүңгіп кеткен.

Ләйла пердені тарта беріп, көшеде шаңдатып бара жатқан көлікті көзі шалды. Гераттық номер тағылған «Мерседес-Бенц» заулап бара жатқан еді. Ләйла оның қарасы өшкенше терезеден телміріп тұрды.

— Ертең ұмытпаймын, — деді Фарибе. — Уәде беремін.

— Кеше де солай дегенсіз.

— Сен білмейсің, Ләйла.

— Нені? — Ләйла артына бұрылып, шешесінің бетіне үңілді. — Нені білмеймін?

Фарибе бір қолымен кеудесін жеңіл соққылады.

— Міне, мына жерде... мұнда не барын сен білмейсің, — оның үні барған сайын әлсіреп бара жатты. — Сен түк те білмейсің.

3

Бір апта өтсе де, Тарыхтан еш хабар болмады. Екінші апта да жым-жылас өте берді. Уақыт өткізу үшін Ләйла әкесі жамай алмаған есік торындағы саңылауды бүтіндеді. Әкесінің шаң басқан кітаптарын қағыстырып, алфавит бойынша реттеп, тізді. Хасина, Гити және Гитидің шешесімен бірге Тауық көшесін айналып келуге де шықты. Оның шешесі тігінші еді. Гити кейде шешесімен бірге киім тігетін. Сол аптада Ләйла дүниеде біреуді күтуден артық азап жоқтығына имандай сенді.

Тағы бір апта өтті.

Ләйланың ойы сан-саққа жүгірді.

Ол енді қайтып келмейді. Көшіп кеткендері де дұрыс болды. Ата-анасының Газниға туысшылап кетуінің астарында бұл екеуінің азапты қимастық қоштасуларын болдырмау мақсаты болған.

Ол тағы да жасырынған минаны басып кетсе керек. Алғаш рет мина жарылып, бір аяғынан айырылғанда, ата-анасы оны Газниға апарған. 1981 жылы, яки Ләйла үш жасқа толған жылы Тарыхтың тәлейі оңынан келіп бір рет аман қалған екен. Бірақ бұл жолы...

Осындай мың сан ой оның қиялын шырмап алды.

Бір күні кеште Ләйла көшенің төмен жағынан фонарьдың жылт еткен жарығын көрді де, айғай салып секірді. Сып беріп төсегінің астындағы фонарын алып жақпақшы болды, онысы жанбады. Ызалана фонарын неше мәрте алақанына ұрса да жанбады. Тарых қайтып келген. Ләйла төсектің шетінде отырып, жеңіл күрсінді де, қайта-қайта жылтылдап, жанып-сөнген сол бір әсем сарғыш нұрды тамашалады.

Ертесі таңертең Ләйла Тарыхтың үйін бетке алды. Көшенің қарсы бетінде Хадим мен оның достары тұратын. Хадим тізерлеп, таяқпен топыраққа бірдеңені сызып жатқан. Ләйланы көрген бойда қолындағы таяғын тастай салып, саусақта-

рын ойнатты. Артынша бірдене деп еді, достары қарқылдай күлісті. Ләйла басын төмен салып, тездетіп, алға жылжыды.

— Шашыңды не істегенсің? — деп таңдана айғай салды Ләйла Тарыхты көрген сәтте. Әйтсе де, оның кіші әкесінің шаштараз екені есіне түсті.

Тарых тақырлап алынған басын сипалап, тістерін көрсете күлді.

— Жарасып тұр ма?

— Жас сарбазға ұқсап қалыпсың.

— Сипап көресің бе? — деді ол басын еңкейтіп.

Қою, тікенек шаш Ләйланың алақанын жыбырлатып, жеңіл қытықтады. Тарыхтың сопақша, тегіс қырылған басына үңіле қарап тұрды.

Тарыхтың беті аптапта жел қағып, қарайып кетіпті.

— Несіне сонша ұзақ жоғалдыңдар?

— Кіші әкем ауырып қалды. Кірсеңші, ішке кір.

Ол Ләйланы үйге бастап кірді. Еденіне ескі кілем төселген осы үй Ләйлаға сонша жағымды көрінетін. Дивандағы әр түрлі матадан қиюластыра тігілген төсеніш, ине шаншылған орамды жіп, ескі журналдар мен қорабына салынып бір бұрышқа жинап қойылған аккордеон — Тарыхтың қарапайым, бірақ көңілді тұрмысының белгілері іспетті.

— Кім болды екен? — асүйден Тарыхтың шешесінің үні естілді.

— Ләйла, — деді Тарых.

Ол орындықты кейін тартып, Ләйлаға ыңғайлады. Аулаға қараған қос қабат терезеден түскен сәуле үй ішін дерлік жарқыратып тұрған. Терезе текшесіне Тарыхтың шешесі тұздаған баклажан мен сәбіз тосабын салу үшін дайындап қойған бос құтылар тізіліпті.

— Біздің келін екен ғой, — деді Тарыхтың әкесі есіктен кіре беріп. Әкесі ағаш шебері болатын. Арық, шашы ағарған, алпыстардағы адам еді. Қасқа тістерінің ортасы ашылған,

сығырайған қысық көзінен өмірінің көп бөлігін сыртта өткерген жан екені байқалатын. Ол құшағын ашып, Ләйланы бауырына басты. Ләйлаға таныс және жағымды ағаш үнтағының дымқыл иісі мұрнына келді. Олар бетін үш рет тиістіріп амандасты.

— Ләйланы бұлай шақыра берсең, ендігәрі келмей қояр, — деді Тарыхтың шешесі өтіп бара жатып. Ол жайпақ табаққа үлкен ыдыс, бір қасық және төрт кесе қойып әкелді де, дастарханның шетіне жайғастырды.

— Бұл кәрінің сөзіне құлақ салма, қызым, — деді ол Ләйланың жүзін алақанымен сипап. — Сені көріп қуанып қалдым, тәтті қыз. Кел, отыр. Сапардан біраз жеміс қақтарын ала келдім. Дәмін тат.

Үйдегі үлкен ағаш үстел сырланбаған. Тарыхтың әкесі бұл үстел-орындықтарды өз қолымен жасаған. Оның бетіне ай мен жұлдыздың нобайы түсірілген жасыл түсті дастархан жайылған. Үйдің қабырғаларына түгелдей Тарыхтың кішкентай кезіндегі суреттері жапсырылған. Арасында оның екі аяғы сау кезінде түсірілген суреттер де бар еді.

— Іниіңіз ауырып қалыпты деп естідім, — деді Ләйла Тарыхтың әкесіне кеседегі суға шыланған жеміс, пісте-бадам мен жүзімнен ауыз тиіп отырып.

Тарыхтың әкесі шылымын тұтатты.

— Иә, Құдайға шүкір, қазір тәуірленіп қалды.

— Жүрегі ұстап қалыпты. Осымен екінші рет, — деді Тарыхтың шешесі күйеуіне тыжырына қарап.

Тарыхтың әкесі аузындағы түтінді үрлеп жіберіп, Ләйлаға қарап, көзін қысып қойды. Тарыхтың әке-шешесін оның атасы мен әжесі десе де, былайғы жұрт сенер еді. Шешесі оны қырық жастан асқанда туған.

— Әкеңнің жағдайы қалай, қызым? — деді Тарыхтың шешесі кеседен көзін алмай. Ләйла бұл кісіні танығалы бері басына парик киетін. Оңып кеткен паригі маңдайына сырғып,

самайындағы ақ шашы көрініп тұрған. Кей күндері сол парик ерекше сымбатты таралатын. Әйткенмен, бұл шаш байсалдылық есіп тұрған шырай мен қырағы көзіне қылаудай дақ түсірмеген.

— Жақсы. Қазір де Силода, денсаулығы жақсы.

— Шешең ше?

— Кейде қалыпты. Кей күндері онша емес. Бұрынғыдай сол.

— Әлбетте, —деді Тарыхтың шешесі қобалжыған сыңайда. — Ана үшін балаларынан айырылудан артық азап бар ма?

— Түскі асты біздің үйден ішесің бе? — деп сұрады Тарых.

— Сөйте ғой, — деді шешесі. — Мен сорпа қайнатып жатырмын.

— Сіздерді әурелейтін болдым.

— Әуресі несі? Екі апта көрмегенге жатсынып қалыпсың ғой.

— Жарайды. Тамақтанып кетейін, — деді Ләйла қысыла күлімсіреп.

— Онда келістік.

Шынында, Ләйла өз үйінен гөрі Тарыхтың үйінен тамақтанғанды жақсы көретін. Тарыхтың үйінде жалғыз тамақтану атымен жоқ. Қашан көрсең отбасы болып жиылып отырып тамақтанады. Ләйла бұл отбасының әдетін ұнататын. Осы үйдегі күлгін пластикалық стаканды, шайға бір тілім лимон салып ішуді, тамақтан бұрын жаңа ұйыған айран ішу, әр тамақтың үстіне апельсин шырынын тамызып жеуді ұнататын. Ас үстінде бір-бірін зілсіз әзілдермен қағытулары мен әңгімелерінің ауаны оны қызықтыратын. Тарыхтың отбасындағылар пуштун ұлысынан. Әдетте пуштунша сөйлеседі. Ләйла мектепте пуштун тілін үйренгендіктен, едәуір түсінетін. Алайда Ләйла бар кездері әңгімелері парсыша жалғасатын. Ләйланың шешесінің айтуынша, Ауғанстандағы аз санды ұлттардың бірі болған өзі сияқты тәжіктер мен Тарыхтың ұлысы Ауғанстандағы саны

жағынан ең көп болған пуштундар арасында келіспеушіліктер бар сыңайлы. Тәжіктер өздерін пуштундардың кемсітуіне ұшырағандармыз деп санайтын көрінеді. Пуштун сұлтандары Ауғанстанды екі жүз елу жыл билесе, тәжіктер 1929 жылы бар болғаны тоғыз ай ғана таққа ие болған екен.

— Сіз ше? — деп сұраған еді Ләйла әкесінен. — Сіз де кемсітілдім деп есептейсіз бе, әке?

Әкесі көзілдірігін көйлегінің етегіне сүртіп отырып:

— Меніңше, «сен — тәжік, мен — пуштун, ол — хазара, бұл — өзбек» дегендердің бәрі де ұшқары әрі қауіпті сөздер. Бәріміз ауғандықтармыз. Ең маңыздысы да осы. Дегенмен бір ұлт өзге бір ұлтты ұзақ уақыт билеп-төстесе, олардың арасында үнемі келіспеушіліктер мен дүрдараздық болып тұрады. Әлімсақтан солай болып келген.

Бәлки, әкесінің айтқандары дұрыс шығар, алайда Ләйла Тарыхтың үйіне кіргенде еш салқындық байқамайды. Олардың ұлт, тіл, тіпті ғұрып-әдеттерінің жаттығы оның Тарыхтың отбасындағылармен қарым-қатынасына еш әсерін тигізбеген және тигізеріне де сенбейтін.

— Карта ойнаймыз ба? — деді Тарых.

— Сөйтіңдер, екеуің жоғарыға көтеріліп ойнаңдар, — деді шешесі күйеуінің шылым шегуіне наразы болғандай түтінін желпіп. — Мен сорпаға қарайын.

Тарыхтың бөлмесінде етпеттей жатып, олар «Панджпар» ойнай бастады. Тарых Ләйлаға сапары жайлы әңгімеледі. Кіші әкесіне көмектесіп, алма көшетін еккенін, гүлзардың арасынан тірі жылан ұстап алғанын айтты.

Тарыхтың бөлмесінде үй тапсырмасын бірге орындау, карта ойнау олардың дағдылы әдетіне айналған. Кейде бір-бірін әжуалаған суреттер сызысатын. Жаңбырлы күндері терезенің түбінде газдалған ыстық апельсин сусынын ішіп, әйнекке тамған жаңбыр тамшыларын тамашалайтын.

— Мына жұмбақты шешіп көр, қане, — деді Ләйла қолындағы карталарды араластырып, — жаһанды кезеді, бұрыштан шықпайды, ол не?

— Тұра тұр, — Тарых орнынан тұрып, протез аяғын созды да, бір қырымен жатты. Сәл-пәл ауырсынғаны қысылған көзінен білініп тұрған, — жастықты алып жіберші, — ол Ләйла алып берген жастықты аяғының астына қойды. — Ә, енді ыңғайлы болды.

Ләйла алты жасында Тарыхтың кесілген аяғының ұшын алғаш көрген. Сол кезде тізесінің төмен жағындағы жылтырап тұрған терісін бір қолымен басқанда, қолына болар-болмас бүртіктер білінген. Тарых оған бүртіктер аяғының тізеден төменгі бөлігін ампутацияланғаннан кейін өсіп шыққан сүйектер екенін түсіндірген. Ләйла аяғының қажалып ауыратын-ауырмайтынын сұрағанда, Тарых кей түндері қызып ауыратынын, протезге сыймай әуре қылатынын айтқан.

— Күн ысып кеткенде мына жері темірге қажалып қызарып кетеді. Шешем мазь жаса, ауырғаны басылады, — дегенде Ләйланың көзіне жас келген.

— Несіне жылайсың? — деген ол протезін жылдам орнына салып. — Өзің көрсетші дедің, жылауық. Мұндайыңды білгенде саған ешқашан көрсетпес едім.

— Марка! — деді Тарых.

— Не?

— Жұмбағыңның жауабын айтамын. Ол — пошта маркасы. Түскі астан соң хайуанаттар бағына барып келсек қайтеді?

— Жауабын бұрыннан білетін болып тұрсың ғой, ә?

— Жоға, білмеймін.

— Өтірікші.

— Өзің іштарлық қылып тұрсың.

— Несіне?

— Менің ақылдылығыма.

— Не? Сен ақылдысың ба? Ендеше айтшы қане, шахматта үнемі кім ұтады?

— Саған жол беріп, әдейі ұтыла саламын, — деді ол күліп, әйтсе де оның сөзінің жалған екені екеуіне де аян еді.

— Математика сынағынан өте алмаған кім? Менен бір сынып жоғары болсаң да, жәрдем сұрап маған келетініңді қайда қоясың?

— Егер математикадан қиналмаған болсам, сенен екі сынып жоғары оқитын едім.

— Меніңше, география сенің жауың ғой деймін.

— Оны қайдан білесің? Көп сөзді қой, нақты іске көшейік, баққа барамыз ба, жоқ?

Ләйла күлімсіреді.

— Жақсы, барайық.

— Мұның жақсы болды.

— Сені сағындым.

Арада аздаған үнсіздік орнады. Тарых күлкі аралас ыңғайсыздықпен Ләйлаға қарап:

— Саған не болды? — деді.

Ләйла, Хасина, Гити үшеуі бір-бірін екі күн көрмесе, сол бір сөзді ауыздарынан тастамайтын. Бір-біріне көңілдерін бүкпесіз білдіретін. «Ой, сені сағындым Хасина», «Мен де сені сағындым». Дегенмен Ләйла дәл сол сөздерді қолданып, Тарыхқа деген достығын білдіргенде, ол бейне айтуға болмайтын бір сырды естіп қысылғандай, нендей ыңғай танытарын білмей тосылып қалды. Ләйла оның аңтарыла қарағанынан ұлдар мен қыздардың мұндай жағдайларда ұқсамайтынын, олардың бір-біріне достық көңілін білдірудің еш зәрушілігі жоқтығын аңғарды. Ләйланың ағалары осында болса, олар да Тарихтың күйін кешер еді. Оған анық болғаны: ұлдардың достыққа деген көзқарасы адамдардың күннің барына сұрақ қоймайтыны секілді оның нұрынан ғана қуат алатын, былайша айтыла бермейтін іс екен.

— Жүйкеңе тиейін деп әдейі айта салдым.

— Ендеше, мақсатыңа жеттің.

Тарыхтың қысылғанынан қызылкүрең тартқан жүзі біразға дейін қалпына келмеді.

Ләйланың өткен істерді Тарыхқа айту ойы жоқ еді. Оған себеп, Тарыхтың ештеңені аяқсыз қалдырмайтыны. Ешкімге есесін жібермейтіні. Ләйла онымен бірге автобус аялдамасына қарай беттегенде, Хадим белбеуін бүктей ұстап, тамға сүйеніп тұрды. Қаумалаған достары қасында. Ол Ләйлаға қарап тілін шығарып, қабағын түйді. Ол болған істі Тарыхқа айтып салды. Әйтсе де, создің ұшын шығарып қана іркілді.

— Ол не істеді дедің?

Ләйла жауап берді. Тарых сұқ саусағымен Хадимді нұсқай сұрады:

— Анау ма? Қателеспеген шығарсың?

— Жоқ, қателеспедім.

Тарых тісін қайрап, пуштунша бірдеңелерді ызалана күбірледі. Ләйла оның не дегенін аңғармады.

— Сен осында тұр, — деді ол парсыша.

— Жоқ, Тарых, қоя сал.

Ол әлдеқашан көшенің арғы бетіне өтіп кеткен еді.

Хадимнің жүзіндегі күлкі Тарыхты көрген бойда қайда ұшқаны белгісіз, ғайып болды. Алға бір-екі қадам аттап, қолындағы белбеуін ыңғайлап, дайынмын дегендей Тарыхқа қарады. Қасындағылар да оған ілесті.

Ләйла мұны несіне айтқанына өкінді. Олар төбелесіп қалса ше? Хадимнің қанша адамы бар? Он? Он бір? Он екі ме? Олар Тарыхты соққыға жықса ше?

Тарых Хадимнен бірнеше қадам аралық сақтап тоқтады. Ләйла оның сол сәтте ниетінен қайтып қалуын қалады. Тарых еңкейе берді. Аяғының бауын байлап жатыр ма? Әлде артқа қайтып кетудің айласы ма? Алайда Ләйла оның не істемек болғанын түсінді.

Ол бір аяғымен орнынан тұрғанда, басқалар не болатынын білді. Тарых бір аяғымен секіріп Хадимға жақындай түсті. Протезін семсер көтергендей бір қолына алды. Маңайдағылар бойлары қалшылдап, жарыла шетке ығысып, оған жол берді. Сол-ақ екен, төңіректі шаң-тозаң мен жұдырықтасқан, тепкілескен, ыңыранған дауыстар шықты.

Сол күннен бастап Хадим Ләйлаға қарасын көрсетпеді.

Ләйла бүгін кеште де күндегідей екі кісілік ас дайындады. Фарибе оған әкесі қайтып келмес бұрын тамағын бөлмесіне әкеліп беруін айтатын. Ләйла әкесімен кешкі асқа отырғанда, ол тамағын жеп тауысып, ұйқыға кетеді не пердеге қадала қарап жатады. Хәкім тазалық бөлмесінен шығып, дастарханға келіп отырды. Шашындағы ұн жұғындыларын жуып-тазалап, шашын артына қайыра тарап алған еді.

— Бүгін қандай тамақ, Ләйла?

— Көже.

— Өте жақсы, — ол шашын құрғатқан орамалды бүктеп жатып, — сонымен бүгін нені пысықтайтын едік? Бөлшек сандарды қосуды ма?

— Жоқ, бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыруды.

— Ә, дұрыс.

Әр күні кешкі астан соң әкесі Ләйланың үй тапсырмасын орындауына көмектеседі. Өзі де тапсырма беретін. Онысы мектепте өтіліп жатқан сабақтарға наразылығынан емес, Ләйланың сыныптағы өзге балалардан бірер қадам алда жүруі үшін. Мектептегі үгіт-насихат сипатындағы мазмұндарды есепке алмағанда, өтіліп жатқан дәрістерге ол қарсы емес еді. Жаңа үкімет оны қызметінен, өзінің сүйікті ісінен айырса да, олардың білім саласын жандандыруға қосқан үлестерін, тым құрығанда сондай мақсаттары барын Хакім жоққа шығармайтын. Әсіресе әйелдердің білім алуы хақындағы зор өзгерістерді ешкім де жоққа шығармайтын. Үкімет барлық әйелдердің сауат ашуын жолға қойған. Хакім Ләйлаға университеттегі студенттердің

үштен бірі қыздар екенін, олардың дәрігерлік, заңгерлік және инженерлік мамандықтарында оқи алатынын айтқан.

— Бұл елде әйелдер ежелден қиындық көріп келген, Ләйла. Дегенмен қазір жаңа үкіметтің қол астында олар бұрынғыға қарағанда көп еркіндікке ие болды. Көп іске қақылы болды, — деген Хакім әйелі естіп қала ма деп сыбырлады. Әйелінің жаңа үкімет жағына шығатын бір ауыз сөзге де ықыласы жоқ еді.

— Әйтсе де, бұл ақиқат, — деген ол. — Ауғанстанда әйелдердің күні туатын, бағы жанатын кезі келді. Сен де сол қатарда еркіндіктің игілігін көрсің, — оның тебіренген отты көзінен қасірет ұшқыны менмұндалайтын. Ол басын шайқап тұрып сөйлейтін. — Жұрттың ол жерлерде қолына құрал алып ұрысқа аттанғанының себептерінің бірі де дәл сол.

Хакімнің «ол жерлер» дегені Кабул емес. Кабул Ауғанстанның басқа өңірлеріне қарағанда еркін әрі дамыған қала санатында. Мұнда әйелдар университеттерде дәріс береді. Мектептерді басқарады. Үкіметтік лауазымдарға ие болатын. Хакімнің көздегені — Ауғанстанның шығыс және оңтүстік өңірлеріндегі Пәкістан шекарасына жақын пуштундар жиі қоныстанған аймақтардағы тайпалар. Бұл аймақтарда әйелдердің көшеге шығуы шектелген. Шыққан күннің өзінде бұрқа киіп, күйеулерімен бірге жүрулері керек. Онда ежелгі тайпалық заңдармен өмір сүретін адамдар жасайтын. Ондағылар коммунистердің әйелдерді азат қылуына, мәжбүрлі некені жоюына, тұрмысқа шығу жасын он алтыдан көтеруіне қарсы. Тағы бір дінсіз үкіметтің қыздарын үйінен айырып мектептерге жіберуін, әйелдерді ерлермен бірге жұмыс істеуге мәжбүрлеуін өздері үшін жасалған қиянат деп қарайтын. Хакімнің «ол жерлер» дегені міне осындай ұстанымға ие еркектер үстемдік жүргізетін өңірлерді меңзеген.

— «Ондайдан Құдай сақтасын» деседі әуелі, — дейтін Хакім уайымды жүзбен. — Ләйла қызым, Ауғанстанның жеңе

алмайтын ең үлкен жауы — дәл Ауғанстанның өзі, — деп терең күрсінетін.

Хакім бір жапырақ нанды көжеге шылады. Астан соң Ләйла әкесіне Хадимның сазайын Тарыхтың қалай бергенін айтып бермекші болған. Алайда оған ондай мүмкіндік бұйырмады. Дәл сол сәтте есік қағылып, босағада хабар әкелген бейтаныс адам көрінді.

4

Ләйла есікті ашты. Жел қағып, аптап күйдірген жүзі тотығып кеткен, үстіне топырақ түстес пальто, басына тымақ киген біреу босағада тұрған.

— Ата-анаңызбен жолықпақшы едім, — деді ол Ләйлаға.

— Сіз кімсіз?

Хакім Ләйланың иығынан тартып шетке ығыстырды.

— Сен жоғарыға шық, Ләйла. Бара ғой.

Ләйла баспалдақпен көтеріліп бара жатып, қонақтың Хакімге Панджшерден хабар әкелгенін естіді. Фарибе де төменге түскен еді. Ол алақанымен аузын басып, біресе Хакімге, біресе қонаққа жаутаңдап қарады.

Ләйла үстіңгі қабаттан төменге қарап, ата-анасының қонақты үстелге бастап, бірге отырғандарын көрді. Қонақ басын оларға жақын әкеліп бірдеңелерді сыбырлап еді, Хакімнің өңі бұзылып, басы салақтай берді. Фарибе шашын жұлып, баж етіп бар даусымен еңірей жөнелді.

Ертесі таңда қыстақтағы бір топ әйел келіп, нәзір ісіне даярлық қыла бастады. Фарибе диванда қол орамалын ұстап отырған. Бет-аузы ісіп кеткен. Екі жағындағы әйелдер кезекпен оның қолын ұстап, баланы әлдилегендей-ақ басу айтып, көңілін аулап әуре. Фарибе олардың қасында бар-жоғын да сезбей бордай үгілді. Ләйла шешесінің қасына келіп, тізерлей отырып, қолын ұстады.

— Шеше.

Фарибе жүзін Ләйлаға бұрды.

— Шешеңнің қасындамыз, уайымдама, Ләйлажан, — деді әйелдердің бірі.

Өлім-жітім бола қалса көмектесуді парызы санап, зыр жүгіретін, өз міндетін біреуге итермей, атқара беретін осындай әйелдерді Ләйла білетін.

— Бәрі өз орнында. Бара ғой, қызым. Шешеңнің өз-өзіне келуіне мүмкіндік бер.

Ләйла не істерін де білмей, бөлмелерге кезек кіріп жүре берді. Асүйге де еш себепсіз кіріп шықты. Хасинаның шешесімен бірге аулаға кіргенін көріп, солардың алдына барды. Хасинаның ылғи да күлкі үйіріліп, өжеттік байқалып тұратын шырайы кірбің тартыпты. Гити мен шешесі де пайда болды. Ол Ләйланың қасына жүгіріп келді де, жіңішке, арық білегімен оны ұзақ құшақтады.

— Қайғыларыңа ортақпын, көңілім қатты құлазыды. Жатқан жерлері жайлы, тұрағы жәннаттан болғай, — деді Гити көзіне жас алып.

— Рақмет.

Ләйла аулада Хасина мен Гитидің жанында отырды. Үйдегі шаруалармен әбігерленіп жатқан әйелдердің бірі оны асүйге кіріп, таза тәрелкелерді үстелге тізуге бұйырды.

Хакім де аң-таң хәлде аулада оңды-солды мақсатсыз жүре берді.

— Мұны көзімнен құртыңдар, — бұл Фарибенің таңертеңнен бері айтқан жалғыз ауыз сөзі.

Хакім дәлізге қойылған бүктемелі орындыққа келіп отырды. Онымен ешкімнің шаруасы болмады. Ешкім де хәлін сұрамады. Дәлізден өтіп бара жатқан бір әйел оған жолын бөгеп қалғанын айтты. Хакім орнынан тез тұрып, кешірім сұрады да, кітапханаға кіріп кетті.

Түстен кейін еркектер Хакім жалға алған Картехшедегі залға жиналды. Әйелдер үйге топ-топ болып батаға келе бастады. Ләйла дәстүр бойынша, қонақ бөлменің есік алдында қойылған орындықта шешесімен бірге отырды. Батаға кіргендер аяқ киімдерін шешіп, қайтыс болғандардың жақындарына көңіл айтып, амандасқан соң қонақ бөлмеге айналдыра қойылған бүктемелі орындықтарға барып жайғасты. Араларында Ләйланың кіндік шешесі Важиме де бар. Тарыхтың шешесі паригінің сыртынан қара жаулық тартып алған еді. Ләйлаға қарап, кейісті бейнемен күлімсіреді. Магнитофоннан Құран хатым естіліп тұрған. Әйелдердің кейбірі көзге жас алып, мұрындарын тартса, біреулері аһылап-үһлеп күрсінді. Енді біреулері күбірлеп аят оқыды. Әлдекімдер дауыстарын шығарысып көрісіп жатты.

Рашидтың әйелі Мәриям да үйге келді. Қара түсті хиджаб киіп алыпты. Хиджабтан шығып қалған шашы маңдайын жауып тұрған. Ол Ләйланың қарсы алдына қойылған орындыққа келіп отырды.

Фарибе кеудесімен тоқтаусыз алды-артына тербелді. Ләйла шешесінің екі қолын ұстады, бірақ шешесінен еш жауап болмады.

— Шөлдедіңіз бе, шеше? Су ішесіз бе?

Фарибе үндемеді. Көзі қабырғадағы кілемге қадалып, кеуде тұсы тынымсыз тербелді де отырды.

Ләйла үй ішіндегі қасіреттен өз отбасына келген қазаның қаншалық ауыр екенін сезінді. Ендігі ата-анасының үміті ізім-қайым жоқ болған.

Дегенмен ол шешесінің қаншалықты қайғы жұтып отырғанын әлі де болса шамалай алмаған. Ләйланың тірідей көруі нәсіп болмаған ағаларының өліміне қайғыруы шынтуайтында қиын еді. Ахмет пен Нұр — Ләйла үшін ертегінің кейіпкерлеріндей. Аңыздарда айтылатын патшалардай білетін. Керісінше, ол үшін Тарых — тірі жан, шынайы адам. Ләйлаға

адам балағаттайтын пуштунша сөздерді үйреткен, тұздаған жапырақты бет-аузын тыжырып тұрып, құшырлана жеуді жақсы көретін, мойнының сол жағында шабдалы гүлі түстес қалы бар тірі адам.

Сол үшін де шешесінің қасында Ахмет пен Нұрға аза тұтып отырған Ләйланың жүрегіндегі нағыз ағасы әлі тірі еді.

5

Фарибенің ауру мен қайғы меңдеген қасіретті күндері тағы жалғасты. Бір күн ішінде жүрек ауруынан бастап, басы, буындары, құлағы мен сырын ешкім білмейтін сырқырап-қақсаулары қайта басталды. Хакім оны емханаға апарып, қаны мен зәрін тексертті. Рентгенге түсірді, алайда бойынан еш ауру белгісі байқалмады.

Фарибе көбіне төсегінен түспейтін. Үстіне қара түсті киімнен өзгесін кимейді. Шашын жұлып, ернінің астындағы меңін тістелейді. Ояу кезінде әлдекімдерді іздеп, арлы-берлі сенделіп жүреді. Бір кездері Ахмет пен Нұр ұйықтаған, бір-біріне жастық лақтырып ойнаған Ләйланың бөлмесіне есігінен қарап кетеді. Сонда көретіні Ләйла ғана. Дегенмен бес уақ намазын ұмытпайтын. Намазы бітерде басын төмен салып, екі қолын бетіне жақын әкеліп, Алладан моджахедтердің жеңуін тілеп, ұзақ дұға қылатын.

Ләйлаға жүктелетін үй шаруалары онан сайын көбейе түсті. Өзі бас болып қарамағанында, үй іші шашылған киім-кешек, аяқ киім, аузы ашылған күріш қалталары, жуылмаған ыдыс-аяқтармен қорыс-қопасы шығар еді. Ол шешесінің киімдерін жуып, көйлектерін ауыстыратын. Шешесін мәжбүрлей төсегінен түсіріп, жуындырып, тамақтандырады. Оған қоса әкесінің көйлектерін де үтіктеп, шалбарларын бүктеп, реттейді. Бара-бара ас дайындау да басы бүтін Ләйланың үлесіне айналды.

Кейде ол үй шаруаларын тындырып, шешесінің төсегіне шығып, оны құшақтап, қолынан ұстап, қасында жататын. Шешесінің шашы Ләйланың бетіне тиеді. Шешесі сәл қозғалып, бәсең үнмен тіл қатады. Әңгімесі қашанда ұлдары жайлы.

Бір күні олар төсекте тағы солай бірге жатқан. Фарибе әңгімесін бастады:

— Ахмет даусыз көсем болар еді. Онда ғажайып талант бар. Өзінен үлкендер де оның сөздерін құрметпен тыңдайтын. Нұрды айтсаңшы... Ех, Құдайым. Менің Нұрым ылғи да ғимараттар мен көпірлердің сызбасын жасайтын. Сәулетші болып, Кабулды өзі жобалаған ғимараттармен өзгертпекші еді. Міне, енді әр екеуі де бұл дүниеде жоқ. Менің балаларым, менің шахиттерім.

Ләйла шешесінің жанында сөздерін тыңдап жатып, өзіне де көңіл аударғанын, өзінің әлі шахит болмағанын, шешесіне телміріп жатып, оның құдды ағаларынан күткені сияқты өзінен де күтетін арман-үмітінің бар-жоғын білгісі келетін. Бірақ Ләйланың келешегінің ағаларындай болмайтыны оған аян. Шешесі бар болғаны оның ағаларын ғана ойлайтын. Ләйла олардың арқасынан мойнын созып, шешесінің өзін де солардай көруін қалайтын. Олар өлсе де, рухтары тірі Ләйланы шетке ығыстыра берген. Енді келіп, шешесі олардың тірі тарихын баян ететін музейдің бастығына айналған. Ал Ләйла музейді аралауға келген саяхатшыға, олардың хикаяларын жинақтаушыға, онымен қоймай, шешесінің қалам алып, ағаларының дастандарын хатқа түсіретін қойын дәптеріне айналған еді.

— Хабар жеткізген кісінің айтуынша, олар балаларымның мәйітін артқы шептегі базаға алып келгенде, Ахмад Шах Масуд олардың ахиреттік жұмыстарын өзі бас болып жерлетіпті. Құран оқыпты. Ағаларың, міне, сондай жаужүрек қаһармандар, Ләйла. Панджшердің арыстаны атанған командир Ма-

судтың, Алла ол кісіден разы болсын, ағаларыңды өз қолымен жерлегені — нағыз мақтан тұтарлық іс.

Фарибе оң жамбасына аунап түсті. Ләйла басын оның кеудесіне қойды.

— Кей кездері, — деді Фарибе даусын бәсеңдетіп, — дәліздегі сағаттың шықылын естігенімде, осыдан кейінгі оларсыз өткізетін күндер, апталар, айлар, жылдар есіме келеді де, бейне біреу кеудемнен басып тұрғандай тынысым тарылып кетеді, Ләйла. Сен түсінбейсің. Мен сондай әлсіреп барамын. Кейде жығылған жерімнен тұрмасам, мәңгі орнымнан тұрмасам деп тілеймін.

— Сізге қалай жәрдемдессем екен, шеше?

Ләйла шешесіне шын елжірегенімен, сөздері естір құлаққа жадағай әрі жай мүләйімсу сияқты білінді.

— Сен мықты қыз болдың, — деді шешесі терең күрсініп. — Ал мен саған жақсы ана бола алмадым.

— Олай демеңіз, шеше.

— Бұл шын. Мен білемін. Сол үшін көңілім алаң, құлыным.

— Шеше?

— Әу?

Ләйла басын көтеріп отырды да, шешесіне қарады. Шашына ақ түсе бастапты. Бұрыннан етжеңді, толықша келген шешесінің сонша қуарып кеткеніне таңғалды. Жағы суалып, көйлегінің кеудесі көлбіреп қалған. Неке жүзігі де саусағынан түсіп қала береді.

— Сізден бірдеңе сұрасам деп ойлап жүргеніме көп болды.

— Нені сұрамақ едің?

— Сіз ешқашан... — Ләйла сөзін бастады. Ол ойлағандарын Хасинаға айтқан еді. Хасинаның берген кеңесі бойынша, құтыдағы аспириндерді қоқысқа лақтырып, асүйдегі пышақтар мен кәуап істіктерін диванның астындағы кілемге жасырып қойған. Хасина ауладан тауып алған арқанды біржақты еткен. Әкесі Ләйладан ұстарасын сұрағанда, ол өзінің

қорқынышты ойларын айтуға мәжбүр болған. Өзінің артық кеткенін, ондай қорқынышты жағдайдың еш уақта болмайтынын әкесінің аузынан естуден үміттенген. Алайда әкесі қорқу мен таңырқау аралас үнсіз сілейіп қарап тұрған.

— Сіз ешқашан... мен сізге алаңдаймын.

— Мен сол бір сұм хабарды естіген күні-ақ солай істеуді ойлағанмын, — деді шешесі. — Саған өтірік айтпаймын. Одан кейін де көп ойландым. Бірақ болмайды. Сен алаңдама, Ләйла. Ұлдарымның арманы орындалғанын көргім келеді. Кеңестіктердің жеңіліп, моджахедтердің Кабулға жеңіспен оралғанын өз көзіммен көремін. Ауғанстанның азаттыққа қол жеткізегенін көрсем, ұлдарым да менің көзіммен сол күндерді көреді.

Фарибе Ләйланы терең ойға қалдырып, ұйқыға кетті. Ләйлаға өзінің өмір сүретінін білдірді. Дегенмен ол өзінің өмір сүруге ниет етуінің ешқашан Ләйла үшін еместігін ескерткені де секілді. Ол шешесінің жүрегінде ешқашан ағаларындай із қалдыра алмайды. Ләйла үшін шешесінің жүрегі бейне теңіздің құмды жағалауы секілді. Оның шешесінің кеудесінде қалдырған іздері ағаларының қасіреттерімен жуылып кете бермек.

6

Таксист арт жағынан көрінген Кеңес армиясының «УАЗ» және бронетранспортерлерін алдыға өткізіп жіберу үшін көлігін жол шетіне тоқтатты. Таксисттің қасында отырған Тарых терезеден сыртқа қарап, орыс тілінде айғайлады.

— Пожалуйста!

«УАЗ» көлігі сигнал берді. Тарых ысқырып жауап қайтарып, қолын бұлғады.

— Керемет зеңбіректерің, мықты машиналарың, сонша қуатты армияларың бола тұрып, рогаткасы ғана бар бір қауым

шаруаға да тең келе алмағандарыңды қайтейін! — деп айғай салды Тарых.

Әскерлер өтіп кеткен соң, таксист көлігін орнынан қозғады.

— Тағы қанша жол қалды? — деді Ләйла.

— Жолшыбай әскери көліктер, тексеріс қарауылдары кедергі жасамаса, бір сағат шамасында жетеміз, — деді таксист.

Хакім Ләйла мен Тарыхты бір күндік сапарға алып шыққан. Хасина да олармен бірге баруды ойлаған. Алайда әкесі рұқсат етпеді. Бұл сапарды Ләйланың әкесі жоспарлаған. Жалақысы бүгінгі бір күндік шығынға әрең жетсе де, бұл сапар үшін ол такси жалдап алған. Ол қайда бартындарын да Ләйлаға анық айтпады. Ләйла бұл сапардың өзінің білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтетінін ғана білетін.

Олар таңғы бесте жолға шыққан. Ләйла көлік терезесінен қарлы шыңдарды, құмдықтарды, егіс алқаптарын, күн нұрымен шағылыса жытыраған тастарды тамашалады. Жолай бір қыдыру саз балшықтан тұрғызылған үйлер мен дестеленген, бауланған, төбе-төбе болып үйіліген бидай егістіктерінен өтті. Алсытан қарауытқан көшпенділердің қара қостарын Ләйла бірден таныды. Кеңес әскерлерінің күйреген танкілері мен тік ұшақтарының қираған қаңқалары да көзге шалынады. Ләйла жол бойы Ахмет пен Нұрдың Ауғанстанын көргендей болды. Сол соғыстар осы өлкелерде жүргізілген еді. Кабулда бұл соғыстардың пұшпағы да болмаған. Анда-санда естіліп қалатын мылтық даусын, жол шетінде шылым шегіп тұрған Кеңес әскерлері мен өтіп бара жатқан «УАЗ» көліктерін есепке алмағанда, «соғыс болып жатыр» деген сөз Кабул халқына тек көшедегі қауесеттер секілді ғана естілетін.

Түске таяу олар тағы екі тексеру пунктінен өткен соң, бір аңғарға жетіп келді. Әкесі Ләйлаға алыстан қызарып көрінген ескі қорғанды көрсетті.

— Міне, бұл — Шахри-Зохак, қызыл шаһар. Бұл шаһар бұрын қамал болған екен. IX ғасырда осы аңғарды басқын-

шылардан қорғану мақсатында салған көрінеді. XIII ғасырда Шыңғыс ханның немересі бұл жерге шабуыл жасапты, алайда жеңіліс тауып, өлтіріліпті. Кейін Шыңғыс хан бұл қамалды өзі келіп ойрандапты.

— Менің жас достарым, міне бұл біздің отанымыздың тарихы. Бір басқыншылардан кейін екіншісі басып келеді, — деді таксист қолындағы шылымының күлін терезеден сыртқа шертіп жіберіп. — Македондықтар, сасанилер, арабтар, моғолдар дегендей. Енді келіп кеңестіктер басып алды. Біз, ауғандықтар, бейне алдарында көрініп тұрған анау қорғанға ұқсаймыз. Қираған, тозығы жеткен, бірақ соның өзінде еңсемізді тік көтеріп тұрмыз. Бұл шындық емес пе, қалай ойлайсыз, Бадар?

— Шынында, — деді Хакім.

Жарты сағаттан кейін таксист көлігі тоқтатты.

— Енді көліктен түсіңдер, — деді Хакім, — төңіректі көріңдер.

Олар көліктен түсті.

— Әне, анаған қараңдар, — деді Хакім саусағымен нұсқап.

Тарых пен Ләйла ауыздарын ашып тұрды да қалды. Жүз жыл жасаса да, өздерінің мұндай әсемдікті көре алмайтындарын сезінді. Бір жүп Будда мүсіні Ләйла фотосуреттен көріп елестеткенінен әлдеқайда биік және көркем еді. Тік жартасқа ойылған бір жүп алып тас мүсін бейне екі мың жыл бұрынғы Жібек жолымен өтіп бара жатқан керуендерге қарағандай өздіріне қадалып тұраған. Мүсіндердің екі жағындағы қабырғаларда жыпырлаған көп үңгірлері бар.

— Мына мүсіндердің алдында өзімді құмырсқадай сезініп тұрмын, — деді Тарых.

— Үстіне өрмелеп шыққыларың келе ме? — деді Хакім.

— Мүсіннің үстіне ме? Шығуға бола ма? — деді Ләйла.

Хакім күлімсірей қолын созып:

— Жүріңдер, — деді.

Тарых Ләйламен Хакімнің қолынан ұстап, тар да қараңғы айналма баспалдақтармен қинала жоғары өрмеледі. Жартастардан олар ұяшықтар мен қараңғы үңгірлерді көрді.

— Абайлаңдар, — деді Хакім. Даусы жаңғырып кетті. — Бұл жерлер сәл қатерлі.

Баспалдақтың бір бөлігі үңгірге тұтасатын.

— Әсте төмен қараушы болмаңдар, балалар, жоғары қараңдар.

Баспалдақпен төбеге шыққанша Хакім оларға Бамияннның IX ғасырдан бұрын яки араб мұсылмандарының билігіне отудеп бұрып, Будда діпінің гүлденген орталықтарының бірі болғанын әңгімеледі. Құмтасқа салынған үңгірлер өз уақытында мүсіндерді ойып жасаған монахтар мен сапарлай келгендердің қоналқысы болған. Монахтар үңгір қабырғалары мен төбелеріне ғажап фрескаларды сызып қалдырған.

— Бір кездері, — деп сөзін жалғады Хакім: — міне, осы жерде бес мыңнан астам монах дәруіш болып өмір сүрген екен.

Олар шоқыға шыққанда Тарыхтың аяғында жан қалмады. Хәкім ентіге дірілдеп қалса да, көзі шоқтай жанып тебіреніп тұрған.

— Біз қазір мүсіннің төбесінде тұрмыз, — деді ол маңдайындағы терді қол орамалымен сүртіп, — анау жақта бір қуыс бар. Сол жерден төңіректі тамашалайық.

Олар жартастың астындағы қуыстың аузына абайлап басып жеткен соң, Хакім балалардың ортасында тұрып, төменге көз салды.

— Былай қараңдаршы, — деді Ләйла.

Хакім күлімсіреді.

Бамиян аңғары көсіліп жатқан егістік. Дүмбе бидай, жоңышқа, картоп жапырақтары алыстан жап-жасыл текеметтей көз тартады. Егістік арасына қатар-қатар ақ теректер отырғызылған. Арық-тоғандар бір-бірімен айқыш-ұйқыш шырматылып жатыр. Тоған бойында әйелдер кір жууда. Хакім оларға

тау бөктерінде қатарласа созылып жатқан күріш пен арпа егістігін көрсетті. Күзгі жиым-терім науқаны болғандықтан алыстағы балшық тамдардың шатырларында күріш пен арпаларын жайып жатқан, ағараңдаған ұзын шапан киіп алған адамдар көрінеді. Қалаға тұтасатын күре жолдың екі жағалауында қатар кеткен ақ теректер болса, базар орталығында шағын дүкен, шайханалар мен шаштараздар бар. Ләйла алыстағы таулы кент, қағыр адырларға назар салды. Одан да әрі Ауғанстандағы күллі тіршілікті сыртынан бағып, бақылап тұрған қойнауын мұз құрсаған, ақ сәлделі маңғаз Гиндукуш тауы жатыр.

Зеңгір аспанда теңгедей бұлт жоқ.

— Неткен ғажап, ә! — деді Ләйла терең тыныс алып. Өрісте қоралы қой, үйірлі жылқы үнсіз жайылады. Маңырап та, кісінеп те қоймайды.

— Әр жолы осында келгенімде дәл осы тыныштықтан рахаттанамын. Сендерді де сондай ғажап күйге бөленсін деп алып келдім. Ең бастысы, ата-бабаларыңның іздерін көрсін, елінің тарихынан тағылым алсын дедім. Кейде жұрттан естіп, кітаптан оқып біліп алуға болады. Бірақ кей дүниені өз көзіңмен көріп, жүрегіңмен сезінгенде ғана түйсіне аласың.

— Қараңдар, — деді Тарых әуедегі бүркітті көрсетіп.

— Шешемді де осы жерге алып келген бе едіңіз? — деді Ләйла.

— Көп рет әкелдім. Ахмет пен Нұр өмірге келмей тұрып, олар туғаннан кейін де көп келдік. Ол кездері шешең едәуір тәуекелшіл әйел еді. Сондай сергек... Өмірімде ол секілді ақжарқын және өжет жанды көрмегенмін, — деді ол қиялдай күлімсіреп. — Оның ешкімге ұқсамайтын күлкісі бар, Ләйла. Мен сол күлкісіне басым айналып қалып, оған үйленгенмін. Ол адамды бейне шамдай ерітіп жібере алады. Мойынсұнбай шараң жоқ.

Хакім шашы желмен қобырап, шынтағымен тасқа сүйеніп, бір қолымен маңдайын тіреп, күн нұрында көзін сығырайта

алысқа көз тіге Фарибені ойлап тұрған. Хакімге қарап тұрған Ләйланың бойын бір жылы ағыс шарпып өтті.

— Мына жақтағы қуыстарды көріп келейін, — деді Тарых.

— Абайлап жүр.

— Иә, аға, — Тарыхтың даусында пайда болған жаңғырық төңіректі жаңғыртты.

Ләйла төмен жақта әңгімелесіп тұрған үш адамды көрді. Олардың қасында бұтаға байлаулы бір сиыр тұр.

— Мен де ағаларыңды сағынамын, Ләйла, — деді Хакім көзіне жас іркіліп, иегі дірілдеп. — Мен енді шешеңмен... ол қуаныш пен қайғыға өзін көбірек жеңдіреді. Күйініш-сүйінішін жасыра алмайды. Алайда мен оған ұқсамасам керек. Бәрін ішімде тындырып... Дегенмен бұл жағдай мені де құлазытты. Оларды қатты сағынамын. Оларды ойламаған бір күнім болған емес. Қатты қайғырамын, Ләйла, қатты қайғырамын, — ол көзінің қиығын қолының сыртымен сүртіп, сөзін аяқтамақшы болды. Жылап жібермес үшін ернін тістеді. Айналаны өлі тыныштық басты. — Аллаға шүкір, бақытыма сен барсың, — деді ол терең тыныс алып. — Сені берген Ұлы Жаратушыға алғысымды айтып, дұға қыламын. Әр күні дұға қыламын. Кейде, шешең ашу-ызаға беріліп қапаланған күндері, сенен басқа ешкімім жоқ екенін сезінемін, Ләйла.

Ләйла әкесіне жақындап, басын кеудесіне қойды. Хакім қызынан әсерленіп кетті. Әдетте оның көңіл күйін бұлай білдіретін кездері сирек еді. Қызын бауырына басып, маңдайынан сүйді. Екеуі Бамиян аңғарына қарады.

— Бұл жерді сонша жақсы көрсем де, кейде тым шалғай өлкелерге кеткім келеді, — деді Хакім.

— Қайда?

— Шалғайға, бұл жердегі қасіретті ұмытуға септігі тиетін мекенге. Мүмкін, әуелі Пәкістанға барармыз. Ол жерде құжаттарымызды ыңғайлағанша бір-екі жыл тұрып қалармыз.

— Содан соң ше?

— Содан соң... бұл дүние кең. Жолымыз түссе, Америкаға тартамыз. Калифорния селкілді теңіз жағалауындағы штаттарға барып қоныстанармыз.

Хакім Ләйлаға «Американдықтардың көңілі дархан, құшағы кең. Жайғасып алғанша қаржылай жәрдем береді» деп түсіндірді.

— Бара салып жұмыс табамын. Бір жылдан соң азырақ ақша құрап, кіші гірім Ауған мейрамханасын ашамыз. Бірнеше үстел-орындық, кілемдермен қарапайым ғана әсемдейміз. Қабырғаларына Кабулдың суреттерін ілеміз. Американдықтарға Ауған тағамдарының тіл үйірер бал дәмін татқызып жібереміз. Шешеңнің қолынан даярланған асқа аузы бір тисе, олар көше бойлап ұзын-сонар кезекке тұрар еді. Сен, әлбетте, мектепте оқисың. Сені орта мектепте, одан университетте оқыту біздің міндетіміз болады. Дегенмен бос уақытыңда қонақтардан тапсырыс алып, шай құйып жәрдемдессең болады.

Хакім мейрамханада туған күн отырыстарын, неке шайын беру рәсімін, жаңа жылды тойлау дегендей іс-шараларды өткізу үшін үстелге тапсырыс берсе де болатынын сөз қылды. Оның айтуынша, олардың мейрамханасы өздері іспеттес соғыстан қашып барған Ауғандардың бас қосатын орнына айналады. Қонақтар қайтып кеткен соң, Хакім, Ләйла, Фарибе үшеуі бірге ыстық шай демдеп іше отырып, Құдайдың өздеріне берген ризығына шүкір айтып, мейрамхананың табысын есептейді екен.

Ол сөзін аяқтап, үнсіз қалды. Ләйла да жым-жырт қиялға шомды. Фарибенің ешқайда бармағаны әр екеуіне де аян еді. Ахмет пен Нұрдың тірі кезінде Ауғанстаннан кету — Фарибе үшін мүмкін болмаған шаруа. Енді міне, олар шахит болғанда ондай ойларда болу Фарибе үшін балаларының берген құрбандықтарына қылған қиянаты мен опасыздығы саналмақ.

— Мұндай қиялдауға батылың қалай барады? — шешесі Ләйлаға осылай дегендей сезілді. — Олардың қиған жаны сен үшін түкке тұрғысыз нәрсе ме, о, ағасы? Өзімді балаларымның қаны төгілген осы топырақта тік басып тұрғандығыммен жұбатамын. Жоқ, желкемнің шұңқыры көрсін сол жерлеріңді.

Осы күндерде Хакім үшін Фарибені оның әйелі дегеннен гөрі, қызының шешесі десе жарасар. Әйтсе де, Хакімнің Фарибені тастап ешқайда кетпейтіні Ләйлаға анық. Фарибенің көңілі үшін Хакім өзінің қандай да тәтті қиялын бейне киіміне жұққан шаңды қағып тастағандай-ақ бір жаққа сыра салмақ. Сол үшін де олар Ауғанстаннан кете алмайды. Соғыс біткенге дейін, тіпті соғыстан кейін де осы топырақта қалмақ.

Бір жолы Фарибе Ләйлаға өзінің ынжық бір еркекке тиіп қалғанын жыр қылған. Алайда ол өзі үшін, өзіне деген махаббаты үшін бар өмірін бағыштаған бір адамның өзіне телміре қарап тұрғанын түсінбеген.

Түскі аста олар суға пісірілген жұмыртқа, картоп пен нан жеді. Қарны тойған соң Тарых сарқырап су ағып жатқан арықтың жағасында күртесін басына жастап, ұйқыға кетті. Таксист бадам дәнегін сатып алмаққа базар айнлып келуге жүрді. Хакім бір түп үклен акация ағашының саясында кітап оқуға кірісті.

Кітап Ләйлаға таныс. Хакім оны Ләйлаға оқып берген. Онда Сантиаго есімді балықшының едәуір үлкен балықты ұстап алғаны, жағаға жеткенше балығын акулалар жеп тауысқаны баяндалады.

Ләйла ағындағы салқын суға аяғын малып отырған. Қамыс басын ырғалтып, қоңыр самал еседі. Шыбын-шіркей, масаның ызыңы бір тынбайды. Күн нұрымен жарқыраған қанаттарын кең жайған инелік жабайы шөптердің жапырағына қонуға ыңғайланып, қайта көтеріледі. Арықтың арғы бетінде бірнеше хазара балалары кеберсіген сиыр тезектерін теріп, арқалап алған қалталарына жинап жүрген. Алыстан

қодықтың аңыраған даусы естілді де, артынша генератор гүрілдеп қоя берді.

Ләйла әкесінің манағы сөздерін қайталай есіне алды: «Теңіз жағалауындағы штаттарға...»

Будда мүсінінің төбесіндегі әкесімен болған әңгімеде ол өздерінің Ауғанстаннан кете алмайтынына риза екенін айтпады. Ол жан досы Гитиді, өжет те сөзшең Хасинаны сағынады. Тарых Газниға кеткен кездегі төрт апта ол үшін тым ұзақ, ең мағынасыз өткен күндер болғаны санасында сыналанып қалған. Сөйте тұра, оны мәңгі көре алмау азабына қайдан төзсін?

Соғыс өрті ағаларының жанын жалмаған осы топырақта тағы бір адаммен бірге болуды тілеу жанынан безгендік шығар бәлкім. Әйтсе де, ол Тарыхтың Хадимнің сазайын берген кезіндегі бейнесін көз алдына келтіргенде, оның қасында болу Ләйлаға бұл дүниеде ең қауіпсіз болумен бара-бар істей сезілген.

Алты айдан кейін, 1988 жылы сәуірдің бір күні Хакім үйге таңғаларлық хабар алып келді.

— Олар келісімге қол қойыпты, — деді ол, — Женевада ресми қол қойыпты! Олар кетеді екен. Тоғыз ай ішінде барлық Кеңес әскері Ауғанстаннан шегініп шығады.

Жантайып төсегінде жатқан Фарибе мырс етті.

— Кеңес компартиясы әлі де өмір сүретіні рас болса, — деді ол, — президент Наджибулла биліктен ешқашан кетпейді. Ол — Кеңес Одағының қуыршағы. Жоқ, меніңше, соғыс мұнымен бітпейді.

— Наджибулланың да күні бітуге шақ, — деді Хакім.

— Олар кетеді екен, шеше! Ауғанстаннан шығатын болыпты! Бұл рас!

— Екеуің қуаныштарыңды тойлай беріңдер. Моджахедтер Кабулға келіп, жеңіс шеруін жасамайынша жай таппаймын.

Фарибе сөзін доғарып, жастыққа бас қойды да, көрпесін қымтады.

7

1989 жыл, қаңтар

Үш күннен соң Ләйла он бірге толмақ. Қақаған суық бір күні, ол Хасинамен бірге ата-анасына ілесіп, Кеңес әскерлерінің ең соңғы қосыпының қаладан шегініп шығуын кормекке көшеге шықты. Қарақұрым халық Уәзір Әкбархан ықшам ауданының сыртындағы әскери базаның екі жағында жағалай тізіліп тұрған. Олар қар-батпақ араласқан көшені таптап, қатарласып өткен танкілерге, қарулы әскерлерді алып бара жатқан көліктер мен бронетранспортерлерге қарап тұрысқан. Жиналған жұрттың бір тобы ысқырып, айғайлап, қол соғып, ұлардай шуласты. Ауғанстан әскерлері күре жолға шығып алғандарды ығыстырып, оқ атып, ескерту жасайды.

Фарибе Ахмет пен Нұрдың алмұрт ағашының астында бірге түскен суреттерін басынан асыра биік көтеріп тұрды. Өзге ойелдер де шахит болған күйеулерінің, ұлдарының, туыстарының суреттерін көтеріп алған.

Әлдекім Ләйла мен Хаснаның иығынан жеңіл қақты. Тарых екен.

— Андағы бәлені қайдан таптың? — деді Хасина қорқып.

— Мынау ерекше күнді құттықтағым келді, — деді Тарых. Басына орыс құлақшынын мыжырайта киіп алыпты. Онысының екі жағы салақтап тұр. — Қалай, жараса ма?

— Өзгеше болып тұрсың, — деді Ләйла сықылықтай күліп.

— Көздегенім де сол ғой.

— Ата-анаң да сен сияқты киініп келді ме?

— Жоқ, олар үйде қалды.

Өткен күзде Тарыхтың кіші әкесі Газнида жүрек талмасынан қайтыс болған. Бірнеше апта өтпей-ақ оның әкесінде де

жүрек ауруы пайда болды. Содан бері оның көңілі пәс тартып, жабырқап жүрген. Ләйла бүгін оның бұрынғыдай көңілді бейесін көріп сүйінді.

Хакім мен Фарибе Кеңес әскерлерінің шегініп шығуын көріп тұрғанда, Ләйла, Тарых, Хасина үшеуі топтан бөлініп, төңіректі айналып келуге жүрді. Тарых екеуіне көшеден аскөк салынған бұршақ сорпасын алып берді. Олар сорпаны құлыптаулы тұрған кілем дүкенінің алдында отырып ішкен соң, Хасина ата-анасын іздеп, жиналған топқа кіріп кетті.

Қайтарда, Тарых пен Ләйла автобустың артқы орындығына отырды. Ләйланың әке-шешесі алдыңғы жаққа жайғасты. Шешесі терезе жақтағы орындықта қолындағы суретін мықтап құшақтап отырған. Әкесі қасындағы адамның «Кеңес әскерлері қайтып кетсе де, Наджибулланы қаружарақпен қамтамасыз етеді» деген тұспалдарын құлықсыздау тыңдап отырған еді.

— Ол дегеніңіз — Кеңес Одағының қолшоқпары. Мұндағы соғысты енді олар Наджибулла арқылы жалғастырады. Бұл туралы кім болса да бәстесе аламын.

Жолаушылардың бірі оның пікірімен келісетінін білдірді.

Сол күні кешқұрым, Ләйла мен Тарых Кеңес Одағының парсы тіліне аударған «Парк» фильмін көруге барды. Фильмге парсы тілі өзгеше түс беріпті. Онда жүк кемесінде орын алған бір оқиға баяндалады. Капитанының қызы Алена мен кеме қызметкері бір-бірін ұнатып қалады. Сапар үстінде кеме дауыл мен жауын-шашынға ұшырайды. Кеме қызметкерлерінің бірі абдырап, бар даусымен айғайлады. Әйтсе де, оған жасалған парсы тілінде дубляж тым бәсең әрі байсалды түрде: «Мырзам, айып етпесеңіз, анау арқанды беріп жіберсеңіз», — дейді.

Мұны естіген Тарых еріксіз күліп жіберді. Ләйла да ілесе сықылықтады. Әр жолы фильмдегі оқиға мен оған сай келмейтін дыбыстауларды естігенде олар күлкілерін

тыя алмады. Алдында отырған кісі олардың тынышталуын сұрап әлек.

Фильмнің соңында Алена әкесін көндіріп, кеме қызметкерімен некелеседі. Екі жас шаттыққа шомады. Кемедегілер олардың тойымен мәре-сәре болып арақ ішіседі.

— Ешқашан үйленбеймін, — деді Тарых сыбырлап.

— Мен де, — деді Ләйла екіленіп. Тарыхтың сөзі оны үмітсіздендірсе де, ештеңе сездірмеске тырысып, даусын көтере түсті. — Менің де ешқашан тұрмысқа шыққым келмейді.

— Үйлену деген ақымақтық қой.

— Бос әурешілік десеңші.

— Бекерге сонша ақша шашып.

— Нені айтасың?

— Қайта киілмейтін киімдерге деймін.

— Егер мен үйленсем, — деді Тарых, — олар маған, қалыңдыққа және менің басыма тапаншасын тіреп тұрған адамға орын дайындаулары керек.

Алдында отырған адам оларға қабағын түйе бұрылып қарады. Экранда Алена мен күйеуінің сүйіскені көрсетіліп жатқан. Ләйланың жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Құлағының түбінен ыстық ағыс шарпып өткенін аңғарды. Тарыхтың да тынысы тоқтап қалғандай. Экрандағы сүйіс ұзақ жалғасты. Ләйла орнынан қозғалмауға, үнін шығармауға тырысты. Көзінің қиығымен Тарыхты күзетті. Оның да өзіне назар аударғанын сезіп отырған. Тарых оның тынысының жиілегеніне, жүзі қызарып, тұла бойы ысып бара жатқанына назар аударды ма? Оны сүйіп алса қалай болады? Аузының айналасындағы түктері ерніне тиіп мазасы қашса ше?

Тарых та қипалақтап, тыпырши бастады. Арадағы ыңғайсыздықты реттеу үшін тамағын қырнап:

— Естуімше, Сібірде түкірсең, түкірігің мұз болып түседі екен, — деді.

Екеуі қысыла абдырап күле берді. Фильм бітіп, сыртқа шыққанда, күн ұясына қонып, ымырт үйірілген еді. Тарыхтың көзіне күннің жарығында қараудан құтылғанына Ләйла қатты қуанды.

8

1992 жылдың сәуір айы

Арада үш жыл өтті.

Бұл аралықта Тарыхтың әкесінің миына бірнеше рет қан құйылып, сол қолы сал болып қалды. Сөздері анық болмай, көңілі жабырқау кездерінде сөйлесудің өзі қиынға соғатын. Тарыхтың протез аяғы да тарлық етті. «Қызыл крест» комитеті арқылы жаңа протез алуына мүмкіндігі болса да, дайын болуын алты ай күтуіне тура келген.

Хасина алаңдаған жағдай ақыры орын алды. Отбасындағылар оны Лахордағы көлік жөндеумен айналысатын немере ағасына ұзату үшін алып жүрмекші болды. Жолға шығатын күні таңсәріде Ләйла мен Гити Хасинаның үйіне қоштасуға барды. Хасина болашақ күйеуінің өзін Германияға алып кету үшін құжаттарын ыңғайлап жатқанын айтты. Оның бір жыл ішінде күйеуінің ағалары тұратын Франкфуртқа барып қоныстанатыны алдын ала кесіп-пішілген шаруа көрінеді. Үш дос ұзақ қоштасып, жылап-сықтасты. Әсіресе Гити қатты құлазыды. Хасина әкесімен бірге адам лық толған автобустың соңғы орындығына жайғасты. Ләйла оған қарап, соңғы рет қолын бұлғады.

Кеңес Одағы әлем халқының көз алдында таңғаларлық тездікпен ыдырап кетті. Ләйланың әкесі бірнеше аптада бір рет Литва, Эстония, Украина қатарлы елдердің арт-артынан тәуелсіздік жариялаған хабарларын алып келді. Арада көп өтпей Кремль сарайы алдындағы Кеңес Одағының туы түсіріліп, Жаңа Ресей Федерациясы дүниеге келді.

Ал Кабулда Наджибулла тактикасын өзгертіп, өзін тақуа мұсылман етіп көрсетуге ұрынды.

— Ол кешікті, — деді Хакім: — жалғыз сәтте үкіметтің шпиондық органының бастығы болып, ертесі-ақ өзі қинап өлтіргендердің туыстарымен бірге ешқашан намаз оқи алмайды.

Жағдайдың өзіне тиімсіз болып жатқанын түсінген Наджибулла моджахедтермен келісім түзуге тырысса да, олардың тойтарысына ұшырады.

— Олар келісім бермей дұрыс істепті, — дейтін Фарибе тосегінде жантайып жатып. Ол моджахедтердің жеңіс туын желбіретететін, ұлдарының дұшпандарының ойсырай жеңілетін күнін төрт көзбен күткен.

Фарибе түнді таңға жалғап, сарыла күткен күн ақыры туды. 1992 жылы сәуірде, Ләйла он төрт жасқа толған жылы, Наджибулла жеңіліске ұшырады. Ол Даруламан ордасының оңтүстік қақпасының маңында орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымының қызмет ғимаратынан пана тапты.

Фарибе ұзақ жылдар күткен күн ақыры жетті. Міне, енді, ұзақ жылдық азаптың бодауы өтеліп, соғыста құрбан болған ұлдары о дүниеде алаңсыз жататын болды.

Наджибулла жеңілген күні Фарибе орнынан атып тұрды. Ахмет пен Нұр қаза болған бес жылдан бері киіп жүрген қаралы киімін тастап, алғаш рет үстіне ақ шілтерлі, көк түсті көйлек киді. Терезелерді сүртіп, еденді сыпырып, үйді желдетті. Үні де қайта жаңғыра бастады.

— Мен бір отырыс жасайын, — деді ол Ләйланы көршілерді шақыруға бұйырып, — шешем ертең түстеніп кетуге шақырады де.

Фарибе асүйге кіріп, екі қолымен бүйірін таянып, жанжағына барлай қарады.

— Асханамды не істегенсің-а, Ләйла? — деді бар даусымен. — Әй, Алла, бәрінің орны ауысып кетіпті.

Ол өзінің қайтып келгенін жариялағандай, асханадағы қазан-ошақ, ыдыс-тегенелерді бұрынғы орнына жайғастыра бастады. Ләйла шешесінің аяғына оралмайын деп бір шетте қарап тұрды. Фарибе қуанғанда, тебіренгенде бейне қапаланғаны секілді өзін ұстай алмайтын. Сол тебіреніспен тамақ әзірлеуге кірісті: кептірілген зире қосылған бұршақ сорпасы, аскөк себілген мәнті...

— Қасыңды теріпсің ғой, — деді ол, күріш қалтасының аузын ашып жатып.

— Аздап қана.

Фарибе күрішті қайнап жатқан қазанға салып, жеңін түріп, ожаумен араластыра бастады.

— Тарыхтың жағдайы қалай?

— Әкесі ауырып қалыпты.

— Нешедегі адам?

— Алпыстар шамасында болса керек.

— Жоқ, Тарыхты айтамын.

— Ие, он алтыда.

— Ол жақсы бала болыпты.

Ләйла иығын қомдап қойды.

— Енді оны бала деуге де болмас, он алтыға келсе, атпал азамат болғаны. Дұрыс емес пе? Сіздің ойыңызша?

— Ештеңе, — деп күлімсіреді Фарибе. — Мен... сол... Болды, ештеңе демекші емеспін. Ең жақсысы, үндемейін.

— Бірақ сіздің бірдеңе айтқыңыз келіп тұрғандай, — деді Ләйла тақауырлап.

— Айтайын дегенім, — деді Фарибе қазандықтың ернеуін ұстап. Сөз ауанынан тәрбие айтқысы келіп тұрғаны байқалады: — бала күндеріңде бірге ойнап жүргендеріңде сонша сүйкімді, жарасымды көрінетінсіңдер. Ешкімнің онда шаруасы болмайтын. Ал қазір басқаша. Сен көкірекше кие бастапсың, — Ләйла ұяла төмен қарады. — Маған бір ауыз айтпапсың, көңілім құлазып қалды. Оныңды байқамап-

ның, — деді Фарибе даусын көтеріп. — Десе де, айтпағымның көкірекшеңе қатысы жоқ. Тарых екеуіңді айтамын. Қалай дегенмен ол бір ұл бала. Оның абырой дегенмен шаруасы бар дейсің бе? Ал сен ше? Сен секілді сымбатты қыздар үшін ізет-абырой, ар-намыс өте маңызды, Ләйла. Абырой деген — қолыңа қонған құс, ұстай алмасаң, ұшады да кетеді.

— Сіз де әкеммен тығылып, қоршаудан асып, бақтарда қуаласып жүріпсіз ғой? — деді Ләйла шешесінің сонша тез қалпына келгеніне риза болып.

— Әкең екеуіміз — немерелес туыспыз. Ең тәуірі, біз үйлендік. Ол жігіт саған соз салды ма?

— Ол — жай ғана досым. Арамызда ондай іс жоқ, — деді Ләйла өзін ақтап, — Ағам десем де болады, — деп қосып жіберді ойланбастан.

Сол сәтте Фарибенің жүзіндегі күлкі табы демде ғайып болды. Ләйла өзінің қателескенін білді.

— Олай емес, — деді Фарибе қатаң түрде, — сол сынар аяқты баланы ағаларыңа ұқсатпа. Мына дүниеде ешкім де ағаларыңа ұқсамайды.

— Олай демедім. Мен... мен ондай ойда болмадым.

Фарибе ауыр күрсініп, дегбірсіздене таңдайын қақты.

— Қалай болмасын, — деп сөзін сабақтады ол. Манағы арыны қайтып қалған, — сақ жүрмесең, елдің өсек-аяңына ілігесің.

Ләйла бірдеңе айтпақшы болып аузын ашты да, іркіліп қалды. Шешесінің айтқандарының қисыны да жоқ емес. Тарыхпен көшеде қуаласып ойнайтын сәби шақ әлдеқашан келмеске кеткен. Онымен бірге сыртқа шыққа өзгелер екеуіне ұрлана қарап тұрғандай, бір-бірінің құлағына сыбырлап жатқандай сезінетін болған. Өзінің Тарыхқа деген сезімі де бұрынғыға ұқсамайтын. Оған бар жанымен, ынты-шынтымен берілген. Оның қасында бола қалғанда қиял құсы басқа бір әлемге, Тарыхтың құшағына апаратын. Кештерде төсегіне

қисайып көзін жұмса болды, Тарых оны ыстық құшағына қысып, алақанымен денесін аялай сипап, мойнынан, иығынан, кіндігінен ыстық махаббатпен ернін тигізіп сүйген бейнесін елестететін. Мұндайды көз алдына келтіргенде тұла бойын қымсынумен қоса бір ыстық сезім билеп алатын.

Жоқ. Фарибенің сөздерінің астары бар. Бәлки ол Ләйла ойлағаннан көп білетін шығар. Қайсыбір көршілері оны мен Тарых хақындағы сыбыр-күбірді әлдеқашан бастап жібергені анық. Ләйла олардың бұлай қарауын Тарых пен өзін сөз байласып жүр деп үкім кесіп, өсек-ғайбаттарын боратып жүргендерін сезген. Бірде, ол Тарыхпен бірге етікші Рашид пен оның басынан бақайшығына дейін бұрқамен оранып алған әйелі Мәриямның қасынан өтіп бара жатқанда, Рашид оларды XII ғасырда жасаған Низамидің әйгілі дастанындағы ғашықтарға ұқсатып: «Ләйлі-Мәжнүн дегеніңіз осылар болар» деп қағытқан. Бұл дастан Шекиспир заманынан төрт ғасыр ілгері жазылған. «Ромео мен Джульетта» дастанының парсыша нұсқасы деуге негіз бар еді.

Фарибенің сөзінің жаны бар.

Дегенмен Фарибенің ендігіде Ләйланың өміріне араласуы оның мазасын қашырған. Бұл сөздерді әкесі айтса, Ләйла үшін оның жөні бір бөлек. Ал шешесі ше? Сонша жылдардан бері ол өз әлеміне бекініп алып, Ләйланың қайда барғанын, не істегенін, кіммен жолығып, нені ойлап жүргенін сұрап та қоймаған еді ғой? Асүйдегі қазан-ошақпен шаруасы болмағаны секілді оны ысырып қойып, енді келіп көңіл бөле қалғаны, көңілі орныққанда ғана Ләйлаға егелік ете қалуы әділетсіздік емес пе?

Әйтсе де, бүгін Фарибе үшін ерекше күн. Жоқ, Ләйла мен әкесі үшін де маңызды күн. Қандай себеп болса да бүгін Фарибені ренжітуге болмас. Соны ойлаған Ләйла айтайын дегенін ірікті.

— Ойыңызды түсіндім, шеше, — деді ол.

— Жақсы! — деді Фарибе. — Ендеше, мәселе шешіліпті. Хакім ше? Қайда менің қымбатты күйеуім?

Көкпеңбек аспан теңгедей бұлтсыз. Ерлер ауладағы бүктемелі орындықтарда шай ішіп, шылым шегісіп, моджахедтердің бұдан былайғы жоспарлары хақында әңгіме тиегін ағытқан. Хакім Ләйлаға Ауғанстанның «Ауғанстан Ислам Мемлекеті» деп аталатынын айтқан. Ол тағы: «Бірнеше моджахед тобы бірігіп, Сибгатулла моджахедтің басшылығында Пешаварда құрылған «Ислам жиһад кеңесі» екі ай билік жүргізбекші екен. Содан соң Раббанидің қол астындағы басқарушы кеңес төрт айға елді басқару міндетін өз мойына алатын көрінеді. Осы алты айдың ішінде көсемдер мен ақсақалдардан «лоя жирга» деп аталатын жоғары кеңес құрылып, уақытша үкімет жасақталып, тағы ек ай билік тізгінін алмақ. Соңында демократиялық сайлау арқылы ресми үкімет құрылатын болыпты», — деді.

Қонақтардың бірі кәуап қақтай бастады. Тарыхтың әкесі мен Хакім алмұрт ағашының саясында білектерін түріп тастап, шахмат ойнауға кірісті. Тарых та олардың қасында ойынды тамашалап, саяси әңгімелерге құлақ түріп отырған.

Әйелдер қонақ бөлме, зал мен асүйді толтырды. Біреулері балаларын қолына көтере тербетіп әңгімеге ойысқан. Ұсақ балалар арлы-берлі қуаласып жүр. Магнитофонда Сараханның ғазалдары орындалып жатты.

Ләйла асүйде Гитимен бірге қамыр илеп жатқан. Гитидің бұрынғы тартыншақ, жабырқау мінезі өзгере бастапты. Бір ай ішінде Гитидің жүзіндегі салқындықтың орнына бұрын-соңды болмаған жылылық орнаған. Оның әп-сәтте жайраңдап шыға келгені Ләйлаға бастапқыда оғаштау көрінген. Бұрындары буып-түйіп жүретін шашын жайып жіберіп, аламыштап қызыл түске бояпты. Оның бұл өзгерістеріне он сегіздегі бір жігіттің себеп болғанын Ләйла қапысын тауып біліп алды. Ол

Гитиге ағa болып келетін футбол командасының қақпашысы Сабыр еді.

— Оның бар ғой, күлкісі сондай тартымды. Қап-қара шашын айтсаңшы, — деген Гити. Әлбетте, бұл туралы олар ешкімге жақ ашпаған. Гити Ләйлаға сол жігітпен Тайманның сыртындағы шайханада екі рет жасырын жолыққанын, әр жолы бар болғаны он бес минуттай ғана сөйлесетіндерін айтты. — Ол біздің үйге елші жібермекші, Ләйла. Жазға қалмай келуі мүмкін. Сен сенбейсің. Ол күндіз-түні ойымнан кетпейді.

— Оқуды қайтпексің сонда? — деді Ләйла. Гити басын қисайтып, «Сен мені түсінбейсің» дегендей қарап қойды.

Ілгеріде Хасина Ләйлаға: «Гити екеуіміз жиырма жасқа жеткенше төрт-бес бала туып үлгереміз. Бірақ сен, Ләйла, біз сияқты ақымақтардың мақтанышы болып қаласың. Құдай бұйыртса, бір күндерде газеттің бірінші бетінен суретіңді көретініме сенімім кәміл», — деген еді.

Гити өз қиялымен болып, жапырақтап қияр турай бастады.

Фарибе ашық түсті жаздық көйлек киіп алған. Ләйланың кіндік шешесі Важиме және Тарыхтың шешесімен бірге піскен жұмыртқаларды аршып отырған.

— Генерал Масудқа Ахмет пен Нұрдың суретін өз қолыммен сыйлаймын, — деді Фарибе. Важиме басын сыпайы изеп, Фарибенің сөздерін ықыласпен тыңдап отырғанын білдірмек болды. — Балаларымның жерлеу жұмыстарын ол өзі бас болып атқарды. Қабірлерінің басында құран бағыштады. Ұлдарымның суретін тарту етіп оның адамгершілігіне рақмет айтпасам болмас, — Фарибе тағы бір жұмыртқаны алып арши бастады. — Естуімше, Масуд жұртқа жақсылығын аямайтын, бекзада жан дейді. Менің құрметім мен сыйымды қабыл көріп, разы болары даусыз.

Өзге әйелдер тәрелкелерге салынған түрлі тағамдар мен нандарды дастарханға тізіп әбігерленуде. Тарых кіріп-шығып, оны-мұны ұстап, тасып жүрген.

— Ерлердің кіруіне рұқсат жоқ, — деді Гити.

— Шық, шық, мұнда кірме, — деді Важиме даусын көтеріп.

Тарых әйелдердің өзін итеріп шығарғандарына күлді. Олардың мазасын алғанынан қуаныш тауып ыржалақтай берді. Ләйла оған қарамауға тырысты. Көз біткеннің өзіне тігіліп тұрғанын, қарай қалса-ақ сөз қыдырып, сыпсың басталып кетуі мүмкін екенін білді. Ол көзін жерден алмады. Тарыхқа бағыттап бір ауыз сөз айтпады. Әйткенмен, арманының ақ құсы бірнеше күннің алдында ғана көрген тәтті түсінің аспанында шарқ ұрып, аласатып жүрген. Түсінде Тарых екеуі жасыл перденің астында бір-біріне айнадан телміріп тұрған. Күріш түйірлері Тарыхтың шашынан төгіліп, қолындағы кесеге құйылып жатқан.

Тарых қой етіне картоп қосып пісірілген қуырдаққа қолын созды.

— Ойбай, ұры, — Гити оның қолын қағып жіберді. Тарых бір кесек етті қағып алып, қаша жөнелді.

Тарыхтың бойы Ләйладан кемі бір қарыс ұзын. Соңғы кездері сақал-мұртын мұнтаздай қырып, жүзін жылтыратып жүретін болған. Иығы кеңіп, денесі толысқан. Киім киісін де өзгертіп, қырын шығара үтіктеген шалбар, қара мокасин киіп жүруді әдетке айналдырған. Қысқа жеңді көйлек кигенінде білегінің шымыр бұлшық еттері адырайып көрінетін. Тот басқан гірді күн құрғатпай көтеріп жаттығатын. Сөз саптауы, әңгімелесуі де өзгергендей. Тыңдаса басын сәл қисайтып, күлсе бір қасын көтеріп алатын. Маңдайына сырғып түскен ұзын шашын артқа жібермекке дамылсыз басын сілкіп тұрады. Миығынан күлу де кейінгі өзгерістерінің бірі.

Тарых соңғы рет асүйден қуып шығарылғанда, шешесі Ләйланың оған ұрланып қарағанын байқап қалды. Ләйла жүрегі атқақтай, Тарыхтың шешесіне жалт қарады да, көзін тайдырып ала жөнелді. Туралған қиярды тұзды су қосылған айранға салып, тоқтаусыз араластыра берді. Тарыхтың шеше-

сінің күлімсіреп, өзіне сырлы көзбен қарап отырғанын сезіп тұрды.

Ерлер жағы тәрелкелерін толтырып, аулаға шықты. Олар тамақ ауыз тиген соң, дастарханға әйелдер мен балалар жайғасты. Ас ішіліп біткенде, босаған ыдыс-кеселер асүйге тасыла бастады. Енді шай ішудің кезегі келген. Шай құйғыш әйелдер кімнің қара, кімнің көк шай ішетінін сұрап әлек. Тарых басқалардың шай бұйыртып әбігерге түскен сәтін қалт жібермей, Ләйлаға басымен ишарат жасап, сыртқа шығып кетті.

Бес минуттан соң Ләйла оның соңынан шықты.

Тарых үш үйден кейінгі көше қиылысында, қабырғаға сүйене, Устад Аваль Мирдің репертуарынан ескі пуштун әнін ыңылдай айтып, күтіп тұрған.

Бұл — біздің сүйікті Отанымыз,
Бұл — біздің ұлы Отанымыз.

Ол Ләйланы көріп, аузына толтырған шылым түтінін аспанға үрледі. Шылым шегу де — оның жуырда пайда болған жаңалықтарының бірі. Ләйла оның шылым шегуді жаңа достарынан үйренгенін білетін әрі сол жаңа достарын жақтырмайтын. Бәрі бірдей қырлы шалбар, бұлшық еттері білініп тұратын тар көйлектер киіп жүретін. Үстілеріне сепкен әтірлерінің тұтқыр исі сонадайдан бұрқырайтын. Барлығы дерлік шылым шегетін. Көшеде қораланып тұрып, арлы-берлі өткен қыздарды келекелеп, күлісетін. Достарының арасындағы Сильвестр Сталлонеге ұқсайтын біреуін олар «Рембо» деп шақыратын.

— Шылым шеккеніңді шешең көріп қалса, төбеңдіояды, — деді Ләйла алды-артына жалтақтап.

— Білдіре қоймаспын. Ол Ләйлаға орын босатып, шетке ығысты.

— Көр де тұр.

— Шешеме сен айтпасаң басқа?

Ләйла аяғының ұшымен жерді жеңіл тарпып тұрды.

— «Сырыңды жайып салып самалға, теректерді естіпті деп өкінбе».

Тарых бір қасын көтеріп күлді.

— Кім айтты екен десеңші, ә?

— Жебран Жәлел.

— Өзіңді көрсетіп қалуға тырысып жүрсің-ау, шамасы?

— Маған да бір тал берші.

Тарых басын шайқады. Жаңадан үйренген әрекетімен темекісін қисық тістеп, сау аяғын сәл бүгіп, қабырғаға сүйене берді.

— Бермейсің бе?

— Саған керек емес.

— Саған керек пе?

— Мен қыздар үшін шегемін.

— Қай қыздар үшін?

Ол мырс етті.

— Қыздардың көзіне темекі шеккен жігіттер ыстық көрінеді.

— Оны кім айтып жүр?

— Олай емес пе?

— Саған өтірік айтып нем бар.

— Жағымды көрінбей ме?

— Керісінше, сұрықсыз көрінесің.

— Бұл сөзің көңіліме келді.

— Қай қыздарды айтасың?

— Қызғанып тұрсың ба?

— Жоға, қызығып сұрап тұрмын.

— Қызғанып тұрып, қызығып дегеніңе жол болсын? Саған айтайын, олар қазір біз туралы әңгімені боратып жатыр.

Ләйланың құлақ түбінде шешесінің «бейне құс сияқты, ұстай алмасаң, ұшады да кетеді» дегені жаңғырды. Дегенмен

Тарыхтың «біз» дегені оның жүргіндегі өзін айыпты санаған, қымсыну сезімдерін күлан-таза жуып тастады. «Біз» дегені олардың бір-біріне әлдеқашан байланғанынан, Тарыхтың да бұл ақиқатты қабылдағанынан дерек береді.

– Олар нені сөз қылмақ?

– Бізді «күнә қылды», «харам ас жеді, шайтанның соңынан ерді» десіп жатыр, – деді Тарых.

– «Естері ауысты» десетін шығар, әрине?

Екеуі жарыса күлді.

Тарых Ләйланың ұзын шашына қарады.

– Шашың жарасыпты, — деді ол.

Ләйла жүзі қызарып, құлағына дейін ысып бара жатқанын сезді.

– Тақырыпты өзгерткен түрің ғой?

– Қай тақырыпты?

– Әлгі ақымақ қыздардың көзіне түскің келетінін?

– Сен білесің ғой?

– Нені?

– Көңілім саған тағы ауатынын.

Ләйла бойын билеген кінәлі сезімдерден арылды. Көзі Тарыхтың тебіреніске толы, күлкі ойнаған, өзіне ыстық махаббатпен телміріп тұрған көзімен түйісті. Тарыхтың көзі әзілдедім деген сөздердің астарына жасырынған іңкәр сезімін паш етіп тұрғандай.

Тарых темекісін жерге тастап, сау аяғымен басып өшірді.

– Бұл істер туралы қалай ойлайсың?

– Біздің үйдегі отырыс жайлы ма?

– Міне, кімнің нағыз ақымақ екенін осындан білерсің? Анау моджахедтер туралы айтып тұрмын. Олар енді Кабулға келмекші ғой.

– Иә.

Ләйла Тарыхқа әкесінің «оқ пен өзімшілдік бірлескенде кесапат әкеледі» дегенін айтып тұрған. Көшеден айғай-шу,

керкілдескен, балағаттасқан дауыстар естілді. Ләйла үйге қарай жүгірді. Тарых та соңынан ілесті.

Аулада екі адам төбелесіп жатыр екен. Қолын қайырысып, құлап түсті. бір-бірін кезек аударысып, домалай берді. Екеуі бір пышаққа жармасуда. Біреуі — манағы саяси жағдайды айтысып отырғандардың бірі, екіншісі — кәуап пісірген кісі. Бірнешеуі оларды ажыратпаққа жанталасуда. Ләйла мен Тарыхтың әкелелері есік алдында үнсіз қарап тұрысқан.

Ләйла маңайдағы әңгімелерден төбелестің себебін білді. Саяси әңімеге ортақтасқан кісі пуштун ұлысынан екен де, Ахмад Шах Масудты «1980 жылдары Кеңес Одағымен мәміледе болған сатқын» депті. Кәуап пісірген ұлты тәжік кісі бұл сөздерге намыстанып, пуштуннан сөзін қайтарып алуын талап етіпті. Алайда оған көнер анау қайда. Тәжік пуштунға: «Масуд болмағанда, қарындасыңды кеңестіктердің қойнынан табар едің» деген. Бәле осыдан басталып, бір-біріне жұдырық сілтескен. Ал пышақты кім алып келгенін ешкім айта алмады.

Ләйла көзі шарасынан шыға қалтырап, Тарыхтың топқа араласып кеткеніне қарап тұрды. Көп өтпей, арашада жүргендердің өздері бір-біріне жұдырық сермесе жөнелді. Ортада тағы бір пышақ пайда болды. Төбелес үдеп, арпалысқан, қабаттаса құлап, бір-бірін төпелеген топ ішінен шашы қобырап, босап қалған протез аяғын қолтығына қыса Тарых сүйіретіліп шықты.

Әне-міне дегенше бәрі бүлінді.

Басқарушы кеңес еш дайындықсыз мерзімінен бұрын құрылды. Раббани көсем болып сайланды. Басқа топтар сайлау әділетсіз болды деп кінә тақты. Масуд оларды тыныштық сақтауға, сабырлы болуға шақырды. Арадан ығыстырылып тасталған Хекматьяр өз наразылығын білдірді. Ежелден шеттетіліп, кемсітіліп, езіліп келген хазаралардың кегі қайнады.

Бір-бірін балағаттап, бір-бірін айыптады. Келіссөздер күшінен қалып, есіктер қатты жабылды. Қаланың тынышы

Тарыхтың «біз» дегені оның жүргіндегі өзін айыпты санаған, қымсыну сезімдерін құлан-таза жуып тастады. «Біз» дегені олардың бір-біріне әлдеқашан байланғанынан, Тарыхтың да бұл ақиқатты қабылдағанынан дерек береді.

— Олар нені сөз қылмақ?

— Бізді «күнә қылды», «харам ас жеді, шайтанның соңынан ерді» десіп жатыр, — деді Тарых.

— «Естері ауысты» десетін шығар, әрине?

Екеуі жарыса күлді.

Тарых Ләйланың ұзын шашына қарады.

— Шашың жарасыпты, — деді ол.

Ләйла жүзі қызарып, құлағына дейін ысып бара жатқанын сезді.

— Тақырыпты өзгерткен түрің ғой?

— Қай тақырыпты?

— Әлгі ақымақ қыздардың көзіне түскің келетінін?

— Сен білесің ғой?

— Нені?

— Көңілім саған ғана ауатынын.

Ләйла бойын билеген кінәлі сезімдерден арылды. Көзі Тарыхтың тебіреніске толы, күлкі ойнаған, өзіне ыстық махаббатпен телміріп тұрған көзімен түйісті. Тарыхтың көзі әзілдедім деген сөздердің астарына жасырынған іңкәр сезімін паш етіп тұрғандай.

Тарых темекісін жерге тастап, сау аяғымен басып өшірді.

— Бұл істер туралы қалай ойлайсың?

— Біздің үйдегі отырыс жайлы ма?

— Міне, кімнің нағыз ақымақ екенін осындан білерсің? Анау моджахедтер туралы айтып тұрмын. Олар енді Кабулға келмекші ғой.

— Иә.

Ләйла Тарыхқа әкесінің «оқ пен өзімшілдік бірлескенде кесапат әкеледі» дегенін айтып тұрған. Көшеден айғай-шу,

керкілдескен, балағаттасқан дауыстар естілді. Ләйла үйге қарай жүгірді. Тарых та соңынан ілесті.

Аулада екі адам төбелесіп жатыр екен. Қолын қайырысып, құлап түсті. бір-бірін кезек аударысып, домалай берді. Екеуі бір пышаққа жармасуда. Біреуі — манағы саяси жағдайды айтысып отырғандардың бірі, екіншісі — кәуап пісірген кісі. Бірнешеуі оларды ажыратпаққа жанталасуда. Ләйла мен Тарыхтың әкелелері есік алдында үнсіз қарап тұрысқан.

Ләйла маңайдағы әңгімелерден төбелестің себебін білді. Саяси әңімеге ортақтасқан кісі пуштун ұлысынан екен де, Ахмад Шах Масудты «1980 жылдары Кеңес Одағымен мәміледе болған сатқын» депті. Кәуап пісірген ұлты тәжік кісі бұл сөздерге намыстанып, пуштуннан сөзін қайтарып алуын талап етіпті. Алайда оған көнер анау қайда. Тәжік пуштунға: «Масуд болмағанда, қарындасыңды кеңестіктердің қойнынан табар едің» деген. Бәле осыдан басталып, бір-біріне жұдырық сілтескен. Ал пышақты кім алып келгенін ешкім айта алмады.

Ләйла көзі шарасынан шыға қалтырап, Тарыхтың топқа араласып кеткеніне қарап тұрды. Көп өтпей, арашада жүргендердің өздері бір-біріне жұдырық сермесе жөнелді. Ортада тағы бір пышақ пайда болды. Төбелес үдеп, арпалысқан, қабаттаса құлап, бір-бірін төпелеген топ ішінен шашы қобырап, босап қалған протез аяғын қолтығына қыса Тарых сүйретіліп шықты.

Әне-міне дегенше бәрі бүлінді.

Басқарушы кеңес еш дайындықсыз мерзімінен бұрын құрылды. Раббани көсем болып сайланды. Басқа топтар сайлау әділетсіз болды деп кінә тақты. Масуд оларды тыныштық сақтауға, сабырлы болуға шақырды. Арадан ығыстырылып тасталған Хекматьяр өз наразылығын білдірді. Ежелден шеттетіліп, кемсітіліп, езіліп келген хазаралардың кегі қайнады.

Бір-бірін балағаттап, бір-бірін айыптады. Келіссөздер күшінен қалып, есіктер қатты жабылды. Қаланың тынышы

кетті. Ой мен қырда газет-журналдар тайпалардың бір-біріне шабуылдайтын қаруына айналды. Өз уақытында ортақ жауға тіс-тырнағымен бірге қарсы шығып, қару алып күш біріктірген моджахедтер енді келіп бір-біріне жауыға бастады.

Кабулды нас басқан күн ақыры орнады.

Зымыран оқтары қала аспанын бояп, үйлерге, көшелерге түсіп жатты. Жұрт жан-жаққа пана іздеп қашты. Фарибе де сол күннен бастап қаралы киімін қайта киіп, перделерді түсіріп, көрпесін басына бүркеп, бүк түсіп жатып алды.

9

— Осы ысқырықтың үнін-ай, — дейтін Ләйла Тарыхқа қарап. — Осы бір сұм дауыстан запы болып біттім.

Тарых басын изеді.

Ләйланы мезі еткені, дауыстан гөрі дабыл шалынып, жарылыс үні естілгенге дейінгі қорқыныш.

Мұндай жағдай көбіне әкесімен кешкі асқа отырған кездерінде жүз береді. Дабыл естілісімен олар бастарын көтеріп, ас шайнаудан тыйылып, қолына шанышқы ұстаған бойда қимылсыз қалып, құлақ түретін. Қараңғы әйнекке түскен көленкелері құдды қатырып қойған мүсіндей көрінетін. Дабылдан кейін естілген жарылыс үнінен соң олар бұл жолы өздерінің тірі қалғандарын білісетін. Денелерінің күл-талқаны шығуынан, зақым-жарақаттан, аспан мен жерді жалғаған ыс-түтектен, қабірлікке айналған үйлердің үйінділерін қолдарымен тырмалап, бір-бірін құтқармақ болудан құтылып қалғандары үшін күрсінісіп барып тынатын.

Кеште Ләйла терезеге оқыс түскен жарықтарға қарап жатады. Оқ даусын назар сала тыңдап, атылған зымырандардың санын бір-бірлеп санап шығатын. Алда-жалда терезеден түскен, жарылыстан пайда болған жарық кітап оқуға болатындай жарқырап кетсе, көрер таңды көзбен атыратын. Мызғи

қалған күнде, өзінің жанған от, лаулаған жалын, опырылып түскен көпір, құлаған ғимараттардың арасында қан-жоса болып жатқан бейнесін көріп шошып оянатын.

Таң атса да тыныштық орнамайтын. Бамдат намазының азаны шақырылысымен моджахедтер қаруларын қоя салып, құбылаға бет түзеп, намаз оқуға кірісетін. Жайнамаз жиыла бере құралдарына оқ басып, таулардан Кабулға, Кабулдан тауларға қарата оқты қарша борататын. Атылған оқ, жарылған гранат, зымыран бомбалар қаланың шаңын аспанға шығарады.

Ләйла кез келген жерден Масудтың адамдарын ұшыратын. Олар әр жүз метр сайын көліктерді тоқтатып, сұрап-тексереді. Көше қиылыстарына құм толтырылған қалталармен тосқауылдар қойып, өткен-кеткеннен жауап алады. Оның сыртқа шығуы сиреді. Шыға қалған күннің өзінде Тарыхпен бірге жүретін. Тарых өзінің ер азаматқа тән орнының қадірін еске түсіретін мұндай міндетті өтеуден көңілі жай табатын.

— Тапанша сатып алдым, — деді ол бір күні Ләйланың ауласындағы алмұрт ағашының астында отырып. Қаруын қойнынан алып шығып, Ләйлаға көрсетті. Ол жартылай автоматты «Беретта» деп таныстырған қара түсті тапанша Ләйлаға қауіпті әрі суық көрінді.

— Мұныңды ұнатпадым, — деді ол. — Қарудан қатты қорқамын.

Тарых қолына бір журналды алды.

— Алдыңғы аптада Картисех деген жердегі бір үйден үш адамның мәйіті табылыпты, — деді ол. — Естідің бе? Олар әпкелі-сіңілілі екен. Зорлық көрсетіп, артынша бауыздап тастапты. Бірінің саусағындағы жүзігін тістеп жұлып алған болса керек, тістерінің ізі қалыпты.

— Мұндайды естігім келмейді.

— Көңіліңді ауыртайын демедім, — деді Тарых, — бірақ мен сол... бұл тапаншаның жанымда жүргені дұрыс.

Тарых көшедегі жылт еткен жаңалықты Ләйлаға жеткізіп тұрды. Таудағы әскерлердің нысана көздеу техникасын, олардың көшедегі адамдарды, ер-әйелді, балаларды қалауынша көздеп жаттығу жасайтындарын айтты. Оның айтуынша, олар жолдағы көліктерге зымыран оқтарын жібереді екен. Алайда белгісіз себептермен таксилерді көздемейтін көрінеді. Ләйла жүрттың көліктерін неліктен кенеттен сарыға бояп ала қойғандарын түсінгендей болды. Тарых Кабулдың неше бөлікке бөлініп кеткенін де жеткізді. Мәселен, мына жолдың басынан акация ағашының түбіне дейінгі аралық бір топтың меншігі болса, одан кейінгі қиылыстан қирап қалған дәріхананың жанындағы торт дүкеніне дейінгі аралық екінші бір топ командиріне тиесілі. Егер Ләйла ол көшеден өтіп батысқа қарай бес жүз метр жүрсе, үшінші бір топтың иелігіне өтіп кетеді екен. Осы күндерде бір-біріне жасырын оқ атулар да басталып кеткен. Міне, дәл осы өздерін «қосын» деп атап алғандар Фарибенің қаһармандары болған моджахедтер еді. Өзгелер оларды «мергендер» деп те атайды. Енді біреулер олардың есімдерін оларға деген наразылығы мен кегін паш етіп, қарғыс, лағнет сөздерімен ауызға алатын.

Тарых қолындағы журналмен тапаншаны орады.

— Солай істегің келе ме?

— Нені айтасың?

— Қарумен адам өлтіруді айтамын.

Тарых тапаншаны шалбарының қалтасына сұғытіп жіберді де, Ләйлаға қарап:

— Сен үшін кімді болса да өлтіруге дайынмын, Ләйла, — деді.

Бұл сөздері Ләйлаға жағымды әрі қорқынышты естілді.

Ол Ләйлаға жақындай түсіп, қолынан ұстады. Қолдары бір-бірімен айқасты. Тарых жылдам еңкейіп, Ләйланың ерніне ернін басты.

Сол сәтте, Фарибенің ізет-абырой мен құс туралы айтқандары Ләйлаға өмір сүрмейтін тамырсыз теориядай көрінді.

Өлтіру, талан-таражға салу, қарақшылық өршіген осынау тұста, алмұрт ағашының астында отырып, Тарыхпен сүйісу Ләйла үшін кесірсіз, қылдан салмақсыз іс; тым құрығанда кешіре салуға тұрарлық титтей ғана тентектік. Ләйла Тарыхтың сүюіне қарсылық көрсетпеді. Тарых басын көтергенде оған сүйеніп тұрып, атқақтап соққан жүрегін кеудесіне тақап, оның қызарған, жылы жүзінен сүйді.

1992 жылы маусымда, Кабулдың батыс бөлігінде, пуштундардың командирі Сайяфтың күштері мен хазаралардың Вахдат тобы арасында ауыр қантөгіс болы. Атылған оқ, жарылыс-қопарылыстан үйлер, дүкендер қирап, электр желісі үзіліп, қала жарықсыз қалды. Пуштун әскерлерінің хазаралардың үйлеріне басып кіріп, бір отбасын қырып тастағаны жайлы хабар тарады. Хазаралар кек қуып, пуштундарды алып қашып, пуштун қыздарын зорлағаны, пуштун аудандарына оқты қарша боратып, кездескенін кескілеп, атып-шауып жатқаны хақындағы ақпарлар да Ләйланың құлағына жетіп жатты. Әр күні ағаштарға байланған, танымастай күйдірілген мүрделер табылатын. Олардың көбінің басына оқ тиген, көзі ойылған не тілдері кесілген болатын.

Хакім Фарибені Кабулдан кетуге көндірмекші болып, тағы бір рет ұрынып көрді.

— Олар бұл жағдайды бір күні шешеді, — деді Фарибе. — Бұл соғыстардың бәрі уақытша. Олар түбі бірігеді, келісімге келеді.

— Фарибе, бұлар соғыстан басқаны білмейді, — деді Хакім. — Олар аяғын басқаннан мылтық атып үйренгендер.

— Олай деуге қалай батылың барды? — деп айғайлады Фарибе. — Жиһадқа қатысып көрдің бе? Барыңнан баз кешіп, жаныңды тіктің бе? Сол моджахедтер болмаса, мәңгіге кеңестіктердің құлы болып өтер едік. Соны ұмытып қалма. Енді келіп бізді оларға сатқындық қылуға мәжбүрлеп тұрсың ба?

— Сатқындық қылған біз емес, Фарибе.

— Сен кет. Қызыңды алып, қашып кет. Барған жеріңнен маған ашық хат жіберерсің. Ал мұнда тыныштық орнайды. Өзім жалғыз қалсам да сол күнді күтемін.

Бұл күндері көшеде жүру де тым қауіпті. Хакім өмірінде еш ойламаған шешімді қабылдауға мәжбүр болды. Ләйланы мектептен шығарып, өзі үйден оқыта бастады. Намазшамнан соң Ләйла Хакімнің кітапханасына кіреді. Хекматьярдың қосыны қаланың оңтүстік жағынан Масуд әскерлеріне зымырандарын жіберіп жатқанда, ол әкесімен Хафиздің ғазалдары хақында әңгіме өрбітетін. Әйгілі ауғандық ақын Халилулла Халелдің өлеңдерін жаттайды. Хакім оған квадраттық теңдеулерді қалай шешуді, жоғары дәрежелі теңдеулерді қарапайым түрге қалай келтіруді, функция графиктерін қалай сызуды үйретті. Ол дәріс бере бастағанда басқа бір адамға айналатын. Еңсесі жай кездегісінен биік көрініп, үні салмақты шығатын. Ләйла оның бір кездері сыныптағы оқушыларға қарап, тақтаны баяу әрі риза көңілмен сүртіп жатқан бейнесін елестетті.

Әйтсе де, әкесінің сөздерін ықыласпен тыңдау Ләйлаға қиындық тудырған. Ойлары оны басқа мекенге жетелей беретін.

— Пирамиданың көлемін қалай есептейміз? — деп сұрады Хакім. Сол сәтте Ләйла Тарыхтың қалың ернін, тынысынан шыққан жылылықты, оның қарашығынан көрінген өз бейнесін елестетіп, терең қиялға шомып кеткен. Алмұрт ағашының астындағы сүйістен кейін де Тарыхты екі рет сүйген. Кейінгі сүйісулер ұзағырақ жалғасқан. Екі ретте де олар Тарых шылым шегіп тұрған әлгі бір көшеде кездескен. Соңғысында ол Тарыхтың өзінің кеудесін ұстауына қарсы болмаған.

— Ләйла?

— Иә, әке.

— Пирамиданың көлемін айтамын. Не ойлап отырсың?

— Кешіріңіз, әке. Мен... қазір. Пирамида, пирамида. Иә, ссіме түсті. Табан ауданын биіктігіне және үштен бірге көбейтеміз.

Хакім таңырқай басын изеді. Ләйла қиялын сабақтады. Тарых екеуі құмарлана сүйіскенде оның кеудесін сипалағаны, қолын төмен апарып, белін қапсыра құшақтағаны көз алдынан кинолентадай бір-бірлеп өте бастады.

Сол маусым күндерінің бірінде Гити екі сыныптасымен бірге мектептен қайтып келе жатқан. Үйіне үш көше аралық қалғанда, қайдан атылғаны белгісіз, зымыран огы қыздардың үстіне түсіп жарылды. Гитидің шешесі Нила көшеге жүгіріп шығып, шырқырап жылаған күйі оның парша-парша болып шашыраған сүйектерін етегіне жинай бастады. Екі аптадан соң көршілер Гитидің қызыл туфлиі мен шұлығы киюлі, иіс-теніп кеткен бір аяғын үйдің шатырынан тауып алды.

Гити қайтыс болған күннің ертесі, Ләйла жылап-сықтаған әйелдердің қатарында өз құлағына сенбей аңырып отырған. Гити — Ләйланың туыс, таныстарының арасында қайтыс болған алғашқы жақын адамы. Оның бұл дүниемен мәңгі қоштасқанын қабылдау Ләйлаға ауыр тиді. Жүрек сырларын бірге айтысқан, тырнақтарын боясқан, бірге қас терген жан досы өлді. Футболшы жігітпен некелесуге уәделескен Гити өлді. Парша-паршасы шықты.

Ләйланың шахит болған ағалары үшін төгілмеген көз жасы ендігіде Гити үшін төгілді.

10

Ләйла орнында сілейіп тұрды. Аяқтары цементке жабысып қалғандай ауыр тартты. Тарых екеуінің тәтті өмірі кенеттен Ләйланың үстіне түскен зымыран оғына айналып, оны күлталқан етті. Енді оның құлағы Тарыхтың даусын естімейді.

Құдды бір өмірін жалғап тұрған жіп ақырын-ақырын шіріп, үзіліп кеткендей.

1992 жылдың тамыз айы. Олар Ләйланың қонақ бөлмесінде әңгімелесіп отырған. Таң атқалы Фарибенің асқазаны түйнеп зар иледі. Хакім Хекматьярдың зымырандарының оңтүстікті бетке алып заулағанына қармастан, оны ауруханаға алып жүрді. Тарых диванда қолын тізесіне қойып, жерге қарап отырған. Өзінің алысқа кететінін Ләйлаға білдірді. Бұл қыстақтан, Кабулдан емес, Ауғанстаннан кетпекші болған еді. Ләйланың көзі қарауытты.

— Қайда барасың? Қайда кетпексің?

— Әуелі Пәкістандағы Пешаварға. Ары қарай білмеймін. Мүмкін Үндістан немесе Иранға кетерміз.

— Қанша уақыт?

— Білмеймін.

— Бұл шешімге қашан келіп едіңдер?

— Бірнеше күн болды. Саған айтпақшы едім, Ләйла. Бұл — шыным. Қалай жеткізерімді білмедім. Көңіліңнің қаншалық құлазитыны маған аян.

— Қашан жүресің?

— Ертең.

— Ертең?

— Ләйла, маған қарашы.

— Ертең...

— Әкем... Оның жүрегі мына қырғынды, атыс-шабысты еш көтере алмай барады.

Ләйла алақанымен жүзін жауып алды. Тұла бойын алапат үрей билеп алған еді. Бұл күннің келерін ол неге ойламаған? Таныс-туыстарының көбі буынып-түйініп, қоржын-қолаңын көтеріп, Кабулды тастап кетті. Соғыс басталғанына төрт ай өтпестен, Ләйлаға таныс болған жүздер қыстақтан ғайып болды. Хасинаның отбасындағылар мамырда Иранға жетіп

алған. Гити өліп ұзақ өтпей, оның әке-шешесі мен сіңілісі де қайбір жаққа жылыстаған. Ләйла олардың қайда кеткенінен бейхабар. Жұрттан естуінше, Ирандағы Мешхед деген жерге қоныс аударған көрінеді. Олар кетісімен үй-жайлары аз күн ішінен тұрып, бейтаныс біреулер көшіп кірген. Ләйла олардың моджахедтер әлде басқалар екенін де білмейді.

Бәрі кетуде. Мінеки Тарых та кетпекші.

— Шешем де қартайды, — деді ол. — Олар қорқады да тұрады. Ләйла, маған қарасаңшы?

— Бұларды ертерек айтуың керек еді.

— Өтінейін, маған қарашы.

Ләйла бар даусымен айғайлады. Артынша еңіреп қоя берді. Тарых оның көз жасын саусағымен сүртпекші болып еді, Ләйла қолын сілкіп тастады. Ол Тарыхтың өзімшілдігіне, Кабулдан кететінін айтпағанына бір күйсе, өзін тастап бара жатқанын ойлап азап отына жанған. Өйткені Тарых — Ләйла-дүр. Бірі — бірінің көлеңкесі-дүр. Ләйла нені еске алса да, Тарыхтың бейнесі тұрады. Солай болған екен, оның Ләйланы тастап кетуге дәті қалай жетсін? Ләйла оның кеудесін төпештеді. Артынша тағы ұрғылады. Шашынан тартты. Тарых Ләйланың білегінен ұстап, бірдеңелерді айтуда. Ләйла да барды-жоқты айтып бағуда... Кенет олардың маңдайы, мұрындары түйісті. Тарыхтың тынысынан шыққан ыстық леп Ләйланың ернін шарпыды. Екеуі бірдей еденге құлады...

Содан кейінгі күндер мен айларда Ләйла сол күн, сол сәттерде болған істерді бір-бірлеп еске алады... Бейне бір өрт қаулаған музейден жүгіріп шыққан суретқұмар жандай әрбір қарасын, сыбдыр-қимылды жадында берік сақтайды, қадірлейді. Әйткенмен, уақыт опасыз. Күн өткен сайын жалыны өшеді, ыстығы басылады. Соңында бәрін есте сақтауға шарасыз қалады. Алайда бұл естелік Ләйланың жүрегінде мәңгі орнайды. Долы дауылдар да, жойқын ағыстар да оны шайып кете алмайды.

Ләйла денесінің кіндік тұсындағы шыдатпас ауырсынуды, кілемге түскен күн нұрын, Тарыхтың өз тәніне желімдей жабысқан денесі мен оның иісін ұмытып қалмайды. Тарыхтың мойнындағы бір тамшы қандай қызарған қалды есінде тұтады. Тиіскен бетін, сүйіскен ернін, маңдайын өпкен маңдай шашын жүрегіне мөр қылып басып, тұмардай сақтайды. Тарыхтың тынысынан шыққан ыстық жалынмен ғайып болған қорқыныш, бойларындағы батылдық пен нәпсі... әйтсе де, сол оғаш ауырсынудан кейін пайда болған айтып жеткізгісіз ләззат...

Соңында Ләйла Тарыхтың жүзіндегі қымсыну, қынжылуды емес, керісінше, оның ынтызарлық пен сағынышқа толы көзін, болмысын жадында тұтады. Мәңгі ұмытпайды...

Аздан соң абдырап, киімдерін түймелеп, үстілерін дұрыстады. Шаш саусақтармен таралып, реттестірілді. Жүздері оттай қызарған олар, жиілете тыныс алысып, бір-біріне жақын келіп отырды. Не жағдай болғанына таңғалысып, өздерінің сонша үлкен іске тежеусіз барғандарына сенбеді. Ләйла кілемнің үстіндегі үш тамшы қанды көрді. Сәлден соң ата-анасы оның жасаған күнәсынан бейхабар осы диванда отырады. Соны ойлағанда оның тұла бойын қынжылыс пен өкініш биледі. Үстіңгі қабаттағы сағаттың шықылдаған үні құлағын жарып кетердей естілген еді.

— Менімен бірге жүрсең, — деді Тарых.

Бастапқыда Ләйла Тарыхқа ілесіп, бұл жерден кетудің мүмкіндігі барын ойлады. Солай етсе ғана Тарыхпен, оның ата-анасымен бірге керек-жарағын көтерісіп, автобусқа мініп, алыстарға кете алады. Бар келеңсіздікті артқа тастайды. Мейлі, қуаныш әлде қайғы болсын, онымен бірге көреді. Өзін күтіп тұрған қоштасу мен жалғыздық азабын мәңгі көрмейді.

Ол Тарыхпен бірге кетуге қақылы. Бірге болуға, өмірдің ыстық-суығын онымен тең көруге қақылы.

— Сені мәңгілік қасыма аламын, саған үйленемін, Ләйла.

Ләйла манағы істен кейін алғаш рет басын көтеріп, оған қарады. Бұл жолы ол әзілдемеген. Көзінен мүләйімділік пен ынтызарлық аңқып тұрған еді.

— Тарых.

— Маған тұрмысқа шық, Ләйла. Бүгін-ақ үйленейік.

Ол Ләйлаға өзімен бірге мешітке баруды, молда мен екі куәгер тауып, тезірек неке оқыту жоспарын айтпақшы болды.

Алайда моджахедтер секілді қатал әрі келісім таппас шешесін ойлағанда, Ләйланың тынысы тарыла бастады. Әкесі де шешесінің себебінен Кабулдан кету шешімінен бас тартқан. «Кейде бұл дүниеде сенен өзге ешкімім жоқтай сезінемін, Ләйла», — деген еді ол Фарибеге қаратқан ызасы мен наразылығын білдіріп. Ләйла ата-анасын қалай тастап кете алсын?

— Хакім әкейден сені сұраймын. Ол бізге разылығын береді, Ләйла. Батасын береді.

Тарыхтың сөзінің жаны бар еді. Әкесі оларға мақұлдық берер. Әйтсе де, оның жүрегі пара-пара болмақ, көңілі құлазымақ. Тарых өтінішін жалғастыра берді. Ләйлаға жалынды, ызаланды. Соңында сабасына түсіп, сабырмен түсіндірді. Шырайындағы жылт еткен үміт ұшқыны бәрібір ғайып болды.

— Мен кете алмаймын, — деді Ләйла.

— Олай деме, Ләйла. Сені жанымнан артық көремін.

— Мені кешір.

— Сені сүйемін, Ләйла.

Ләйла Тарыхтан осы бір сөзді естуді қанша күтті? Қанша түс, қаншама ұйқысырауларда айтылды екен? Міне енді, бірге болар сәт туғанда, тағдырының тайқып кеткені ме?

— Әкемді тастап кете алмаймын, — деді Ләйла, — оның менен басқа ешкімі жоқ. Оның жүрегі де бұл азаптарды көтере алмайды.

Тарых мұны білетін. Ләйланың бейне өзі сияқты мойнындағы парызын өтемей кетпейтінін жақсы білетін. Дегенмен ол Ләйлаға жалына түсті. Онымен қосыла жылады.

Ләйла Тарыхпен қоштасты.

Тарых Ләйланың тілегі бойынша қош айтпай үйден шықты. Ләйла есікті жылдам жауып, арқасымен сүйеніп тұра қалды. Тарых есікті жұдырығымен бір түйіп, өзінің оны алуға оралатынына бел буды. Ләйла бір қолымен аузын, бір қолымен құрсағын баса босағаға сүйеніп, Тарыхтың алыстап бара жатқан аяқ дыбысы естілмей кеткенше тыңдап тұрды. Аздаған тыныштықтан соң әлдеқайдан атылған зеңбірек үні тауларды жаңғыртып, зіл-зала қылып жіберді. Оның жүрегі атқақтай соғып, бүкіл денесін, көзін, тіпті сүйек-сүйегін солқылдатып бара жатқан.

11

Жаз шыққалы бергі сұ ыстық күндердің бірі еді. Төңірегі таулармен қоршалған шаһарды аптап қуырып тұрған. Жарық сөнгелі бірнеше күн болғандықтан, тұтас Кабулдағы электрлі желдеткіш атаулы бір бұрышқа жиыстырылып тасталған.

Ләйла қонақ бөлмедегі диванда көйлегі терге шылқып, денесіне жабысып жатқан. Демінен шыққан ыстық жалын мұрнының ұшын күйдірердей. Ата-анасы Фарибенің бөлмесінде кеңес құрып отырған. Бірер күннен бері Ләйла олардың астыңғы қабатта әңгімелесіп отырған дауыстарынан оянып кетіп жүрді. Қораның қақпасында оқ ізі пайда болған күннен бастап олардың күңкіл-шүңкіл кеңестері жалғасып келеді.

Алыстағы зеңбіректің гүрс еткен даусымен жарысып, жақын маңнан пулеметтің сақылдаған үні естілді. Ләйланың ішкі әлемінде де соғыс жүріп жатқан. Бір жағынан, өкініш араласқан намыс қинаса, екінші жағынан, Тарыхпен болған істі күнә демей, оны бұдан былайғы бір-бірін мәңгі көре алмаудай азап отынынан тұтанған іс деп санап, өзін ақтайтын. Ол диванда екінші қырына аунап түсіп, өткенін еске алуға ты-

рысты. Олар еденде жатқанда, Тарых өзінің маңдайын оның маңдайына тиістіріп тұрып бірдеңе айтқан еді...

Тарыхтың кеткеніне екі апта өтпей, сол бір қымбатты естеліктер бұлдырай бастаған. Ләйланың басы бітпес қиялдардың мекеніне айналды. Ол, сірә, не деп еді? Аяқ астынан мұның жауабын табу оған маңызды сезілді.

Ол көзін қайта жұмып, сол сұрақтың жауабын табуға ниеттенді.

Уақыт өте келе Ләйла мұндай еске алулардан шаршайды. Әлдеқашан өлген нәрсені қайтадан еске алып, оған жан кіргізудің оңайға түспесін сезінеді. Болашақ бір күндерде ол Тарыхты жоғалтып алғанына қайғырмайды. Тым құрығанда дәл қазіргідей азаптанбайды. Соңыра Тарыхтың кескін-келбеті Ләйланың естелігінен біртіндеп өшеді. Көшедегі әйелдердің балаларын «Тарых» деп шақырғандары жүрегін езбейтін болады. Оның жоқтығы түбінде Ләйланы қинамайтын болады.

Ләйла да жасы жетіп, біреуге жар болар, бала сүйер. Бәлкім, күйеуінің көйлегін үтіктегенде, балаларын тербеткенде кенеттен Тарыхты есіне алып қалар. Жаз күндері табанын қыздырған кілемді яки біреудің маңдайының өз маңдайына оқыс тиіп кетуі дегендей болмашы істер оған Тарыхпен бірген болған сол күнді... Бәрін де есіне салтын шығар.

Міне, осы естеліктер оның жүрегіндегі жараны қайта тырнауы бек мүмкін. Дегенмен ол күндер де өтіп кетеді. Оны тек уақыт ғана қинайды.

Хакім дәлізге шығып, Ләйлаға жоғары көтерілуге бұйырды.

— Ол әйтеуір келісті, — деді тебіренісін жасырып. — Біз енді кететін болдық, Ләйла. Үшеуіміз Кабулдан кететін болдық.

Фарибенің бөлмесінде үшеуі төсекте бірге отырды. Хекматьяр мен Масуд әскерлерінің бір-біріне қаратып жаудырған оқ-зеңбірек дауыстары естіліп тұрған. Қаланың бір жерлерінен көрінген анау қап-қара ыстың астында әлдекімдердің

жан тапсырғаны Ләйлаға аян еді. Таңертең сол адамдарың мәйіттері шашылып жатады. Кейбірін жақындары алып кетсе, тағы біреулері сол жатқан жерінде қалады. Одан әрі Кабулдың адам етін жеп үйренген иттеріне азық болады.

Қуанышы қойнына сыймаған Ләйла жүгіріп көшеге шығып, айналып келді. Оның тебіренісін басып, әке-шешесімен бірге отыра тұруы мүмкін емес. Хакім өздерінің әуелі Пәкістанға барып визаға өтініш беретіндерін айтты. Пәкістан! Ол жерде Тарых бар емес пе? Оның кеткеніне он жеті күн болған. Шешесі он жеті күн бұрын иланған болса, олар Тарыхтың отбасындағылармен бірге кетер еді. Ләйла да әлдеқашан онымен бір жерде болар еді. Әйтсе де, әлі кеш емес. Ләйла ата-анасымен бірге Пешаварға бармақшы. Сол жерден Тарых пен оның ата-анасын тауып алулары мүмкін. Ләйланың үміті орындалса, олар құжаттарын бірге дайындайды. Содан соң кім біледі, Еуропа яки Америкаға бірге кетулері де ғажап емес. Тіпті әкесі Хакім айтқандай теңіз жағалауындағы штаттарға кетер.

Шешесі төсегінің басына сүйеніп отырған. Көзі ісіп кеткен. Шашын тоқтаусыз жұлатын.

Үш күн бұрын Ләйла сыртқа ауа жұтуға шығып, есік сыртында сүйеніп тұрғанда, құлақ тұндырар дауыспен бірге, бір нәрсе оның құлақ түбінен зу етіп өтті де, көзінің алдын ұсақ ағаш тозаңдары қаптады. Гитидің өлімі және Кабулдың сан мыңдап атылған зымыран оқтары, бомбалары Фарибеге әсер етпеген еді. Ләйланың басынан үш-ақ елі биік ұшып, есікті тесіп өткен бір тал оқ Фарибені ұйқыдан оятты. Алдыңғы соғыстың екі ұлын алып кеткенін, ендігісінің тірі қалған жалғыз қызын жалмап кетуі ықтималын енді түсінгендей. Бөлмесінің қабырғаларындағы Ахмет пен Нұр күлімсіреп тұрған суреттеріне ол қасіретті әрі пұшайман күйде көз тікті. Бейне олардың рұқсатын алып жатқандай, разылығын сұрап тұрғандай, өзін кешіруін өтінігендей оларға қадала қарауда.

— Мұнда бізді ұстап қалар ештеңе қалмады, — деді Хакім. — Ұлдарымыз өлді, бірақ Ләйла тірі. Бір-бірімізге арқа сүйемесек болмайды, Фарибе. Бәрін жаңадан бастайық.

Хакім төсектің арғы бетіне өтіп, оған қолын созды, Фарибе қолын тартып алмады. Бір-бірін үнсіз құшақтады. Фарибе күйеуінің көйлегінен шымшы ұстап, басын оның иығына қойып қисайды.

Сол түні, ұйқысы қашқан Ләйла аспанға көтерілген қызыл, сырғыш нұрларға сағаттап қарап жатты. Дегенмен ұйқы жеңді. Атылған оқ, жарылған бомбаның үні күшейсе де, көзі жұмылып, түс көре бастады. Түсінде олар теңіз жағасында, жайылған жамылғыдің үстінде отырған. Аспанды бұлт торлап, ауа дымқыл, салқын тартса да, ол Тарыхтың жанында үстіне жамылғы қымтап еш тоңбаған. Дауыл жапырып, қисайып қалған пальма ағаштарының астындағы ақпен сырланған тосқауыл маңында көліктер қатар-қатар тізіліп тұрған. Ұйтқыған жел көзін аштырмай, аяғын құммен көміп, құраған шөп, құрай-қаңбақ оңды-солды ұшып жүрген. Олар алыстан көрінген кеме-параходтарды тамашалайды. Маңайды балықшы құстардың саңқылдаған үні басып, жел иіріп әкелген құмдар үйіле төбеге айналып, кезекпен ән салып тұрған. Әкесінің бірер жыл бұрын ән салатын құм туралы айтып бергендерін ол Тарыхқа баяндап отырған. Сөйлей отырып, қасына жабысып қалған құм түйірлерін сүртеді. Тарыхтың бір саусағында өзінікімен бірдей алтын жүзік жарқырап тұрған.

— Ол рас, — деген Ләйла. — Құм түйірлері бір-біріне үйкелгенде дәл сондай ән пайда болады. Сенбесең, өзің тыңдап көр.

Тарых алақанын құлағына тосып, назар салып тыңдай қалғандай. Жел баяу соқса, жылаған үн, күшейе түссе, жоғары дауыста хор орындалып жатқандай.

Хакім ең керек деген заттарды ғана алып, басқаларын сатып жіберу керектігін айтты.

— Мен Пешаварда жұмыс тапқанша, сол ақшамен күн көре тұрамыз.

Бірнеше күнге дейін олар сататын заттарды талдап, бір жерге үйіп қойды. Ләйла бөлмесіндегі ескі киімдер мен ойыншықтарын жинады. Төсегінің астынан Хасина бесінші сыныпта тарту еткен әйнек сиырды, Гити ұсынған кішкентай футбол доп орнатылған әшекей салпыншақты алып шықты. Олардың арасында шұбар ат пен ойыншық арба да бар еді. Ол Тарыхпен бірге тауып алған фарфор ғарышкерді қолына алды... Ол Ләйланың алты, Тарыхтың сегіз жастағы кездері болса керек. Ләйла оны кімнің бұрыш тапқанына таласып, Тарыхпен ренжісіп қалғанын есіне алды.

Фарибе де өз заттарын жинастыра бастады. Қимылынан нараулық байқалады. Көзінен де еш әсер көрінбейді. Ол ыдыс-аяқ, майлық орамалдарын, алқа-моншақтырын, неке жүзігін, той көйлегін бір шетке қойды.

— Бұларды сатпайсыз, солай ғой? — деді Ләйла шешесінің той көйлегін қолына алып.

Ол көйегінің жағасындағы шілтерлерін, ленталарын, жеңіне қолмен қадаған інжу-маржандарын аялай сипады.

Фарибе иығын қомдап қойып, көйлегін Ләйланың қолынан алды да, үйілген киімдердің үстіне қопалдау қимылмен тастай салды. Шешесінің мұнысы Ләйлаға бейне қарақотырланған жараның аузын бір тартып жұлып алған әрекеттей көрінді.

Хакім үшін өз заттарынан баз кешу бәрінен қиын мәселеге айналды. Ләйла оның сөредегі тізілген кітаптарына мұңая қарап тұрғанын көрді. Хакім үстіне Сан-Францискодағы қызыл түсті алтын қақпа көпірдің суреті түсірілген майка киіп алған, суретте теңіз толқындарынан көтерілген аппақ тұман көпір мұнараларын тұмшалап тұрған еді.

— Бұрынғыларда «Егер бес кітап қана алып жүруге мәжбүр болсаң, қайсыларын таңдар едің?» дейтін сөз бар, — деді

ол. — Өзімнің де сондай таңдау жасайтын сәтке душар болатынымды еш ойламаған екенмін.

— Біз енді сіз үшін жаңа кітаптарды жинаймыз, әке.

— Ім, — деді Хакім қинала күлімсіреп: — өзімнің Кабулды тастап кететініме сенгім келмейді. Осы қалада, осы мектепте оқығанмын. Алғашқы қызметімді де осында бастағанмын. Осында әке болғанмын... Жақын арада жат өлкеде жүретінімді ойласам, мазам кетеді.

— Мен де.

— Кабул хақындағы бір өлең бүгін күні бойы құлақ түбімде жаңғырды да тұрды. Бұл өлеңді Саиб әл-Табризи XVII ғасырда жазған екен. Бұрын бастан-ақыр жатқа білуші ем. Қазір екі тармағы ғана есімде қалыпты.

Ай сәулесі шатырда, айдың санын кім білген,
Жарқыраған мың күн де қабырғадан көрінбес.

Ләйла басын көтеріп, өксіп жылаған әкесіне қарады. Ол әкесінің белінен құшақтап:

— Жан әкем, біз қайта ораламыз. Соғыс аяқталады. Кабулға қайтып келеміз, Иншалла, қайтып келеміз, — деді.

Үшінші күні таңсәріде, Ләйла керек-жарақтарын есік алдына шығара бастады. Бұл заттарын таксиге салып, сатып алушыға апармақ еді.

Ол бір кіріп, бір шығып, тең-тең киімдерді, ыдыс-аяқтарды, әкесінің қорапқа салынған кітаптарын тасыды. Өзінің беліне дейін келетін булыған, түйілген жүк-қоржындарды тасып біткенше діңкелеп қалса да, әр рет үйге кіріп-шыққанда Тарыхпен жолығуға бір қадам жақындап жатқанын білетін. Содан да болар, қадам сайын аяғына жан кіріп, күші тасып бара жатқандай сезінді.

— Үлкендеу көлік шақыртсақ дұрыс болғандай.

Ләйла басын көтерді. Шешесі үстіңгі қабаттағы бөлмесінен шынтағын терезеге тіреп, төменге қарап Ләйлаға бірдеңелерді айтып жатыр. Қылаулай бастаған шашы, солғын, арық жүзі күн нұрымен жарқырап тұрған. Үстіне неше ай бұрынғы жеңіс отырысында киген көк түсті көйлегін киіп алыпты. Әйтсе де, Фарибе Ләйланың көзіне қартайып кеткендей көрінді. Терісі салбыраған арық білегі, қушиып қалған жағы, нұрсыз көзінің айналасындағы шұбарланған сызықтары неке суретіндегі беті алмадай, дөңгелек жүзді, шырайынан нұр тамып тұратын әйелге тіптен ұқсамайтын өзге жанға айналдырып жіберген.

— Екі үлкен көлік деңіз, — деді Ләйла.

Хакім қонақ бөлмеде кітап салынған қораптарды бірбірінің үстіне қойып жатқан.

— Шаруаң бітсе, жоғарыға шық, бірге отырып түскі асымызды ішейік, — деді Фарибе. — Суға пісірілген жұмыртқа мен бұршақ жейміз.

— Мен ұнататын тамақ екен, — деді Ләйла.

Аяқ астынан ол өзінің түсін, Тарыхпен бірге жамылғыда отырған бейнесін, теңізді, дауылды, құм төбелерін есіне алды. Ол кідіре қалып, жердегі жарықтан өрмелеп шығып келе жатқан сүп-сүр кесірткеге қарады. Кесіртке екі жағына шапшұп қарады да, сып беріп тастың астына кіріп кетті.

Ләйла теңіз жағасын елестетті. Құмның ызыңы жан-жақтан естіліп барған сайын күшейе бастады. Енді ол Ләйланың құлағын тұндырарлықтай шулап, төңіректегі өзге дыбыстарды жұтып алған. Балықшы құстар қанаттарын үнсіз сермеп қағады. Қанаттарынан ескен жел сонша күшті болса да, одан ешбір дыбыс естілмейді. Міне, құм ән сала бастады. Дауыс бейне... Қоңырау сыңғырындай естіле ме, қалай? Жоқ, қоңырау емес, ысқырық шалынғандай. Ләйла қолындағы кітапты жерге қойып, аспанға қарады.

Алапат күркірген дауыспен жарысып, аспанда аппақ нұр пайда болды да, аяғының астындағы жер сілкіне бастады.

Артынша бұрқ еткен ыстық ағын оның екі етігін екі жаққа лақтырып, денесін аспанға көтерді. Енді ол әуеде қалықтап, бірде аспанды, бірде жерді көріп ұшып бара жатты. Діңіне құшақ жетпестей үлкен ағаш қасынан ұшып өтті. Айнала шашыраған әйнек паршаларына шағылысқан күн нұры әсем кемпірқосақтай көрінді.

Артынша ол қабырғаға ұрылып, жерге гүрс етті. Беті мен білегін құм, топырақ, әйнек паршасы жауып кетті.

Оның соңғы есінде қалғаны қасына гүп ете түскен бір нәрсе еді. Қанға бөккен сол нәрсенің үстінен қою тұманды жарып шыққан қызыл түсті алтын қақпа көпірдің бұрышы көрініп тұрған.

Бірденелер қозғалуда. Пердеден аппақ нұр төгіліп, бір әйел оған жақын келді. Оның көз алдын қараңғылық қайта басты...

Тағы бір сұлба көрінді. Бұл жолғысы ер адам болса керек. Беті жалпиып, жақ еттері салбырап тұрған. Ерні ғана қыбырлап даусы естілмейді. Мардымсыз ызың ғана шыққандай.

Ер адам Ләйлаға қолын бұлғады. Иығы қозғалып, ерні тағы қыбырлады.

Ләйланың бүкіл денесі сыздап ауырады. Тыныс алса да, сыркырап шыдатпайды. Бір стакан су мен бір тал қызғылт түсті дәріден кейін оның көз алдын қайтадан қараңғылық басты.

Тағы да әлгі әйелдің шырайы, оның сопақша жүзі мен сығырайған көздері көрінді. Ол Ләйлаға бірденелерді айтып жатқан, бірақ ол ызыңдаған үннен өзгесін естімейді. Керісінше, ол әйелдің айтқан сөздерін көре алатындай сезінді. Сөздер әйелдің аузынан аққан қоймалжың ботқадай, тым созылып, шұбатылып шығады. Ләйланың кеудесі мен аяқ-қолы ауырады. Айналада адамның көленкелері ғана қозғалады. Тарых қайда? Ол неге қасында жоқ?

Төңіректі қарңғылық басып, жұлдыз жамырады.

Ләйла әкесімен биікке өрмелеуде. Ол Ләйлаға арпа егістігін көрсетіп жатыр. Генератордың үні гүрілдейді.

Сопақша жүзді әйел Ләйлаға еңкейіп қарайды.

Әр тыныс алуы ауруды қозғайды.

Әлдеқайдан аккордеон естіледі.

Алланың рақымымен тағы бір тал қызғылт түсті дәрі ішті.

Артынша ауыр үнсіздік басып, айналадағы бар дүниені сол үнсіздік жұтып кетті.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1

Мәриям

— Мені танисың ба?

Қыз көзін ашуға тырысты.

— Не болғанын есіңе түсіре аласың ба?

Қыздың ерні жыбырлады. Көзін жұмып, түкірігін жұтты. Бірдеңе айтпақшы болды. Мәриям оған жақындап, құлағын тосты.

— Құлағым, — деді қыз ауыр тыныс алып: — ештеңе естімеймін.

Бірінші аптада Рашид сатып әкелген қызғылт түсті дәрінің әсерімен Ләйла көп уақытты ұйықтап өткізді. Ұйқысырап, сандырақтады. Айғайлап жылады. Мәриям білмейтін есімдерді шақырды. Ұйықтап жатып та өксіп жылады. Бірдеңеге ашуланып, үстіндегі көрпені теуіп түсірді. Ондайда Мәриям оны мықтап басып алады. Кейде ол Мәриям жегізген астың бәрін құсып тастайтын.

Ләйла тынышталған уақытта Мәриям мен Рашидке қадала қарап, сұрақтарына қысқа жауап қайырады. Кей күндері олар тамақ жегізбекші болғанда, ол басын жас балаша екі жаққа шайқап, аузын алып қашатын. Мәриям қасықты оның аузына жақындатса, аузын да ашпай қарсыласатын. Алайда тез шаршайтын да, олардың күштеп жегізулеріне шарасыз көнетін.

Рашид Мәриямға қыздың беті мен мойнындағы тілінген жерлеріне, иығы мен білегіне, қол-аяғының терісі сыпырылып қалған тұстарына дезинфекциялық дәрілер жағып қоюды бұйырды. Мәриям жарқаттанған орынды бірнеше рет сүртіп,

дәрі жағып, дәкемен орады. Қыздың қобыраған шашын тарап, буып, реттестірді.

— Бұл қыз бізбен қанша тұрады? — деп сұрады Мәриям Рашидтен.

— Тәуірленгенше. Бейшараның жүруге хәлі де келмейді.

Қызды кірпіш үйіндісінен Рашид қазып алған еді.

— Бағыңа қарай, мен үйде болыппын, — деді ол Мәриямның төсегінің жанындағы орындыққа отыра беріп, — су ішерің бар қыз екенсің. Кірпіш үйіндісін қолыммен тырмалап қазып, сені тартып алып шықтым. Мынандай бір металл, — деді ол бас бармағын көрсетіп. Мәриям оның асыра айтқанына шәк келтірмеді: — иығыңнан тесіп өтіпті. Металл паршасы тереңдеп кіріп кеткендіктен, тістеуікпен суырып алмаққа аз қалдым. Әйтеуір аман қалдың. Көп өтпей тәуір болып кетесің.

Хакімнің кітаптарының біразын аман алып қалған да сол Рашид.

— Көбі күйіп, күлге айналды. Тағы біразын біреулер ұрлап кеткен сияқты.

Бірінші аптада Рашид Мәриямға жәрдемдесіп, қыздың жағдайын біліп тұрды. Бір күні базардан жаңа көрпе-жастық сатып әкелсе, бірде құтыдағы дәрумендерді алып келетін.

Тағы сол Рашид Ләйлаға Тарыхтың қора-жайын біреулердің иелеп алғанынан хабар жеткізген.

— Тарту-мыс, — деді ол, — Сайяфтың бір командирі қол астындағы үш адамға сол үйді тарту етіпті, тарту.

Сайяфтың үш адамы дегені — шынтуайтында, аузынан емшек сүтінің дәмі кетпеген, бетін күн жеп, аптап қарыған қап-қара жас балалар. Мәриям олардың әскери форма киіп, көшеден өтіп бара жатқанын бірнеше рет көрген. Олар кейде Тарыхтың ауласында қаруларын тамға сүйеп қойып, шылым шегіп, карта ойнайтын. Араларындағы мығымдау келген, тә-

каппар көрінетін біреуі олардың бастығы болатын. Кішісі — қалған екеуіндей емес, кем сөзді, ұяңдау жігіт. Мәриям өтіп бара жатқанда басын изеп, күлімсіреп сәлемдесуінен, серіктерінің өктем, қитұрқы мінездерінің оған әлі сіңе қоймағанын, ақыл-ойының бүліне қоймағанын аңғаруға болатын.

Күндердің бірінде сол үйдің төбесіне бомба түсті. Естуіне қарағанда, ол хазаралардың Вахдат тобындағылар атқан зымыран оғы көрінеді. Маңайдағы көршілер үш баланың денесінің қиқымдарын біраз күнге дейін аннан-мұннан теріп жүрген.

— Бап болды, — деді Рашид.

«Бұл қыздың бағы бар екен, — деп ойлады Мәриям, — әуеден түскен бомба үйін молаға айналдырды. Ал бұл жеңіл ғана жараланды».

Уақыттың өтуімен Ләйла біртіндеп қалпына келе бастады. Шашын өзі тарап, өзі жуынатын болды. Тамақты да төменге түсіп, Рашидтың отбасымен бірге жейтін хәлге жетті. Дегенмен кейде қандай да бірдеңелер есіне түсе кетіп, тамақтан тыйылады да, орнынан атып тұрып, үстіңгі қабатқа шығып кетеді.

Әлсіреп құлап қалу, үрей басу, кенеттен жүрегі айнып құсулар Ләйланың қалыпты жағдайындай күнара қайталанып жатты.

Кей күндері өкініш те оған серік болатын.

— Тірі қалмайтын едім, — деді Ләйла бірде тізесін құшақтап еденде отырып. Мәриям кірліктерді ауыстырып жатқан. — Әкем кітап салынған қораптарды сыртқа алып шықпақшы болды. Қораптарды менің алып шығуыма көнбеді. Мен қояр да қоймай оларды сыртқа көтеріп шықтым. Әкем іште қалды. Бомба түскенде үй ішінде қалатын адам әсілінде мен едім.

Мәриям кірлікті төсектің үстіне жайды. Ләйланың сары бұйра шашына, ұзын мойнына, көгілдір көзіне, нәзік жүзіне,

шиедей қызыл ерніне назар салды. Мәриям оны кішкентай кезінде шешесіне ілесіп, наубайханаға барғанында көрген. Екінші ағасы оны көтеріп, иығына мінгізіп алған еді. Ол үнемі құлағында түгі бар, ағаш ұстасының әлгібір баласымен мәрмәртас соғыстырып ойнайтын.

Ләйла Мәриямнан жұбату мен ақыл күтіп тұрғандай қарады. Ал Мәриям оған не десін? Қандай жұбату айтсын? Нана жерленген күні Файзулла молданың Құран Кәрімнен келтіріп: «Әлемді Ұлы Алла жаратқан. Біздің тағдырымыз да сол Жаратқан Иеміздің қолында, қызым. Құранға еш уақытта шәк келтіруге болмайды. Бар қиындығымызға Алла жар болады» дегені де жұбата алмаған еді. Ол тағы Файзулла молданың «Әр кімнің күнәсі өзіне. Сен ондай жосынсыз ойларда болма, Мәриям. Мұндай ойлар сені тығырыққа тірейді. Есіңде болсын, бұл істерге сен себепкер емессің» деген ғибартты сөздерінің де өзін жұбата алмағанын есіне алды.

Енді келіп, бұл қыздың дертін жеңілдетер бір ауыз сөз табу Мәриямға мүмкін бе?

Ол бірдеңе айтуға ыңғайлана бергенде, Ләйла бетін тырыстырып, мұрнын жиыра, жүрегі айнып бара жатқанын айтты.

— Сәл шыда, тегене әкелейін. Жерге құспа. Жаңа ғана тазалағанмын... Ah, ой, Аллай!

Ләйланың ата-анасы қайтыс болғанына бір ай толған. Бейтаныс біреу есік алдында пайда болды. Мәриям есікті ашты.

— Сені іздеп келіпті, — деді Мәриям.

Ләйла жастықтан басын көтерді. Мәриям оның есімі Абдул Шариф екенін айтты.

— Ондай адамды танымаймын.

— Саған жолығамын дейді. Төменге түсіп, өзің сөйлесерсің.

2

Ләйла

Ләйла Абдул Шарифтің қарсысына келіп отырды. Ол басы шағын келген, етті мұрнының үсті мен екі бетінің ұшында шұңқыры бар, тегіс қырқылған қоңыр шашы кірпідей тікірейген адам екен.

— Айыпқа бұйырма, қарындас, — деді ол көйлегінің алқымындағы түймесін ағытып, қол орамалымен маңдайынағы терді сүртіп, — әлі толық сауығып кетпеген сияқтымын. Дәріні сульфамид таблеткасы деді ме, әйтеуір сондайды тағы бес күн ішуіме тура келетін көрінеді.

Ләйла отырған орнынан жылжып, оң құлағын оған жақын тосты.

— Менің ата-анамды танушы ма едіңіз?

— Жо-жоқ, — деді Абдул Шариф, — кешір.

Ол сол қолының сұқ саусағымен өзін нұсқап, Мәриям әкелген стаканды оң қолымен алды да, бір төңкеріп тауысты.

— Басынан айтайын, — деді ол қол орамалымен ернінің, қасының үстін сүртіп. — Мен бір саудагермін. Киім-кешек дүкендерім бар. Костюм-шалбар, галстук дегендей ерлердің киім-кешектерін сатамын. Кабулда, Таймани және Шернау аудандарында екі дүкенім бар, бірақ оларды саттым. Пәкістанның Пешавар қаласында да екі дүкенім және қоймаларым бар. Кабул мен Пешевар арасында жиі жүремін. Әйтсе де, бұл күндері, — деді ол басын шайқап: — олай істеу — тура құмар ойнаумен тең іс сияқты. Жақында тапсырыстарымды алып, дүкендерімнің есебін жасауға, отбасымды көруге Пешаварға бардым. Үш қызым бар, әлхамдулилла. Моджахедтер бір-бірінің кеңірдегіне пышақ тыға бастағанда әйелім мен қыздарымды алып, сол жаққа кеткенмін. Бала-шағамды оқ пен оттың құрбаны ете алмаймын ғой. Өзімнің де шаһид бола салғым жоқ,

әрине. Жуықта олармен аман-есен жолғармын, Иншалла. Асылында, Кабулға сәрсенбі күні келіп алуға тиіс едім, мына бір науқас кесірін тигізді. Дегенмен бұл науқасыммен сізге әурешілік тудырмаспын, қарындас. Қиын екені рас. Кіші дәрет сындырсам болды, құдды денемнен әйнек паршалары шығып жатқандай сезінемін. Құдай Хекматьярдың басына мұндай хәлді бермесін. Әйелімнің есімі Надияжан — Құдай оның денін сау қылсын. Дәрігерге көрін деп жалынғанын қайтейін. Аспирин ішсем сауығып кетермін деп ойлаппын. Надияжан сонша айтып еді, тыңдамадым. Бізде «Қияңқыны Құдай ұрыпты» дейтін сөз бар емес пе? Мені шынымен Құдай ұрды.

Ол тағы су ішіп, стаканын Мәриямға ұстатты.

— Әуре көрмесеңіз, тағы берсеңіз.

Мәриям су әкелуге орнынан тұрды.

— Қалай болмасын, оны тыңдауым керек еді. Ол сондай бауырмал. Құдай ғұмырын ұзақ қылғай. Ауруханаға барғанша тұла бойым қызып, жел тербеген теректей қалтырадым да қалдым. Аяғыма әрең тұрдым. Дәрігер қанын бұзылыпты деді. Тағы екі күн кешіккенімде, әйелім тұл болып қалғандай екен. Олар мені ауыр науқастарды емдейтін реанимация бөліміне жатқызды. Уһ, рақмет, — ол Мәриямның қолындағы стаканды алып, бір тал ақ дәріні аузына салды.

— Дәрісін айтсаңшы, мұнша үлкен болар ма?

Ләйла оның дәріні жұтқанына қарап отырды. Тынысы жиілеп, аяғын зілдей ауыр сезінді. Абдул Шарифтың әңгімесі әлі бітпегені аян. Ләйла әңгіменің соңын тыңдамастан орнынан тұрып кетпекші болып еді, аяғы қозғалмай шарасыздан қимылсыз отыра берді.

Абдул Шариф стаканды үстелге қойды.

— Дәл сол жерден сіздің досыңыз Мұхаммед Тарых Вализайды жолықтырдым.

Ләйланың жүрегі одан сайын тез соға бастады. «Тарых ауруханаға түсіп қалды ма? Ауыр науқастар бөліміне?»

Ол түкірігін жұтып, орнынан қозғалды. Өзін бекем ұстамаса, құлап қалуы әбден мүмкін. Ол қиялын ауруханадан алып қашып, Тарыхтың толық аты-жөніне бұрды. Бірнеше жыл бұрын ол Тарыхпен бірге қыстық каникулда парсы тілі курсына қатысып, оның толық есімін тұңғыш естіген. Мұғалім оны «Мұхаммед Тарых Вализай» деп шақырғанда Ләйлаға тым ресми әрі күлкілі естілген.

— Оған не болғанын медбикеден естідім, — деді Абдул Шариф сөзін үзіп, дәріні кідіртпей жұту үшін жұдырығымен кеудесін жеңіл түйгіледі. — Пешаварда ұзақ уақыт тұрғанымнан, урду тілінен де сауатым ашылып қалды. Естуімше, сіздің сол досыңыз босқындармен бірге (барлығы жиырма үш адам) бір көлікке мініп, Пешаварды бетке алып жолға шығыпты. Шекараға аз қалғанда зымыран оғы дәл көлікке түсіпті. Бәлкім, кездейсоқтық шығар. Десе де, бұл адамдарға жіп тағып болмайсың. Көліктегілерден алтауы ғана аман қалыпты. Барлығы сол ауруханаға жөнелтіліпті. Бір тәулік ішінде олардың тағы үшеуі опат болып, екеуі ауруханадан шығыпты. Ауруханада досыңыз Вализай мырза ғана қалыпты.

«Демек, ол тірі деңіз. Бірақ қаншалықты жараланды? — деп ойлады Ләйла. — Сонша ұзақ жататындай жарақаты ауыр ма?»

Ләйла екі беті оттай жанып, өн бойын қара тер басқанын сезді. Қиялын жағымды естеліктерге бұрып, әкесімен, Тарыхпен бірге Бамияндағы Будда мүсіндерін көруге барған көңілді шақтарды еске алмақшы болды. Бірақ көз алдына Тарыхтың ата-анасы келіп алды. Қара түтек ыстың арасында, оның шешесі көліктің астынан қолын созып, Тарыхтың атын шақыруда. Денесі лапылдаған от, лаулаған жалын ішінде шыжғырылуда. Паригі шоқтай еріп, күлі бетіне сырғып түсуде...

Ләйланың тынысы үзілуге шақ қалды.

— Ол менің жанымдағы төсекте жатты. Арамызды жұқа перде ғана бөліп тұрған. Оның жүзін анық көрдім, — Абдул Шариф кенеттен саусағындағы неке жүзігін айналдыра сипап, сөзін саябырлатты. — Досыңыз сонша ауыр жараланыпты. Денесіне түтікшелер жалғаныпты, — ол тамағын қырнап қойды. — Бастапқыда оны сол жолғы оқиғада екі аяғынан айырылған екен деп ойлаппын. Бірақ медбике маған жарылыста оның оң аяғынан айырылғанын, сол аяғының бала күнінде жарақаттан кесіп тасталғанын айтты. Ішкі ағзалары да едәуір зақымдалған. Үш рет ота жасалған. Ішектерінің бір бөлігі кесіп алыныпты. Тағы қай жерлері кесіп тасталғаны есімде қалмапты. Ол аз болғандай, денесі ауыр дәрежеде күйіп қалған. Өте ауыр. Сізге осыларды ғана айтайын. Онсыз да уайымыңыз көп шығар, қарындасым. Мұны айтпасам да болар еді.

Тарых енді аяқсыз денеге айналыпты. Ләйла қиялын жыраққа, қаланың шырматылған, қым-қуыт тар көшелеріне бұрып әкетпегенде, құлап түсуі бек мүмкін еді.

— Ол көбіне дәрі-дәрмектің әсерінен есін жия алмай жататын. Ауруды басу үшін одан өзге не шара бар дейсіз? Әйткенмен, арасында уколдың әсері азайғанда, есін жиятын. Сондай сәттерде онымен әңгімелесетінмін. Оған өзімді таныстырдым. Қайдан келгенімді айттым. Қасында мендей отандасының болғанына ол қуанып қалды. Көбіне мен сөйледім. Оның сөйлеуі де тым қиын еді. Әр жолы аузын қимылдатқанда ауру азабынан ыңыранатын. Оған қыздарым мен Пешавардағы үйім жайлы айтып бердім. Қала берді, балдызым екеуіміздің үй іргесінен дәліз салып жатқанымызды да әңгімеге қыстыра кеттім. Қарапайым әңгімелер болса да, оған аз-кем демалыс сыйлады. Кейде ол да аздап тілге келетін. Көп сөздерін түсіне алмасам да, не демегін аңғардым. Өзінің бұрын қайда тұрғанын айтты. Бірде Газнидағы кіші әкесі туралы, енді бірде шешесі даярлаған ас, әкесінің ағашшылық өнері, өзінің аккор-

деон тартатыны хақында әңгімеледі. Дегенмен әңгімелерінің дені сіз жайлы еді, қарындасым. Ол өзінің балалығын, сізбен өткізген кездерін дәйім еске алатынын айтты. Әңгімесінің ауанынан сізге сонша күйінетінін аңғардым. Әттеген-ай, ол сізді сонша сағынса да, сіздің сол жерде болмағаныңызға қуанады екен. Сіздің оны сондай күйде көргеніңізді қаламайды екен.

Ләйланың аяқтары барған сайын ауыр тартып, өн бойындағы қан атаулы табанына ұйып қалғандай сезінді. Алайда қиялы Кабулдың аспанынан, сол бір қарауытқан тау бөктерлерінен, ұшы-қиырсыз құмдардан, аңғарлардан, қып-қызыл қорым тасты шоқылардан, ақ қар, көк мұз құрсанған тау шыңдарынан алқып өтіп, сонша алысқа кеткен еді...

— Кабулға баратынымды айтқанымда, ол маған сізді іздеп табуымды, өзінің сізді мәңгі еске алатынын, сағынатынын жеткізуімді өтінді. Мен оған уәде бердім. Оның мінезі мен болмысы маған ұнады. Мықты жігіт екеніне шүбә келтірмедім, — Абдул Шариф қол орамалымен көз жасын сүртті. — Бір күні түн ортасында оянып кеттім, — деп сөзін сабақтады. Саусағындағы неке жүзігін сипап тұрып: — Иә, түн жарымы екені даусыз. Анық есіме ала алмай тұрғаным. Бөлменің терезесі де жоқ. Күннің шыққанын, батқанын біліп болмайсың. Оянғанымда бөлмеде аласатып, жанталасқан, қауырт жұмыстар жүріп жатқандай болды. Дәрінің әсерімен мас адамдай бір ұйықтап, бір оянып маңайда не болғанын аңғара алмадым. Әйтеуір дәрігерлердің жанымдағы төсекті қаумалап алғанын, әлдекімдердің айғайлағанын, күзет құрылғыларының дабыл үні дегендер есімде қалыпты. Ертесі қасымдағы төсектің бос тұрғанын көрдім. Медбикеден не болғанын сұрағанымда, ол маған оның соңғы тынысына дейін қайсарлықпен күрескенін айтып берді.

Ләйла басының солқылдағанын сезді. Ол білуі керек еді. Әлбетте, ол әлдеқашан білген. Бұл адамның қарсысына келіп

отырған сәттің өзінде оның неге келгенін, нендей хабар әкелгенін тұспалдаған.

— Айтар болсам, әуелде сіздің тірі екеніңізге сенбедім, — деді ол, — оны морфийдің әсерінен сандырақтап жатса керек, деп ойлаппын. Бәлкім, сіздің мұнда болмағаныңызды тілеген шығармын. Жұртқа үнемі қаралы хабар жеткізуден қорқамын. Алайда мен оған уәде бергенмін. Оның үстіне кеудемде оған деген үлкен құрметім бар. Бірнеше күн бұрын осында бір рет келіп, маңайдағы көршілерден сізді сұрастырдым. Олар маған осы үйді көрсетті. Ата-анаңызға келген келеңсіздікті де айтты. Ah, соны естідім де, бұрылып кетіп қалдым. Асылында сізге бұл суық хабарды жеткізбек емес едім. Мұндайға кім-кімнің де сабыр-төзімі жетпес.

Абдул Шариф орнынан тұрып, үстелдің арғы бетіне өтіп, Ләйланың тізесіне қолын қойды.

— Әйтеуір қайтып келдім. Ол сіздің білгеніңізді дұрыс санайтын шығар деп ойладым әрі соған сендім. Мені кешіріңіз, мен...

Ләйланың құлағы енді ештеңені естімеді. Бейтаныс біреудің Панджшерден Ахмет пен Нұрдың қаралы хабарын әкелгенін есіне алды. Сол күні жүзі бозарған Хакім өзін диванға тастап, Фарибе қолымен аузын қатты басып алған еді. Ләйла жаланаштанып алған Фарибені көріп қорқып кетсе де, шын ниетімен қамығып, қайғыра алмаған еді. Шешесінің қаншалық азаптанғанын түсініп жетпеген-тін. Міне, тағы бір бейтаныс жан өлім хабарын алып келді. Ендігі кезекте өзі отырған орнында мелшиіп қалды. Ғажап-ау, бұл оның шешесінің қайғысын сезінбегеніне берілген жаза ма еді?

Шешесінің өзін жерге ұрып, жан даусымен шырқырап, шашын жұлып, налығаны Ләйланың көз алдына елестеді. Бірақ мұның олай істеуге дәрмені жоқ. Тіпті орнынан қозғаларға хәлі келмейді. Отырған орнында көзі бір нүктеге мақсатсыз қадалып қалған. Шалғайға шарықтаған қиялы жап-жасыл

арпалыққа келіп қонған. Әне, арық-тоғандарда мөп-мөлдір су сылдырап ағып жатыр. Қаз-қатар өскен қайыңдар самалмен тербелуде. Әке! Әкесі акация ағашының саясында кітап оқуда, ал Тарых екі қолын кеудесіне қойып ұйықтап жатыр. Ләйла аяғын арықтағы суға малып, ежелгі бабалары табынған сәулетті будда мүсіндеріне қарап, келешектің тәтті қиялына берілді.

3

Мәриям

— Келеңсіздіктерді естіп қатты қайғырдым, — деді Рашид Ләйлаға. Ол Мәриямның жүзіне қарамастан, қолындағы бір кесе сорпаны алды. — Сендердің жақын... дос екендеріңді білемін. Екеуің демекші, бала күндеріңнен бірге ойнаушы едіңдер. Қандай аянышты. Қаншама Ауған жастары осылай өлім құшты десеңші.

Ол Ләйлаға қадала қарап, қолдарымен ишаралап, тебірене сөйлеп отыр. Мәриям оған майлық ұсынды. Сонша жылдардан бері Мәриям оның тамақ жесіне, ас шайнаған кезіндегі бет сүйектерінің қозғалысына, күрішті бір қолымен уыстап алуына, екінші қолымен аузының айналасындағы күріш қалдығын сүрткеніне қарап отыратын. Сол жылдардан бері Рашид үн-түнсіз көзін ыдыстың ернеуінен арыға апармай тамақ жейтін. Маңайдағы тыныштық оның жақтырмай шықылықтағанынан не нан сұраған бір ауыз сөзімен ғана бұзылатын. Ендігіде ол белгілі себептен қасықпен тамақ жеп, аузын майлықпен сүрте бастаған. Су сұрағанда, «Әуреледім, рақмет!» деуді де ұмытпайтын болды. Тебірене сөйлеулері де едәуір ұзаққа созылатын.

— Американдықтар Хекматьярдай адамға қару беріп қателесті. 1980 жылдарда Америка орталық барлау агенттігі оған

Кеңес Одағымен соғысыңдар деп барлық қаруын беріп қойды. Міне еді Кеңес әскері шегініп шыққа да, қаруды қайтару түгілі ол мылтығының аузын сенің ата-анаң секілді бейкүнә жандарға қаратып отыр. Онысы жиһад-мыс. Қандай көзбояушылық, а! Жиһадтың әйелдерді, нәресте-сәбилерді өлтірумен қандай қатысы болсын? Американдықтар одан гөрі генерал Масудты қаруландырса дұрыс болар еді.

Мәриямның қасы еріксіз жоғары көтерілді. Генерал Масуд? Мәриям жақында ғана Рашидтың Масудты «Коммунистердің сатқыны» деп балағаттағанын естіген еді ғой? Иә, дұрыс. Масуд — тәжік, Рашидттың өзі де, Ләйла да тәжік емес пе?!

— Айтар болсам, американдықтар біздің көрпемізді қымтамас. Олардың пуштун, тәжік, өзбектердің бір-бірін өлтіруімен не жұмысы болсын. Американдықтардың қайсыбірі пуштунды тәжіктен, тәжікті өзбектен ажырата білер дейсің? Олардан жәрдем тілеу — құр тұлыпқа мөңірегендік. Кеңес Одағы құлады. Енді біздің Американдықтарға еш керегіміз қалмады. Олар өз мақсаттары үшін бізді пайдаланып болды. Олар үшін Ауғанстан — бір дәретхана. Сөздерім сәл оғаштау болды, кешір. Бірақ айтқандарым ақиқат. Қалай ойлайсың, Ләйлажан?

Ләйла кесесіндегі бір түйір етті қасығымен сырғытып қойып, Рашидтың сұрағына жауап берді. Сөзі түсініксіздеу болса да, Рашид өмірінде алғаш рет ең ғибратты сөзді тыңдап отырғандай, пейілденіп басын изеді. Мәриям көзін басқа жаққа алып қашты.

— Әкең екеуіміз, Алла оның жатқан жерін жәннат қылғай, үнемі осындай істерді кеңесетінбіз. Ол сен өмірге келмеген кездер ғой. Көбіне саясат пен кітап жағын әңгімеге өзек етуші едік, солай емес пе, Мәриям? Есіңде бар ма?

Мәриям стаканды алып, су ішкен қалып тантты.

— Саясатты айта беріп, сені зеріктіріп қоймасам жарар еді.

Мәриям ыдыс-аяқтарды асүйге алып барды да, жуа бастап, ойға шомды. Оны қайран қалдырғаны Рашидтың қып-қызыл өтірігі, айлакерлігі, зымияндығы немесе Ләйланы топырақ үйіндісінен қазып алғаннан бергі Мәриямға қол көтермегені емес, керісінше, Ләйланың назарын аудару, ең бастысы, оны әсерлендіру үшін сомдап жатқан рөлі, жиіркенішті ойыны. Кенет оның өн бойын үрей биледі. Енді ол өз күмәнінің теріс емесін түсінгендей болды. Рашидтың мақсатын толығымен түсінді.

Мәриям көңіліндегі қорқынышын басып, Рашидтың бөлмесіне кірді. Күйеуі темекісін тұтата беріп:

— Несі бар? — деді.

Сол сәтте-ақ Мәриям өзінің жеңілгенін түсінді. Тым құрығанда Рашидтың өзіне қарсы шыққанын, сөзіне тақ қалғанын, қала берді оның не мақсатта сұрағанына қамыққанын көргісі келді. Солай бола қалса, Мәриям ұтқан болар еді. Еш болмағанда Рашидты ыңғайсыздандыру мақсатына жетер еді. Әйтсе де, күйеуінің салмақтылықпен бойсұндыруы оның талпынысын жерге ұрған.

— Отыр, — деді ол төсегінде қабырғаға сүйене, аяғын көсіп. — Есіңнен танып құлап түссең, миың шашылып кетуі мүмкін. Сол үшін отырып алғаның жөн болар.

Мәриям еріксіз төсектің жанындағы бүктемелі орындыққа жалп етті.

— Маған анау күлсауытты беріп жіберші.

— Мәриям бұйрықты екі етпей орындады. Рашид өзінің нақты жасын білмесе де, Мәриям оның алпыстан асқанын жақсы білетін. Оның ағарған шашы бұрынғыдай қою әрі бұйра. Көзінің асты салбырап, иегі мен алқымының терісі құрғап, құрысып қалған, беті солған. Жүрісі сәл еңкіш тартса да, мұрны әлі де жалпақ, денесі сом, қолы қайратты болатын. Қампиған қарны есіктен өзінен бұрын кіріп келетін. Қысқасы, Рашидтың Мәриямға қарағанда әлдеқайда күйлі екені анық-тұғын.

— Біз бұл жазмышты шариғат заңына үйлестірмесек болмайды, — деді ол күлсауытты қарнына қоя беріп. — Жұрт жиылып, артымыздан сөз қылар. Басы бос қыз үйімізде бұлай тұрса, намахрам болады. Менің, сенің, ол қыздың — бәріміздің абыройымыз үшін жақсы емес.

— Он сегіз жылдан бері, — деді Мәриям: — сізден еш нәрсе талап етпедім. Еш нәрсе. Енді ғана сұрап отырмын.

Рашид шылымын сорып, түтінін баяу үрледі.

— Оның бұл жерде тұра бергені дұрыс емес. Егер солай демекші болсаң, менің жауабым сол. Ол мұнда осылай тұрса, қарнына ас салмасам, үстіне киім алып бермесем, жатар орнын қамдамасам болмайды. Ондайға менің үйім қайырымдылық қоры емес, Мәриям.

— Бірақ бұл не сөз?

— Не сөзің не? Не? Сен оны тым жас, енді ғана он төртке толған демексің бе? Он төртте болса, бәлиғатқа жетті деген сөз. Маған тигенде сен он бесте едің, есіңде бар ма? Шешем он үшінде күйеуге шығып, мені он төрт жасында туған.

— Бұған қарсымын, — деді Мәриям ызаланып.

— Мұның шешімін сен шығармайсың. Бұл тек оның және менің қалауыма байланысты.

— Жасым біразға келді.

— Өзіңді кәрі, оны уылжыған жас дегенің қисынсыз сөз болды.

— Бұл жасымда мұндай қылықтарыңызды көтере алмаймын, — деді Мәриям, көйлегінің етегін уыстай умаждаған қолы дірілдей бастаған. — Сонша жылдардан бері сізге серік болғаным үшін мені осынша төмендетіп қоймақсыз ба?

— Мұны соншама әсірелеп жіберме. Мұндай әркімде бар қалыпты іс. Оны жақсы білесің. Ағайын-достарымның көбінде екі, үш, тіпті төрт әйелден бар. Сенің әкеңнің де үш қатыны бар еді ғой. Егер менің орнымда басқа еркек болса, мұндай ша-

руаны тым ерте тындырған болар еді. Айтқандарымның рас екенін сен әбден білесің.

— Мен түбегейлі қарсымын.

Рашид кекете күлімсіреді.

— Басқа мүмкіндіктер де жоқ емес, — деді ол тобығын екінші аяғының сіріленіп кеткен өкшесімен қасып. — Оның бұл үйден кетуіне болады. Жолын тоспаймын, бірақ ұзаққа бара алмайтынын білемін. Жанын бағардай соқыр жармағы жоқ. Төбесінде зулаған оқ, алды-артында жарылған бомба. Айтшы қане, сыртта біреулер алып қашып, зорлап-қорлап болған соң, бауыздап қоқысқа лақтыра салуы қас пен көздің арасындағы іс емес пе?

Ол жөткірініп алды да, арқасындағы жастығын түзеп қойды.

— Төңірек толған ор, ұры-қары, ит-құс, Мәриям. Бұған сенуің керек. Қан сасыған бандылар көшенің әр қиылысында қарауылдап тұр. Ол қыздың тәуекелге баруын қаламаймын. Амалдап Пешаварға барды делік, содан соң ше? Ондағы босқындар лагерінің қандай екенін білесің бе? — ол темекі түтінінің арасынан тіке қарады. — Адамдар картон қораптардан жасап алған күркелерде тұрады. Туберкулез, тышқақ, ашаршылық, қылмыс... Бұлардың бәрі қыста өрши түседі. Жер-жаһанды қар-мұз құрсайды. Адамдар мұз мүсіндерге, күркелер қабірстанға айналады.

— Әлбетте, — деді ол қолын көтеріп: — ол қыз Пешевардағы ойнасханаларды паналаса да болады. Естісем, онда мұндай саудалар едәуір жанданып қалыпты-мыс. Өзінің мынадай сұлу сымбатымен ол тәп-тәуір тиын таба алады. Сеніңше, дұрыс па?

Ол күлсауытты қасындағы шырақ үстеліне қойып, аяғын төсектен түсірді.

— Маған қара, — деді ол жұбатқан кейіппен, өзінің үстем түскенін әйгілегендей. — Білемін, бұл істерді ауыр аласың.

Оған бола саған ренжімеймін. Бұл шешім бәріміз үшін пайдалы. Осыдан кейін біле жатарсың. Жақсылап ойлан. Ол сенің қолыңды ұзартады. Ал мен оған пана боламын. Бұл күндері әйел адамның еркексіз күні қараң. Тұл қатындардың дерлік көше мен қоқыста басы жатқанын көрдің бе? Бандылар осындай орайға ие болу үшін бір-бірін қырып жатыр. Ойлап көрсең, бұл дегеніңіз... бұл дегеніңіз мен жасаған бір садақа, — оның жүзіне күлкі үйірілді. — Осының үшін маған даңқ орденін тақса да жарасады.

Маңайды қараңғылық басты. Мәриям бұл істі Ләйлаға жеткізді. Ол біразға дейін үнсіз отырды.

— Саған ертеңге дейін жауап берсін дейді, — деді Мәриям.

— Мен қазір-ақ жауап берейін, — деді Ләйла. — Мен келісемін.

4

Ләйла

Ертесі Ләйла орнынан тұрмай жатты. Рашид есіктен басын сұғып, өзінің шаштаразға баратынын айтты. Ләйла көпке дейін көрпесін қымтанып жатып алған. Түстен кейін Рашид шашын қидырып, үстіне сұрғылт түсті жолақ костюм киіп, неке жүзігімен Ләйланың қасына келгенде де, ол басын жастықтан көтермеді.

Рашид Ләйла жатқан төсектің шетіне келіп отырды. Қолындағы шағын қорапшаның лентасын шешті де, ішінен алтын жүзікті еппен алды. Ол мұны Мәриямның бұрынғы неке жүзігіне айырбастап келген еді.

— Оның бұл іспен шаруасы жоқ, маған сен. Ол мұндайға назар аударып жатпайды.

Ләйла орнынан тұрып, төсектің аяқ жағына жылжып отырды. Мәриям төменде киім үтіктеп жатқан.

— Бұл жүзікті ол бір рет те таққан емес, — деді Рашид.

— Керегі жоқ, — деді Ләйла бәсең үнмен, — қабылдай алмаймын. Мұны өзіне қайтарып біріңіз.

— Қайтарып беріңіз? — Рашидтың түрі бұзылып, қайта басылды. Өзін тез реттеп, күлімсірей қалды: — Бұған үстемелеп азырақ, жоқ едәуір көп ақша қостым. Бұрынғысынан әлдеқайда жақсы. Жиырма екі карат. Әуелі қолыңа алып, салмағын көрсеңші. Қане, тезірек. Ұнамады ма? — деп ол қорапшаны жапты. — Ендеше, гүл ше? Гүлді ұнатасың ба? Қай гүлді ұнатасың? Дестар гүлін бе, қызғалдақты ма? Жұпаргүлін әкелейін бе әлде? Гүл де керек емес? Болды онда. Мен де өзімді әуреге салмайын. Мен сол... иә, білдім. Дихмазаңда шебер тігінші бар. Біз сені ертең сонда апарып, өлшетіп, некеге лайық киім тіккізейік.

Ләйла басын шайқады. Рашид қасын көтерді.

— Мен сол тезірек... — Ләйла сөзін бастады. Рашид қолын Ләйланың мойнына артып еді, ол жиырыла қалды. Оның қолы жалаң денеге дымқыл елтірі кигендей тітіркендіріп жіберді.

— Айтайын дегенің?

— Бұл істі тезірек бір жағына шығарған жөн шығар.

Рашид аңтарыла қарап қалды да, артынша сарғайып кеткен тістерін көрсете:

— Ынтызарлық, — деді ыржалақтап.

Абдул Шариф келерден бұрын Ләйла Пәкістанға кетуді жоспарлаған. Оның қаралы хабарынан кейін де кете беруі мүмкін еді. Егер алысқа кетер болса, қаланың соңына шықпайтын тұйық көшелерінен, әр қиылыста өзіне қарап тұрған рухтардан, жын-шайтандардан құтыла алса, жолы болған деген сол еді.

Алайда бірден бәрін тастап кету ығына келмеген. Күн құрғатпай құсу, кеудесінің шаншып ауруы, хайыздың тоқтап қалуы оның ойлағанын орындатпады. Ол босқындар лагеріндегі картон қораптардан жасалған, шатырлары желмен жел-

пілдеп тұрған мыңдаған күркелерді елестетті. Сол күркелердің бірінде, өзінің бауыр еті, Тарыхтың баласы бет терісі тотығып, иегі салбырап, қол-аяғын күс басып, былқ-сылқ етіп жатқанын, сол бір кішкентай жансыз тәнді біреулер кебіндеп, қомағайлана қарап тұрған қарға-құзғындардың алдында шұңқырға көміп жатқан бейнесін көз алдына елестетті... Ендеше, ол қалай ғана кете алсын?

Ләйла өміріндегі өзіне жақын болған жандарды есіне алды. Ахмет пен Нұр әлдеқашан о дүниелік болған. Гити де бақиға озған. Хасина жат жерде. Ата-анасы да фәниден өтті. Тарых та...

Әйтсе де, бір тылсым мұғжиза оның өткенін бүгінімен жалғады. Өзінің өмірлік жалғыздығына жолдас болу үшін, Тарыхтың жанының титтей бөлшегі оның бойында пайда болып, қол-аяғы қылтиып, бүртік атып келеді.

Ол өзінің өткен өмірінен және Тарыхтан қалған жалғыз алданышын қалай жоғалтсын? Ол жылдам бір шешімге келуі керек еді. Тарыхпен бірге болғанына да алты апта болып қалған. Егер тағы кешіктірсе, Рашидтың күмәнін қозғап қоюы мүмкін.

Мойынсұнбақ ісінің сөлекеттік, намыссыздық әрі опасыздық екені оған аян. Әсіресе өзінің Мәриямға обал жасағанын анық біледі. Құрсағындағы шикі ет әлі кішкентай болса да, ана атымен аталатын жаратылыстың өз перзенті үшін беретін құрбандығының шартсыз болатынын ол әу бастан түсініп жеткен. Ол ішін сипап, көзін жұмды.

Ләйла рәсімнің аз бөлігіне ғана назар салды. Сұрғылт түсті жолақ костюм киген Рашидтың үстіне сепкен әтірінің тұтқыр иісі Ләйланың жүрегін айныта бастаған. Рашидтың жағасынан мойнының ұстара кесіп кеткен тұсы көрініп тұрды. Жүзікті саусағына салғанша, Рашидтың алақанының сіріленіп, мүйізгектеніп кеткен терісі Ләйланың саусақтарының түте-түтесін шығарды. Неке куәлігіне қол қоймақ еді, қаламы жарамады.

Маңайдан басқа қалам табу Рашидты әуреге салды. Десе де, оның куәлікке қол қойған сәттегі қимылы сабаз, жазуы көркем шықты. Дұғадан соң, Ләйла айнадан Рашидтың қырқып, реттестірген қасына пейілсіз назар салды.

Бір бұрышта Мәриям наразы кейіппен қарап тұрған. Оның жүзіне қарауға Ләйланың батылы бармады.

Ләйла Рашидтың суық көрпеге кіріп, пердені түсіргеніне қарап жатты. Рашид қолын көйлегінің түймелеріне, шалбарының бауына ұзатпай жатып-ақ Ләйланың өне бойы дірілдей бастады. Рашид те абдырап-сасып, өз көйлегінің түймелерін ағыта алмай едәуір әбігерленді. Салбыраған кеудесі, жуан қарны, кіндігінің үстіндегі көк тамыры, көкірегі, иығы мен білектеріндегі бұйраланған ақ түктері Ләйлаға көрініп тұрған. Рашидтың екі көзі Ләйланың денесін тінте, қомағайлана жүгіреді.

— О, тоба! Мен саған өлердей ғашық болып қалған сияқтымын, — деді Рашид таңдайын қағып.

Ләйла шырақты өшіруін өтінді...

Рашид қорылдап қатты ұйқыға кеткенде, Ләйла дыбыс шығармай көрпенің астына қолын жүгіртіп, жасырып қойған пышағын алып шықты да, сұқ саусағының ұшын қанатты. Көрпені қайырып, саусағынан аққан қанды көрпеге тамызды.

5

Мәриям

Күндіз үстіңгі бөлмеден естілетін төсектің сықырлаған дыбысы, моншадағы судың шарқырағаны мен стаканды сыңғырлатқан қасықтың үні бұл үйде бір қыздың бар екенін еске салатын. Бірде шәркейдің сыртылдаған дыбысы Мәриямның құлағына шалынса, енді бірде баспалдақпен үстіңгі қабатқа көтеріліп бара жатқан көк көйлекті Мәриямның көзі шалып қалатын.

Кейде, кездейсоқ олардың басы соғылысып, ыңғы тиісіп қалатыны да жоқ емес. Бірде баспалдақта, бірде дәлізде, бірде асханада, енді бірде есік түбінде ұшырасып қалады. Ондайда екеуі де ыңғайсызданатын. Ләйла көйлегінің етегін жиып, бірер ауыз кешірім сұрап өтіп кетеді. Мәриям оның соңынан кідіре қарап тұратын. Кейде Мәриямның мұрнына Рашидтың темекі араласқан исі келетін. Ол Ләйланың денесіне әбден сіңіп қалған. Мәриямның пайдасына, ол жыныстық тұрмыстан құтылған еді. Осы күндері, Рашид пен Ләйланың бірге жатқан бейнесін елестеткен бойда Мәриямның жүрегі айнып кетеді.

Дегенмен әр күні кеште олардың бір-бірінен аулақ отырулары мүмкін емес. Рашид оларды бір отбасының адамысыңдар деп үгіттейтін. Олардың бір жанұя мүшелері ретінде бірге отырып ас ішуін талап ететін.

— Бұл не сөз? — дейтін қолымен етті сүйектен айырып жатып. Ол Ләйланы жар етіп бір апта өтпей-ақ шанышқы, қасық ұстап тамақ жеуді тастаған. — Мен бір жұп манекенмен үйленген сияқтымын ғой-а? Айтшы, ханым, Ләйлаға бірдеңе десеңші. Әдеп-тәлім деген бар ма сенде? Рашид жіліктің майлы басын сора Ләйлаға қарап сөйледі:

— Оны кінәлама. Ол — бұрыннан кем сөзді адам. Менің-ше, бұл да Құдайдың ұлылығы. Егер адамның айтарға сөзі болмаса, жақ ашпай-ақ қойғаны да жақсы. Сен екеуіміз қалада, ол ауылда өскен. Жоқ, ауылда емес, ауылдың сыртындағы қабырғасы қаусаған ескі кепеде туып өскен. Әкесі оны сонда орналастырған. Оған айттың ба, Мәриям? Өзіңнің харами екеніңді айтып бердің бе? Сол, ол солай жаратылған. Солай бола тұра, оның айтарлықтай жақсы қасиеттері бар. Ақырындап біле жатарсың, Ләйлажан. Ол іске келгенде, еңбекқор, шаруаны тындырымды істейді. Арамзалық, қулық қылмайды. Былай түсіндірейінші: шынымен, ол машина болса, «Волгамен» бара-бар деуге болады.

Мәриям отыз үш жастағы толысқан әйел бола тұра, «харами» деген сөзді естігенде жүрегіне ине қадалғандай күй кешті. Мұны естігенде өзін сұрықсыз құрт-құмырсқадай сезінді. Бірден Нананың оның білегінен тартып тұрып: «Әй, ебедейсіз харами, бабаларымнан мирас қалған тәбәріктің күл-талқанын шығардың. Осы маған көрсеткенің?» деп тілдегенін есіне алды.

— Сен, — деді Рашид Ләйлаға қарап, — сен деген «Мерседессің». Жап-жаңа, жоғары сапалы, жарқыраған «Мерседессің». Пай-пай. Дегенмен, — ол май жұққан сұқ саусағын шығарды: — дегенмен Мерседестің» әсемдігін, өндірушілердің өнерін бағалау бәрінен маңызды... Сені көлікке ұқсатсам, бәлки мені жынданған деп ойлауың мүмкін. Сені көлік деуден аулақпын. Әнтек мақсатымды түсіндіріп отырмын.

Рашид бір уыс күрішті тәрелкеге салды. Тамаққа ұзатқан қолын бірден тартып алды да, ойға кеткен адамша бір нүктеге телміріп отырып қалды.

— Өлгендердің ғайбатын айту күнә. Шахит болғандардың артынан сөз айту онан да бетер күнә-дүр. Бір сөзді айтсам, мені оларға құрмет қылмады, деп ойлап қалма. Бірақ саған айтайын, ата-анаңның — Алла олардың жасаған күнәләрін кешіріп, жатқан жерлерін жәннәт қылғай, — сені тым еркінсітіп тәрбиелегеніне сәл наразымын, бұлай дегеніме қапаланба.

Ләйланың жерге қарап телміріп отырған Рашидке ызалана қарағаны Мәриямның көзіне шалынып қалды.

— Бұл — өткен істер. Айтайын дегенім, мен сенің күйеуің болған соң, сенің ғана ізет-абыройыңды емес, бәріміздің абыройымызды қорғауға міндеттімін. Бұл — еркектің парызы. Бұл жағын маған тапсырыңдар. Десе де, сенен мынаны өтінем: Сен деген бұл үйдің кербез бегімісің. Бұл үй — сенің ордаң. Нені қажетсінсең, оны Мәриямға тапсырасың. Ол сенің тапсырмаңды орындайды. Солай емес пе, Мәриям? Сен нені

қаласаң, мен алдыңа соны даяр етемін. Көрдің бе, мен сондай еркекпін. Соның беделіне мен сенен қарапайым бір істі өтінейін. Талабым — менсіз ешқайда шықпайтының. Міне, осындай жеңіл талап. Олай емес пе әлде? Егер мен жоқта саған бірдене керек болып, қалайда алуыңа тура келсе, Мәриямды жібересің. Ол саған ләзім болғанды сырттан әкеліп береді. Сен бәлкі бұл жердегі теңсіздікті аңғардың. Мынаны түсіну керек, ешкім де «Волга» мен «Мерседесті» бірдей ұғыммен мінбейді. Ол дегеніңіз ақымақтық, солай ғой? Иә, рас, сенен өтінетін тағы бір жағдай, біз бірге сыртқа шыққанда, үстіңе сөзсіз бұрқа киюің керек. Бұл тәбиғи түрде сенің қауіпсіздігің үшін. Ең дұрысы — сол. Мына жұртта қылықсыз ерлер барған сайын көбейіп кетті. Ниеттері сонша жаман. Тіпті тұрмыстағы әйелге де пысқырмайды. Айтпағымды түсінген шығарсың.

Рашид жеңіл жөткірінді.

— Үйде болмаған кездерімде Мәриям мен үшін үйге көз құлақ болады, — Рашидтың отты көзбен қарауы темір табанды етікпен Мәриямның бетінен тепкенімен бара-бар еді. — Бұл сенбегенімнен емес. Қайта, керісінше. Шынымды айтсам, сен менің көзіме жасыңа қарамастан көп ақылды көрінді. Әйткенмен, әлі баласың, Ләйләжан. Әсіресе сендей жас қыздардың шайтанның ақылына еріп, теріс жолға түсіп кетуі өте оңай. Әйтеуір, Мәриям бәріне жауапты. Шынымен, бірер кілтипан шығатын болса...

Бір күні Мәриям Рашидтың ауладағы керме арқанға жайылған көйлектерін алып, қонақ бөлмеге әкеліп бүктеп-қаттап жатқан. Қолына бір көйлекті алып артына бұрылғанда, есік жақтауында шай кесесін көтеріп қарап тұрған Ләйланы көзі шалды. Ол оның қашаннан бері өзіне қарап тұрғанынан хабарсыз еді.

— Сізді шошытып жібердім бе? Ондай ниетім болған жоқ, — деді Ләйла. — Кешіріңіз.

Мәриям оған керенау қарап қойды. Ләйланың жап-жасыл көзі, сопақша жүзі, қиғаш қасы оны күн нұрымен одан сайын ажарландырып көрсетті. Таралмаған сап-сары шашы екі иығына төгіліп түрған. Мәриям оның иықтарын бүрістіре кесені қыса ұстап тұрғанынан қобалжығанын аңғарды.

— Жапырақтар сарғая бастапты, — деді Ләйла тебіренген сыңаймен. — Байқадыңыз ба? Мен күзді ұнатамын. Адамдардың ауласындағы, бақша-бақтарындағы қураған шөп, сарғайған жапырақтарды өртеген түтін иісін жақсы көремін. Шешем көктемді ұнататын. Сіз менің шешемді танисыз ба?

— Онша танымаймын.

Ләйла бір қолымен құлағының сырғалығын ұстап сұрады.

— Кешіріңіз, ести алмадым.

Мәриям даусын көтерді.

— Танымаймын дедім. Сенің анаңды танымаймын.

— Ә, солай ма?

— Саған бір нәрсе керек пе?

— Мәриямжан, оның өткен кеште айтқан сөздері жайлы мен сізбен...

— Менің де сол іс жайында сенімен әңгімелескім бар еді, — деді Мәриям Ләйланың сөзін іле.

— Жақсы, — деді Ләйла бір қадам ілгері басып. Жүзінен сәл жеңілдеп қалғаны байқалып түрған. Сырттан құстың сайраған, арба доңғалағының қиқыл-шиқылы, арт-артынан атылған оқ даусы естілді де, артынша тыныштық орнады.

— Мен сенің үй қызметкерің емеспін, — деді Мәриям. — Бұдан кейін де ондай болмаймын.

Ләйла тіксініп қалды.

— Жо-жоқ. Әрине, олай емес.

— Сен — бәлкім хан сарайының ханшайымы, ал мен бір қарапайым кедей болуым мүмкін. Бірақ мен ешуақта сенің бұйрығыңмен іс қылмаймын. Сен оған шағыстырсаң да, ол

мені бауыздап тастаса да, бәрібір. Естіп тұрсың ба? Сенің малайың емеспін.

— Жоқ, Мен де олай ойламаймын.

— Жамалыңды көз қылып, мені бұл жерден ығыстыруды ойласаң, қателесесің. Мен мұнда жасымнан келгем. Мені бұл жерден ешкім де ығыстыра алмайды. Сен де қуып шыға алмайсың.

— Ондай ниетім жоқ, — деді Ләйла бәсең үнмен.

— Жарақаттарың да тәуірленіп қалды. Енді үй шаруаларына қолғабыс етсең болады.

Ләйла жылдам басын изеді. Кесесіндегі шайы төгіліп кетсе де, аңғармады.

— Әлбетте, қылған жақсылығыңызға рақмет айту қасыңызға келуімнің бір себебі еді.

— Көмектеспеуім керек еді, — деді Мәриям ызаланып: — күйеуімді тартып алатыныңды білгенімде, өз қолыммен тамақ жегізбеген, жуындырып, шашыңды тарамаған, еш жәрдем жасамаған болар едім.

— Тартып алған...

— Әлі де асты өзім даярлаймын. Ыдыс-аяқты да өзім жуамын. Сен кір жуасың, еденді сыпырасың. Қалған жұмысты бір күннен кезектесіп атқарамыз. Тағы бір сөз, маған серік болғаныңды қаламаймын, қасыма келіп, көзіме түсе берме. Егер солай етсең, сені жайына қалдырмаймын. Әркім өз жұмысын істейді.

Ол сөзін бітіргенде, жүрегінің дүрсілдей соғып, аузының құрғап кеткенін сезді. Өмірінде ешкімге бұлай сөз айтып көрмеген. Қатаң талап қойып көрмеген. Осы үшін ол қуануға тиіс еді. Бірақ Ләйланың жас іркілген көзін, мүләйімділік шығып тұрған жүзін көргенде Мәриямның көңіліндегі ризалықтың орнын бір бостық әрі өзін кінәлау сезімі басты.

Ол қолындағы жуылған көйлектерді Ләйлаға ұстатты.

— Мұны киім ілгіштерге емес, шкафтың тартпасына сал. Ол ақ түсті киімдерін үстіңгі тартпаға салғанын ұнатады. Қалғанын шұлықтармен қоса ортаңғы тартпаға салсаң болады.

Ләйла шай кесесін жерге қойып, қолын көйлегінің етегіне сүртті.

— Бәріне ыңғайсызданамын. Мені кешіріңіз, — оның үні дірілдеп, жарықшақтанып шықты.

— Әрине, — деді Мәриям: — ұялуға тиіссің.

6

Ләйла

Ләйла бірнеше жыл бұрын, шешесі Фарибенің көңіл хошы тәуір күндердің бірінде, үйлерінің ауласында болған әйелдер отырысын еске алды. Гүлзар маңында әйелдер Важименің өз бақшасынан әкелген жемісін жесіп отырған. Жемістердің кейбірі ақ, кейбірі қызғылт түсті, тағы біреулері құдды Важименің мұрнының үстінде көрініп тұрған ұсақ тамырлардай көкпеңбек еді.

— Оның ұлының қалай өлгенін естідіңдер ме? — деген Важиме бір уыс жүзімді лып еткізіп аузына салып.

— Бала суға тұншығып өлген, солай ғой? — деді Гитидің шешесі Нила, — Карга көліне, әлде?

— Бірақ білесіңдер ме, Рашид... — Важиме басын дамылсыз изеп, аузына жеміс толтырып шапшаң шайнап сөйледі. — Ол бұрын арақты көп ішеді екен. Сол күні удай мас болған дейді. Естуімше, есін білместей мас көрінеді. Түске дейін, көл жағасындағы орындықта удай мас, ес-түссіз жатып қалыпты. Құлағының түбінен мылтық атсаң да, кірпігін қыбырлатарға хәлі келмепті.

Важиме аузын алақанымен тоса кекірді. Түсіп қалған тістерінің арасынан тілінің көрініп тұрған бейнесі Ләйланың әлі есінде еді.

— Қалғанын өздерің-ақ болжай беріңдер. Баланың суға түсіп кеткеніне ешкім назар аударmаған деген сөз. Кейін төңіректегі адамдар оның суда қалқып жүргенін көріпті. Біреулері оны құтқаруға әбігерленсе, енді біреулері әкесін оята алмай әлек болыпты. Әлдекім баланың аузынан үрлеп тыныс алдыруға әрекет етіп көргенімен, болмапты. Ол әлдеқашан жан үзген екен. Ләйла Важименің бір саусағын шығарып тұрып басқаларға діни тәрбие беретін бейнесін, даусын есіне алды.

— Сондықтан Қасиетті Құранда арақ ішудің харамидығы ескертілген. Араққештің күнәсына бейкүнә адамдар жауапты болады деген сөз.

Ләйла Рашидке жүкті болғанын жеткізген соң, ойына жоғарыдағы әңгіме орала беретін болған. Рашид жаңалықты естіген бойда, Құдайдан баланың ұл болуын тілеу үшін велосипедіне мініп, мешітті бетке алған.

Сол күні кешкі аста Ләйла Мәриямның тәрелкедегі бір жапырақ етті арлы-берлі сырғытып отырғанына қарап қалған. Ас үстінде Рашид жаңалықты Мәриямға салтанатты түрде жеткізді. Ләйла мұндай табалау сыңайлы дөрекі жеткізуді көрмеген. Оны естіген Мәриямның көзі шекшиіп, жүзі оттай қызарды. Түрінен көңілі құлазығаны білініп тұрған.

Астан соң Рашид бөлмесіне радио тыңдауға көтерілді. Ләйла Мәриямға көмектесіп, үстелді жинасты.

— Енді не боласың? — деді Мәриям дастарханның үстінен күріш қалдықтарын теріп жатып. — Бұрын ғой «Мерседес» едің...

Ләйла жауабына жеңіл әзіл араластырды:

— Пойыз не ұшақ болатын шығармын.

Мәриям еңсесін тіктеп тұра қалды.

— Өзіңше мұнымен үй шарауаларынан құтыламын деп ойлап қалма.

Ләйла бірдеңе демекші болды да, ойланып іркіле берді. Мәриямның бірден-бір бейкүнә адам екенін есіне алды. Жөн,

Мәриям — бір жазықсыз жан, кейін нәресте де тағы бір жазықсыз жан болып қосылады.

Ләйла Рашидтың бөлмесіне қайтып кірді. Төсекте жатып, өзін баса алмай жылап жіберді.

— Не болды? — деді Рашид Ләйланың иығынан тартып, өзіне қаратты. — Бір жерің ауырды ма? Балаға ештеңе болмаған шығар?

— Жоқ.

— Мәриям келекеледі ме? Сөзсіз солай ғой? Рас па?

— Жоқ.

— Астағпыралла, қазір-ақ төменге түсіп сазайын берейін. Сені келемеждейтіндей өзін кіммін дейді екен, шата неме.

— Жоқ.

Рашид орнынан тұра бергенде, Ләйла оның қолына асыла кетіп, кейін тартты.

— Жоқ, олай істемеңіз! Ол маған жақсы қарап жүр. Аздан соң тәуірленіп қаламын.

Рашид Ләйланың қасына келіп, оның мойнын, арқасын сипалай бастады. Ләйлаға жақындап, қарайған тістерін шығарып ыржиды.

— Қанеки, онда, — деді ол сыбырлап, — Сенің құлазыған көңіліңе жұбаныш бола алар ма екем, сынап көрейік.

* * *

Бастапқыда қаладағы отындықтан аман қалған теректердің жапырақтары түсе бастады. Кейін дауылдатып-құйындатып, тікендей қадалатын шыңылтыр аяз келді де, ағаш бұтақтарының арасында қалып қалған соңғы жапырақтарды ұшыра бастады. Іле-шала жерге түсе ери жөнелетін алғашқы қар жауды. Ендігіде тоң жүріп, үйлердің шатырлары мен қырау басқан терезелердің жартысына дейін қар қымтап тастады. Кабулдың қыс аспанының көркі болған батпырауықтар да жа-

рылған снаряд пен құйғытқан соғыс ұшақтарынынан қорқып қуыс-қуыстарға бұғынып қалған еді.

Рашид күн құрғатпай үйге соғыс хабарларын алып келетін. Ләйла оның соғысып жатқан топтар туралы түсіндірмелерінен қаймығатын.

— Сайяф хазаралармен соғысуда, — деді ол, — хазаралар Масудпен қырылысып жатыр. Ал Масуд Хекматьярмен қырықпышақ. Хекматьяр Пәкістаннан жәрдем алады. Ендігіде Сайяф пен Масуд біргіпті-мыс. Хекматьяр хазараларды қолдайтын болыпты.

Рашидтың түсіндіруінше, өзбек командирі Достумның кімге жақтас екенін ешкім білмейтін көрінеді. Ол 1980 жылдарда моджахедтермен майдандас болып, Кеңес әскерлеріне қарсы соғысқа қатысқан екен. Алайда Кеңес әскерлері Ауғанстаннан шегінгенде, моджахедтерден бет бұрып, Наджибулланың қуыршақ үкіметіне қосылған. Наджибулла Достумға өз қолымен медаль да таққан сыңайлы. Артынша ол Наджибулла дан бас тартып, қайтадан моджахедтер тарапына өтіпті. Қазір ол Масудты қолдайды-мыс.

Рашидтың айтуынша, Кабулда, әсіресе Кабулдың батысында соғыс өршіп, қар астында көміліп жатқан құрылыстардан, үйлерден әлсін-әлсін қап-қара ыс-түтек көтеріледі екен. Елшіліктер жабылып, мектеп ғимараттары топырақ үйіндісіне айналыпты. Ауруханаңың күту бөлмесінде жаралылар қансырап өліп жатыпты. Операциялық бөлімдерде дәрігерлер наркозсыз-ақ жаралылардың аяқ-қолын ампутациялай береді-мыс.

— Бірақ сен алаңдамасаң да болады, — деді ол, — сен қауіпсізсің, гүлім. Кімде-кім саған саусағының ұшын тигізеді екен, мен оның қарнын жарып, бауырын өзіне жегіземін.

Міне енді Ләйланың әлемі зәулім қабырғалармен қоршалған еді. Балалық шағындағы көк аспанды, әкесіне еріп көкпарды көргелі барған кездерін, көшеде емін-еркін жүгіріп, Гити, Хасиналармен бірге ағаш саясында отырып, ұлдар жайында

әңгімелесетін уақыттарды терең сағынышпен еске алды. Тарыхпен бірге арық жағасындағы көк шалғында жұмбақ айтысып, кәмпиттерін алмасып жей отырып, күннің батқанын тамшалайтын кездер қандай көңілді еді!

Алайда Тарыхты еске алу — ол үшін қорқынышты іс. Сол бір шырын қиялдардың соңына жетпей-ақ, Тарыхтың күйген денесіне түткішелер шашнылған күйі Төсекте ессіз жатқан бейнесі оның көз алдына келетін де, жүрегінің терең түкпіріне жасырынған қасірет-азабы қайта қоздап, нәпсісін тыятын. Ондай шақта, меңіреу жандай қабырғаға сүйеніп, сілейіп отырады. Қала берді, қол-аяғы жансызданып отырған жерінде қимылсыз қалатын.

Ләйла 1992 жылдың қыс күндерін үй сыпырумен, еден жуумен, жатын бөлмесінің асқабақ түстес қабырғасын сүртумен, ауладағы үлкен мыс легенге кір жуумен өткізді. Кей кездері өзінің легеннің қасында шоқшиып отырып, суықтан қызарып кеткен қолдары мен Рашидтың іш киімдерін сықпалап жуып жатқан көлеңкесіне көзі түскенде, өзін ұшы-қиырсыз теңізде қалқып жүрген ескексіз қайықтың үстінде, тағдырының не боларын біле алмай отырған жандай сезінетін.

Күннің суықтығынан аулаға шығудың өзі қиындайтын күндер Ләйлаға бәрінен бетер іш пыстырарлық еді. Бетін жумай, шашын да тармастан, бөлмесінде яки дәлізде арлы-берлі жүретін. Баспалдақтан да неше мәрте шығып-түседі. Мәрияммен ұшырасып қалып, оның салқын қабағына көзі түскенде ғана жүрісін доғаратын. Мәриям асүйде қызыл бұрыштың ұрықшаларын алумен, еттің майларын ажыратып кесумен айналысатын. Үй ішін кеудені сығардай бір түрлі тыныштық басатын. Ол Мәриямның өзіне жасаған үнсіз қарсылығын бейне шіліңгір шілдедегі асфальттан шыққан ыстық леп денесін шалып өткендей сезінетін де, бірден бөлмесіне қайтып кіріп, төсегінде отырып, терезеден сырттағы жауған қардың ұшқындарына қарайтын.

Бір күні Рашид оны өзінің етік тігетін шеберханасына алып барды.

Бірге сыртқа шыққанда Рашид Ләйланың білегінен ұстап, қасында жүрді. Көшеде жүру Ләйлаға біраз қиындық туды-ратын. Өйткені бұрқаның қалың пердесінен сыртқа қарауға толық дағдыланбаған. Кейде бұрқасының етегін басып қалып теңселіп кететін. Жолда шұңқырға шалынып құлап түсуден не асығын тайдырып алудан алаңдайтын. Дегенмен бұрқа кию оған алаңсыздық алып келген. Бұрқаға оранған оны ескі таныс-білістері көрсе де тани алмайды. Жығылып-сүрінгенінен, ұжданының жерге тапталғанына олардың іш ауыртуларынан яки келекелеп күлулерінен құтылып қалатын.

Рашидтың шеберханасы Ләйла ойлағаннан кең әрі жарық еді. Ол Ләйланы ескі былғары, қиқым терілер үйілген үстелдің қасына отырғызды. Өзінің балға мен құм қайрақты қалай қолданатынын көрсетті. Бір қолын Ләйланың көйлегінің етегінен жүгіртіп, оның құрсағын сипалай бастады. Алақаны суық әрі ағаштың қабығындай кедір-бұдыр болатын. Ләйла Тарыхтың жұмсақ әрі мығым қолын есіне алды.

— Тез үлкейіп келеді, — деді Рашид. — Ірі денелі жігіт болтын түрі бар. Менің ұлым әкесі сияқты палуан болады.

Ләйланың көңілі пәс тартты. Рашид әр жолы осындай сөздерді айтқанда оны қорқыныш билейтін.

— Мәриям екеуің қалай болдыңдар?

Ләйла екеуара жақсы қатынаста екендіктерін айтты.

— Жақсы, жақсы.

Ол Мәрияммен алғаш рет шынайы ренжіскені жайында жақ ашпады. Ләйла асүйге кіргенде Мәриям тартпаларды ызалана ашып, күштеп жауып жатқан. Өзінің күріш араластыратын ұзын сапты ағаш ожауды іздеп жатқанын айтқан.

— Оны қайда қойдың? — деді Мәриям Ләйланың алдына келіп.

— Мен? — деді Ләйла, — Мен оны көрмедім. Асүйге жайшылықта көп кірмеймін.

— Солай екенін мен де білемін.

— Сіз мені айыптап тұрсыз ба? Өзіңіз солай дегенсіз. Есіңізде бар ма? Тамақ даярлауды өз мойныңызға алатыныңызды айтқансыз. Егер міндетімізді алмастырайық десеңіз...

— Сол ожауға аяқ бітіп, асханадан шығып кетіпті демексің бе?

— Айтайын дегенім... — деді Ләйла өзін тежеп алуға тырысып. Жайшылықта ол Мәриямның қыр көрсеткенін онша ауыр алмайтын. Десе де, сол күні аяқтары ісіп, басы қатты ауырып, асқазаны жайсызданып тұрған. — Айтайын дегенім, өзіңіз басқа жерге қойып ұмытып қалған шығарсыз.

— Басқа жерге? — Мәриям бір тартпаны жұлқып ашты. Ішіндегі қасық-пышақтар салдырлап кетті. — Бұл үйде тұрғаныңа қанша уақыт болды? бір неше ай? Менің осында өмір сүріп келе жатқаныма он тоғыз жыл болды, сұлу қыз. Сен бұтыңа жаялық салып жүрген кезіңнен бері, мен сол ожауды осы тартпаға салып келемін.

— Сонда да... — деді Ләйланың бойын ыза кернеп, тістерін шықырлатып: — Сонда да ожауды басқа жерге қойып, ұмытып қалуыңыз әбден мүмкін.

— Сен оны бір жерге тығып қойып, мені қасақана қапаландырмақ болуың да әбден мүмкін ғой?

— Сіз — ниеті арам, сұмпайы әйел екенсіз.

Мәриям тіксініп, кері шегінді де, өзін сәл басып, ернін шығарды.

— Сен бір жәлепсің, ұры жәлеп!

Сонымен асүйде ұрыс-керіс басталды. Олар қолына шәйнек-қазандарды көтеріп алып, бір-біріне айбат көрсетті. Былапыт сөздермен балағаттасты. Сол күннен бастап олар жақ ашыспады. Ләйла өзінің сонша тез ызаланғанына қайран қалса да, Мәриямға бетпе-бет келіп, ашуын шығарып алғанына

іштей риза болған еді. Оның неліктен өзін шерін тарқатар нысанасы қылатынының себебін танып жеткендей болды.

Ол үстіңгі қабатқа жүгіріп шығып, Рашидтың төсегіне құлай кетті. Мәриям төменде даусы жеткенше айғайға басып жатқан.

— Өй, арам, арам!

Ләйла төсекте бүк түсіп, ата-анасын сағынып, жастықты тістеп, булығып жылай берді. Жастықтың алақандай жері жасқа шыланып дымданып кеткен. Кенет ол жылаудан тыйылып, орнынан атып тұрып, ішін ұстады. Іші алғаш рет қыбырлаған еді.

7

Мәриям

1993 жылғы көктемнің бір күні таңда, Мәриям терезенің алдында тұрып, Рашидтың Ләйланы қолтықтап сыртқа шығып бара жатқанын көріп қалды. Ләйла сәл еңкейіп, бұрқасының ішінен томпайған ішін ұстап, баяу ілбіп бара жатқан. Рашид оны қолтықтап алған. Олар ауланы кесіп өтіп, қақпаға жақындады. Ол Ләйлаға қозғалмай тұра тұруын айтып, жүгіре басып қақпаны ашты да, бір аяғын есікке тіреп, оны қақпадан шығуға ишаралады. Ләйла жақын келгенде, оны қолынан ұстап босағадан ептеп өткізді. Мәриям оның «Аяғыңды абайла, жан гүлім» дегенін естіді.

Олар ертесі кеште қайтып келді.

Рашид аулаға алдымен кірді. Ол Ләйла кірмей жатып қақпаның есігін қоя бере салып еді, есік Ләйланың бетіне тиюге шақ қалды. Ол адымдап, жылдам басып үйге кіріп келді. Нұрсыз жүзі намазшамда одан сайын қарауытып көрінді. Өңі қабарып, түнере сырт киімін шешіп, диванға тастай салды да, Мәриямның қасынан сүйкеп өтіп дөрекілене:

— Қарным ашты. Кешкі асты әкел, — деді.

Қонақ бөлменің алдыңғы есігі ашылды. Дәлізде тұрған Мәриям сол қолына жөргек көтеріп кіріп келе жатқан Ләйланы көрді. Бір аяғын табалдырықтың сыртына, екінші аяғын есікке тірей еңкейіп, ішіне бірдеңелер салынған қағаз қалтаны қолына алды. Қиналғанынан беті бүрісіп қалыпты. Басын көтергенде, өзіне тесіле қарап тұрған Мәриямды көрді.

Мәриям артына бұрылып, Рашидтың тамағын жылытып бермекке асүйге кіріп кетті.

* * *

— Біреу құлағымды бұрғылап жатқандай-ақ ауыратын болды, — деді Рашид көзін уқалап. Аппақ шашы қобырап, Мәриямның бөлмесінің алдында тұрған, — солқылдап-шағып ауырғанына төзе алар емеспін.

Төменде Ләйла бөпесін көтеріп, арлы-берлі әлдилеп жүрген.

— Адамша ұйықтамағаныма екі ай болды, — деді Рашид, — үйдің іші дәрет сасиды. Қайда барсаң, боққа шыланған жаялық. Өткен ақшамда ғана біреуін басып кеттім.

Мәриям байқатпай мырс етті.

— Оны сыртқа алып шығып кет! — деп айғайлады Рашид артына қарап. — Құдай үшін, бұл заржақты бір уақ сыртқа шығарсаң болмай ма?

Ләйла әлдиін тоқтатты.

— Сыртқа шығарсам, өкпесіне суық тиіп қалады.

— Жаздың күні ғой, айналайын-ау?

— Не?

Рашид тісін шықырлатып, даусын онан сайын көтерді.

— Шыжыған ыстық деймін, ыстық.

— Сыртқа шығармаймын, — Ләйла әлдиін жалғастырды.

— Мен бар ғой, андағы жылаңқыны сандыққа салып, Кабулдың өзеніне ағызып жібересем деп ойлаймын кейде. Мұса пайғамбарды нәресте күнінде суға ағызып жібергеніндей-ақ.

Мәриям Рашидтың бөпені Ләйла қойған «Әзиза» деген есімімен шақырғанын естімеген. Ол үнемі «бөпе», ызаланғанда «заржақ», «жылаңқы» дейтін. Кей түндері Мәриям олардың сөз таластырып, керілдесіп жатқанын еститін де, орнынан тұрып, есіктерінің сыртынан құлағын тосатын. Көбіне ерегестері бала жайында болатын. Рашид оның жылағанын, Ләйланың бар уақытын балаға сарп етіп, өзімен жұмысы болмай кеткенін, жердегі ойыншықты басып кетіп, аяғын ауыртып алғанын айтып шағынатын. Ләйла оның үйде шылым шеккенін, баланы өздерімен бірге жатқызбағанын айыптайтын.

Олардың сыбырласқанын да Мәриямның құлағы шалып қалатын.

— Дәрігер алты апта ғана деген.

— Жоқ, болмайды, Рашид, жоқ, олай істеме. Өтінейін, олай болмайды.

— Екі ай болды ғой.

— Сол... әне, баланы оятып жібердіңіз, — дейтін Ләйла ызаға булығып. — Енді разы болдыңыз ба?

Сол сәтте Мәриям аяғының ұшымен басып, бөлмесіне кіріп кететін.

— Сен оған көмектеспейсің бе? — деді Рашид Мәриямға. — Бір амалың бар шығар?

— Бала бағудан бейхабармын, — деді Мәриям.

— Рашид, емізікті әкеліп берсеңіз. Шкафтың үстінде. Ол ембей жатыр, емізікпен сүт беріп көрейін деп ем.

Баланың жылаған даусы ет кескен пышақтың үніндей бір көтеріліп, бір басылатын.

Рашид көзін жұмды.

— Анау заржағың бала емес — бәле. Хекматьярдың дәл өзі. Саған айтайын, Ләйла Гульбеддин Хекматьярдан біреуін туыпты.

* * *

Баланың қарнын неше уақ тойдыру, біресе тербетіп, біресе көтеріп жүру Ләйланың күнделікті дағдылы ісіне айналды. Бала ұйықтап қалғанда жаялығын жуып, дезинфекциялау сияқты шаруалармен әбігерленетін. Одан қалса баланың тырнақтарын құм қағабен үйкеп, жамылғы мен киімдерін жуатын.

Бала жайлы өзге әңгімелер секілді оның киімдері де кеңес-талқының бір тақырыбы болған.

— Бұлар неге болмайды екен? — дейтін Рашид.

— Бұл — ұл баланың киімдері.

— Сеніңше, сәби соны ажырата ала ма? Мен мұны сонша ақшаға алғанмын. Тағы бір айтарым, маған мұндай сарында сөйлеуіңе рұқсат жоқ. Мұны саған ескерту деп білерсің.

Әр апта сайын Ләйла қара пешке от қалап, оған адыраспан тұқымын шашып, сәбиге от көшіру ырымын жасап (бәле-жала, кесапаттан аластау) пештен шыққан ысты оған қаратып үрлейтін. Мәриям Ләйланың мұндай асыра сілтеген әрекеттерін көріп шаршаса да, оның балаға деген мейірі мен күйінішіне іштей риза болатын. Ләйла балаға от көшіріп болып, қуанып сала беретін. Ұйқысыздықтан жүзі бозарып, өңі қуарып кетсе де, сәбиін бауырына басып, беліне таңып алатын да жүретін. Бөпесі жел шығарып қойса, Ләйланың жүзіне күлкі ойнап, көзі нұрланып кететін. Оның титтей қылықтары да Ләйла үшін жаңалық сезілетін.

— Қараңыз, ол сылдырмаққа қолын созып жатыр. Неткен ақылды, ә!

— Ендеше, тілші шақырайын. Газетке шығарсын, — дейді Рашид.

Әр кеште баланың жаңа қылықтарын тамашалауға уақыт табылатын. Ләйла Рашидты бөпесінің қылықтарын көруге шақырғанда, ол нарау кейіппен мұрнының астынан қарап қоятын.

— Қараңыз! Саусақтарымнан дыбыс шығарсам, күліп жатыр. Міне, көрдіңіз бе? Көрдіңіз бе?

Ондайда Рашид тіркістеніп, тәрелкесіне қарап алатын. Мәриям Рашидтың бір кездері Ләйламен бірге отырғанда тебірене қалатын кездерін есіне алды. Сол шақта Ләйланың әр сөзі оны қуантатын әрі қызықтыратын. Тәрелкесінен басын көтеріп, оның әрбір сөзін бар ынта-пейілімен тыңдап, ризалықпен басын изейтін.

Ләйланың елеусіз күйге түсіп қалуы Мәриямды қуантуы керек еді, бірақ олай болмады. Керісінше, оның көңілінде Ләйлаға деген аяушылық сезімі оянды. Оған себеп, оның кешкі ас үстінде өзінің алаң көңілін жайып салғаны болса керек. Ләйла баланың сонша жөтелуінен өкпесі қабынып қалды ма деп алаңдайтын. Баланың дәреті жұмсақ келіп қалса, іші өте беретін дизентерия ма деп уайымдайды. Беті сәл бөрте қалса, шешек яки қызылша шығып қалды ма деп күмән қылатын.

— Оны сонша өбектей берме, — деді Рашид бір кеште.

— Бұл не дегеніңіз?

— Қайбір күні радиодан өте қызық статистиканы естідім. Айтуларына қарағанда, Ауғанстанда әр төртінші бала бес жасқа толмай өліп қалады екен. Шынымен солай деді. Олар... Не? Қайда барасың? Қайт бері. Тез қайтып кел!

Сол күні кеште Мәриям төсегінде жатып, Рашидтың бөлмесінен естілген талас-тартысқа құлақ салды. Тамыздың ыстық күндерінің бірі еді. Мәриям терезені ашқанда, жүзін ыстық жалын шарпыды. Сыртта масадан басқа үп еткен жел болмағасын терезені қайта жаба салды.

Әдетте мұндай талас-тартыстар бірнеше минутқа жетпей бітетін. Алайда бұл жолы жарты сағатқа жалғасса да, доғарылмай одан сайын үдей түскен. Мәриям Рашидтың айғайға басқанын естіді. Ләйланың үні құмығып, бәсең шығады. Артынша баланың жылаған даусы естілді.

Олардың есігі қатты ашылды. Мәриям басын көтеріп, төсегінде отыр еді, Рашид кіріп келді.

Үстіне ақ жейде мен келте ақ шалбар киіп алған. Жейдесінің қолтығы терден сарғайып кетіпті. Аяғында шәркейі, Ләйламен некелесу күніне арнап алған қоңыр түсті белбеуін бір қолына орап алыпты.

— Мұның бір ұшында сен барсың. Айдан анық, — деді ол Мәриямның алдына тебітіп келіп.

Мәриям төсегінен сырғып түсті де, бір-екі қадам артқа шегінді. Мұндай кездерде Рашид әуелі оның кеудесіне тебетін. Мәриям қолын кеудесіне айқастыра өзін-өзі қатты құшақтағандай қимыл жасады.

— Не айтып тұрғаныңызды түсінбедім? — деді Мәриям даусына діріл араласып.

— Ол маған қарсы шықты, оны сенің айтақтап отырғаның шүбәсіз.

Сонша жылдардан бері Мәриям оның айыптауларына, дөрекі сөздеріне, кемсітіп-келемеждеуіне үнсіз төзсе де, бұл қорқыныштан арылуға оның еш шарасы жоқ еді. Рашидтың көрсеткен доңайбаты, қолына белбеуін орап жетіп келуі, қан толған көзіндегі кек оты Мәриямның қол-аяғын қалшылдатып қара терге түсіретін. Өн бойында пайда болған қорқынышы бейне көкжалға кез болған көк лақтың халі дерсің. Ләйла Мәриямның бөлмесіне жүгіріп кірді. Көзі шекиіп, жүзі бозарып кетіпті.

— Оны азғырғаныңды білмей келіппін, — деді Рашид Мәриямның бетіне түкіріп. Қолындағы белбеуін бұлаңдатып, өзінің санына қағып-қағып жіберіп айбарын асыра түсті.

— Тоқтатыңыз, болды сабыр! — деді Ләйла. — Бұлай істеуіңізге болмайды.

— Кет, бөлмеңе.

Мәриям тағы кері шегінді.

— Жоқ, өйтпеңіз!

— Кет, шығып кет дедім саған!

Рашид белбеуін жоғары көтеріп Мәриямға төніп келді.

Кенет Ләйла шапшаң қимылдап, Рашидтың белбеу ұстаған қолына асылып төменге тартты. Белбеуді тартып ала алмаса да, оны тосып алдыға жүргізбеді.

— Қолымды босат! — деп айғайлады Рашид.

— Болды, сіздікі жөн. Сіз дұрыс айтасыз. Қол көтермеңіз, өтінейін, Рашид. Оны ұрмаңыз. Өтінейін.

Рашид Ләйланы бір жағына итеріп жіберді. Көзі Мәриямға шегедей қадалды. Соңында бұл түнде адам ұруға болмайтыны Мәриямға аян болды. Рашид өзінің мақсатын бұл екі әйелге анық ұғындырды. Белбеу ұстаған қолын биік көтере тынысын жиілетіп, қыбырсыз тұрды да, қолын баяу түсірді. Ләйла тізесі жер сыза бүкшиіп қалса да, Рашидке сенбегендей қолын босатпады. Бірақ ол қолын сілкіп жіберіп ажыратып алды.

— Сендерді жап-жақсы асырап, қорғап келемін, — деді ол белбеуін мойнына асып. — Екеуіңді де бағып келемін, мені ақымақ қыламыз деп қиялдамаңдар.

Ол Мәриямға қайталай сұрлана қарап алды да, артына бұрыла Ләйланы итеріп жіберіп, бөлмеден шығып кетті. Есік жабылған бойда Мәриям төсегіне келіп, жастықты бетіне басып, дірілдеп-қалшылдаған денесінің басылғанын күтті.

Сол түні Мәриям үш рет оянды. Алғашқысында оны Картечар жақтан жарылған бомбаның даусы үрейлендірді. Артынша астыңғы қабаттан баланың жылаған, Ләйланың оны тербеткен үні оятып жіберді. Енді міне шөл қысып, ұйқысы қашты.

Төмендегі қонақ бөлмесін терезеден түскен ай сәулесі ғана жарық қылып тұратын. Қайда екені белгісіз, ұшып жүрген бір шыбынның ызыңы естіліп тұрған. Қараңғыда бұрыштағы шойын пеш пен оның төбеге тұтасқан мұржасынан өзге ештеңе көзге көрібейді.

Асүйге бармақ болған Мәриям бірденеге шалынып қалды. Аяғының астындағы қаранғаған нәрсеге кідіріп, бажайлап қарағанында еденге жайылған көрпенің үстінде жатқан Ләйла мен баласын көрді. Ләйла бір қырымен, жеңіл қорылдап ұйықтап жатыр. Әзиза көзі шарадай жанып, ояу жатқан. Мәриям үстелдегі керосин шамды жағып, жақын әкелді. Шам жарығында ол балаға алғаш рет назар салып қарады. Оның бір тұтам қара шашына, қою, ұзын кірпіктеріне, қоңыр көзіне, анардай қызарған бетінің ұшына, шиедей ерніне көз тоқтатып, барлай қарап шықты. Шалқалап жатқан сәби де мойнын Мәриямға бұрып таңдана қарады. Мәриям бала қорқып кете ме деп аландай бастағанда, ол езу тарта күліп, оны сабасына түсірді.

— Түш-ш-ш.. — деді ол сыбырлап. — Шешеңнің бір құлағы керең болса да, бүйтсең, оны оятып жібересің.

Кішкентай қыз жұмылған кішкентай жұдырығын көтеріп түсіріп, ақыры аузына салды. Аузының айналасындағы көпіршік иегіне қарай аға бастады.

— Қарашы өзіңе. Сенікі не азап? Мына ыстықта ұлдардың киімін киіп, оранып-қымтанып алыпсың. Бұл түріңмен қалай ұйықтамақсың, а?

Мәриям баланың үстіндегі жамылғыны алып тастады. Оның ішінен жабылған екінші жамылғыны көргенде көзі бақырайып шошып кетті де, таңдайын жеңіл шықылықтатып, оны да алып тастады. Бала жеңілдеп қалғандай, Мәриямға қарап шалықтай күліп, жұмылған жұдырықтарын бір-біріне ұра бастады.

— Енді салқындап қалдың ба?

Мәриям орнынан тұра бергенде, Әзиза кішкентай саусақтарымен оның шынашағынан мықтап ұстап алды. Терлеп, дымданған алақаны Мәриямға мамықтай жұмсақ әрі ыстық көрінді.

— Гррр, — деді бөпе тілін ернінің арасынан итере шығарып.

— Болды енді, қолымды босат.

Ол Мәриямның қолын босатпастан, аяғын тепкілей бастады. Мәриям саусағын тартып алды. Бөпе тепкіленіп, түрлі дыбыс шығарып тынышы кетті. Кішкентай жұдырығын аузына қайта салды.

— Несіне сонша мәз болдың, а? Неге күліп жатырсың? Сен бар емес пе, шешең айтқандай сонша ақылды емес екенсің. Әкең сияқты дөрекі, шешең сияқты ақымақ болатын көрінесің. Соны білер болсаң, маған қарап күлмес едің. Енді күлкіні доғар. Болды ұйықта.

Ол орнынан тұрып, бір-екі қадам аттамастан, Әзиза қыңқылдай бастады. Мәриям артына бұрылып, оның қасына қайта қисайды.

— Тағы не болды, не берейін саған?

Бөпе қызыл иегін көрсетіп, күлкісін жалғастырды. Мәриям оны тербетіп, қолын ұстатып қойды. Ол Мәриямның бір саусағын қыса ұстап, тыпыршып, тепкілене берді. Әзиза ұйқыға кеткенше Мәриям қыбырсыз отырды.

Сырттан тынбай сайраған торғайлардың үні естіліп тұрған. Мәриям басын көтере, терезеден қараңғылыққа үңілді. Торғайлардың қанатынан шыққан көкпеңбек нұр оның көзіне шағылысты. Шөлден тамағы құрғап, аяғы ұйып қалса да, саусағын мықтап ұстап, алаңсыз ұйқыға кеткен сәбиге ұзақ қарап отырды.

8

Ләйла

Ләйланың бірден-бір ұнататын ісі — Әзизаның қасында оған қарап жату. Әзизаның томпиған қолын, білектерін қызыға сипалаумен болатын. Кейде Әзизаны кеудесіне етпетінен жатқызып, құлағына ол үшін мәңгі жат болған әкесі Тарых

жайында сыбырлайтын. Оның жұмбақтарды шешуге шебер екенін, сан алуан өнер көрсетіп басқаларды қайран қалдыратынын, қиқарлығымен қоса жағымды күлкісін әңгімелейтін.

— Оның кірпіктері сенікіндей қою әрі ұзын. Иығы кең, қыр мұрын, маңдайы кере қарыс. Сенің әкең — нағыз бекзада, сұлтан. Сондай сырбаз, келбетті, сен секілді мінсіз.

Әйтсе де, Ләйла Тарыхтың атын атауға сақтық қылатын. Кейде, Рашидтың Әзизаға таңданыспен қарап отырғанын байқап қалатын. Бір кеште бөлмесінде табанының мүйізгектерін қырып отырған Рашид шімірікпестен Ләйладан:

— Сонымен, екеуің қаншалық жақын едіңдер? — деп сұрады.

Ләйла түсінбеген сыңайда Рашидке қарады.

— Ләйлі-Мәжнүндер, сені мен әлгі жарымжанды айтамын. Екеуара, сірә, қандай байланыста едіңдер?

— Жай ғана дос едік, — деді Ләйла даусын бірқалыпты шығаруға тырысып. Емізікті қолына алып, Әзизаға сүт даярлауға ыңғайланды: — оны сіз білесіз ғой?

— Нені білетінімді өзім де білмеймін, — деді Рашид аяғының қырылған мүйізгектерін терезеден тастай салып, төсекке шықты. Серіппелері сықырлап тұрған төсекте ауын талтайтып, шалқасынан жатты: — Ендеше, екеуің достасып жүрген кездеріңде... тентектік қылып қойғансыңдар ма?

— Тентектік?

Рашид күлімсіregендей көрінсе де, Ләйла оның өзіне суық назармен сәп салып қарап жатқанын сезіп тұрған.

— Мәселенки, ол сені бірнеше рет сүйіп көрген бе еді? Тым құрығанда қолын ұстамауға тиіс жерлеріңе ұзатқан жоқ па?

Ләйланың бойы дірілдей бастады. Жүрегі аузына келердей, атқақтай соқты.

— Ол өзін менің ағамдай сезінетін.

— Ол, сірә, ағаң ба, досың ба?

— Екеуі де. Ол...

— Нақты қайсысы?

— Әрі досым, әрі ағамдай еді.

— Дегенмен аға-қарындас дегендер де шикі сүт емгендер. Әлбетте, кейде ағасы қарындасына бірдеңесін көрсетіп қоятын, қарындасы да...

— Көңілімді ауыртпаңыз, — деді Ләйла. — Арамызда ештеңе болған жоқ. Енді бұл туралы сөйлескім де келмейді.

Рашид бір жағына қисайып, ернін жиырып, басын изеді.

— Жұрттың екеуің жайлы пышырласқан өсектері қазірге дейін жадымда қалыпты. Ал сен арамызда ештеңе болмаған дейсің.

Ләйла басын көтеріп, Рашидке тіке қарады. Рашид та Ләйлаға қадала қарап жатқан. Ол осылай суыртпақтап, Ләйланың өзінен жасырған сырларын біліп алмақ болғандай. Ләйланың қолдары еріксіз емізікті сығымдай берді. Бұл өзінің осы бір телмірісу сайысында жеңіліп қалуының алдын алатын бірден-бір амалы еді.

Рашидтың қалтасынан ақша ұрлап жүргенін ол біліп қалса қайтер едім деген қорқынышынан Ләйланың тұла бойын діріл басты. Әзиза туғаннан бері, әр апта сайын Рашид ұйықтап жатқанда не аулада бірер іспен айналысып жүргенінде, Ләйла оның әмиянынан бірнеше афганды алып алатын болған. Әмияны жеңіл болса, бес афган яки бір тиын да алмайтын. Ал әмиянының бүйірі тоқ көрінсе, он не жиырма афган алатын. Бір жолды жиырма афгандықтан екеуін алған кездері де болды. Ұрлаған ақшаларын қыстық пальтосының астарына жасырып тіккен қалтасына тығып сақтайтын.

Ол өзінің келер көктемде қашып кетуін жоспарлап жүргенін Рашид біліп қалса, не күй кешерін ойлады. Жоспары — келер жаздан қалмау. Сол уақыт келгенше мың афган, не одан да көбірек ақша жинап алуды көздеген. Сол ақшаның жартысы Кабулдан Пешаварға дейінгі автобус билетіне кетеді. Межелі күн жақындағанда өзінің неке жүзігі мен Рашид өзін бе-

гімдей көріп сілекейін шұбыртып жүрген күндерде сыйлаған құнды заттарын сатуға бекіген.

— Әйтеуір, — деді ол қарнын сипалап: — мұны сұрағаным бола мені жазғыруың орынды болмас. Мен — сенің күйеуіңмін. Мұндайды сұрастыруға қақылымын. Ол неменің бағы бар екен, өліп қана құтылды. Шынымен тірі болып, ұстап алатын болсам... — Ол таңдайын қағып, басын шайқады.

— Өлген адамның ғайбатын айтуды харам деген едіңіз ғой?

— Десе де, кейбіреулердің өле қалуымен іс бітпейтін сияқты.

Екі күннен соң Ләйла таңертең ұйқыдан оянғанында, бөлменің босағасында әдемілеп қатталып қойылған баланың киімдеріне көзі түсті. Бірі етегіне күлгін түсті балық кестеленген көйлек екен де, оның астына көк гүлді тоқыма көйлек пен оған үйлестіре тоқылған шұлық және кішкентай қолғапты бүктеп қойыпты. Арасында сәбіз түсті шұбар нүктелері бар ұйқы киімі мен жасыл түсті шалбар да бар еді.

— Жақыннан бері тыңнан пыш-пыш хабарлар тарап жатыр, — деді Рашид кешкі ас үстінде. Әзиза мен оның жаңа киімдеріне ол қарап та қоймады. — Естуіме қарағанда, Достум орнын тағы өзгертіп, Хекматьярға қосылатын көрінеді. Солай бола қалса, Масуд әр екеуімен де соғысамын деп біраз әбігерге түсетін сыңайлы. Хазаралар да бір жағынан, — деп сөзін сабақтады ол Мәриямның жазда бұқтырған баклажанынан бір түйірін аузына салып жатып. — Құдайым естігендерімізді өсек күйіде өшіре көр. Егер бұл шындыққа айналса, осы соғыс... — ол май болған қолын оңды-солды бұлғап сөйледі: — құдды жұма күнгі Пагман серуеніне айналады деңіз.

Сол кеште астан соң Рашид шалбарын қызыл асығына дейін түсірді де, Ләйланың үстіне міне кетті. Аз-кем алқыныс-жұлқыныстан кейін ол үстінен сырғып түскен бойда ұйқыға кетті.

Ләйла еппен басып бөлмеден шықты. Мәриям бүкшиіп отыра қалып, форель қабыршақтарын тазалап жатқан. Асүйден зире мен ұсақ пияз салып қуырылған балықтың иісі бұрқырап тұрған.

Ләйла асүйдің бұрышына келіп, көйлегінің етегі мен тізесін жауып, жерге отыра кетті.

— Рақмет сізге, — деді ол.

Мәриям оны байқамаған адамша бір балықты тазалап болып, екіншісін қолына алды. Тісті пышақпен балықтың қанаттарын кесті де, бүйірін өзіне қаратып тұрып, қарнын құйрығынан кеудесіне дейін еппен жарды. Саусағын балықтың аузына тығып, кеңірдегінен итеріп, ішкі ағзаларын аса икемділікпен алып тастады.

— Берген киімдеріңіз өте әдемі екен.

— Оларды бәрібір пайдаланбаймын, — деді Мәриям бәсең үнмен. Бір балықты жердегі газеттің үстіне қойды да, басын кесіп қасына тастады. — Сол киімдерді сенің қызың кимесе, күйе түсіп кететін түрі бар.

— Балықты бұлай тазалауды қайдан үйрендіңіз?

— Бала күнімде үйіміз тоған бойында еді. Өзім балық аулайтынмын.

— Өмірімде балық аулап көрмегенмін.

— Балық аулау — сонша қиын іс емес, көбіне сабырмен күтуге тура келеді.

Мәриям балықты үш бөлікке бөлді.

— Киімдерді өзіңіз тіктіңіз бе?

Мәриям басын изеді.

— Қашан тіккен едіңіз?

Мәрим балық бөліктерін суға салды.

— Алғаш құрсақ көтерген кезімде. Әлде екіншісінде ме... есімде қалмапты. Он сегіз, он тоғыз жылдың алдында болса керек. Қазір ғана айтқанымдай, менің ол киімдерге қажетім түспеді.

— Киім тігуге шебер екенсіз. Маған да үйретесіз бе?

Мәриям балықты алып, таза ыдысқа салды. Саусақтарынан су тамшылап тұрған. Басын көтеріп, Ләйланы енді көргендей оған тесірейе қарады.

— Әлгібір күні кеште... өмірімде ешкім мені олай қорғап көрген емес, — деді ол.

Ләйла да алғаш рет Мәриямның солғын жүзіне, қайғыдан қабарған қабағына, аузының айналасындағы тереңдеген әжімдерге барлай назар салды. Алғаш рет өзіне дұшпандықпен қарайтын адамға емес, қайта жүрегінің терең қатпарында ауыр азап пен қасірет жасырынған, өзінің бақытсыз тағдырына еріксіз мойынсұнған бір адамға көз салып отырған еді. Ләйла тағы жиырма жыл осы үйде жасаса, Мәриямның қазіргі келбеті өзінің келбетіне айнала ма?

— Оның бұлай істеуіне жол бере алмаймын. Мен өзгелерді ұрып-соғып жәбірлейтін отбасында өспегенмін.

— Енді сен осы отбасыға тәуелді болдың. Ең абзалы, мұндай істерге көнгенің жөн.

— Жоқ, мұндайға көне алмаймын әрі көнбеймін.

— Күндердің күнінде саған да қол көтереді, біле жүр, — деді Мәриям қолын құрғақ орамалмен сүртіп жатып. — Оның үстіне сен оған ұл емес, қыз туып бердің. Сенің кінәң менікінен қалыспайды.

Ләйла орнынан тұрды.

— Білемін, сырт салқын. Сөйтсе де, біз — кінәлі қатындар бірге отырып, аулада бір кеседен шай ішсек қайтеді?

Мәриям не дерін білмей, іркіліп қалды.

— Ыңғайы келмес пе екен, мен әлі бұршақ аршып, жууым керек.

— Таңертең сіздің жұмыстарыңызға жәрдемдесемін.

— Мына жерді тазаламасам болмас.

— Екеуіміз бірге тазалаймыз. Жаңылмасам, кешкі астан артылып қалған халва да бар ғой деймін? Шайымыздың дәмін сол келтірер.

Мәриям қолындағы орамалын шкафтың үстіне қойды. Көйлегінің жеңін түріп, жаулығын түзеп, бұйра шашын арқасына қайыра реттеп жатқанынан қобалжығаны байқалады.

— Қытайлықтарда «Бір кесе шайдан кешкенше, үш күндік тамақтан кеш» дейтін сөз бар.

Мәриям жылы жымиып күлді.

— Орынды айтылған сөз екен.

— Иә.

— Бірақ мен көп отыра алмаймын.

— Бір шыныаяқ қана ішеміз.

Олар аулада бүктемелі орындықтарда отырып, тәрелкедегі халваны қолдарымен алып жесті. Бір-бір кеседен шай ішіскен соң, Ләйла Мәриямды екінші кесені ішуге үгіттеді. Алыстан атылған оқтың даусы естіледі. Туған айдың жартысын бір шөкім қара бұлттың құйрығы тосып алған еді. Мезгілі бітерде жанталасқан шөп жәндіктері қанаттарынан сап-сары нұр шашып, бейберекет ұшып жүрген. Әзизаның жылағанымен қабаттаса Рашидтың Ләйланы шақырған даусы естілді. Олар селт етіп, бір-біріне қарасты. Міне, сол сәтте Ләйла Мәриямның ежелден өзінің дұшпаны еместігін түсінді.

9

Мәриям

Сол күннен бастап Мәриям мен Ләйла үй шаруаларын бірге тындыратын болды. Асүйде Мәриям қамыр илесе, Ләйла пияз турап, сарымсақ үгітетін. Әзиза да оларға серік болып, біресе қасықты жерге ұрса, біресе қолындағы сәбізбен ойнайтын. Кейде оны үстіне қабаттап киім кигізіп, мойнына қалың шарф орап, ауладағы қамыстан жасалған бесікке жатқызып қоятын да, Мәриям мен Ләйла бірге кір жуатын.

Мәриям Ләйла мен Әзизаның серік болуына бірте-бірте көндігіп қалды. Әр кеште аулада бірге отырып, үш кеседен шай ішу олардың әдетіне айналды. Таңертең Мәриям Ләйланың баспалдақтан түскен сыбдырын, Әзизаның сегіз тал тісін көрсетіп сықылықтай күлгенін, оның балғын денесінен аңқыған сүттің иісін асыға күтетін. Ләйла мен Әзиза ұзағырақ ұйықтап қалса, Мәриямның тынышы кетіп, құлази бастайды да, екі қолы алдына сыймай, таза тәрелкелерді жуып, қонақ бөлмедегі көрпе-жасықтарды қайта реттейтін. Ләйла қашан Әзизаны көтеріп асүйге кіргенше Мәриям сол істерді алданыш етіп, уақыт өткізетін.

Әзиза Мәриямды көрген бойда көзін бағжаң еткізіп үлкен ашады да, былдырлап оған ентелейді. Кішкентай саусақтарын ашып-жұмып, тағатсыздана Мәриямның өзін қолына алуын талап етеді.

— Қарашы, шыдамсыздығыңды, а, — дейтін Ләйла Әзизаны Мәриямның қасына еңбектеп барсын деп еденге қоя беріп. — Тынымсызсың сен. Мәриям ешқайда кетпейді. Міне, сенің апайың.

Әзиза Мәриямның құшағына енген бойда, саусағын аузына салып, басын оның иығына қояды. Ол алғаш сондай қимыл жасағанда, Мәриям дегбірсізденіп, бір күлімсіреп оны бауырына басып тербетті. Мәриямның өмірінде ешкім де оған ентелеп, іш тартып көрмеген. Ешкім де өз махаббатын шынайы білдірмеген. Әзизаны аялай құшақтаған оның көзіне жас іркілді.

— Сен қалайша өзіңнің титтей жүрегіңді мендей сұрықсыз, мыстан кемпірге жақын әкелдің, а? — деп сыбырлады Мәриям Әзизаның шашына бетін басып тұрып. — Мен деген түкке тұрғысыз біреумін. Көрмедің бе? Мен саған не бере аламын?

Әр жолы Әзиза Мәриямның құшағына ене салысымен, өз бетін оның бетіне тигізіп, былдырлап көңілін білдіретін.

Ондай сәтте Мәриямның жүрегі майдай еріп, жанары жасқа толады. Сонша жылдық жалғыздық қасіретінен кейін осы бір сәби жүрек оған шынайы мейірім шуағын сыйлаған еді.

1994 жылдың қаңтарында, Достум өз майданын өзгертіп, Гульбеддин Хекматьярға қосылды. Хекматьяр оған Шырдарбаза тауларының бөктерінен көрініп тұратын ежелгі Балагиссар бекінісінің маңынан орын берді. Ол Хекматьярмен бірлесіп, қорғаныс министрлігі мен президент сарайына орналасқан Масуд пен Раббанидің күштеріне артиллериялық шабуыл қозғады. Олар Кабул өзенінің екі жағынан бір-бірне қарата оқ жаудыруды бастап кетті. Көшелер мүрделерге, зымыран оқтарының қалдығы, әйнек паршалары мен темір-терсекке толды. Қалада тонау, зорлау, кісі өлтіру қылмыстары ушыға түсті. Халықты қорқытып, әскерлерді марапаттады. Әйелдердің зорлық-зомбылықтан қорқып өздерін өлтірулері жиіледі. Кейбір еркектердің өз отбасының намысын қорғау үшін, әскерлер тарапынан зорланған әйелдерін, әпке-қарындастарын өлтірген сыбыстары да Мәриямның құлағына жетіп жатты.

Әзиза зымыран оқтарының даусынан шошып, қатты жылады. Мәриям оны уатып, назарын бұрмаққа, еденге күріш түйірлерін үйіп, қораз, жұлдыз пішінінде тізіп ойын шығарды. Жәлелден үйренгенін жасап, Әзизаға қаламның ұшын көтерместен пілдің суретін салып берді.

Рашидтың айтуынша, әр күні ондаған адам көшеде өлім құшып жатқан көрінеді. Дәрі-дәрмек пен емдеу құрылғыларын сақтайтын қоймалар, медицина орталықтары мен ауруханалар зымырандармен күл-талқан болыпты. Жедел жәрдем көліктері мен дәрілік заттарды қалаға кіргізуден шектепті. Талан-таражға түсіп, яки оқ пен отқа орапты. Мәриям Файзулла молданы еске алды. Ол тірі болса, мынадай соғыста күндерін қалай өткізіп жатыр, сірә? Мәриям Бибі әжейді де ойлады. Сол кейуана ұлдары, келіндері, немерелерімен Герат-

та қандай күй кешіп жатыр? Жәлел ше? Мәриям бала күнінде лашығында жұртқа көрінбей жасырынып жүргеніндей, Жәлел де оқ пен оттан қорқып, қатын-балаларымен әр жерде тығылып жүр ме? Әлде шетелге қашып кетті ме? Ол іштей Жәлелдің қайда жүрсе де аман-сау болғанын, мынау алапат соғыстан тірі құтылғанын тілейтін.

Апта бойына Рашид та үйінен шыға алмай қалды. Қақпаны мықтап жауып, іш жағынан тіреді. Аулаға шығатын есікті де құлыптап, диванмен тосып қойды. Револьвер тапаншасын тазалап, оқ басып, терезеден сыртты бақылап отырды. Біреудің қақпаға жармасқанын көргенін айтып, екі рет оқ та шығарды.

— Олар жап-жас ер балаларды өздеріне қосылуға үгіттейді екен, — деді ол. — Моджахедтер тапа-тал түсте балалардың маңдайына мылтық төсеп, мәжбүрлеп алып кетеді. Егер олар қарсы тараптың қолына түсіп қалса, тірі тозақты сонда көрмек екен. Естісем, әскерлер оларды электр тоғымен қинап, жұмыртқаларын тістеуікпен қысып езіп жібереді. Содан соң алдыға салып өз үйлеріне бастап баруға бұйырады. Үйлеріне кіріп, балалардың әкелерін өлтіріп, аналарына, әпке-қарындастарына зорлық-зомбылық көрсетеді-мыс.

Ол тапаншасын биік көтеріп өрекпіді.

— Менің үйіме аттап бассын қане, әлгі жерлерін бір тал оқпен бордай үгіп, миларын мұрнынан ағызайын. Енді екеуің Шайтаннан да қорықпайтын мендей ердің қамқор қанатының астын паналағандарың үшін бақ-тәлейлі екендеріңді сезінген шығарсыңдар?

Ол төмен қарап, Әзизаның балағына жармасып жатқанын көрді.

— Аяғыма жармаспа! — деп айғайлады ол тапаншасын Әзизаға кезеп, — маған несіне ілесесің? Қанша тырбансаң да сені қолыма алмаймын. Кет ары! Таптап кетпей тұрғанда кет.

Әзиза бүгеңдеп еңбектеп, Мәриямның тізесіне келіп отырды. Саусақтарын аузына салып, Рашидке мөлие қарады.

Мәриямнан жұбаныш іздегендей, әкесінің өзін жақсы көруіне кепілдік сұрағандай Мәриямға жәутеңдеп қарай берді.

Әйткенмен, Мәриям оның әке мейіріміне бөленеріне қалай ғана сенім білдіре алсын?

Мәриям соғыстың қайта саябырлай қалғанына шүкіршілік қылды. Бәрінен бұрын таңнан қара кешке дейін Рашидпен бірге қамалып отырудан құтылғанына қуанды. Рашид оқтаулы қаруды Әзизаға кезеп, Мәриямның зәресін алған еді.

Қыс күндерінің бірінде, Ләйла Мәриямға оның шашын өріп бергісі келетінін айтты.

Мәриям айна алдында қаздиып отырды. Еңсесін тіктеп, өзін сергек ұстап, жіңішке саусақтарымен шашын сығымдай, мықты етіп өріп жатқан Ләйлаға қарап қалған. Әзиза еденге қисайған бойда ұйқыға кеткен. Мәриям өз қолымен тігіп берген қуыршақты құшақтап алыпты. Ол қуыршақтың ішіне көкбұршақ тығып, шаймен бояған мақта матадан киім тіккен. Оған қоса, мойнына алқа-моншақ тағып қойған еді. Әзиза ұйықтап жатып жел шығарғанда, әуелі Ләйла күліп жіберді де, Мәриям қосыла езу тартты. Бір-бірінің айнадағы бейнесіне қарасып, көзінен жас шыққанша қарқылдай күлісті. Мәриям Ләйлаға Жәлел, Нана және жын туралы әңгімесін бастап кетті. Ләйла оның иығын ұстаған күйде назар сала қарады. Мәриям Бибі әжей мен Файзулла молда жайында да сөз қозғады. Өзінің Жәлелді іздеп барып қорлыққа ұшырағанын, Нананың асылып өлгенін де бір-бірлеп баяндады. Ләйла оның Жәлелдің әйелдері, Рашидпен болған неке, Кабулға келуі, неше рет жүкті болып үмітінің селге кеткені, соңында Рашидтың өзін қалай қорлағаны жайлы айтқандарын ықыласпен тыңдады.

Ләйла оның қасында үнсіз отырды. Қолын созып, Әзизаның шашына жабысып қалған бір үзік жіпті алып тастады. Арада аздаған тыныштық орнады.

— Менің де сізге айтар сырым бар, — деді Ләйла.

Сол кеште Мәриямның көзіне ұйқы келмеді. Төсегінде жатып қапалақтаған қар ұшқындарына көңіл аударды. Қаншама маусымдар келіп-кетті. Кабулда қанша президент ант етіп билік алып, тағы қаншасы қапыда ажал құшты. Кеңес Одағы кетті. Ескі соғыстар бітіп, жаңа текетірестер басталды. Десе де, Мәриям оларға сонша назар аударған емес. Тіпті елеп те қоймаған. Осы жылдарды ол қиялындағы бос, іш пыстырарлық, қандай да бір арман-мұраттан ада әлемде өткізді. Сол әлемінде келешек жайлы еш әсер жоқ еді. Өткеннен бір ғана ащы сабақ жадында қалған. Ол үшін үміт дегеніңіз — қауіпке толы алдамшы сезім. Осы күнге дейін махаббат әрі үміт деп аталатын егіз дәме Мәриямның қиялында бүршік атқан бойда ол оны тамырымен қопарып тастап келді.

Әйтсе де, неге екені белгісіз, соңғы бірнеше айдан бері Мәриямның өзі сияқты арамнан туған Әзиза оның тұла бойының айырылмас бір бөлігіне айналған еді. Ұзақ жылдарды жалғыз өткізген Мәриям ендігіде оларсыз өз өмірін елестете алмай қалған.

— Әзиза екеуіміз осы көктемде алысқа кетпекпіз. Бізбен бірге жүріңіз, Мәриям.

Өткен жылдар Мәриямға әділдік сыйламады. Дегенмен келер күндер оған шапағат нұрын төгіп, жаңа өмірінің басталуына, Нана айтқандай, арамнан туғандарға бұйырмайды деген өмірге қадам басуына мүмкіндік бермесіне кіп кепіл? Міне, оның өмірінде тосыннан бір жұп гүл қауашақ жайды емес пе?

Қар ұшқындары арасынан тәспі тартып тұрған Файзулла молда көрінді. Ол өзінің байсалды әрі қарлығыңқы үнімен Мәриямға еңкейе сыбырлаған.

«Бұл — Алланың бұйрығы, Мәриям. Тағдырыңды жалғыз Алланың қалауы біледі. Бәрі де Жаратқан Иеміздің маңдайға жазғаны, қызым!»

10

Ләйла

1994 жыл, көктем

Көкжиектен көтерілген таңғы арай түн пердесін баяу сырып келе жатқан. Ләйла істеп жүргендерін Рашидтың сезіп қалатынына күмән келтірмеді. Бір күні ол біледі. Ұзақ өтпей, оны төсектен сүйреп түсіреді. Ләйланың өзін күші адал, сүті арам есек орнында көргенін, құпия жоспар жасап, іштей есеп құрып жүргені үшін сұраққа тартады. Сонсоң...

Азан естіліп, қораз шақырды. Бірақ пәлендей өзгеріс болмады.

Ләйла Рашидтың тазалық үйінде жуынып, сақалын қырғанын естіді. Артынша баспалдақтан түскенін, шәугімнің бұрқылдай қайнағанын, кілттің сылдырлағанын, Рашидтың ауланы кесіп өтіп, велосипедінің жанына барғанын біліп жатты. Ол қонақ бөлмесінің терезесінен аулаға көз салды. Рашид велосипедін жетелеп, қақпаға қарай беттеді.

— Ләйла?

Босағада Мәриям пайда болды. Түнімен ұйқы көрмегені ісіп кеткен көзінен, бозарған жүзінен білініп тұрған.

— Жарты сағат ішінде жолға шығамыз, — деді Ләйла.

Олар таксидің артқы орындығында үн-түнсіз отырған. Әзиза Мәриямның құшағында қуыршағын құшақтап, терезеден сыртқа таңданыспен қарап келеді.

— Әне, — деп айғайлады Әзиза жіппен секіріп ойнап жүрген бір топ кішкентай қыздарды көрсетіп, — Мәриям! Әне.

Ләйла ыстан қарайып кеткен шаштараздардан, бөдене сататын дүңгіршектерден, төбесіне дейін жиналған ескі доңғалақтар ашылған есігінен көрініп тұрған дүкендерден адымдай басып шығып келе жатқан Рашидты көргендей болды.

Ол орындыққа шөге түсті.

Оның қасында Мәриям күбірлеп аят оқып отырған. Ләйла оның өң-ретін байқағысы келді. Алайда екеуі де бұрқа киіп, оранып, тұмшаланып алғандықтан, жәудіреген көзінен өзге жерлерін көруге мүмкіндік жоқ. Бір күн бұрын, Ләйла сырға-жүзіктерін сатып алушыға өткізіп тұрып, өзінің бір шешімге келгенін, шегінерге жол қалмағанын сезген еді.

Ләйланың көз алдына жақында естіген бір шайқастың жайы көлбең ете қалды. Шатыры қырық тесік болып шұбарланған, төңірегі қам кесектер мен тасүйіндісіне айналған үйлер, қаусаған қабырғаларынан темір арқаулары көрініп тұрған ғимараттар, төңкеріліп не бір-біріне мінгесіп қалған көліктер, қабырғалардағы оқ іздері кез келген тұстан көрінеді. Әр жерде сынған әйнек паршалары шашылып жатыр. Ол тағы жайнамаздарын көтеріп, мешітке бет алған бір топ адамды көрді. Соңында қара орамал тартқан жасамыс әйел шашын жұлмалап, бар даусымен еңіреп бара жатыр.

Такси зираттың қасынан өтті. Таспен қаланған қабірлердің үстіне шаншылған ағаштарға байланған шүберектер желмен желбіреп тұр. Ләйла қолын созып, чемоданның ар жағында отырған Мәриямның құшағындағы Әзизаның жұп-жұмсақ білегінен ұстады.

Кабулдың шығысындағы Пол-Махмудхан ауданына жақын маңдағы Лахор қақпасының автобус бекетінде автобустар қаз-қатар тізіліп тұрған. Бастарына ауған шапкаларын киген бірнеше еркек автобустың төбесіне жүктерді орналастырып, жіппен тарта байлап жатқан. Бекет ішінде ерлер билет алуға ұзын-сонар кезекке тұрысыпты. Бұрқамен оранған әйелдер сөмкелерін жерге қойысып, әлденелерді сөз етісуде. Кейбірі емшектегі сәбилерін көтерісіп, енді біреулері қуаласа жүгірген балаларын тыныштандырып әлек.

Бекеттің айналасын шарлап жүрген моджахедтер қоқилана айғайлап бұйрық беріп жатады. Кейде шартты сөздермен сөй-

леседі. Аяғына әскери етік, үстілеріне шаң басқан камуфляж киіп, иықтарына Калашников автоматтарын асынып алған. Ләйла төңіректегі көз өзіне тігіліп тұрғандай, бекеттегі адам біткен Мәриям екеуінің не істемек ойы барын оқып тұрғандай, өздеріне жиіркенішті көзмен қадала қарағандай сезінді.

— Біреу-міреуді көрген жоқсыз ба? — деді Ләйла.

Мәриям Әзизаны екінші тізесіне отырғызды.

— Байқастап тұрмын.

Олар үшін бірінші қадам — өздерімен бір отбасының адамымын деуге кепіл болатын ер адам табу. 1978 жылдан 1992 жылға дейінгі әйелдер еркіндіктен игіліктенген уақыт ендігі келмеске кеткен. Әкесінің сол мезгілдегі коммунистер билікке келген дәуірді «әйел болудың ең жақсы шағы, Ләйла» дегені әлі есінде. 1992 жылы билік моджахедтерге ауысқанда, олар Ауғанстанды «Ауғанстан Ислам мемлекеті» деп өзгертті. Раббани басқарған жоғарғы сотқа коммунистердің әйелдерге енгізген заңдарын тез арада жойған консервативті бірбеткей молдалар жиналды. Содан бастап әйелдер жүздерін жауып жүруге мәжбүр болды. Ерлерсіз сапарға шығулары шектелді. Неке адалдығын бұзғандар тас-кесекпен ұрып өлтірілді. Алайда бұл заң-зәкүндер тыңғылықты атқарылып та кетпеді. «Егер, — дейтін Ләйла Мәриямға, — олардың бір-бірін өлтіруден қолдары босаса, бұл заңдарды біз, әйелдерге, тіпті де қатаң атқарар еді».

Бұл сапардың тағы бір қиын тұсы, олар Пәкістанға жете алса, тұрмыс қамын реттеу жағы. Ол жақта паналап барған ауғандықтардың саны екі миллионнан асып, Пәкістан үкіметі 1991 жылдың қаңтарынан бастап, ауғанстандықтар үшін өз шекараларын жауып тастады. Визалық режиммен рұқсат етілген шақыртулары барлар ғана өте алатын болды. Әйтсе де, Ауғанстан-Пәкістан шекарасы ежелден бос болған. Мыңдаған ауғандықтардың сан түрлі жолдармен немесе делдалдар арқылы пара беріп, шекара асатынын Ләйла білетін.

«Ол жерге жетіп алсақ, жол таба алатынымзға сенемін» деген ол Мәриямға.

— Анау адам ше? — деді Мәриям иегімен біреуді нұсқап.

— Онша сенімді көрінбейді.

— Анау ше?

— Тым кәрі сияқты. Қасында тағы екі еркек бар көрінеді.

Ләйла саябақтың кіреберісінде Әзизамен шамалас ұл баласын тербетіп отырған, қасында бұрқамен оранған әйелі бар жас еркекті байқап қалды. Қою қауға сақалды, бойшаң, арық адам екен. Үстіне алды ашық жағалы көйлек пен түймесі үзілген сұр түсті жадағай шапан киіп алыпты.

— Осында күте тұрыңыз, — деді Ләйла Мәриямға. Өзі сол ер адамға қарай беттеді. Мәриямның күбірлеп аят оқыған үні кетіп бара жатқан Ләйлаға естіліп тұрды.

Ләйла бейтаныс еркекке жақындағанда, ол басын көтеріп, қарады.

— Кешіріңіз, аға. Сіздер Пешеварға барсыздар ма?

— Иә, — деді еркек көзін сығырайтып.

— Бізге көмектесе аласыз ба? Бізге жәрдемдессеңіз.

Ол баласын әйеліне беріп, орнынан тұрды да, Ләйланың соңынан бірнеше қадам ілесті.

— Қандай көмегім керек, қарындасым?

Оның мүләйім жүзі мен сыпайы сөзінен аздап үміттенген Ләйла Мәрияммен келісіп алғаны бойынша оған тұл екенін, барар жер, басар тауы жоқтығын, туыс-туғандарынан Кабулда ешкімі қалмағанын, сол себепті де анасы мен қызын алып, Пешаварға ағасының қасына баруға ниеттенгенін айтты.

— Менің отбасыма қосылып, Пешаварға барғыңыз келе ме?

— Мұның сізге басы артық әурешілік екенін білемін. Десе де, мейірімді жан көрінесіз. Мен де...

— Уайымдама, қарындас. Түсінемін. Әуре көрмеймін. Мен барып сіздерге билет алып берейін.

— Рақмет, аға! Сауапты ісіңіз үшін Алла разы болсын!

Ләйла бұрқасының астынан конвертті шығарып, оған ұсынды. Конвертте мың бір жүз афган бар. Оның жартысы бір жылдан бергі жиғаны, қалғаны жүзік-сырғаларының ақшасы еді. Бейтаныс еркек конвертті алып, шалбарының қалтасына салды.

— Осы жерде күте тұрыңыз.

Ләйла оның бекетке кіріп кеткеніне қарап тұрды. Жарты сағаттан кейін ол қайта оралды.

— Дұрысы, билетіңіз менде тұрсын, — деді ол. — Автобус бір сағаттан кейін сағат он бірде жолға шығады екен. Автобусқа бірге шығамыз. Атым Вакил. Олар сұрап қалса, мені немере ағам десеңіз болды.

Ләйла оған өздерінің есімдерін айтты. Вакил есінде сақтайтынын білдірді.

— Бізге жақынырақ тұрыңыздар, — деді Вакил.

Олар Вакил отырған орындықтың қасына келіп отырды. Түс болмай-ақ күн ысып кетті. Тау жақтағы екі-үш шөкім ақ бұлттан өзге аспан тегіс шайдай ашық. Мәриям үйден шығарда салып алған прәндік-печеньелермен Әзизаның қарнын тойғызуға қамданды. Ләйлаға да берді.

— Мұны жесем, құсып қоярмын, — деді Ләйла күліп: — қатты толқып отырмын.

— Мен де.

— Сізге көп рақмет, Мәриям.

— Неге?

— Пірәндікке, бізбен бірге келгеніңізге, — деді Ләйла. — Сіз болмағанда бұл істер қара басымның қолынан келмес еді.

— Бұған рақмет айтып керегі не.

— Бәрі де сәтіне басады, солай емес пе, Мәриям? Жолымыз болады.

Мәриям қолын созып, Ләйланың білегінен ұстады.

— Құранда «Бәрі де Алланың қалауымен» деген аят бар.

— Дү-дүт! — деп айғайлады Әзиза автобусы көрсетіп, — Мәриям, дү-дүт!

— Көрдім, Әзиза, — деді Мәриям: — иә, дү-дүт. Азырақ күтсең, біз де сол дү-дүтке мінеміз. Көп нәрселерді көреміз әлі.

Ләйла күлімсіреді. Қарсыдағы шеберханадан араланған ағаштың үгінділері жан-жаққа ұшты. Терезелерін ыс басқан көліктер қайшалысып өтіп жатыр. Жол шетінде бүйірлеріне тауыс, арыстан, көтерілген күн, жарқыраған қылыштың суреттері жапсырылған автобустар гүрілдеп, қою түтін шығарып, жолға шығуға дайындалуда.

Күн қатты ысыды. Ләйланың басы зеңіп, солқылдай бастады. Кеудесінде үміт ұшқыны жылт етті. Тізерлей отыра қалып, қасына ақсаңдай жетіп келген сары иттің басынан сипады.

Он бірге бірнеше минут қалғанда бекет қызметкері мегафонын ұстап, Пешаварға баратын жолаушылардың автобусқа мінулерін хабарлады. Автобустың есігі шиқалдап ашыла бере, бір топ адам бір-бірін итерісіп жүгірісе жөнелді.

Вакил ұлын көтеріп, Ләйлаға иегін қақты.

— Жүретін болдық, — деді Ләйла.

Вакил олардың алдына түсіп автобусқа жақындады. Іштегілер бет-ауыздарын, мұрындарын терезеге тақап сырттағылармен қоштасып жатты. Жас солдат жолаушылардың билеттерін тексіруге кірісті.

— Дү-дүт! — деп айғайлады Әзиза.

Вакил қолындағы билетті солдатқа ұсынды. Алдымен өз әйелін автобусқа шығарды. Ләйла Вакил мен солдаттың кідіре сөйлесіп қалғанын байқады. Вакил автобустың табалдырығынан еңкейе түсіп, контролердің құлағына бірдеңелерді сыбырлады. Контролер басын изеді. Ләйланың жүрек соғысы жиілей бастады.

— Бала көтеріп тұрған екеуің, мұнда келіңдер, — деді контролер. Ләйла оның сөзін естімегенге салып, табалдырыққа

аяғын қоя бергенде, контролер Ләйланың иығынан тартып, кейінге ығыстырды.

— Сен де былай шық, — деді контролер Мәриямға қарап, — тездет! Басқалардың жолын тосып алдың.

— Не болды, ағасы? — деді Ләйла кекештене. — Біздің билетіміз бар. Немере ағам сізге билетті бермеді ме?

Контролер саусақтарымен Ләйлаға сөйлемеуін ишаралады да, қасындағы қарауылға сыбырлады. Бетінде тыртығы бар қарауыл басын изеді.

— Соңымнан еріңдер, — деді қарауыл Ләйлаға қарап.

— Автобусқа мінбесек болмайды, — деді Ләйла даусы дірілдеп. — Билетіміз бар, не үшін рұқсат бермей тұрсыз?

— Сендер бұл автобусқа мінбейсіңдер. Сөзді көбейтпе. Қолыңдағы қызыңды күшпен тартып алмасын десең, соңымнан ер.

Олар қарауылға ілесіп жүк көліне қарай жүрді. Ләйла артына бұрылды. Автобустың артқы орындығында отырған Вакилдің ұлы Ләйлаға күлімсірей қарап, қолын бұлғады.

Олар Торабазхан көшесінің қиылысындағы полиция бекетінде иін тірескен адамға толы ұзын дәліздің екі жақтауына бөліне отырғызылды. Орталарына қойылған үстелдің шетінде отырған еркек шылымын арт-артынан тұтатып, машинкамен хат басып жатыр. Арада үш сағат өтті. Әзиза бірде Мәриямның, бірде Ләйланың тізесіне шығып, үстелдің шетінде отырған еркек берген қағаз қыстырғыны ермек қылып біраз ойнады да, Мәриямның құшағында ұйқыға кетті.

Сағат үштерде Ләйла тергеу бөлмесіне шақырылды. Мәриям мен Әзиза кіреберісте күтуге бұйырылды. Тергеу бөлмесіндегі үстелде отыз жас шамасындағы қарапайым киінген, қырма сақал, шашы тегіс қысқа қырқылған, қастары тұтасқан ер адам отырған. Ол қолындағы қарындаштың тұйық ұшымен үстелді жеңіл тықылдатып, Ләйлаға қадала қарады.

— Біз бәрін білеміз, — деп тамағын қырнай сөз бастады ол. — Бір рет өтірік айттыңыз, қарындасым. Автобус бекетіндегі ол адам — сіздің немере ағаңыз емес. Мұны оның өзі айтты. Ендеше тағы өтірік айтқыңыз келе ме? Енді ондай ниетіңізден қайтыңыз.

— Біз ағамызбен бірге тұрмақшы едік, — деді Ләйла. — Мұным өтірік емес.

Полиция қызметкері басын изеді.

— Пешавардың қай жағына бармақшы едіңдер? Ауылдың, көшенің мекенжайын айтыңыз.

Ләйла қобалжығанын жасырмаққа сәл кідірді де, бір кездері шешесі моджахедтердің алғашқы жеңісін тойлаған отырыста құлағында қалғанын айтты.

— Жамурд көшесі.

— Жөн. «Меруерт-Континентальмен» бір көшеде екен ғой. Ағаңыз сізге айтқан болса керек.

— Иә, сол көшеде.

— Бірақ «Континенталь» Хайбар көшесінде.

Ләйла Әзизаның жылағанын естіді.

— Қызым қорқып кеткен сияқты, оны осында алып келсем бола ма, аға?

— Мені офицер деп шақырыңыз. Сәл шыдаңыз, қызыңызға жолығасыз. Сізде ағаңыздың телефон номері бар ма?

— Бар... иә, бар еді.

Ләйланың бұрқасы да полиция қызметкерінің отты көзінің жалынын тосып қала алмады.

— Көңілім алаң болып, ағамның телефон номерін есіме түсіре алмай тұрғаным.

Полиция қызметкері ауыр күрсінді. Ләйладан ағасы мен оның әйелінің аты-жөнін, жұмыс орындарын, ағасының балаларын, балаларының есімдерін, жасын сұрады. Ләйланың көзі қарауытып, басы айналды.

Полиция қызметкері қолындағы қарындашты үстелге қойып, саусақтарын айқастырды да, тілі енді шыққан баланы сөзге тартпақ адамдай Ләйлаға қарап еңкейді.

— Қарындасым, әйелдердің қашып кетуінің ауыр қылмыс екенін білесіз, солай ғой? Мұндай істерді жиі көреміз. Күйеуім өлді деп сопа басын сопитып сапарға шығатын әйелдер де көп. Кейбірі расын айтқанымен, көпшілігі жалған әңгімені құрастырып береді. Түрмеге қамалуыңызға қашуға ниетті болғаныңыздың өзі жеткілікті. Мұны жақсы білесіз. Солай емес пе?

— Бізді босатыңыз, офицер... — Ләйла оның жағасындағы төсбелгісінен есімін оқи қойды: — офицер Рахман. Есіміңіздің құрметіне болса да бізге рақым-шапағат қыла көріңіз. Екі әйелді қоя берсеңіз, сізге келер-кетер несі бар? Қылмыскер емеспіз ғой?

— Олай істей алмаймын.

— Сізден өтінейін.

— Бұл заң, қарындас, — деді Рахман түсін суытып. — Заңды атқару, тәртіпті сақтау — менің міндетім.

Ашудан жарылардай болған Ләйланы ызалы күлкі қысты. Полиция қызметкерінің шімірікпестен заң-тәртіпті ауызға алғаны Ләйланы қайран қалдырды. «Тәртіп?» Сол тәртіпті бұзған, қалағандарынша кісі өлтіріп, жендеттік, қарақшылық, тонау, зорлаумен айналысқан, мыңдаған, он мыңдаған зымыран оқтарымен бір-бірін жазым етіп, өздерін де, бейкүнә халықты да қырғынға ұшыратқандар дәл сол моджахедтер емес пе? «Заң-тәртіп», Ләйла түкірігін жұтып, тілінің ұшына келгенді зорға ірікті.

— Егер бізді үйге қайтаратын болсаңыз, — деген Ләйла сөзін байыздап жалғады: — оның бізге не істейтінін ешкім де білмес.

Ләйла полиция қызметкерінің көзін тайдырмауға тырысып отырғанын сезді.

— Ер адам өз үйінде не істесе де — өз ісі.

— Ендеше, сіз айтқан заң-тәртіп ше? Офицер Рахман? — Ләйланың көзіне жас толды. — Бізбен бірге барып сол тәртіпті қорғайтын ба едіңіз?

— Заң бойынша біз басқалардың отбасылық тұрмысына араласпаймыз, қарындас.

— Әлбетте, олай істемейсіз. Еркектерді қорғайтын заң бар екен, бізді ше? Біз де сіз айтқан отбасының мүшесіміз ғой?

Ол орнынан тұрып, жағасын түзеді.

— Меніңше, бұл сұрақ бітті. Айтар болсам қарындас, сіз өзіңізді ақтай алмадыңыз. Енді сыртта күтуіңізге тура келеді. Мен сіздің... әлгі әйелмен бір-екі ауыз сөйлесейін.

Ләйла қарсыласып бақты. Айғайлады, еңіреп жылады. Соңында полиция қызметкері бірнеше адамды шақырып, оны сүйреп шығаруға мәжбүр болды.

Олар Мәриямды бірнеше минут ғана тергеді. Ол бөлмеден өңі қашып, қалтырап шықты.

— Менен сонша көп сұрақ сұрады, — деді ол, — Мені кешір, Ләйла. Мен сендей ақылды емеспін. Ол менен сонша көп сұрақ сұрады. Жауап бере алмадым. Мені кешір.

— Жоқ, сіз кінәлі емессіз, Мәриям, — деді Ләйла бәсең үнмен. Бұл менің, бәрі де менің қателігім, бәріне мен кінәлімін.

Полиция көлігі үйдің алдына келіп тоқтағанда, сағат жеті болған. Шопырдың қасында отырған моджахед сарбазы арттағы Ләйла мен Мәриямға көліктен түспей күтуін бұйырды. Шопыр есікті қақты. Ол Рашидпен бір-екі қайырым сөйлескен соң, Ләйла мен Мәриямға көліктен түсуді ишаралады.

— Қайта оралуларыңмен құттықтаймын, — деді көліктің алдында отырған адам қолындағы шылымын тұтатып жатып.

— Сен, — деді ол Мәриямға қарап: — мына жаққа тұр.

Мәриям диванға келіп отырды.

— Сен екеуің үстіңгі қабатқа шығыңдар, — деді Рашид Ләйланың білегінен тартып.

Рашид жұмыс киімін де ауыстырмаған еді. Бір сағат әлде бірнеше минуттың алдында ғана әр бөлменің есігін ашып, оларды іздегені анық.

Ләйла баспалдақпен көтеріліп бара жатып, Рашидке бұрылып қарады.

— Оның мұндай ойы болған жоқ, — деді ол. — Мен оны мәжбүрледім. Оның кету ойы болмады.

Ләйла кенеттен тиген соққыдан сүріне құлады. Көзі шарасынан шыға, жүзі шоқтай қызарып, тынысы жиілей бастады. Кеуде сүйегі мен құрсағы көлік соққандай солқылдап ауырды. Әзизаның қолынан түсіп кеткенін ойлады. Әзиза анадайда шырқырап жатқан еді. Ол қайталай тыныс алмақшы болды да, шашалып қалды. Езуінен сілекейі шұбыра ақты.

Рашид Ләйланы шашынан тартып сүйрей жөнелді. Ләйла Әзизаның жерден көтерілгенін, аяғындағы шәркейлері түсіп қалғанын көрді. Ләйланың шашы жұлынып, денесін ауырсынып көзіне жас іркілді. Рашид Мәриямның бөлмесін теуіп ашып, Ләйланы сүйреп кіргізген соң, еденге тастады да, шашын босатты. Әзизаны төсектің үстіне лақтырып жіберді. Есік жабылып, құлыптанған дыбыс естілді.

Әзиза шырқыраудан тынған жоқ. Ләйла еденде тыныстай алмай жанталасуда. Қолын қинала созып, Әзизаға қарай сүйретіле жылжуға тырысты. Құлағына астыңғы қабаттан зекіп-балағаттаған, шыңғырған дауыстар емес, қатты белбеудің жұмсақ денеге «шарт, шарт» тигені, қабырғаны тепкілеп жатқандай дүрсіл, киімнің дар-дар айырылған үні естілді. Арада аз уақыт өткенде, бірінің қашқан, екіншісінің қуалаған аяқ дыбысына ілесе, шкаф құлап, әйнек сынған, белбеудің ұрылған дыбысы жаңғырыға шықты.

Ләйла Әзизаны қолына алды. Қызы оның көйлегін дымдап жіберді.

Астыңғы қабаттағы жүгірістер, соққылар тоқтап, оның орнына есектің құйымшағына тиген шыбыртқының үніндей ырғақпен ұрылған белбеудің дыбысы естіліп тұрған.

Ләйла белбеудің дыбысы саябырлағанша Әзизаны бауырына басып тербетті. Төменнен сиырма есіктің ашылып, қайта жабылған үні естілді. Ол Әзизаны еденге отырғызып, терезеден Рашидтың Мәриямды мойнынан қылқындыра сүйреп, ауланың бір шетіне қарай беттегенін көрді. Жалаң аяқ Мәриям жерге сұлқ түсті. Үсті-басы қызыл ала қан болған оның көйлегінің өңірі етегіне дейін жыртылған. Рашидтың қолдары да қып-қызыл қанға боялған еді.

— Кешір мені, Мәриям — деп айғайлады Ләйла көзінен жас бұршақтап.

Рашид Мәриямды керек-жарақ сақатайтын кепеге сүйреп кіріп, артынша қолына бірнеше тақтай мен балға, шеге алып қайтып шықты. Кепенің қос есігін жауып, құлыптады. Арлы-берлі тартып құлыптанғанына көзі жеткен соң артына бұрылып, баспалдаққа жармасты.

Арада бірнеше минут өтпестен Рашид терезенің арғы жағынан Ләйланың алында пайда болды. Аузына бірнеше шеге тістеп алыпты. Қасының үстіне қан ұйып қалған Рашидты көрген Әзиза зәресі қалмай Ләйланың құшағына тығыла берді.

Рашид қолындағы тақтайды терезенің үстінен шегелей бастады.

Үй ішін қараңғылық басты. Рашид тақтайдың араларындағы саңылауларға дейін бірдеңелерді қыстыра бекітіп, есікті қозғалмастай ауыр затпен тіреді. Құлыптың кілт түсетін қуысын да тығындап тастады. Ләйланың енді уақытты көзбен көріп тұспалдауы да мүмкін болмай қалды. Тек сау құлағы арқылы азан даусы мен қораздың үнін естіп ғана таң атқанын аңғарады. Төменгі қабаттан естілген тәрелкелердің сыңғыры мен радионың үні кеш болғанын білдіретін.

Бірінші күні Ләйла мен Әзиза бір-біріне бастары тиісіп, шалынып қалып жатты. Әзиза жыласа қараңғыда Ләйла оны көре алмайтын.

— Сүт, — деді Әзиза жылап: — сүт...

— Сәл шыда, — деді Ләйла. Қызының маңдайынан сүймекші болып еңкейді де төбесінен искегенін сезді, — сәл шыдасаң, сүт әкеліп беремін, қозым. Сабыр қыл. Шешең сағаң сүт әкеліп береді.

Ләйла ыңылдап, Әзизаға ән айтып беруге тырысты.

Азан даусы екінші рет естілді. Рашид оларға ас түгілі бір ұрттам су да бермеді. Ләйла кеберсіген ернін жалап, үй сыртындағы құдықтың мұздай суын елестетті. Әзиза тоқтаусыз жылап жатқан. Ләйла оның көз жасын сүртпекші болып қолын созды. Бірақ оның жүзі құрғақ еді. Ол Әзизаның киімдерін шешіп, жерді сипалап, желпитін бірдеңе іздеді. Соңында басы айналып, көзі қарауытқанша оны аузымен үрлеуге мәжбүр болды. Әзиза да қыбырлағанын қойып, әлсін-әлсін ұйықтап, қайта оянды. Ләйла бар күшін қолына жинап, қабырғаны төпелей бастады. Көршілердің құлағы шалып қалса екен деп, жәрдем сұрап айғайлады. Әйтсе де, ондай жан табылмады. Әзиза қорқып, булыға жылады. Ләйла мынадай ыстықта, шілденің шіліңгір аптабында, қан жоса болған Мәриямның кепеде қандай күйде жатқанын ойлады.

Ол ақыры ұйқыға кетті. Өн бойы терге малшынып, еденде бүк түсіп жатты. Түс көрді. Түсінде Әзизаны адамдар қайшыласқан бір көшенің қиылысында көтеріп тұрған. Тарых көшенің қарсы бетінде шоқиып отырып, көрзеңкеден әнжүр алып жеп жатқан. «Әне, сенің әкең, — дейді Ләйла Әзизаның құлағына. — Көрдің бе? Сенің нағыз әкең». Ол Тарыхтың атын атап шақырды. Бірақ көшенің азан-қазан, у-шуы даусын оған естіртпеді.

Алыстан гүрс еткен жарылыс үні Ләйланы ұйқыдан оятты. Оның көруге зар болған аспанынан толассыз атылған оқ даусы естіліп тұрған. Ол көзін қайта жұма беріп, дәлізден Рашидтың аяқ дыбысын естіді де, орнынан атып тұрып, есікке ұмтылды.

— Бір шөлмек су, Рашид. Мені емес, мынау кінәсіз нәрестеңіз үшін бір шөлмек су беріңізші, өтінейін. Оның жанына қарыздар болмаңыз.

Рашидтың дәлізден өтіп кеткен даусын естіген Ләйла оған жалбарына бастады. Зар-запыранын төгіп оны қарғап-сіледі. Рашид есікті жапты. Іле-шала радионың үні қайта естілді.

Азан үшінші рет шақырылды. Тоңірек адам төзгісіз ысып кетті. Әзиза жылаудан тіпті қыбырлаудан тыйылған. Ләйла құлағын оның аузына, кеудесіне тосып, тынысын, жүрек қағысын тыңдады. Өзінің де әлі құрып, көзі қарауытқан. Ауық-ауық ұйықтап оянып, Әзизаның тынысын тыңдап, әлсіз соққан күретамырын ұстайды да, еденге қайта қисаяды. Өздерінің осы жерде өліп тынатындарын сезді. Әйткенмен, тіттей ғана Әзизаның өзінен бұрын жан тапсырғанын көруге жүрегі дауаламады. Ол бұл азапқа қаншалық төзім таныта алсын? Мынау от-жалын ішінде ол көпке бармай-ақ жән тәсілім етеді. Ләйла оның сұп-суық мүрдесінің қасында өз ажалын күтіп жатады. Ол оянып, көзін ашты да, қайта ұйқыға кетті. Енді ол өң мен түсін айыра алмас болды.

Бұл жолы азанның не қораздың үнінен емес, ауыр бір заттың сырғыған даусынан оянды. Шықырлаған, сықырлаған дыбыстардан кейін үйге сәуле түсті. Өткір жарықтан Ләйла көзін тарс жұмып алды да, көзін ашуға тырысып, алақанымен бетін бүркемелей берді. Саусақтарының арасынан алдында төніп тұрған қара көлеңкені көрді. Көлеңке төніп келіп, шоқиып отырды. Ләйланың құлағында бір үн жаңғырды:

— Егер мұны қайталасаң, жер астына кетсең де, тауып аламын. Пайғамбардың атымен ант қылам. Сені тауып алғанда, бұл Құдай атқан елде мені сұраққа тартар сот болмайды. Әуелі Мәриямды, одан мына заржақ сұмпайыны, соңында сені жер жастандырамын. Саған олардың қалай өлетінін көрсетемін.

Рашид кідіріп, Ләйланы жақ тұсынан батыра бір тепті де, шығып кетті. Ләйланың аузынан қан бұрқ етті.

11

Мәриям

1996 жыл, қыркүйек

Екі жарым жылдан кейін, жиырма жетінші қыркүйекте таң азанмен отшашулар атылып, жан-жақтан салтанатты музыка әуені жаңғыра бастады. Көшедегі жұрттың қуана шұрқырасқан дауыстарынан оянған Мәриям қонақ бөлмеге жүгіріп кірді. Ләйла терезенің алдына тұрған. Әзиза оның иығына міниып алған. Ләйла артына бұрылып, Мәриямға қарап күлімсіреді.

— Талибандар қалаға кіріпті, — деді ол.

Екі жыл бұрын, 1994 жылы қазанда, Мәриям талибандар қозғалысы жайында естіген. Ол кезде Рашид талибандардың Кандагарағы моджахедтерді жеңіп, қаланы басып алған хабарын алып келген еді. Рашидтың айтуынша, талибандар — партизандар, отбасындағылары Кеңес әскеріне қарсы соғыс кезінде Пәкістанға қашып кеткен жас пуштундардан топтасқандар екен. Көбісі Ауғанстан-Пәкістан шекарасы маңындағы босқындар лагерінде есейген яки сол жерде туған, Пәкістандағы медреселерде молдалардан шариғат ілімін оқып-үйренген. Олардың жетекшісі молда Омар шыққан тегі белгісіз, сауатсыз әрі іштар адам көрінеді. Өзін «мүміндердің әмірі» деп атайды екен.

— Олардың еш тамыры, тарихы жоқ екені рас, — деп сабақтаған Рашид сөзін. Оның Ләйлаға не Мәриямға қарап сөйлеп отырғанын аңғару қиын еді. Ләйла мен Мәриямның қашу жоспары сәтсіз болғалы бері, Рашид үшін олар қараниет, опасыз мақұлыққа, оның жиркенішінен өзге ештеңеге арзымайтын сыпырындыларға айналған. Кей кездері Рашид өз-өзіне яки көрінбейтін біреуге тіл қатып отырғандай көрінетін.

— Олардың тарихы жоқ шығар, — дейтін ол шылымын төбеге қарай үрлеп. — Олар бұл дүние жайлы яки бұл елдің тарихы хақында мақұрым-дүр. Дұрыс, олармен салыстырганда Мәриям құдды бір университеттің профессоры дерсің. Десе де, айналаңды бағып көр. Қайда қарасаң, парақор, ашкөз моджахед командирлерінің азуларын білесіп, героин сатқан ақшаларымен қалталарын қампитып, бір-біріне жиһад жариялап, екі ортада қалғандардың барлығын қынадай қырып жатқанын көресің. Кем дегенде, бұл талибандар — таза, шіріктеспеген ақиқи мұсылман жігіттер. Иншалла, олар келіп қалса, бұл жерді шырпы-шалаң қалдырмай тазалап шығады. Мұнда тыныштық пен тәртіп орнатады. Сүт алуға шыққан бейкүнә жан оққа ұшпайды. Әуеде қаңғыған оқ болмайды. Жақсырақ ойланып көр.

Екі жылдан бері талибандар Кабулды бетке ала ұрыс салып, топтар мен тайпалар арасындағы кереғарлыққа соққы беріп, қалаларды басып алған. Хазаралардың командирі Абдул Али Мазариді ұстап алып, көзін жойған. Кабулдың іргесіне келгенде қаланың оңтүстігіне ойысып, Ахмад Шах Масудтың күштерімен атысты. 1996 жылы Жалалабад пен Сарабы қалаларын иелеп алды.

— Олардың моджахедтерде жоқ бір қасиеті, — деді Рашид: — оларда бірлік бар. Мұнда келсе өзім бірінші болып олардың жолына раушангүлінің желектерін шашамын.

Міне сол күн жетіп келгенде, Рашид қалаға тұңғыш қадам басқан ендігі әлемнің жаңа қожайындарын қарсы алу үшін, Ләйла мен Мәриямды бір автобустың маңынан екінші автобустың қасына бастап барды. Адамдар қабірлікке айналған қыстақ, көшелерден, топырақ-кірпіш үйінділерінің арасынан құмырсқадай өріп шығып, салтанатты топқа қосылып жатты. Ләйла аузында сынық тісі де қалмаған бір әйелдің қызыл иегін көрсете ыржиып, қолындағы күріш түйірлерін өтіп бара жатқандарға қарай шашып жатқанын көрді. Қабырғалары қау-

сай құлаған ғимараттың түбінде екі адам тебірене құшақтасып тұрған. Төңіректі ысқырған, шулаған дауыстар, үйлердің шатырларында атылған салюттердің үні жаңғыртқан еді.

Көліктердің сигналымен жарыса магнитофонда мемлекет гимні шырқалып жатты.

— Мәриям, қарашы! — деді Әзиза. Ол Жадехмайвен жақтан қолын көтеріп, жіпке байланған консерві құтыларын сүйрей алақайлап жүгірген бір топ баланы көрсетті. Олар Масуд пен Раббанидің қаладан шегініп шыққанын айтып шұрқырасқан еді. Маңайдағы жұрт «Аллаһуәкбар!» деп жарыса айғайласты. Мәриямның Жадехмайвендағы ғимараттың терезесінен салбырай қалған жұқа жамылғы көрпеге көзі түсті. Оған «Талибандар жасасын!» деген сөз жазылған-тұғын. Жол жағасындағы үйлердің терезелері мен есіктеріне шегеленген тақтайшаларға, көліктердің антенналарына байланған жалауларға да сол сөздер жазылған.

Жұрт сияқты Мәриям да Пуштун алаңында алғаш рет талибандарды өз көзімен көрді. Алаңға жиналғандар топырласа, кимелесе, мойындарын созысып, сүбүрқақтардың жиегіне жармасып, алаңның бір шетіндегі «Хайбар» мейрамханасы маңына қарасады. Рашид өзінің ірі денесімен төңірегіндегілерді итеріп, ығыстырып өтіп, Ләйла мен Мәриямды мегафонмен айғайлап тұрған біреуге жақын алып келді.

Әзиза оны көріп, сескенгендей Мәриямның бұрқасына сүңгіп кетті. Басына қап-қара ауған шапкасын киген, өңі жүдеу, сақалды жігіт бір қолына қару ұстап, уақытша жасалған құрылыс тақтайшасының жанында мегафонмен сөйлеп тұрған. Екінші жағындағы бағдаршамның түбінде қанға боялған екі адамның мәйіті асулы тұр. Мәйіттердің киімдері жыртылып, бет-ауыздары көгеріп кеткен.

— Оны бір жерден көргенмін, — деді Мәриям. — Сол жақтағысын.

Мәриямның алдында тұрған жас әйел артына бұрылып, оның Наджибулла, екіншісінің Наджибулланың інісі екенін айтты. Кенес Одағы Ауғанстанды басып алған кезеңдерде, Мәриям Наджибулланың қою мұртты портретін көшедегі тақтайшалардан, дүкендердің терезелеріне жапсырылған суреттерден көргенін есіне алды.

Ол талибандардың Наджибулланы Даруламан ордасының маңына орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымының қызмет кеңсесінде паналаған жерінен алып шығып, сағаттап ұрып-соғып азаптаған соң, аяғын байлап, мүрдесін көлікпен сүйретіп, көшелерде келеке қылғанын да естіді.

— Ол сан мыңдаған мұсылмандарды өлтірді! — деп сөз бастады жас талиб. Әуелі пуштун акцентіде парсыша, кейін қайта пуштунша сөйледі. Қолындағы қаруымен мәйіттерді нұсқап, сөзін сабақтады. — Оның қылмысы күллі халыққа аян. Ол коммунист, сатқын. Міне, бұл исламға қарсы шыққан сатқындардың көретін күні.

Рашид ыржалақтай күлді, Әзиза жылады.

Ертесі Кабулды «Тойота» маркалы жүк көліктері басып қалды. Кайырханнан Шернауға, Картепарванадан Уазир-Акбарханға дейінгі көшелерде қызыл түсті «Тойота» жүк көлігі тізіліп қалды. Көліктерде бастарына қап-қара ауған шапкаларын киген сақалды еркектер қаруларын құшақтай ұстап отырған. Әр көліктегі мегафондардан, мешіт мұнараларындағы дыбыс зорайтқыштардан, тіпті радиолардан да әуелі пршыша, іле-шела пуштунша сарнаған хабарландырулар естіліп тұрған. Хабарландыруларды қағазға да бастырып көшелерге шашып жібірген еді. Мәриям артқы ауладан сондай үгіт қағаздарының бірін тауып алды.

Отанымыз бүгіннен бастап «Ауғанстан Ислам Әмірлігі» деп аталады. Бұқара халық мынадай заң-тәртіпке қарсылықсыз бойсұнулары керек:

1. Ел тұрғындары жаппай бес уақ намаз оқуға міндетті. Кімде-кім намаз уақытында басқа іспен айналысып ұсталса, дүре соғылады.

2. Еркек атаулы сақал өсірулері шарт. Сақалдың ұзындығы иектен бір қарыс шамасында болуы ләзім. Орындамағандар дүреленеді.

3. Ұлдардың барлығы бастарына сәлде ораулары, бірінші-ден алтыншы сыныпқа дейінгілер қара, одан жоғарғылар ақ сәлде ораулары тиіс. Сонымен қартар ұлдар ислами киінулері, көйлектерінің жағасы түймеленген болуы қажет.

4. Карта, шахмат, құмар ойнауға, ән салып, би билеуге, батпырауық ұшыруға тыйым салынады. Кітап жазу, фильм көру, сурет салуға да рұқсат етілмейді. Үйде тотықұс баққандарға дүре соғылады, тотықұсы өлтіріледі. Ұрлық жасағандардың қолы, қайталанса — аяғы кесіледі. Өзге діндегілердің мұсылмандарға көрнеу дұға-тілек етуіне болмайды. Бойсұнбағандарға дүре соғылады, түрмеге жабылады. Мұсылмандарды жат дінге сенуге азғырғандарға өлім жазасы кесіледі.

Әйелдерге:

1. Сіздер ауладан аттап шықпауларыңыз керек. Әйелдердің көшеде сандалып жүруі шариғатқа жат. Сыртқа шығуға тура келсе, ер туысқандарыңыз серік болуы шарт. Көшеде жалғыз жүріп ұсталып қалағандар дүреленіп, үйіне қайтарылады. Әйелдер тегіс бұрқа киюге міндетті. Қайшылық жасағандар ауыр деңгейде дүреленеді.

2. Бояну, сәндік бұйымдар тағу, салтанатты киіну шектеледі. Жұрттан бұрын сөз бастауға, ерлермен көз түйістіруге рұқсат етілмейді.

3. Қоғамдық орында күлуге болмайды, күлгендер дүреленеді. Тырнақ боялғандардың саусағы кесіледі.

4. Қыздардың мектепке баруына тыйым салынады. Қарсы келгендерге дүре соғылады. Қыздар үшін ашылған мектептердің барлығы жабылады. Әйелдердің қызмет атқаруына

тыйым салынады. Зина жасағандар таспен ұрып өлтіріледі. Бүкіл халық заң-тәртіпке бойсұнулары керек. Аллаһуәкбәр.

Рашид радионы өшірді. Наджибулланың мәйітін асып қоятын күннен бір апта кейін олар қонақ бөлмеде кешкі ас ішіп отырған.

— Олар халықтың тең жартысын үйінде отыруға мәжбүрлей алмайды, — деді Ләйла.

— Неге олай істей алмайды? — деді Рашид.

Мәриям алғаш рет Рашидтың сөзін қостады. Ол Ләйла мен Мәриямды дәл осылай мәжбүрледі ғой. Мұны Ләйлаға айтпаса да түсінікті емес пе?

— Бұл — ауыл емес, Кабул. Әйелдер мұнда бұрыннан адвокат, дәрігер болып келген. Тіпті үкімет орындарында да маңызды қызмет атқарған.

Рашид таңдайын қақты.

— Сен өзіңнің университет бітірген, өлең оқитын адамның қызы екеніңді ұмытып қалған көрінесің. Сенің қалалық екенің де, тәжіктігің де менмұндалап тұрмай ма? Мұндай радикалды ұстанымдарды талибандар бүгін ойлап тапты дейсің бе? Мынау сүйікті Кабулыңнан аттап көріп пе ең, гүлім? Ауғанстанның оңтүстігіне не шығысына яки Пәкістанның шекарасына жақын аймақтардағы ұлыстарға, тайпаларға барып көруді ойлаған ба едің? Міне, мен бәрін көргенмін. Айтар болсам, бұл елдің көптеген өңірлерінде осы жолды ұстанады. Кем дегенде, осыған ұқсас тәртіппен өмір сүреді. Бұларды білу саған мүмкін болмаған.

— Олардың бұлай істейтініне сенбеймін.

— Талибандардың Наджибуллаға жасағандарын көре тұра, оларды әзілкештер деп ойламаймын, — деді Рашид. — Олай емес пе, сеніңше?

— Ол дегеніңіз — коммунист, құпия полицияның басшысы.

Рашид қарқылдап күлді. Мәриям оның күлкісінен қайтарар жауабын білді. Талибандардың көзімен қарағанда

Наджибулланың коммунист, құпия полицияның басшысы болған кінәсі, әйелдердің әйел болып туған кінәсімен бара-бар еді.

12

Ләйла

Ләйла талибандардың Ауғанстанға билік жүргізе бастаған осы күндерін әкесінің көрмегеніне қуанды. Әкесі тірі болғанда бұл жағдайларға қатты күйзелер еді.

Еркектер Кабул музейін балталап қиратып, моджахедтерден асып қалғанын тонап, ислам дініне дейінгі ежелгі мүсіндерді, ескерткіштерді топырақ үйіндіне айналдырды. Университеттер жабылып, студенттер үйлеріне қайтарылды. Қабырғадағы суреттер жұлынып, пышақпен айғыздала тілінді. Теледидарларды жерге ұрып, Құран Кәрімнен басқа кітаптарды түгел өртеп, кітап дүкендері мен кітапханаларға құлып салынды. Халили, Пажвак, Ансари, Хаджи Дехкан, Ашрахи, Бейтаб, Хафиз, Жами, Низами, Руми, Хайям, Бедильдердің өлеңдері күлге айналды.

Ләйла ерлердің көшеде намаз оқудан қаштың деп айыптalып, мешіттерге сүйреп әкетілгенін, Тауық көшесі маңындағы «Марко Поло» мейрамханасының тергеу үйіне өзгергенін естіді. Кейде мейрамхананың қарамен сырланған терезесінен әлдекімдердің шырқырай жылаған құлын даусы көз көрім жерден естілетін. Сақал қоймағандардың бетін тіліп, мұрнын қанатуға дайын тұратын сақалды сарбаздарға толған қызыл «Тойота» төңіректің төрт бұрышынан кездесетін.

Олар кинотеатрларды да жапты. «Кино алаңы», «Ариана» және «Ариуб» кинотеатрлары жабылып, фильм таспалары өртелді. Ләйла Тарыхпен сол кинотеатрларда үнді фильм-

дерін көрген еді. Сол фильмдердегі ғашықтардың тағдыр таланымен шалғайға кетіскен, сүймесіне сүйреп қосқан көріністері, күлу, жылау, гүл бақтарында ән салу, бір-біріне қосылу жолындағы көрген қорлық, тартқан азаптары — бәрі-бәрі де Ләйланың әлі есінде. Тарых оның кино көріп отырып жылағанын мазақ та қылған.

— Олар әкемнің кинотеатрын не істеді екен? — деді Мәриям бір күні. — Кинотеатры өз орнында тұрса яки әкем әлі де оған иегершілік ететін болса дегенім ғой.

Кабулдың дәстүрлі музыкасының төл бесігі болған ежелгі Харабат тыныштыққа шомды. Музыканттар қыспаққа алынып, түрмелерге тоғытылды. Рубаб, танбур, гармоньдары табанға тапталып, жұлым-жұлым, парша-паршасы шықты. Талибандар Тарыхтың сүйіп тыңдайтын әншісі Ахмет Захирдің қабіріне оқ атып, топырағын тулақтай қаққан.

— Ол кісінің қайтыс болғанына жиырма жылдан асты. Оның бір рет өлгені аз болған ба?

Рашид талибандарды онша ұната қоймады. Сақалын өсіріп, мешітке барса болды, әурешіліктен құтылады. Ол дәл солай істеді. Талибандар оған кешіре салуға болатын, жақсы көруге де татитын, өзін қуантарын не жұбатарын біліп болмайтын оспадар, өжет жиендері сияқты еді.

Сәрсенбі күндері Рашид радиодан «Шариғат үнін» тыңдап, талибандарың жазасына ұшырайтындардың тізімінен хабардар болатын. Жұма күні Гази алаңына барып, «пепси-кола» ішіп отырып, түрлі жазаларға, өлім жазасына тартылғандарды тамашалайтын. Кеште төсегіне шалқалай жатып, алаңда кімдердің қалай дүреленгенін, дарға асылғанын, басының қалай шабылғанын ауыз толтыра әңгімелейтін.

— Бүгін біреудің ағасын өлтірген қанипезерді өз қолымен бауыздап тастағанын көрдім, — деді ол шылымын бұрқыратып.

— Жабайылар, — деді Ләйла.

— Солай ойлайсың ба? — деді Рашид. — Оларды кімдермен салыстырып айтып отырсың? Кеңестіктер адамды миллиондап қырды ғой? Моджахедтердің төрт жылда қаншама адамның басын көрге тыққанын білесің бе? Елу мың! Білесің бе? Елу мың! Оның қасында бірнеше ұрының саусағын кесу деген — бит сыққанмен тең. Айтшы, қане, егер біреу Әзизаны өлтірсе, сен одан кек алуды ойламайсың ба?

Рашид Ләйланың өзіне жиіркене қарағанын байқап, іркіле қалды.

— Айтайын дегенім, сен де сондайсың.

— Оның қарашығы ғажап, Әзизаны айтам. Сіздікіне де, менікіне де ұқсамайды.

Рашид бір жамбасына аунап түсіп, Ләйлаға қарады да, бақайларымен оның жотасын тырналады.

— Саған айтып қояйын, — деді ол: — қаласам, күндердің бірінде Әзизаны біреуге бере саламын. Сонда қайтер екенсің, қане. Болмаса бір күні талибандарға барып, саған күмәнім барын айтсам, шаруаңның біткені. Сеніңше, олар кімнің сөзіне сенер? Сені қалай біржақтылы етер?

Ләйла арқасын тартып алды.

— Мен ғой, өйтпеймін, — деді ол сөзін сабақтап. — Жоқ... ондайға бара қоймаспын. Мені білесің.

— Жиіркеніште адам екенсіз, — деді Ләйла.

— Сөздерің түйеден түскендей сенің, соныңды жақтырмаймын, — деді Рашид. — Бала күніңде, әлгі жарымжанмен көшеде ойнап жүргеніңде де, кітап оқи аламын, өлең жаза аламын деп өзіңді тым астам санап кетуші ең. Сол ақыл-парасатың қазір саған не істеп бере алды? Көшеде қаңғырып қалсаң, кім ес қатады? Білімің бе, мен бе? Айналып келіп алдыңда жиіркеніште адам болдым ба? Бұл қаладағы әйел біткеннің кем дегенде жартысы мендей еркекке қол жеткізу үшін бір-бірін жазым етеді. Білесің бе? Бір-бірін өлтіреді.

Ол қайта шалқалап, шылымын құшырлана сорды.

— Үлкен сөйлегенді ұнатасың ғой? Саған үлкен сөзден біреуін үйретіп қояйын. Келешек. Міне, бұлай дейтінім, дәл сенің келешегіңнің, үмітіңнің құрдымға кетуінің алдын алу.

Сол түні Ләйланың көңілі құлазыды. Рашидтың әр сөзі құлақ түбінде жаңғырып әбден мазасы кетті.

Ертесі таңертең, содан кейінгі бірнеше күндерде Ләйланың құлазыған көңілі тыныштық таппай, асқына берді. Көңілі алабұртып әрнені бір ойлады.

Ұзақ өтпей, бұлтты әрі салқын бір күні түстен кейін, Ләйла болмесінің еденінде қырындай жамбастап жатқан. Әзиза Мәриямның бөлмесінде онымен қатарласа үйқыға кеткен.

Ләйла қолына бірнеше қарыс металл сымды ұстап, ойға шомған. Мұны ол жылдар бұрын Тарыхпен сүйіскен түйық көшеде ескі велосипедтің дөңгелегінен тістеуікпен суырып алған. Ол аяғын жазып, терең тыныс алды. Әзизаның құрсағына біткенін алғаш сезгенінде іштей ерекше сүйінген еді. Қазіргідей екілену мен қаймығу сезімі болмаған. Міне, енді ол ана үшін өз перзентіне мейірім, махаббат сыйлай алмауынан күмәнданудың қаншалық қасірет екенін, ана атына лайық сезім еместігін түсінді. Еденде жатып, тер басқан алақанымен металл сымды баяу ысқылап, қиялдауда. Өзінен Рашидтың болашақ перзентіне, Тарыхтың баласына еміренгеніндей мейірлене алатын-алмайтынын сұрауда.

Ақыры Ләйла ниетінен баз кешті.

Қолындағы сымды жерге тастауына мәжбүр еткен, оның қансырап өліп кету яки ойға алған ісінің ауыр күнә екенін танып жетуінен емес. Моджахедтердің «соғыс болған соң бейкүнә адамдар да өлуі керек» дейтінін ол ежелден құптамайтын. Оның соғысы — Рашидке қарсы соғыс. Балада не кінә болсын? Бұл соғысқа жанын бергендер жетерлік. Осы күнге дейін қанипезерлердің бір-біріне атқан оқтарынан қапыда жер құшқандарды ол көрудей-ақ көрді ғой.

13

Мәриям

1997 жыл, қыркүйек

— Енді мұнда әйелдерді қабылдай алмайды, — деді есік күзетшісі.

Ол «Малалай» ауруханасының алдындағы баспалдақтан төмендегі топқа қарап сөйлеп тұрған. Жиналғандар наразылықтарын білдірісті.

— Бұл әйелдер клиникасы емес пе! — деп айғайлады Мәриямның артында тұрған әйел.

Әйелдің сөзін қостап, жан-жақтан шуылдасқандар көбейді. Мәриям бір қолына Әзизаны көтеріп, екінші қолымен Ләйланы қолтықтай сүйеп тұрды. Ләйла бір жағынан Рашидтың иығына асыла ыңыранды.

— Енді олай емес, — деді талиб.

— Әйелімнің толғағы жиілеп барады, — деп дауыстады толықша келген ер адам. — Көшеде тусын дейсің ме, бауырым?

Осы жылдың басында Мәриям ер-әйелдердің бөлек ауруханаларда емделетіні жайлы жаңа заңды естіген. Кабулдағы барлық әйел қызметкерлер бір орталық мекемеге жиналатынын да құлағы шалып қалған. Оған ешкім де сенбеген, талибандар да күні бүгінге дейін мұндай шешімді іске асырмаған еді.

— Ендеше, «Али Абад» ауруханасы ше? — деді тағы бір адам. Күзетші басын шайқады.

— «Уазир-Акбархан» ше?

— Ол жақта ерлер ғана емделеді, — деді күзетші.

— Енді не істейміз?

— «Рабиа Балхиға» барыңдар, — деді ол.

Ортадан жас әйел алдыға шығып, өзінің онда барғанын, ол жерде таза су, оттегі, дәрі-дәрмек, тіпті жарық та жоқтығын айтты.

— Ол жерде ештеңе де жоқ.

— Сонда баруларыңыз керек.

Жиналғандар наразылықтарын үдете түсті. Әлдекім күзетшіні балағаттай бастады. Біреу оған тас лақтырды. Күзетші аспанға қаратып оқ атты. жұрт бытырай қашты.

«Рабиа Балхи» ауруханасының күту бөлмесі бұрқаға оранған әйелдер мен балаларға лық толған. Сасық тер, шуаш, зәр, шылым ысы, карбол мен спирт иісі қолқаны қабатын. Балалар жерде отырған әкелерінің аяғынан оңды-солды аттап, бір-бірін қуалай жүгіріседі. Төбедегі салбыраған ескі желдеткіш қалақшаларының қыбыр етер түрі жоқ. Мәриям сылағы сыпырылып, бояуы таздың басындай аламыштанып кеткен қабырғаға Ләйланы сүйей отырғызды. Ләйла ішін қапсыра ұстап, алды-артына ыңырана тербелді.

— Қазір-ақ сені дәрігерге көрсетемін, Ләйла, сәл шыда, — деді Рашид.

Тіркеу терезесінің алдындағы әйелдер бір-бірін итерісіп, алдыға өтуге жанталасуда. Кейбірі қолына балаларын көтеріп алған. Енді біреулері топтың арасынан кимелей өтіп, емделу бөлмесіне қарай жүгіріседі. Қару ұстаған қарауыл оларды кері қайтарып әлек.

Мәриям да топ арасына қыстырылып кірді. Біреу шынтағымен қағып еді, ол да шынтағымен қайтара соқты. Бетінен итергендерге де есесін жібермеді. Алдын тосқандардың желкесінен қысып, қолын серпіп тастап, шашынан тартқылады. Қасындағы әйел өңін бұзып, қабағын түкситкенде, ол да ызалана тістерін шықырлатты.

Ол ананың бала үшін беретін құрбандығының айтарлықтай зор екенін, оны бағып есейту сол құрбандықтардың бірі ғана саналатынын енді түсінгендей. Нананың өзі үшін қандай тер

төккенін еске алды. Шешесі оны біреуге бере салуына немесе қоқысқа тастап қашып кетуіне әбден болар еді. Бірақ ол өйтпеді. Мәриямдай некесіз туған харамиді дүниеге әкелгендігі үшін тартқан азап пен намысқа шыдастық беріп, өз жолымен оған аналық мейірін бағыштады. Қатарға қосты, бірақ соңында Мәриям Жәлелді таңдады.

Иін тірескен, ығы-жығы топтың алдына өту үшін жанталаса ұмтылған Мәриямның көз алдына Нананың солғын шырайы пайда болды. Өз уақытында Нанаға жақсы қыз болғанында, оның шын ниетін түсінгенінде жақсы болар еді ғой!

Ол сұп-сұр, кір-қожалақ бұрқамен оранып алған медбикенің алдына келіп тоқтады. Медбике бұрқасының жаға-жеңі қанға боялған жас әйелден бірдеңелерді сұрап жатқан.

— Қызымның астынан су кетіп жатыр, бірақ баланың басы көрінбейді, — деді Мәриям.

— Медбикемен мен сөйлесіп тұрмын! — деп кіжінді үстібасы қанға боялған әйел. — Кезегіңді күтсеңші!

— Кенет Мәриямның арт жағында тұрған әйелдер жел жапырған майсадай тербелді де кетті. Топ арасынан қызының ағаштан құлап, қолын сындырып алғанын айтып жылаған бір әйелдің даусы естілді. Тағы бірі үлкен дәретінен қан келіп тоқтамай жатқанын шағынып зарлады.

— Қызыңыздың дене қызуы бар ма? — деді медбике.

Мәриям медбикенің өзінен не сұрап тұрғанын аңғара алмай сәл кідіріп қалды.

— Жоқ.

— Қан ағып жатыр ма?

— Жоқ.

— Қызыңыз қайда?

Ол Рашид пен Ләйла отырған жақты нұсқады.

— Сәлден соң қараймыз.

— Енді қай уақта? — деп айғайлады Мәриям. Біреу оның иығынан тартып ығыстырып жіберді.

— Білмеймін, — деді медбике. — Бұл жерде екі-ақ дәрігер бар. Екеуі де ота жасап жатыр.

— Оның толғағы жиілеп барады!

— Менің де! — деп арс етті басынан қан ағып тұрған әйел. — Кезегіңді күт дедім саған!

Мәриям ығыса шетке шығып қалды. Медбикені алдыдағылар қалқалап алды. Мәриямның мұрнына нәрестенің құсып жіберген сүт иісі келді.

— Оны сыртқа арлы-берлі жүргізіп, айналдыра тұрыңдар, — деді медбике даусын көтере. — Дәрігерді күтіңдер.

Медбике олардың аттарын шақырған кезде қас қарайып кеткен еді.

Туыт бөлмесі қиналып, ыңырана толғатып жатқан әйелдермен толған. Төсектерде араларына бір қабат перде де тартылмаған. Бұрқамен оранған медбикелер олардың жағдайларын бақылап, тексеріп жүр. Ләйла жақтаулары қарамен сырланған терезенің тұсындағы төсекке орналасты. Төсектің бүйіріндегі шытынаған раковинаның ернеуінде тазаланбаған хирургиялық қолғап ілініп тұрған. Бөлменің қақ ортасына алюминий үстел қойылып, үстіне сұп-сұр жамылғы жабылған, астыңғы бөлігі бос еді.

Әйелдердің бірі Мәриямның үстелге қарап тұрғанын көріп, кейіген бейнемен:

— Су ішері бар нәрестелерді олар осы үстелдің үстіне қояды, — деді.

Дәрігер үстіне көк түсті бұрқа киген, тұрқы шағын, қолаяғы жеңіл, қабағы сұстылау әйел екен. Сөздерінен қобалжу байқалады.

— Бірінші бала ма? — деді ол болжаған сынайда.

— Екіншісі, — деді Мәриям.

Ләйла басын бір қырына бұрып, Мәриямның қолын қатты қысып, ыңырана жылай бастады.

— Алғашқы туытта қиындықтар болып па еді?

— Жоқ.

— Сіз оның анасы боласыз ба?

— Иә, — деді Мәриям.

Дәрігер бұрқасының етегін көтеріп, конус пішіндес металл аспапты шығарды. Ләйланың бұрқасын қайырып, аспаптың кең жағын оның құрсағына төсеп, екінші ұшын құлағына тосты да, арлы-берлі жылжытып, тағы бірнеше рет қайталай тыңдады.

— Баланың жүрек қағысын білуім керек, сіңілім.

Дәрігер раковинаның ернеуіндегі қолғапты киіп, бір алақанымен Ләйланың құрсағын басып, екінші қолын оның дәрет жолына салды. Ләйла ернін тістеп, әлсіз ыңыранды. Дәрігер тексеріп болып, қолғапты медбикеге берді. Медбике оны сумен шайып, ваннаға тартылған сымға іліп қойды.

— Қызыңызға кесарь отасын жасамасақ болмайтын көрінеді. Не айтқанымды түсіндіңіз бе? Құрсақты жарып, баланы аламыз. Бала теріс келіп қалған.

— Түсінбедім, — деді Мәриям.

Дәрігер баланың теріс тұрып қалғанын, тәбиғи босану мүмкін емесін түсіндірді.

— Уақытын өткізіп алғансыздар. Қазір-ақ кесарь отасын жасамасақ болмайды.

Әбден қиналып, әлі құрыған Ләйла бір жағына қисайып қалған басын ақырын изеді.

— Бір жағдайды ескертіп қоймасам болмайды, — деді дәрігер. Мәриямға жақындап, құлағына бірдеңелерді сыбырлады. Үнінен ыңғайсызданғаны білініп тұрған.

— Ол не дейді? — деді үні қарлығып. — Балаға не болыпты?

— Мұныңызға ол төзе алар ма? — деді Мәриям.

Дәрігер Мәриямның наразылығын сезді де, өз шешімін ақтап, түсіндіруге көшті.

— Мұны өз еркіммен жасап отыр дейсіз бе? — деді ол. — Маған не істе дейсіз? Олар маған қажетті дүниелерді бермейді. Мұнда не рентген, не оттегі жоқ. Қыл аяғы қарапайым антибиотик те жоқ. Қайырымдылық ұйымдары қаржы бөлсе, талибандар керек қылмайды, не ол ақшаларды өз қалталарына басады.

— Дегенмен, дәрігер мырза, сіз оған қандай да бір дәрі-дәрмек қолдансаңыз?

— Сірә, не жағдай болды? — деді Ләйла ыңырана.

— Дәріні сатып алсаңыз да болады. Әйтсе де...

— Дәрінің атын жазып беріңіз, — деді Мәриям. — Мен тауып келейін.

Дәрігер бұрқасынның астынан басын шайқады.

— Оған уақыт жар бермейді, — деді ол. — Оның үстіне, жақын маңдағы дәріханаларда ондай дәрі жоқ. Басқа жерлерден, қаланың шет жақтарынан іздеуіңізге тура келеді. Оның өзінде табылуы неғайбыл. Сағат сегіз жарым болды. Сыртқа шықсаңыз, комендanттық сағатты бұзғаныңыз үшін тұтқындаласыз. Дәріні тапқан күннің өзінде құны қолжетімсіз. Уақыт күтіп тұрады дейсіз бе, тездетіп ота жасауға кіріспесек болмайды.

— Не болып жатқанын айтсаңыздаршы! — деп айғайлады Ләйла шынтағын тірей, басын көтеріп.

Дәрігер жөткірініп алды да, Ләйлаға қарап ауырсынуды басатын дәрінің жоқтығын айтты.

— Кешіктіре берсеңіздер, баладан айырылып қаласыз.

— Ендеше кесарь отасын жасаңыз, — деді Ләйла. Шалқалай жатып, тізесін көтерді. — Қарнымды жарып, баланы қолыма беріңіз.

Олар Ләйланы қабырғаларын ыс басқан ескі ота бөлмесіндегі төсекке жатқызды. Дәрігер қолын уқалап, саусақтарын салалап әбден жуды. Ләйланың тұла бойы тітіреді. Медбике әр рет сап-сары сұйықтыққа шыланған тампонмен Ләйланың

құрсағын сүрткенде, ол айқасып кеткен тістерінің арасынан терең тыныс алатын. Медбикелердің екіншісі есікті әлсін-әлсін ашып, дәлізге қарағыштайды.

Дәрігер жүзіндегі бұрқаны шешіп тастады. Мәриям оның күмістей ағарған шашына, домбығып кеткен көзіне, езуінің айналасындағы әжімдеріне көз жүгіртті.

— Олар бізге ота жасағанда да бұрқамызды шешпеуге бұйырған, — деді дәрігер иегімен есіктегі медбикеге ишаралап. — Ол сыртты бақылайды. Олар келе қалса, бұрқамды киіп аламын.

Мәриям дәрігердің сөздерінен оның қыл үстінде қимылдап жатқанын, осы күндерде оның қызметінен қол үзіп қалмағанына өзін бақытты сезінетінін, бірақ кез келген уақытта онысынан айырылып қалуы мүмкін екенін түсініді.

Ләйланың иығы екі металл тақтайшаға тұспа-тұс киіліп тұрған. Құрсағын сүртіп, тазалаған медбике алақандай шүберекті қысқышпен керіп, дәрігер мен оның ортасына перде етіп тартты.

Мәриям Ләйланың бас жағына өтіп, екі қолымен шекесін ұстап тұрды. Еңкейе түсіп, бетін оның бетіне тигізді. Ләйланың тістері сақылдап жатқанын сезді. Ләйла да оның қолынан мықтап ұстады.

Мәриям перденің арғы бетіндегі дәрігер мен медбикенің көлеңкелерінің бірі солға, екіншісі оңға жылжығанын көрді. Ләйланің ерні жиырылып, тістерінің арасынан көпіршіген түкірік шығып, тыныс алуы жиілей түсті.

— Қайрат қыл, сіңілім, — деді дәрігер.

Ол Ләйлаға қарай еңкейді. Ләйланың әуелі көзі, іле-шала аузы қатты ашылды. Тісін тісіне басып, үнін ішіне жұтты. Денесі дірілдей бастады, мойын тамырлары адырайып, жүзінен тер саулады. Қолдары Мәриямның саусақтарын қыса түсті.

Мәриям оның жан даусымен шырқырағанға дейін сонша уақыт төзім танытқанына қайран қалды.

14

Ләйла

1999 жылдың күзі

Шұңқыр қазу — Мәриямның ойлап тапқан ақылы. Бір күні таңертең ол кепенің арт жағындағы топырақ үйіндісін көрсетті.

— Осы жерден қазайық, — деді ол. — Осы жер ыңғайлы сияқты.

Олар кезектесіп кетпен-күрекпен жер қазып, топырағын бір шетке үйе бастады. Шұңқырды кеңірек, тереңірек қазуды көздесе де, оның оңайға түспейтініне көзі жетті. 1998 жылы басталған құрғақшылық екінші жылға жалғасқан. Сол жылы қыста қар аз жауып, көктемде де бір тамшы тамбаған. Ауғанстанның ой мен қырын жайлаған шаруалар кеберсіп, қаққа айналған жерлерін тастап, ілікке алар заттарын сатып, ауыл-ауылды аралап, су іздей бастады. Көбісі Пәкістан мен Иранға қоныс аударды. Біреулері Кабулға келіп тұрақтады. Әйткенмен, қалада да жер асты суларының деңгейі төмендеп, таяз құдықтар тартылып қалған. Ләйла мен Мәриям терең құдықтардың маңындағы ұзын-сонар кезектерде тұрып, сағаттап күтуге мәжбүр болатын. Кабул өзені де тартылып, әлдеқашан қоғамдық дәретханаға айналып, адамдардың нәжісі мен төзгісіз сасық иіс қолқаны қабатын.

Олар жер қазуды жалғастырды. Дегенмен құрғақшылық қысқан топырақ беріштей қатып қалған.

Мәриям сол жылы қырыққа толды. Арқасына төгілген қолаң шашына қылау түсіп, көзінің асты салбырай бастаған. Қасқа тістерінің бірі өзі түсіп, бірін ол Залмайды абайсызда құлатып алғанында Рашид аузынан ұрып түсірген. Олар азаннан қара кешке дейін аптапқа қақталып, Залмайдың Әзизаны

қуалап ойнағанына қарап аулада отыратын. Содан да болар, Мәриямның тістері қарайып, кедір-бұдыр болып кеткен еді.

Ақыры олар шұңқырды қазып бітіріп, тереңдігіне қарады.

— Меніңше, осы да жетер, — деді Мәриям.

Залмай сол жылы екіге келген. Бетінің ұшы қып-қызыл, шашы бұйра, көзі сығырайған, қарашығы қарақаттай мөлдір болатын. Беті күшіік ыстық-суығына қарамастан әкесінікі секілді қызаратын да тұратын. Қасына төніп тұрған жарты ай тәріздес шаш пішіні Рашидтікінен аумайтын.

Залмай Ләйламен жеке қалғанда өзінің сүйкімді, тәтті қылықтарымен оны қуантады. Ләйланың ыңғына жармасқанды, аулада шешесімен, Әзизамен жасырынбақ ойнағанды ұнататын. Кей кездері әбден діңкелеп, шешесінің құшағына құлайтын да, одан өзіне ән айтып беруін талап ететін. «Молда Мұхаммеджан» деген әнді жақсы көретін. Ләйла оның бұйра шашы жауып тұрған құлағына жақын келіп ән салғанда, ол өзінің быртиған бақайларын тырбаңдатып, есінде қалған тармақтарын Ләйлаға ілесе былдырлап айта жөнелетін.

Келіңіз, барайық мазарға бірге,
Молда Мұхаммеджан.
Лалагүлдерін тамашалайық,
Ей, аяулы жан.

Ләйла Залмайдың өзінің бетінен сүйгенін, оның томпиған білегін, кішкентай бақайларын жақсы көретін. Қытықтап күлдіретін. Жастықтарды қатарластыра тізіп, астынан еңбектеп өтетін жол жасап беретін. Залмай шаршағанда Ләйланың құшағында жатып, бір қолымен оның құлағын қармалай ұстап ұйықтап қалатын. Әр жолы өзінің металл сымды қолына орап, еденде жатқан бейнесін, Залмай мен өзінің өмірін құрта жаздаған кезін есіне алса болды, Ләйланың бойын қорқынышты мазасыздық билейтін. Өзіне сондай қиялдарға баруға

ерік бергеніне өкінетін. Залмайдың Алла сыйлаған ақық сый, арылмас бақыт екенін, ескі қорқыныштардың еш негізсіз есер қылық болғанын, Залмай мен Әзизаны шын жақсы көріп, мейірлене алатынын сезіп, көңілі жай табатын. Әйтсе де, ол әкесін тұлға көріп, пір тұтатын. Әкесі қасына келген бетте басқа адамға айналады. Ешкімді де, тіпті Ләйланың да сөздерін құлағына қыстырмайды. Тез өкпелеп, айыбын мойындамай, тентектігін жалғастырады.

Рашид Залмайдың ондай қылықтарына еркіндік беретін. «Кемеңгердің кереметі» дейтін ол. Залмай мәрмәртасты жұтып қойып дәретімен шығарғанда, сіріңке тұтатып от жаққанда, тіпті Рашидтың шылымын шайнағанда да әкесі оны тағы сол сөздермен мақтайтын.

Залмай туғанда, Рашид оны өздерінің төсегіне жатқызып алды. Оған бүйіріне арыстан, жолбарыстың суреті басылған төсек алып берді. Ақшасы жетпесе де, Әзизаның бұйымдары қайта пайдалануға жараса да, Залмайға жаңа киім, жаялық, сылдырмақ және құмыралар алып берді.

Бір күні өздігінен қозғалатын ойыншық көлік, тағы бірде түймесін басса, музыка ойнайтын күнбағыс тәрізді рамканы алып келіп, Залмайдың төсегіне іліп қойды.

— Жұмысыңыз онша жүрмей жатқанын айтып едіңіз ғой, — деді Ләйла.

— Қарыз беретін достарым бар.

— Оны қалай қайтарасыз?

— Іс оңына басар әлі, ылғи да солай. Қарашы оның қуанғанын.

Көбіне Ләйла өзінің ұлына мейірі қанбай шөлдейді. Рашид оны шеберханасына алып кететін. Залмай Рашидтың оны-мұныға лық толған жұмыс үстелінің астына кіріп, ескі резеңкемен, былғары қиқымдарымен ойнайтын. Рашид егеуді айналдырып, етіктің табанын шегелеп жатып, Залмайдың қыбыр-қимылын зер сала күзететін.

Залмай аяқ киім қораптарына асылғанда, Рашид оған мүләйім, зілсіз үнмен ұрсатын. Егер Залмай қайталаса, Рашид қолындағы балғаны жерге қоя салып, оны көтеріп үстелге отырғызатын да, тағы да жұмсақ ескертетін. Кешкісін әке-бала үсті-бастары шылым сасып, үйге оралады. Залмай әкесіне еркелеп, басын оның кеудесіне ұрады. Екеуара ақылдасып алғандай, күні бойы шеберханада етік тігудің орнына құпия жоспарлар жасағандай бір-біріне қарап қулана күліседі. Кешкі аста Залмай әкесінің қасында отырғанды ұнататын.

Дастархан жайылып, ас келгенше олар бір-бірін қытықтап, күлісіп, нан қоқымын шашысып, құлақтарына бірдеңелерді сыбырласып ойнайды. Ләйла оларға сөйлей қалса, Рашид оған наразы сыңаймен қарайтын. Ол Залмайды көтергісі келсе, әсіресе Залмай оған жақындаса, Рашид төніп келетін де, Ләйла шарасыз артына қайтатын.

Залмайдың екіге толғанына бірнеше апта өткенде, Рашид үйге теледидар мен видеомагнитофон көтеріп келді. Сол күні күндіз қатты ыстық болғанымен, кеш түсе аптаптың беті қайтты. Ол теледидарды қонақ бөлмедегі ас үстелінің үстіне қойып жатып, оны қара базардан сатып алғанын айтты.

— Тағы да қарызға алдыңыз ба?

— Бұл — «Магнавокс».

Әзиза кіріп келді де, үстелдегі теледидарға қарай жүгірді.

— Абайла, Әзиза, — деді Мәриям. — Оны ұстама.

Әзизаның шашының түсі, екі бетінің ұшындағы шұңқыры Ләйлаға тартқан. Алты жасар бала емес, бәлиғатқа толған, тәрбиелі, ересек адамға тән салмақты мінезі, орынды пікір-пайымы, сөйлеу мәнері мен сөз саптасы Ләйланы сүйіндіретін. Әзиза әр таңда Залмайды оятып, киіндіретін. Таңғы асын беріп, шашын тарайды. Түсте қыңыр мінезді, тентек інісін сөзіне иландырып ұйықтататын.

Кейде Залмайдың қиқарлығын көргенде, Әзиза ересек адамдардай басын шайқайды.

Ол теледидардың түймесін басып еді. Рашид дөрекілене оның білегінен тартып, қолын үстелдің үстіне қойды.

— Бұл — Залмайдың теледидары.

Әзиза артына бұрылып, Мәриямның тізесіне келіп отырды. Әзиза мен Мәриям бір-біріне әбден бауыр басқан жандар еді. Ләйланың келісімімен Мәриям оған құран аяттарын үйрете бастаған. «Ықылас», «Фатиха» сүрелерін ол жатқа оқи алатын, Бамдат намазын өтей алатын болған.

— Бұл сүрелер оған қуат береді, қорған болады, — деген Мәриям Ләйлаға. — Міне, осылар менің бар өмірімде қол жеткізген бірден-бір байлығым.

Залмай да үйге кіріп келді. Рашид оның теледидардың сымдарын тартып, түймелерін басып, алақанымен экран әйнектерін ұрғылап ойнағанына, тіпті оны көтеруге ұрынғанына ризалықпен қарап тұрды.

Талибандар теледидарға тыйым салған. Видеожазбалар, магнитофон кассеталарын көпе-көрнеу сындырып, шағып, өртеген. Спутниктік антенналар төбеден төмен қарап, салбырай қиратылған. Дегенмен Рашидтың айтуынша, тыйым салынғаны — сол заттарды таба алмайсың дегендік емес.

— Ертең мультфильмдерді тауып келейін, — деді ол.

— Қиын түгі жоқ, қара базардан-ақ табылады.

— Ендеше, бізге құдық алып берсеңіз болғандай, — деді Ләйла.

Рашид оған едірейе қарады.

Кешкі асқа тағы да ештеңе қосылмаған күріш пісірілді. Су тапшылығынан шай қайнатылмады. Рашид шылымын шегіп бітті де, Ләйлаға өз шешімін айтты.

— Болмайды, — деді Ләйла.

— Сенен рұқсат сұрап жатпаймын.

— Рұқсатымды алған-алмағаныңызбен менің де шаруам жоқ.

— Нақты жағдайды түсінсең, сөзіме иланар едің.

Рашид Ләйлаға достарынан алған қарызын қайтара алмағанын, тапқан-таянғанымен бес адамды асыраудың қиынға соққанын түсіндірді.

— Сені алаңдатпайын деп үндемедім. Оның үстіне, — деп сөзін сабақтады ол: — олардың қаншалық дүние алып келетініне таңғаласың.

Ләйла сонда да қосылмады. Олар қонақ бөлмеде отырған. Асүйден Мәриямның ыдыс жуған, Залмайдың сықылықтай күлген, Әзизаның Мәриямға әлденелерді түсіндіріп жатқан үндері естіліп тұрған.

— Ол жерде сондай, тіпті одан да кіші балалар көп, — деді Рашид.

— Жұрттың балаларын не істегенімен жұмысым жоқ, — деді Ләйла.

— Кабул жұрты тегіс солай істеп жатыр. Оған өзім бас-көз боламын, — деді Рашид сабырын сарқып. — Ол жақ тыныш. Көшенің қарсы бетінде ғана мешіт бар.

— Қызымды көшедегі қайыршыға айналдырып қоюыңызға жол бермеймін, — деді Ләйла Рашидтың сөзін бөліп.

Ләйланың бетіне тиген соққымен оның бетінде Рашидтың добалдай саусақтарының ізі қалды. Басы айнала бастады. Асүйдегі дауыстар да тынып, үй іші жым-жылас болды. Сәлден соң жүгірген аяқ дыбысы естіліп, Мәриям мен балалар қонақ бөлменің босағасында пайда болды. Олардың көзі бірде Рашидке, бірде Ләйлаға кезек ауысты. Ләйла Рашидке жұдырығын ала жүгірді.

Тарыхпен әзілдесіп, оны жеңіл төпелегенін есепке алмағанда, бұл оның өмірінде алғаш рет басқаларға қарсылық білдіруі еді. Десе де, Тарыхқа назданып, оның кеудесін шапалақтағанынан мүлдем басқа.

Ләйланың соққысы Рашидтың қалың әрі бұжыр бетіне тиді. Одан шыққан үн құдды күріш қалтасының жерге түс-

кен дыбысына ұқсады. Оның бар күшімен жұмсаған жұдырығымен Рашид екі адым кері шегінді. Бөлменің бір шетінен аһылап-үһілеген, жылаған дауыстар естілді. Ләйла қайсысы кімнің даусы екенін аңғармады. Өзінің не істегенін, бір соққысын Рашидке дарытқанда күлгенін яки Рашидке кектене қарағанын есіне түсіруге тырысты. Дегенмен ол Рашидтың қарсыласпай, жым-жырт шығып кеткеніне қайран қалды.

Кенет Ләйла өзінің, Әзизаның, Мәриямның сонша жыл тартқан зәбір-жапасы ғайып болғандай сезінді. Сол азаптар бейне Залмайдың теледидар экранына түсірген қол табының оның көз алдында ғайып болғанындай жоқ болды. Бұл қарсылық олардың сонша жыл төзім танытқан, шыдап баққан қасіреттерінің қарымтасын қайтарудың алғашқы қадамы деуге татитынын сезінді.

Рашидтың қолдары Ләйланың алқымынан көтеріп, қабырғаға жастағанға дейін, Ләйла оның үйге қайтып кіргенін сезбеген еді.

Көз алдында тұрған Рашидтың ызалы жүзі сонша кәрі көрінген. Жылдар өтіп, оның жүзіндегі әжімдер жыпырлап көбейіп, тереңдей түскен. Рашид үндемеді. Әйткенмен, әйелінің аузына тапаншасын тіреп тұрған еркектің бірдеңе деуінің еш қажеті болмас, әлбетте.

Талибандардың үй-үйді аралап, тексеруі Мәриям мен Ләйланың шұңқыр қазуына себеп болған. Олар үйлерді тінтіп, керек-жарақты тәркілеген. Үй иелерінің құйрықтарынан теуіп, белбеумен сабайтын. Жамағаттың алдында көпірге байлап, алақанына ұру да әр күні дерлік болып тұратын.

— Еппен қояйық, — деді Мәриям шұңқырдың жиегіне тізерлей отырып. Теледидарды резеңке қалтамен орап, екі жағынан ұстап ақырын шұңқырға түсірді.

— Осынымыз дұрыс болды, — деді Мәриям теледидарды орналастырып болып.

— Енді жақсы болды ғой, — деп қайталады ол көйлегінің етегіне қолын сүртіп.

Олар бірнеше ай күтіп, талибандардың тінтіп-тексерулері сирегенде теледидарды қайта қазып алуға келісті.

Ләйла түс көрді. Түсінде Мәриаммен кепенің арт жағынан шұңқыр қазып жатса керек. Алайда бұл жолы олар Әзизаны шұңқырға түсіріпті. Әзиза қорыққанынан, алақанымен резеңке қалталарды жыртып, сыртқа шықпаққа тырмысып, шешесіне жалынады. Ләйла оның шырқыраған үнін ести алмады. «Бұл уақытша ғана шаруа, тексеру біте салысымен шығарып аламыз, — деді ол. — Мұны түсінбейсің бе, қызым? Сол күндер жетіп келгенде тағы бірге ойнаймыз. Қанша ұзақ ойнаймын десең де еркін». Ләйла қолындағы күрекпен топырақ алды. Қара терге малшына қалш-қалш етіп оянды. Шұңқырдан шашырап, аузына кіріп кеткен топырақтың дәмі әліге таңдайында тұрған.

15

Мәриям

2000 жылы құрғақшылық апаты үшінші жылға аяқ басты.

Хильманд, Забул, Кандагардағы шаруалар жұрт жаңалап, су мен шөп іздейтін көшпенділерге айналды. Қой, сиырлары қырылып біткенде, олар Кабулдың «Кари-Ариана» тауы маңында паиіда болған уақытша кедейлер ауылына келіп қоныстанды. Он бес, жиырма адам бір үйде тұрып жатты.

Сол жылы «Титаник» фильмі дүниенің түкпір-күкпіріне тарады. Әзиза мен Мәриям аулада бір-бірін қытықтап ойнағанда, Әзиза «Джек» болғысы келетінін айтатын.

— Айғайлама, Әзиза.

— Джек! Менің атым қалай екен, Мәриям хала? Айтыңызшы, мен Джекпін.

— Әкең оянып кетсе ашуланады, ақырын.

— Мен — Джек! Сіз — Розасыз.

Мәриям Роза болуға келісті.

— Иә, сен Джек бол, — ол сыбырлап, — сен тым жас өліп қаласың. Мен қартайғанша өмір сүремін.

— Бірақ мен ерлікпен құрбан боламын, Роза, — дейтін Әзиза. — Сіз бүкіл өміріңізді мені сағынумен азапта өткізесіз.

Әзиза Мәриямға асылып тұрып:

— Енді екеуіміз сүйісуіміз керек! — дейтін.

Мәриям басын екі жаққа бұрып, Әзизадан аузын алып қашады. Әзиза өз қылығына өзі рахаттанып, ернін Мәриямның аузына жақындатуға тырбанып, сықылықтай күледі.

Кейде Залмай бұл ойынның үстіне дөп келіп, өзінің кім болатынын сұрайтын.

— Айсберг боласың, әрине, — дейтін Әзиза.

Бүкіл Кабулда «Титаникке» қызығушылық артты. Адамдар фильмнің пираттық көшірмелерін Пәкістаннан іш киімдеріне жасырып, алып келіп жатты. Әр күні кеште комендантты уақыт біткенде, есіктерін іліп, шамдарын өшіріп, теледидардың үнін бәсеңдетіп, Джек пен Роза және кемедегі суға батқан жандар үшін көзін сығымдап, жас төгісетін. Электр қуаты өшпеген күндері Ләйла мен Мәриям балалармен бірге фильм көретін. Бүгінге дейін олар кепенің артындағы шұңқырдан теледидарды неше мәрте алып шығып, сол фильмді көрді. Олар қас қарайғанша күтіп, теледидарды алып шығысымен, шамдарды өшіріп, терезелерді жамылғымен бүркемелеп тағы сол «Титаникке» телміретін.

Тартылып қалған Кабул өзенінің арнасы базарға айналды. Көп өтпей, өзеннің құрғап, керішке айналған қалтарыстарына орналасып алған үш дөңгелекті арбаларда «Титаник» кілемі, «Титаник» дастарханы, «Титаник» киім-кешектері сатыла бастады. Олардың арасында «Титаник» дезодоранты, «Титаник» тіс пастасы, «Титаник» әтірлері, «Титаник» шапкалары, қала берді «Титаник» маркалы бұрқалар да кездесетін. Тіпті кейбір жарлы-жақыбайлар өздерін «Титаник қайыршы» деп атап жатты.

Сөйтіп, «Титаник шаһары» дүниеге келді.

Біреулер фильмнің мұңды-сазды әнін мақтаса, біреулері теңіздің сұлулығын жыр етті. Тағы біреулері кемені, ондағы салтанатты тамсана айтысыты. Олар тағы фильмдегі кейіпкерлер жайында ауыздары көпіре баяндады. «Джек пен Розаның бірге болған жерлерін айтсаңдаршы» деп даурықты біреулері.

— Лео, — дейтін Әзиза сәл ыңғайсызданып: — фильмді қызықты еткен — Лео.

— Бәрі Джекті ұнатады, — деген Ләйла Мәриямға, — мәселе сонда. Адам атаулы біреу келіп өздерін қиындықтан құтқарса дейді. Бірақ мұнда Джек жоқ. Джек мәңгі қайтып келмейді. Ол өлген.

Жаздың соңғы күндерінің бірінде, бір мата сатушы шылымын өшіруді ұмытып, мызғып кетіпті. Өзі тірі қалғанымен, дүкені отқа ораныпты. Өрт көрші мата дүкеніне, киім-кешек дүкеніне ұласып, өрши келе, үй жиһаздары дүкені мен наубайхананың да күлін көкке ұшырыпты.

Қиылыстағы Рашидтың шеберханасы да отқа ораныпты.

Жұрт Рашидке жел шығыстан тұрмай, батыстан соққанында, оның шеберханасы аман қалатынын айтысыпты.

Олар бар дүниесін сатты.

Әуелде Мәриямға тиістілерді, соңынан Ләйланың заттарын сатты. Әзизаның ескі киімдерін, Ләйла мен Рашид керілдесіп жүріп Әзиза үшін алдырған ойыншықтарды да берді. Әзиза еш қарсылық білдірмеді. Рашидтың сағаты, транзисторлық радиоқабылдағышы, бір жұп галстугі, етігі мен неке жүзігі де сатылды. Үйдегі диван, тамақ үстелі, кілем, орындықтар да бір-бірлеп көзден ғайып болды. Рашид теледидарды сатқанда, Залмайдың ашуы көпке дейін тарқамады. Өрттен кейін Рашид әр күні дерлік үйде болды. Бірде Әзизаны шапалақпен салып қалса, бірде Мәриямды тепкілеп, заттарды жерге лақтырады. Кейде Ләйланың иісінен, киген киімдері-

нен, шаш үлгісінен, тісінің сарғайып кеткенінен ілік тауып, керіс шығарады.

— Саған, сірә, не болған? — дейтін ол. — Перизатпен үйлендім деп мыстанның қызына қосылғанмын ба? Мәриямға айналып шыға келгеніңді қара.

Ол Хажы Якуб алаңының маңындағы кәуапханаға жұмысқа кіріп, көп өтпей қонақтардың бірімен жанжалдасып, қуылды. Қонақ нанды үстел үстіне дөрекі қойдың деп наразылық білдіргенде, Рашид оны «маймыл бет өзбек» деп балағаттаған көрінеді. Олар бір-біріне тапанша мен кәуап істігін кезесіпті. Рашид өзінің істікті кезегенін айтқанымен, Мәриям оған сене қойған жоқ.

Ол Тайманидағы мейрамханадан да қуылды. Онда да қонақ өзінің тамақты ұзақ күтіп қалғанын айтып наразы болыпты-мыс. Рашидтың айтуынша, кінәнің бәрі жайбасар аспазда екен.

— Бәлкім, сіз асхананың артына барып, қалғып отырған шығарсыз, — деді Ләйла.

— Оның ашуын келтірме, Ләйла, — деді Мәриям.

— Саған ескертіп келемін, қатын.

— Меніңше, солай істедіңіз немесе шылым шегуге көбірек уақыт бөлген шығарсыз.

— Енді аузыңды жаппасаң, көргілікті көресің...

— Сүтпен біткен сүйекпен кетеді деген...

Ләйланың сөзі бітпестен, Рашидтың жуан жұдырығы оның кеудесіне, басына тиді. Шашын жұлып, көтеріп қабырғаға лақтырды. Әзиза дірілдеп-қалтырап, Рашидтың етегіне жармасты. Залмай да Рашидты итере шырқырады. Ол балалардың екеуін екі жаққа жұлқи тартып ұшырып жіберді де, Ләйланы жерге жығып, тепкілей берді. Мәриям Ләйланың үстіне құлай кетті. Рашид оны да қоса тепкіледі. Аузынан жалын шашырап, көзіне қан тұнды. Ләйланы есінен тандыра тепті.

— Ант етейін, Ләйла, түбінде сені өлтіріп тынамын, — деді ол қаһарына мініп.

Рашид есікті тарс жауып шығып кетті.

* * *

Қалтасы қағылып, әбден күйі кеткен Рашидтың отбасын ашаршылық жайлай бастады. Аз күн ішінде тамақ тауып жеулері қиынға соққанына Мәриям қайран қалды. Бір түйір қарайғаны жоқ ақ күріш жеудің өзі мұңға айналды. Олар күніне бір уақ ғана ас ішуге мәжбүр болды. Кейде Рашид сардин балық консервісі мен ағаш кебегінің дәмі татитын кеберсіген нан алып келетін. Кейде қолының кесіліп кету қаупіне қарамастан, бір қалта алма ұрлап оралатын. Азық-түлік дүкенінен жымқырып келген равиол кеспесін беске бөлетін де, көбін Залмайдың ыдысына салатын. Олар шикі асқабақты тұзға шылап жейді. Солған салат жапырағы мен қарайып кеткен бананды кешкі ас орнына талғажау ететін.

Аштан өлу жаппай белең ала бастады. Кейбіреулер олай өлудің кезегін күтіп те тұрмады. Қыстақтағы бір тұл әйел нанға тышқан улайтын дәрі қосып, жеті баласына жегізіп, қалғанын өзі жеп, жантәсілім еткені Мәриямның құлағына жетті.

Әзиза күн санап арықтап, қабырғалары санала бастады. Бетінің еті солып, жағы қушиып, жіліншіктері жіңішкеріп, жүзі тотығып қарая берді. Мәриям оны көтергенде, сарғайған терісінің сүйегіне жабысып тұрғанын аңғарды. Залмай да еденде, әкесінің құшағында көзі сығырайып, бір жапырақ шүберектей жиырылып жатады. Әлі келсе жылап, әлі құрығанда ұйықтап қалатын. Құс ұйқыланып әлсін-әлсін оянатын. Мәриям орнынан тұруға ыңғайланғанда көз алды ақ-шұбар ноқаттарға толып кетеді. Басы айналып, құлағы тоқтаусыз шыңылдайды. Ол Файзулла молданың Рамазан айы кіргенде айтқан сөздерін есіне алды: «Жылан шақса да,

түс көріп тұрып ұйықтауға болады, бірақ аш адамның ұйқысы келмейді».

— Балаларым өлетін болды, — деді Ләйла. — Көз алдымда өлетін болды.

— Олай деме, — деді Мәриям. — Бұған жол бермеймін, бәрі де өз орнына келеді, Ләйла. Бір амалын табамын.

Шілденің бір күні Мәриям бұрқаға оранып, Рашидпен бірге «Интерконтиненталь» қонақүйіне жаяу барды. Автобус билетін сатып алу мүмкін емес еді. Тау жотасына шыққанша Мәриямның аяқ-қолында жан қалмады. Тұмсықтан айналғанша көзі қарауытып, екі рет отыра қалып, әл жинауға тура келді.

Қонақүйдің кіреберісінде Рашид үстіне қызғылт костюм, басына фуражка киген қақпа күзетшісімен құшақтасып амандасты. Етене таныс достардай жарқын әңгімелесті. Сөз арасында Рашид Мәриямды иегімен нұсқады. Күзетші оған жалт етіп бір қарады да, мойнын тез бұрып алды. Ол Мәриямға жүз таныс адамдай көрінді. Күзетші қонақүйге кіріп кетті де, Мәриям мен Рашид қақпа алдында күтті. Қонақүй орналасқан төбеден Кабулды анық көруге болатын. Мәриям политехникалық институттың, оның қарсысындағы көне Кайырханның ауданын және Мазари-Шариф тасжолын көрді. Оңтүстігінде иесіз қалғанына ұзақ болған, сарғыш қабырғаларын оқ түтіп, аламыштаған Сило наубайханасының ғимараты көзге түседі. Бір кездері Рашид өзін сейілге алып шыққан Даруламан ордасының қираған үйлері, үңірейген терезелері де сағымдана бұлдырап көрінеді. Сол бір күн Мәриямға мәңгі бұйырмағандай білінетін өткеннің елесіне айналған еді. Еске алуға да татымас мағынасыздық іспетті. Ол қиялын тез жиып алды.

Минут сайын такси, «Джип» көліктері қонақүйдің алдына келіп тоқтайды. Күзетші оларға зыр жүгіріп, бәйек болады. Келетіндер дерлік қаба сақалды, бастарына сәлде орап, иық-

тарына қару асынған еркектер. Олар әр қадамдарын паңдана басатын. Бірнешеуінің қонақүйге кіріп бара жатып сөйлескен сөздерін Мәриямның құлағы шалып қалды. Біреулері пуштунша, біреулері парсыша не урдуша сөйлейді. Арасында арабша тілдесетіндері де бар.

— Міне, бұлар — нағыз қожайындар, — деді Рашид сыбырлап, — Пәкістан мен Араб исламистері. Талибандар — олардың қолындағы қуыршақ. Бар иелік осыларда. Ауғанстан — осылардың ойын алаңы.

Рашид Мәриямға олар жайлы жұрттан естігендерін, бұлардың Ауғанстанның жер-жерінен тәрбиелеу лагерлерін құрып жатқанын, жас жігіттерді өздерін жарып жіберетін жиһад жауынгерлері етіп баулып шығатынын, талибандардың бұларға жасыл шам жағып беретінін жеткізді.

— Әлгі кісі сонша күттірді ғой, — деді Мәриям.

Рашид жерге шырт түкіріп, аяғының ұшымен топырақ итеріп, түкірігін көмді.

Бір сағаттан кейін, Мәриям мен Рашид күзетшіге ілесіп, қонақүйге кірді. Фойеде аяғынан дыбыс шыққан бетте, салқын самал желпи жөнелді. Олар дәлізден өтіп, кең залға жетіп келді. Залдың ортасындағы былғары диванда қаруларын қасына қойып, қара шай сораптап, жеміс тосабы мен ұлпадай ұнтақ шекер себілген бәліш жеп, екі адам отырған. Мәриям Әзизаның бәлішті қатты ұнататынын ойлап, көзін тайдырып әкетті.

Күзетші оларды балконға бастап шықты да, қалтасынан қара түсті шағын телефон мен бір парақ номер жазылған қағазды алды.

— Бұл — бастығымның спутник телефоны. Сіздерде бес минут қана уақыт бар, — деді ол. — Көп емес.

— Рақмет, — деді Рашид. — Сізге қарыздармыз.

Күзетші басын изеп, артына бұрылып жүре берді. Рашид номерді теріп, телефонды Мәриямға берді. Ол телефонның

үздік-создық дыңылдаған үніне құлақ қойып, қиялға шомды. Ол 1987 жылы Жәлелді соңғы рет үйінің алдында, бүйірінде ақ жолағы бар, көк түсті «Мерседестің» қасында есікке сүйеніп тұрғанында көрген. Сол жерде ол сағаттап тұрды. Жәлелдің есік алдында Мәриямның оны әкелеп шақырғаны секілді, ол да Мәриямды атын атап шақырды. Мәриям пердені қайырып, Жәлелге назар салған. Оның қобыраған шашы күмістей ағарып, кеудесі еңкіш тартқан. Көзілдірік тағып, қызғылт галстук байлаған. Бұрынғысындай ақ орамалын үшбұрыштап бүктеп, кеуде қалтасына салып алған. Мәриямды таңғалдырғаны, оның сонша арықтап, бір уыс болып, қоңыр түсті костюмінің екі иығы екі жаққа салбырап, құшып тұрғаны еді.

Жәлел де Мәриямды көрген. Олардың көзі бейне жылдар бұрын перденің артынан ұшырасқандай, жылт етіп түйісті. Бірақ бұл жолы перденің артында тұрғаны Мәриям еді. Ол пердені жылдам сырғытты. Төсегінде отырып, әкесінің қайтып кетуін күтті.

Мәриям Жәлелдің босағада қалдырып кеткен хатын еске алды. Оны жастығының астына бірнеше күн сақтап, оқымастан жыртып тастаған.

Енді міне, сонша жылдардан кейін оған телефон шалып тұр.

Ол өзінің жас кезіндегі ақымақтығына пұшайман болды. Жәлелді үйге кіргізсе, не айтпақ болғанын естісе, әлдеқалай болар еді. Мың жерден теріс айналса да, өзінің әкесі ғой. Жақсы әке бола алмағаны рас шығар, әйтсе де, Рашидтың қара ниеті, мұндағы еркектердің бір-біріне жасаған рақымсыздығы мен зорекерлігінің алдында бұл кешіруге тұрарлық реніштер емес пе еді.

Ол хатты жыртып тастағанына өкінді.

Телефонда ер адамның қарлыққан даусы етілді. Ол Мәриямға Гераттың қала әкімінің кеңсесі екенін айтты. Мәриям тамағын қырнады.

— Сәлем аға, мен Гератта, Шернауда тұратын Жәлелхан есімді кісіні іздеп едім. Жекелік кинотеатры да бар. Сол кісі жайында хабарыңыз болса айтсаңыз?

Қарсы тараптағы ер адам ашулана тіл қатты.

— Осыған бола қала әкімінің кеңсесіне қоңырау шалып тұрсыз ба?

Мәриям басқа ыңғайлы жолын таба алмағанын айтты.

— Кешірерсіз, аға. Маңызды істеріңіз көп, уақытыңыз да жоқ екенін білемін. Десе де, бұл өлім мен өмірге саятын шаруа болып тұр.

— Оны танымайтын, сіз айтқан кинотеатр көп жыл бұрын жабылған.

— Танитын басқа біреулер болуы мүмкін ғой.

— Мұнда басқа адам жоқ.

Мәриям көзін жұмды.

— Сізден өтінейін, аға. Бұл іске қатысты балалар бар, сәбилер.

Қарсы жақтан терең күрсінген үн естілді.

— Оны танитын біреу-міреу шығып қалар?

— Мұнда бір қарауыл бар. Білуімше, баяғыдан осында жасап келеді.

— Сол кісіден сұрап көрсеңіз.

— Ертең хабарлас.

— Ондайға мүмкіндігім жоқ, аға. Телефонды бес минутқа ғана сұрап алғанмын.

Телефон қиқылдап-шиқылдап кетті. Мәриям қарсыдағы адам тұтқаны қоя салды деп ойлады. Сәлден соң аяқ дыбысымен бірге, біреулердің сөйлескен дауыстары, көлік сигналының үні естілді. Ол телефонды екінші құлағына тосып, көзін жұмды.

Мәриям Жәлелдің күлімсіреп тұрып, қалтасына қолын салған бейнесін елестетті.

— Иә, дұрыс, міне, мұнда...

Ай мен жұлдыз бейнеленген жапырақ пішіндес монеталар.

— Тағып көрші, Мәриям.

— Қалай, ұнаттың ба?

— Нағыз ханшайымға ұқсадың.

Арада бірнеше минут өткенде, қиқыл-шиқыл мен аяқ дыбысы тағы естілді.

— Оны таниды екен.

— Солай ма?

— Иә, оны танитынын айтты.

— Ол қайда екен? — деді Мәриям, — Жәлелханның қайда екенін білемін дей ме?

Аздаған үнсіздік орнады.

— Оның айтуынша, іздеген адамыңыз көп жылдар бұрын қайтыс болыпты. 1987 жылы.

Мәриямның жүрегі шаншып ауырды. Солай болар деп өзі де тұспалдаған. Әлбетте, Жәлел тірі болғанда сексенге келген болар еді. Әйтсе де...

1987 жылы. Ендеше, ол өз өмірінің, дәм-тұзының таусылар шағын біліп, Гераттан соңғы рет қоштасуға келген екен ғой.

Ол балконға сүйене кетті. Төменде бұрындары әжептәуір атағы болған жүзу бассейні көзге түседі. Суының орнына қоқыс толып, оқ түткен жақтаулары әбден шұбарланыпты. Көлшік маңындағы теннис алаңының тоз-тозы шығып, торлары сыпырылып түскен жыланның терісіндей жалбырап қалған.

— Мен енді жұмысыма кірісейін, — деді телефондағы дауыс.

— Сізді әуреледім, — деді Мәриям бәсең үнмен. Жүзін жас жуып, солқылдай жылады.

Қалтасын сыйлыққа толтырып, арық бойындағы тастардан аттап өтіп, қолын бұлғап, күлімсіреп өзіне қарай келе жатқан Жәлелдің бейнесі оның көз алдында пайда болды. Мәриям онымен көбірек бірге болуды әрдайым дұға-тілек ететін.

— Рақмет, — деді Мәриям. — Қарсы жақтағы адам әлдекашан тұтқаны қойған еді.

Ол өзіне телміріп тұрған Рашидке қарап басын шайқады.

— Пайдасыз, — деді Рашид оның қолынан телефонды тартып алып. — Әкесі де, қызы да пайдасыз.

Залдан өтіп бара жатқанда, Рашид әлгі екі адамның орнында ешкім жоқтығын байқады. Диванның қасына жылдам жетіп барды да, үстелдегі артылып қалған бәлішті сып еткізіп қалтасына басты. Олар үйге оралғанда, Рашид қалтасындағы бәлішті Залмайға берді.

16

Ләйла

Әзиза өзіне тиесілі заттарын қағаз қорапқа салды. Олардың арасында гүлді көйлегі, бір жұп шұлық, әртүрлі жүннен тоқылған қолғап, планеталар мен жұлдыздардың суреті басылған ескі көрпе, шытынаған пластмасса стакан, банан мен ойын сақасы бар еді. Бұл — 2001 жылдың салқын көктем күндерінің бірі. Күн көзін бұлт торлап, аспан сұрланып тұрған. Ләйла жақында жиырма үшке толады.

Бірнеше күн бұрын Ләйла Ахмад Шах Масудтың Францияға барып, еуропалық парламентке жүгінгенін естіді. Масуд енді талибандарға қарсы Солтүстік Альянстың басында тұрып, батыс елдерін талибандардан сақтандырып, Америкадан оларға төтеп беруге жәрдем сұрады.

— Егер президент Буш бізге көмектеспесе, — деді ол: — бұл террористер көп өтпей, АҚШ пен Еуропаны әбігерге салады.

Бір айдың алдында талибандар Бамияндағы будда мүсіндерін пұтқа табынушылық пен күнәнің көрінісі деген сылтаумен жарып жібермек болған. Қытай мен Америка Құра-

ма Штаттарынан бастап, әлемнің түкпір-түкпіріндегі елдер, тарихшылар мен археологтар талибандарға өтініш хаттарын жазып, Ауғанстандағы екі үлкен тарихи ескерткіштерді бұлдірмеулерін сұрады. Алайда талибандар шешімдерін өзгертпестен, сол екі мың жылдық тарихы бар будда мүсіндерін жарып жіберді. Әрбір жарылыста мүсіндердің қолын немесе аяғын қиратқан сайын, «Аллаһуәкбәр» деп еліре шұрқырасты. Мүсіндердің аяғы мен басы үгітіле шаң-топыраққа айналғанда олар бір-бірін құшақтап, алақайласты. Ләйла 1987 жылы әкесімен, Тарыхпен бірге сол будда мүсіндерінің үстіне шыққанын есіне алды. Шашының самалмен тербеліп тұрғанын, күн сәулесі астында төмендегі шатқалды айнала ұшқан бүркітті елестетті.

Бірақ мүсіндердің ойрандалғаны туралы естігенде, Ләйлада еш уайым болмады. Бұлар ол үшін бас қатырарлық іс емес. Өзінің тағдыры шаң-тозаңға айналғанда, мүсіндерге іш ауыртарлық жағдай қайдан болсын?

Ол қонақ бөлменің бір бұрышында үн-түнсіз отырған. Жүзінен еш белгі байқалмайтын. Терең тыныс алуға қанша тырысса да, өкпесіне ауа жетіспей жатқандай сезінген. Рашид оған жүретін уақыт болғанын ескертті.

* * *

Олар Картехше жақты бетке алып жолға шықты. Рашид Залмайды көтеріп алған. Әзиза Мәриямның қолынан ұстап, олардан қалмай жүру үшін аяғын тездете басады. Ұйтқыған жел Әзизаның иығына шарфын ұшырып, көйлегін желпілдете берді. Ол әр қадам сайын өзіне шындық айтылмағанын сезіп, қобалжумен болды. Ләйланың Әзизаға жағдайды түсіндірер қуаты да болмады. Мәриям оған мектепке баратынын, мектепте балалардың үйге қайтпай, сол жерде тамақтанатынын, жатар орнының да сонда болатынын айтқан. Енді Әзиза бірнеше күн бойы тақауырлаған сұрақтарын Ләйладан қай-

талап сұрай бастады. Оқушылар бөлек бөлмелерде ұйықтай ма әлде үлкен бөлмеде бірге ұйықтай ма? Ол жерден дос таба аламын ба? Мұғалімдердің маған жақсы қарайтынына сенімдісіз бе?

Ол тағы бірнеше мәрте Ләйладан «Мен онда қанша уақыт тұрамын» деп те сұрады. Олар казармаға ұқсайтын ескі ғимараттың қасына келіп тоқтады.

— Залмай екеуіміз осында күтейік, — деді Рашид. — Айтпақшы, ұмытып кете жаздаппын...

Ол қалтасынан сағыз кәмпит алып, көлгірсі күліп, Әзизаға ұстатты. Әзиза оны қолына алып, рақмет айтты. Ләйла Әзизаның әдебіне, көңіліне ештеңе бүкпей, басқаларды кешіре білетін кіршіксіздігіне сүйініп, көзіне жас алды. Оның жүрегі қысылып кетті. Бүгіннен бастап, Әзиза жіңішке саусақтары мен басын оның кеудесіне қойып жатпайды. Ыстық демі Ләйланың жүзін шарпымайды. Аяқтары оның тізесіне тиіп, ыстық құшағында алаңсыз ұйықтамайды. Осыларды ойлап, ол тынышын жоғалтты. Көңілі құлазыды.

Мәриям мен Ләйла Әзизаны жетелеп жүре жөнелгенде, Залмай қолын созып, қыңқылдай бастады.

— Әзиза! Әзиза!

Жолдың қарсы бетіндегі баян тартып отырған адамның маймылын көріп, соған назары ауғанша, Залмай әкесінің қолтығында тыпыршып, әпкесінің атын шақырып жылады.

Жолдың ендігі бөлігінде, Ләйла мен Мәриям Әзизаны жетелеп бірге жүрді. Көздеулі жерге жақындағанда, Ләйла ғимараттың құлауға шақ тұрған ойдақ-сойдақ қабырғаларын, майысқан шатырларын, әйнексіз терезелерінің ағаш тақтайлармен шегеленгенін, қирандылардың арғы жағында балалардың әткеншек теуіп, ойнап жүргенін көрді.

Олар есік алдына келіп тоқтады. Ләйла Әзизаға үйреткендерін қайталатты.

— Әкең туралы сұраса, не дейсің?

— Моджахедтердің қолынан қаза тапқан деймін, — деді Әзиза күмілжи Ләйлаға қарап.

— Жақсы, Әзиза, бұл жағдайлардың себебін сен жақсы түсінесің, солай ғой?

— Өйткені бұл — арнайы мектеп, — деді Әзиза.

Ләйланың Әзизаға айтқандары, міне, енді шындыққа айналды. Әзизаның өне бойы қалтырай бастады. Астыңғы ерні дірілдеп, көзі жасқа толды. Ләйла оның төзімділік танытуға тырысып тұрғанын аңғарды.

— Шынымды айтсам, — деді Әзиза қалшылдап: — олар мені қабылдамайды, бұл — арнайы мектеп, үйге қайтқым келеді.

— Саған жиі келіп тұрамын, — деді Ләйла өзін әрең ұстап. — Уәде беремін.

— Мен де сөйтемін, — деді Мәриям. — Біз саған үнемі келіп тұрамыз, Әзиза. Бұрынғыдай бірге ойнаймыз. Бұл — уақытша іс. Әкең жұмыс тапқанда сені үйге алып кетеміз.

— Мұнда саған тамақ бар, — деді Ләйла даусы қарлығып. Жүзі бұрқамен бүркемеленгендіктен, өзінің ағыл-тегіл жылағанын Әзизаның көрмегеніне іштей қуанды:

— Бұл жерде аш қалмайсың. Күріш, нан, су, тіпті жеміс те болуы мүмкін.

— Бірақ мұнда сіз болмайсыз, Мәриям апайым да менімен бірге болмайды.

— Сені көруге келемін, — деді Ләйла. — Жиі келіп тұрамын. Маған қарашы, Әзиза. Сені сағынсам болды жетіп келемін.

Жетімдер үйінің директоры белі бүкшиген, иығы тар, бетін тегіс әжім мен сақал басқан, шашы селдіреген, көзі сығырайған адам еді. Аты Заман. Басына ораған сәлдесін бір шешпейтін көрінеді. Көзілдірігінің сол жақ линзасы сызат түсіп, шытынап кетіпті.

Заман оларды кеңсесіне бастап, Ләйла мен Мәриямнан аты-жөндерін, Әзизаның аты мен жасын сұрады. Олар әлсіз

жарықтандырылған дәліздеп өте бергенде жалаң аяқ, кір-қожалақ киінген балалар алдарынан жүгіріп шығып үдірейе қарасты. Кейбірінің қобыраған шашына тарақ тимеген, енді біреулерінің шашы тегіс қырқылып тасталған. Үстілеріне кигендері — жеңдері тарқатылған жемпір, тізесі сетінеген джинсы, жамап-жасқалған ескі шапан. Ләйланың мұрнына сабын, аммиак және зәрдің иісі келді. Үрейленген Әзиза жылап жіберді.

Ләйла арам шөп басқан аулаға көз салды. Ауладан керме жіптері үзілуге шақ тұрған әткеншекті, көліктің ескі дөңгелектерін, желі шығып, жапырайып жатқан баскетбол добын көзі шалды. Олар аралап өткен бөлмелердің іші қаңыраған, терезелеріне резеңке жапсырылған. Бір бала бөлмеден жүгіріп шығып, Ләйланың білегінен ұстап, иығына жармаспақшы болып еді, сөндегі зәрдің жұғындысын тазалап жатқан қызметкер қолындағы шүберегін тастай салып, оны қуа жөнелді.

Заман жетім балаларға күйінетіндей көрінген. Ол ұшырасқан балалардың бастарынан сипап, кейбірінің шашын түзеп қойды. Балалар да одан мейірім мен аяушылық күткендей, оған үмітті көзімен мөлие қарасады.

Заман оларды өз кеңсесіне бастап кірді. Кеңседе үш орындық пен үстінде бума-бума қағаздар үйілген ағаш үстел бар еді.

— Сіз гераттық емессіз бе? — деді ол Мәриямға қарап. — Акцентіңізден байқап тұрмын.

Қолын қусыра өз орындығына отырып, ол қайын ағасының бұрын Гератта тұрғанын айтты. Қарапайым қимылдарының өзінен пысық, іскер адам екені көрініп тұратын. Көңілінің терең түкпіріне жасырынған жазылмас жарасы мен қасіретін әзілмен бүркемелеуге тырысатынын аңғару қиын емес.

— Ол шыны жасаушы болған, — деді Заман. — Мына әдемі аққуларды сол кісі жасаған. Оларды күн сәулесіне ұстасаңыз, ішінде бейне ұсақ меруерттер бардай жылтырап, көздің жауын алады. Сіз Гератқа қайта бардыңыз ба?

Мәриям басын шайқады.

— Өзім Кандагарданмын. Ол жаққа барып көрген бе едіңіз, қарындасым? Жоқ? Ол дегеніңіз жердің жаннаты ғой, шіркін. Бақтары қандай! Жүзімдерін айтсаңшы! Дәмі тіл үйіреді.

Бір топ бала есіктің жақтауына жинала кетіп, шұрқыраса жөнелді. Заман оларға жылы шыраймен пуштунша сөйлеп, кері қайтарды.

— Әлбетте, Гератты да жақсы көремін, суретшілер мен жазушылардың шаһары, суфизм мен мистиканың отаны. «Гератта тас лақтырсаң, бір шайырдың басына тиеді» дейтін ескі әзіл бар.

Ләйланың қасында тұрған Әзиза күліп жіберді.

Заман көзін ойнақшытты.

— Ә, міне, мен сені күлдірдім, кішкентай ханшайым. Қазір осыған алаңдап отырғанмын. Сені күлдіру үшін тауықша қоқылдасам ба, әлде есекше аңырасам ба деп отырған едім. Міне, сен сонша тәтті күлкіңмен сабама түсірдің.

Ол қызметкерді шақырып, Әзизаға аз уақыт қарай тұруды айтты. Әзиза Мәриямның бауырына тығылып, оған жабысып алды.

— Біз азырақ кеңесіп алайық, құлыным, — деді Ләйла. — Сәлден соң қасыңа барамын. Келістік пе? Қазір-ақ барамын.

— Сыртқа бірге шығамыз ба, Әзиза? — деді Мәриям. — Шешеңнің Заман ағайға бір-екі ауыз айтары бар екен. Бір-ақ минут. Жүре ғой.

Олар оңаша қалғанда, Заман Ләйладан Әзизаның туған күнін, ауру тарихын, аллергиясын сұрады. Әзизаның әкесі жайында да сұрады. Ләйланың өтірігін, шын мәнінде ақиқат десе жөн. Заман Ләйланың сөзін ықыласпен тыңдады. Оның бет әлпетінен бұл әңгімеге сенгенін яки күмән келтіргенін айыру қиын еді. Ол өзінің жетімдер үйін адами құндылықтар негізінде, мейірімділік аясында жүргізіп отырғанын, егер бір әйел күйеуінің қайтыс болғанын яки балаларын баға алмаға-

нын жеткізсе, ол еш сұрақсыз балаларын қабылдайтынын айтты.

Ләйла жылай бастады. Заман қолындағы қаламын үстел үстіне қойды.

— Мен намыстанып отырмын, — деді Ләйла өксігін тыя алмай, алақанымен аузын басып.

— Бері қараңыз, қарындасым.

— Қандай ана өз перзентінен бас тартады?

— Маған қараңыз, қарындасым.

Ләйла басын көтеріп, Заманға қарады.

— Бұл — сіздің кінәңіз емес. Тыңдап отырсыз ба? Бұған сіз себепкер емессіз. Анау қанішер, жауыздар кінәлі. Олар мен сияқты пуштундарды, халқымды қорлады. Сен жалғыз емессің, қарындасым. Біз сіздер сияқты аналармен әрдайым кезігіп қалып жатамыз. Талибандар олардың сыртқа шығып жұмыс істеуіне, нәпақа табуларына тыйым салғандықтан, олар балаларының қарнын тойдыра алмайды. Өзіңізді айыптамаңыз. Мұнда да сізді ешкім айыптамайды. Бәрін де түсінемін, — Ол алға еңкейе түсті. — Түсінемін, қарындасым.

Ләйла бұрқасының жеңімен көзін сүртті.

— Бұл жердің жағдайына келсек, — деп қосты Заман күйзелісті түрмен қолын көтеріп: — мұнда жағдай жоққа тән. Қаражатымыз болмағандықтан, үнемі бірдеңелер жетіспейді. Талибандардың құмға бүріккен судай аз жәрдемі болмаса, басқа қылар қайран жоқ. Сіз сияқты қолымыздан келгенін ғана жасаймыз. Жаратқан ием бәріне шапағатшы-дүр. Алла қаласа, Әзизаның қарны тоқ, киімі бүтін болар. Мен сізге осыны ғана айта аламын.

Ләйла басын изеді.

— Келісесіз бе? — ол Ләйлаға қарап, жылы жүзбен күлімсіреді, — Енді жыламаңыз, қарындасым, оған көз жасыңызды көрсетпегеніңіз абзал.

Ләйла тағы да көзін сүртті.

— Алла сізге разы болсын, — деді Ләйла терең күрсініп, — Алла сізге екі дүниеде де разы болсын, аға.

Қоштасар сәтте, Ләйланың ойлағанындай-ақ Әзиза қорқа бастады.

Қайтар жолда Ләйла Мәриямға сүйеніп жүрді. Әзизаның аянышты даусы оның құлақ түбінде жаңғырды. Әзизаның білегінен ұстап тұрған Заманның добалдай қолы Ләйланың көз алдынан кетпей қойды. Әуелде ол Әзизаның білегінен жеңіл тартып, соңынан күшке басты. Соңында ол қолынан сытылып шығуға бұлқынған қызын қолтықтай көтерген бойда бұрышты айнала берген. Әзиза бар күшімен тепкіленіп, тыпыршып, жер жүзінен біржола ғайып болардай шырқырай жылаған. Ләйла басын салбыратып, өксіген беті есікке қарай жүгірді.

— Маған оның иісі келді, — деді ол Мәриямға. Көзі бірде қабырғаға қадалса, бірде аулаға, енді бірде алыстағы тауларға тігетін. — Оның ұйықтағандағы иісін сезіп тұрмын. Сіз сездіңіз бе? Иісі мұрныңызға келді ме?

— Ех, Ләйла, — деді Мәриям. — Сабырға кел, бұлай істеудің пайдасы не?

Басында Рашид Ләйланың ырқына көніп, олармен бірге жүрді. Бірақ жол бойы қомпылдай сөйлеп, Ләйланың өзін қинап қойғанын, қол-аяғында дәрмен қалмағанын айтып қақсай берді.

— Мен енді жас емеспін, — деді ол. — Ал сенің мұнымен жұмысың жоқ. Өз білгеніңді істеп, мені әуреге салдың. Көр де тұр, істің бәрі сен ойлағандай бола бермес.

Олар жетімдер үйіне екі көше қалғанда айырылатын. Рашид оларға он бес минут қана уақыт береді.

— Бір минут кешіксеңдер, — дейтін ол, — үйге қайта беремін. Мұны ескертемін.

Ләйла Әзизамен жолығу уақытын бірнеше минутқа созу үшін Рашидке жалынуға мәжбүр болатын. Өзіне ғана емес,

Мәриям үшін де солай істейтін. Әзизаның үйде болмауы Мәриямға да ауыр тиген. Алайда ол ежелден өз қайғысын жұртқа білдірмейді. Залмай да әр күні Ләйладан әпкесін сұрайды. Кейде сағыныштары ұзақ жылауға ұласатын.

Кей күндері, жетімдер үйіне бара жатып, жол ортасына келгенде Рашид аяғының ауырып кеткенін айтып зарлайтын да, артына бұрылып кетс баратын. Ондайда ақсамастан, салмақты адымдап, жеңіл жүре жөнеледі. Одан қалса, тілін салақтатып:

— Өкпем, Ләйла. Тынысым тарылып барады. Ертең не бүрсігүндері тәуірленіп қалармын. Тағы көрерміз, — дейтін.

Әйтсе де ол бір рет те тынысы тарылып қиналған емес. Үйге бет алғанда, шылымын тұтатып шеге бастайды. Ләйланы бір жағынан уайым меңдетіп, енді бірде тұла бойын ыза буып қалшылдап, шарасыз Рашидтың соңынан ілесіп қайтатын.

Бір күні ол Ләйланы жетімдер үйіне апармайтынын айтты.

— Күні бойы көшеде жүрумен шаршадым, — деді ол. — Бір күн жұмыс іздеп жүрдім.

— Ендеше, өзім жалғыз барамын, — деді Ләйла. — Жолымды тоса алмайсыз, Рашид. Қалай ұрып-соқсаңыз да, барғаным — барған.

— Қай жаққаныңды қыл. Бәрібір талибандардан өте алмайсың. Кейін ескертпеді деме.

— Сенімен бірге барайын, — деді Мәриям.

Ләйла көнбеді.

— Сіз Залмаймен үйде қалыңыз, алда-жалда кедергіге ұшырасақ... Залмайдың ондай істерді көргенін қаламаймын.

Сонымен Ләйланың әр күні Әзизаның қасына барудың амалын іздеумен өтетін болды. Көбіне балалар үйінің жанына бара алмай, қайтып кетуге мәжбүр болатын. Жол ортаға келгенде талибандар: «Атың кім?», «Қайда барасың?», «Неге жалғызсың?», «Серік болатын еркегің қайда?» дегендерді сұрап, үйге қайтаратын. Тәлейі болса, балағат сөз естіп, ары

кетсе арқадан бір тепкі жейтін. Жолы болмаса, ұзын темір таяқ яки ағаштың жас шыбығының дәмін татады. Кейде қамшы не соққы жейтін.

Бір күні жас талиб Ләйланы радионың антеннасымен ұрды. Оны жотасы мен желкесіне бір неше мәрте шықпыртқан соң:

— Егер тағы кезіксең, сүйегіңнен анаңның сүті аққанша ұрамын, — деп қайтарып жіберді.

Ләйла қайтып келіп, бүк түсіп жатты. Өзінің хайуан құрлы қадірсіз болғанына қорланды. Мәриям орамалды дымдап, оның қанталаған денесін, желкесі мен жіліншіктерін сүртті.

Дегенмен көбіне Ләйла олардың бұйрықтарынан, құқайынан сескене бермейтін. Үйге қайтқан сыңай танытып, басқа қуыс көшелерге бұрылады. Кейде, күніне екі рет, үш, тіпті төрт рет ұсталып, тергеуге алынады. Одан әрі қамшылар, антенналар денесінің тұс-тұсынан осқылай жөнеледі. Сөйтіп, Әзизаның дидарын көре алмай, үсті-басы қанға боялып үйге оралатын. Ақыры ол таяқтан сүйегі сыздамас үшін ыстыққа қарамай, бұрқасынның ішінен бірнеше қабат свитер киіп алатын болды.

Әйтсе де, ол талибандардан өтіп кетсе, тартқан қиындығын, көрген жәбірін ұмытып, үлкен сыйға ие болатын. Әзизамен сағаттап бірге болып, әткеншектің қасында басқа балалармен, оларды көруге келген олармен бірге отырып, қызының сол аптада үйренген дүниелері жайлы сөйлесетін.

Әзиза Заман ағайдың оларға әр күні дерлік оқып, жазуды үйретететінін, кейде география, тарих, өсімдіктер мен жануарлар жайлы да дәріс беретінін әңгімеледі.

— Бірақ біз перделерді түсіріп, терезелерді қалқалауымыз керек, — деді Әзиза. — Сонда талибандар бізді көрмейді.

Әзиза тағы Заман ағайдың тоқыма инелері мен иірілген жіптерді дайындап қоятынын айтып:

— Егер талибан инспекциясы келіп қалса, біз кітаптарымызды жасыра қойып, тоқыма тоқып жатқан түр көрсетеміз.

Әзизаны көргелі келген күндердің бірінде Ләйла жүзіндегі бұрқасынын шешіп тастаған орта жастардағы әйелді көрді. Ол жетімдер үйіне үш ұл, бір қызымен келген. Әйелдің ағарған шашы мен көзінің айналасындағы әжімдерінен өзге, түр-әлпеті, қою қасы Ләйлаға таныс көрінді. Ләйла оның қара юбкасын, барылдақ даусын есіне алды. Бір кездері бұл әйел оқушы қыздардың жүзін бүркемелеуіне қарсы тұрып, «Ер мен әйел тең, егер ерлердің жүзін жабуы қажетсіз болса, оны әйелдерге аударудың еш орны жоқ» деген еді.

Ранмал хала басын көтеріп, Ләйлаға қарады. Бірақ Ләйла мұғалімінің көзінен өзін танығандай бейнені көрмеді.

— Жер қыртысының жарықшақтанған бірнеше тұсы бар, — деді Әзиза: — біз оларды «жарық» деп атаймыз.

2001 жылы маусым айының бір жұмасында, Мәриям, Ләйла, Залмай, Әзиза төртеуі жетімдер үйінің артқы ауласында бірге отырды. Бұл жолы Рашид олармен бірге келіп, көшенің аяғындағы автобус аялдамасында күтіп тұрған. Жалаң аяқ балалар қабысып қалған бір допты қуаласып ойнап жүрген.

— Әрбір сондай жарық тұрақты сілемдерден өтеді. Міне, осы сілемдерді жер қыртысы деп атайды екен, — деді Әзиза сөзін сабақтап.

Әлдекім Әзизаның шашын өріп, төбесіне ретті қылып гүл қыстырып қойған еді. Ләйла қызының арқа тұсында тұрып, оның шашын өрген жаңа сүйінді.

Әзиза қолын сермеп, бір-біріне сүйкеп, оларға түсіндіріп жатты. Залмай таңырқай тыңдады.

— Олар «Кектоникалық жазықтықтар» деп аталады ғой деймін?

— Тектоникалық, — деді Ләйла.

Жағы сөйлеуге де келмей ауырып, арқасы мен мойны шыдатпай сырқырап бара жатты. Ерні ісіп кеткен. Рашид ұрып түсірген екі тісінің қызыл иегіне тілі тиген сайын сыздап, ма-

засын қашырды. Ата-анасы бақиға аттанып, өмірі астаң-кестең болмағанда, Ләйла адам төнінің үнемі аяусыз соққыға, ұрып-төпелеуге ұшыраса да, қалыпты қызметін атқара алатынына еш сенбес еді.

— Дұрыс, сол жазықтықтар бір-біріне үйкеліп өткенде, дұрыс па, шеше? Энергия бөліп шығарады екен. Сол энергия жер бетіне жетіп келгенде, жер сілкінетін көрінеді.

— Барған сайын ақылды болып келесің, — деді Мәриям. — Мен сияқты қараңғы апайыңнан әлдеқайда ақылдысың.

Әзизаның беті қызарып, қысылып қалды.

— Сіз ақылсыз емессіз, Мәриям апай, Заман ағайдың айтуынша, ол жазықтықтардың үйкелісі күшті болса, жердің терең қабаттарына дейін әсер етеді екен. Жер қатты әрі қорқынышты сілкінетін сияқты. Алайда біз жер бетінде болғанымыз үшін, сол тербелістің аз бөлігін ғана сезінеді екенбіз. Жеңіл ғана.

Алдыңғы рет келгенде, Әзиза оларға атмосферадағы оттегі атомдарының күннің көгілдір сәулесін төңірекке шашырататынын баяндап берген. «Егер жер шарын атмосфера қоршап тұрмаса, — деген Әзиза тебірене: — аспан көгілдір түсті болмастан, қап-қара теңіздей көрініп, күн аспандағы жұлдыздай ғана жылтырап тұрар еді».

— Бұл жолы Әзиза бізбен бірге үйге қайта ма? — деді Залмай.

— Аз қалды, қозым, — деді Ләйла. — Аз қалды.

Залмай орнынан тұрып, әкесі секілді басын сәл еңкіш салып, әткеншекке қарай беттеді. Әткеншектің бос орындығын қинала итеріп, жерге отыра кетті де, бетонның жарылған тұсынан өсіп шыққан жабайы шөптерді жұла бастады.

— Су тамшылары жапырақтың есебінен буға айналады екен, шеше, сіз білесіз бе? Құдды жайылған кірдегі судың буға айналғаны сияқты. Ағаштар жер астындағы тамырлары арқылы су сіміреді. Содан соң, су ағаштың діңі арқылы

бұтақтарына барып, соңында жапыраққа жетеді. Мұны «буланы» деп атайды.

Ләйла Заман ағайдың жасырын дәрістері жайында талибандар білетін болса, не істейтінін ойлап қамықты.

Әзизаның үнсіз қалатын кездері жоқ еді. Оның дауыстап, тебірене айтатын сөздері төңіректі жаңғыртатын. Қолының қимылы мен бет-әлпеті сөз еткен тақырыптарына сай ауысады. Күлкілері де өзгере бастаған. Ләйла үшін оны күлкі дегеннен гөрі, көңіліндегі қобалжу мен алаңды жасыру үшін шығарған шарасыз дыбысы десе үйлесімдірек болар еді. Әзиза көбесіне топырақ тұрып қалған тырнақтарына Ләйланың қарап отырғанын біліп, қолын артына айқастыра ұстап алды. Балалардың бірі жылап қалса, мұрнынан маңқасы ағып тұрса не құйрығы жыртық шалбар киген біреулері қастарынан өте шықса, ол көзін бақырайтып, түсіндіре бастайтын. Сол сәттегі түрі қонақтарының алдында үйінің шашылып жатқанынан не балаларының тентектігінен ыңғайсызданған үй иесіне ұқсайтын. Қалай тұрып жатқаны туралы сұрақ қойылғанда, ол түсініксіздеу, бірақ көңілді бейнемен жауап беретін.

— Балалар сені басынды ма?

— Жоқ, шеше, мұндағылар жақсы.

— Тамақты жақсы жеп жүрсің бе? Ұйқың қалай?

— Жеп жүрмін. Ұйқым жақсы. Айтпақшы, кеше біз қой етімен тамақ жедік... Жоқ, өткен аптада.

Әзиза сөз арасында кекештенетін болыпты. Мұны басында Мәриям байқады. Айтарлықтай болмаса да, сәп салған адамға байқалып қалатын. Әсіресе «т» әрпінен басталатын сөздерді дыбыстағанда, анығырақ білінетін. Ләйла бұл жайды Заманнан сұрады. Ол иығын қомдап қойып:

— Мен оны бұрыннан солай сөйлейді деп ойлаппын, — деді.

Олар Әзизаны Рашидке көрсету үшін сыртқа алып шықты. Рашид оларды автобус аялдамасында күтіп отырған. Зал-

май әкесін көрген бетте, қуана айғайлап Ләйланың қолын сығымдай берді. Әзиза Рашидпен бәсең үнмен қысқа ғана амандасты. Рашид өзінің екі сағат ішінде жұмысқа бармаса болмайтынын, олардың тезірек қимылдауларын ескертті. Бұл оның «Интерконтиненталь» қонақүйінде іс бастаған бірінші аптасы болатын. Әр күні түскі ас мезгілінен сағат сегізге дейін көліктердің есігін ашып, қонақтарды қарсы алады. Жүктерін тасып, сөмкелерін көтеріседі. Абайсызда жерге төгіліп кеткен нәрсе болса, соны сүртеді. Кейде жұмыс уақыты бітіп, үйге қайтарында, мейрамхананың аспазы оған артылып қалған тамақтарды салып беретін. Тамақтардың көбі майға шыланған котлет, күйген тауық қанаттары, шала піскен макарон, шала бөрткен дүмбілез палау сияқтылар. Ол азырақ ақша жинақтаса, Әзизаны қайтарып әкелетінін айтып, Ләйлаға уәде берген.

Рашид жұмысында қызыл костюм, ақ көйлек киіп, мойнына галстук тағатын. Басына ақ шашын жасырып, қалпақша киіп алатын. Жұмыс киімі оны басқа адамға айналдырып, мүләйім, зәбірсіз, момақан болып көрсетеді. Ол ендігі жүні жығылып, тауы шағылған, тұрмыстың теңсіздігіне еш наразылық танытпай мойынсал болған адамдардың қатарына қосылған еді. Сол бейнесі бір жағынан, адамды жиіркендірсе, екінші жағынан, кісі құптарлық та жағдай.

Олар автобусқа мініп, «Титаник» қаласына барды. Өзен арнасының екі жағалауындағы уақытша дүкендерді аралады. Көпір бағанасында құлақтары кесілген, мойнынан арқанға асылған біреудің жалаң аяқ мәйіті салбырап тұрды. Базарда саудасаттықпен айналысқан адам қарасы да мол еді. Ақша айырбастаушылар өткен-кеткеннен айырбас жасауын сұрайды. Темекі өнімдерін сататындар қолын көтеріп, ишаралап шақырады. Бұрқамен оранған әйелдер қолына құрғақ құтылар ұстап, дәрі сатып алатын ақша сұрап, қайыр тілейді. Ерніне насыбай салып, қамшыларын үйірген талибандар дауыстап күлген, жүзін жасырмаған әйелдерді іздеп, базарды шарлап жүрген.

Залмай ойыншық дүңгіршегінен сары және көк жолақтары бар резеңке баскетболды қолына алды.

— Сен де бірдеңе таңда, — деді Рашид Әзизаға. Әзиза ыңғайсызданып, жерге қарады. — Тездет, бір сағат ішінде жұмыста болуым керек.

Әзиза сағыз машинасын таңдады. Оған монеталарды салса, сағыз яки кәмпиттер домалап түседі. Төменгі тұсынан монеталарды қайта шығырып алуға болатын. Сатушы бағасын айтқанда, Рашидтың қасы көтеріліп кетті. Ол саудаласып баға таластырды да, Әзизаға зіркілдей жөнелді:

— Орнына қоя сал, барымды берсем де жетер емес.

Қайтар жолда Әзизаның көңіл хошы су сепкендей басылды. Қолдары қимылдаудан, аузы сөзден қалып, өңі түтіге бастады. Әр жолы солай болатын. Тыныштықты бұзу үшін Ләйла әрнені әңгіме қыла бастады. Мәриям оны қостай жөнелетін үйреншікті әдетіне басты. Оның күлкісінен қобалжығаны білініп тұратын.

Рашид оларды жетімдер үйінің алдына апарды да, автобусқа мініп, жұмысына кетті. Әзиза қолын бұлғап қоштасқан соң, қабырғаны бойлап артқы аулаға қарай беттеді. Ләйла Әзизаның кекештенген бейнесін елестетті: «Жердің терең қабаттарына дейін әсер етеді екен. Жер қатты әрі қорқынышты сілкінетін сияқты. Алайда біз жер бетінде болғанымыз үшін сол тербелістің аз бөлігін ғана сезінеді екенбіз. Жеңіл ғана».

— Ей, ары кет! — деп айғайлады Залмай.

— Олай деме! — деді Мәриям. — Кімге зекіп жатырсың?

Ол саусағымен нұсқап көрсетті.

— Анау тұрған кісіге айтамын.

Ләйла Залмай нұсқаған жаққа қарады. Кіреберісте біреу есікке сүйеніп тұрған. Ол басын көтеріп, бұларға қарсы жүрді. Қусырынған қолын қоя беріп, бірнеше қадам ақсаңдай басты.

Ләйла орнында сілейді де қалды.

Тамағына бірдеңе тұрып қалғандай, тынысы тарылып, тізесі дірілдей бастады. Құлап қалмасқа сүйенерлік бір нәрсе іздемекші болды да, қыбырлауға, тіпті тыныс алуға батылы бармады. Алдындағы адамның алыстан мұнартып, көзді арбаған сағымға айналуынан алаңдап, кірпігін қағуға да жүрексінді. Тынысы бітіп, көзі талғанша тұрған орнында қаққан қазықтай қыбырсыз қарап тұрды. Зорға тыныстап, көзін жұмып-ашқанда ол адам, жоқ, Тарых әлі сол орнында қимылсыз тұрған.

Ләйла алдыға бір қадам аттады. Тағы бір қадам, тағы бір қадам...

17

Мәриям

Залмай үстіңгі қабаттағы Мәриямның бөлмесінде резеңке добын қабырғаға лақтырып ойнап жүрген. Мәриям оған бірнеше рет ескертті. Әйтсе де, ол Мәриямның өзіне басқарардай билігі жоғын білетіндіктен, ескертулерін елең құрлы көрмей, шікірейіп бір қарады да, ойынын жалғастыра берді. Доптан жалығып, шаршаған соң, ойыншық машинасын, бүйірлерінде қызыл әріпті жазулары бар жедел жәрдем көлігін үйдің бір шетінен екінші шетіне итеріп ойнады.

Ілгеріде, олар Тарыхты есік алдында кездестіргенде, Залмай қолындағы добын оның кеудесіне қарай лақтырып, саусақтарын аузына салған. Ол ашуланғанда ғана сондай қылықтар көрсететін. Залмай Тарыхқа күдіктене қарады.

— Сол кісі кім? — деді ол. — Оны еш жақтырмадым.

Мәриям оның Ләйланың бала күнгі досы екенін түсіндіре бергенде, Залмай сөзін бөліп, машинасын оған қаратты. Мәриям кідіріп қалғанда, ол енді доп ойнайтынын айтты.

— Добым қайда? — деді Залмай. — Әкем әперген добымды қайда қойдыңыз? Тауып беріңіз! Тез табыңыз! — Оның даусы барған сайын күшейіп, дегбірі қашты.

— Осы жерде болған еді, — деді Мәриям, — Залмай жылай бастады.

— Жоқ, жоғалған екен. Білдім. Жоғалмаса, қайда ол, қайда?

— Міне, — деп, Мәриям киім шкафының астынан допты алып берді.

Залмай қолына алған допты лақтырып жіберіп, одан сайын дауыстап жылады. Доптың өзінікі екеніне сенбеді. Мәриямнан жоғалған добын тауып беруді талап етті. Залмайдың даусын естіген Ләйла үстіңгі қабатқа шығып, оны көтеріп, бұйра шашынан сипап, маңдайынан сүйіп, сабасына түсірді.

Мәриям қонақ бөлмеден шығып кетті. Баспалдақпен көтеріле беріп, Тарыхтың көсіліп отырған протезі мен сау аяғына қарады. Кенет «Интерконтиненталь» қонақүйінің қақпасында кездескен күзетшінің шырайы Мәриямның көз алдында пайда бола кетті. Рашидпен бірге барған сол күні ол басына қалпақ киіп, қара көзілдірік тағып алған адамның өң-түрқының өзіне таныс білінгенін енді түсінді. Тоғыз жылдың алдында, осы бөлмеде қол орамалымен терін сүртіп отырып, өзінен су сұраған адамның дәл сол қақпа күзетшісі екенін анық білді. Мәриямның басында шым-шытырық сұрақтар пайда болды: Әлгі «Сульфамид» таблеткасының хикаясы бұлар қолданған тактикаларының бірі ме? Түбіне құрық бойламайтын қитұрқылықты қайсысы құрастырып шықты? Өзін Абдул Шарифпін деп таныстырған сол адамға Тарыхтың өлімін ойдан құрағаны үшін Рашид қанша ақша төледі екен?

18

Ләйла

Тарых түрмеде немере туысқанының қоқиқаздың суретін салғаны үшін жамағат алдында қамшымен дүреленгенін Ләйлаға әңгімелеп берді. Немере ағасының әрекеті — оның өмірлік ермегіне айналған өзгермес әдеті-мыс.

— Дәптері, — деді Тарых: — қоқиқаздың май бояулы суретіне толып кеткен. Кейбірі шалшықта маң басып кетіп бара жатса, кейбірі су жиегінде күнге қыздырына қасынған. Енді біреулері — батқан күннің алқызыл сәулесін бетке алып ұшып бара жатқан суреттер.

— Қоқиқаз? Мәссаған, — деді Ләйла.

Ол қабырғаға сүйенген Тарыхқа қарады. Тарых сау аяғын бүгіп отырған. Оның Тарыхқа тағы жақындағысы келді. Ілгеріде есік алдында қарап тұрған Тарыхқа жүгіріп барып асылған. Дегенмен Тарыхтың мойнына асылып, бауырына тығыла жылағанын, оның есімін қайта-қайта күбірлеп айта бергенін ойлап, ыңғайсыздана бастады. Ол артық кеткен шығар? Осы күнді қанша күткенін білдіріп алған шығар? Бірақ тебіренісін қалай баса алсын? Дәл қазір де Тарыхты құшақтағысы, оның шынымен көз алдында тірі отырғанын, мұның түс еместігін дәлелдегісі келді.

— Иә, — деді ол: — қоқиқаз.

Тарыхтың айтуынша, талибандар картиналарды тауып алғанда, құстардың түксіз ұзын аяғынан мін тауыпты. Олар немере ағасының аяғын байлап ұрып, денесін қан жоса қылған соң, «суреттеріңді жоғалт, болмаса қоқиқаздардың аяғын дұрыстап сыз» деп бұйырыпты. Сөйтіп, немере ағасы қолына щеткасын алып, қоқиқаздардың аяғына шалбар кигізіп қойыпты.

— Сонымен бұл құстар мұсылман қоқиқаздарға айналыпты, — деді Тарых.

Ләйланы күлкі қысса да, өзін тежеп қалды. Сарғыш тартқан тістерінің, әсіресе қасқа тістерінің жоқтығы білінип қалуынан ұялды. Әжім түсе бастаған шырайы мен ісіп кеткен ерніне ыңғайсызданды. Тым құрығанда, Тарых келерден бұрын бет-аузын жуып, шашын тарап үлгерсе, едәуір жақсы болар еді ғой.

— Алайда немере ағам талибандарды ақымақ қылыпты. Ол шалбарды акварельмен сызып, талибандар кетісімен жуып тастапты, — деді Тарых күлімсіреп. Ләйла оның да қасқа тістерінің жоқтығын байқады. Тарых басын төмен салып, қолының ұшына қарап сөзін сабақтады, — Сөйтіпті, әрине.

Ол басына паколь, аяғына қалың табанды етік киіп, қара тоқыма жемпірінің етегін шалбарының ышқырына салып алған. Күлімсіреп, басын изеді. Ләйла оның бұрын «әрине» деген сөзді қолданған уақытын есіне түсіре алмады. Оның маңғаз қимылдары, екі қолының саусақтарын айқастырып отырысы, салмақты бас изеулері — Ләйла үшін жаңалық. Ес тоқтатқан ересек адамға тән бітім-болмыс. Жөн, Тарых та ендігі ересек адам емес пе? Жиырма беске аяқ басқан қадамы нық, парсат-пайымы толысқан салиқалы азаматқа айналған. Бітім-тұрқы Ләйланың түсінде көргенінен арықтау болса да, әлі де баяғыдай мығым, келбетті еді. Қолының бадырайған тамырларынан дене еңбегімен, қара жұмыспен айтарлықтай айналысқаны байқалып тұраған. Шырайы бұрынғыдай сопақша әрі тартымды болса да, аққұба, ашаң жүзі ендігі ғайып болған. Қастарының ортасына терең сызықтар орнаған. Маңдайы да мойны мен желкесі сияқты күн қарып қарайып кеткен. Паколі жасырып тұрған шашы да шаланған бастаған. Шам жарығының әсерінен бе, оның қой көзі Ләйлаға бұрынғыдан нұрсыз көрінді.

Ләйла Тарыхтың шешесін еске алды. Оның салмақты іс-қимылдары, ділмар-шешендігі, күлкісі, солғын, күлгін түсті жалған шашы Ләйланың көз алдында пайда болды. Мана есік

алдында, ол Тарыхтың ата-анасы жайлы естігендерін жылап тұрып айтқанда, Тарых таңданып, ыңғайсыздана тыңдап, басын тоқтаусыз шайқай берген. Ләйла одан ата-анасының жағдайларын сұрады. Ол жерге қарады. Жүзіндегі күлкі табы ғайып болы.

— Қайтыс болды.

— Өкінішті. Жатқан жерлері жайлы болғай.

— Солай, мынаны ал, — деген ол қалтасынан шағын қағаз қапшықты алып, Ләйлаға берді. — Бұл — Аленаның сыйлығы.

Қапшықтың ішінде пластикалық орамдағы ірімшік бар еді.

— Алена, әдемі есім екен, — деді Ләйла даусындағы діріл-ді жасыруға тырысып. — Әйеліннің есімі ме?

— Өзім баққан ешкінің есімі, — деді Тарых Ләйланың бірденені ссінс түсіруін күткендей, қулана күліп.

Ләйла есіне түсірді. Дұрыс, кеңестік фильмдегі капитанның қызы, кеме қызметкерін ұнатып қалатын қыз.

Сол күні Ләйла фильмді Тарых және Хасинамен бірге көрген. Кеңестік танкілер мен «Джип» көліктері Кабулдан шегінген, Тарых басына күлкілі көрінетін орыс құлақшынын мыжырайта киіп алған.

— Оны қазыққа байлап, төңірегін қоршап тастаймын, — дейді Тарых. — Әйтпесе ит-құс жеп кетеді. Мен жүрген таудың бөктерінен бірер шақырым арыда орманды алқаптар бар. Ондағы ағаштардың көбісі шырша. Одан өзге самырсын, балқарағайлар да кездеседі. Қасқырлар сол орманды алқапты мекендейді. Өріп шыққан қой-ешкінің қарасы көріне қалса бітті, олар жазыққа қарай тіміскілене жортады. Сол себепті де, қазық пен қоршау болмаса болмайды.

Ләйла Тарых айтқан таудың атын сұрады.

— Пәкістан. Пир Панжал, — деді ол. — Мен тұрған жерді Мури деп атайды. Исламабаттан бір сағаттық жол. Жаз күндері текеметтей түрленеді. Көк шалғын, бітік орманмен көм-

керліген, ауасы салқын әрі таза. Саяхат пен демалысқа ыңғайлы жер. Сол жерге Британдықтар Виктория ханшайымның сарбаздары үшін демалыс орнын салып берген. Британдықтардың Равалпиндидегі әскери бас штабына жақын. Ол жерден әлі де бұрынғы отаршылдық дәуірінен қалған шайханалар мен Британ стиліндегі коттеджлер ұшыратуға болады. Базары шағын болса да көңілді. Базардың бас көшесі Мэлл деп аталады. Онда пошта бөлімшесі, бірнеше мейрамхана, боялған шыны, қолмен тоқылған кілемдер сияқты қолөнер бұйымдарын туристерге неше есе қымбатқа сататын бірнеше дүкендер бар. Бір қызығы, сауда орталығының бір жақты қозғалысы бір аптада бір бағытқа, келесі аптада кері бағытқа, апта сайын өзгеріп тұрады.

— Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Ирландияның бірраз қаласының көлік қозғалысы да сондай өзгермелі екен, — деді Тарых. — Әйтеуір ондағы тұрмыс қарабайыр. Сонша маңыналы болмаса да, мен сол жерде қарапайым өмір сүруді ұнатамын.

— Ешкің Аленамен бірге өмір сүруді ұнатамын демедің бе?

Ләйла мұны әзіл үшін емес, Тарыхтың өмірінде Аленаны қасқыр жеп кетуінен алаңдайтын тағы кімдердің барын білу үшін айтқан еді. Тарых басын изеп қана қойды.

— Ата-анаңның қайтыс болғанына қатты қайғырдым.

— Естіген екенсің ғой...

— Ілгеріде бірнеше көршіммен сөйлестім, — деді ол. Араны үнсіздік басты. Ләйла көршілерінің оған нелерді айтқанын ойлады. — Ешкімді танымадым. Бұрынғы көршілерімді айтамын.

— Бәрі кетіп қалды, сен танитындардан ешкім қалмады.

— Кабулды да танымай қалдым.

— Мен де, — деді Ләйла: — бірақ мен ешқайда кетпедім.

* * *

— Шешем жаңа дос тапты, — деді Залмай сол күні кешкі аста. Бұл кезде Тарых әлдеқашан кетіп қалған. — Ер адам.

Рашид басын көтерді.

— Солай ма? Қашан? Қазір ме?

* * *

Тарых Ләйладан шылым шегуге рұқсат алып, шылымын тұтатты да, әңгімесін бастады.

Ол ата-анасымен бірге Пешеварға жақын Насир Бахтағы босқындар лагерінде бір мезгіл тұрған. Олардан бұрын алпыс мың ауғандық сол жерге барып болған екен.

— Дегенмен бұл басқа лагерьлерге, әсіресе Жалозайға қарағанда мың есе артық, — деді ол. — Білуімше, қырғиқабақ соғыстар мезгілінде, бұл батыс елдерінің әлемге өздерін көсеткісі келген лагері көрінеді. Олардың Ауғанстанға қару-жарақ қана емес, адамгершілікті де жеткізе алатындарын әйгілейтін орны-дүр.

Бірақ сол жақсы күндер Кеңес Одағымен соғыс кезінде болған. Тарихтың айтуынша, сол кезде бүкіл әлемнің мүддесі осы соғысқа байланғандықтан, батыс елдері бақай есеппен қаржы бөлген екен. Тіпті, Ұлыбританияның бас уәзірі Маргарет Тэтчер де бұл жерге келіп жағдайды ұғысқан.

— Одан кейінгі істерді білесің. Соғыс біткен соң Кеңес Одағы ыдырады, Батыс елдері өз жөніне кетті. Ауғанстанда мүдделеріне тірелер ештеңе қалмағандықтан, олардан келер тиындардың да сылдыры сап тыйылды. Қазір Насыр Бахта қаңыраған күрке, топырақ үйінділері, төбесі ашық канализациялардан өзге ештеңе жоқ. Онда барғанымызда, олар бізге бірнеше таяқ пен тілкімдей брезент беріп, күрке тігуімізді бұйырды.

Насир Бахта тұрған бір жылдан Тарыхқа естелік болар жалғыз нәрсе — қоңыр түс еді. Қоңыр күркелер, қоңыр адамдар, қоңыр иттер, қоңыр ботқалар.

Ол күн сайын күркесінің алдындағы қураған ағашқа өрмелеп шығып, аптапта қарақотырланған жараларының аузын тырнап отырған босқындарды, терілері сүйектеріне жабысып қалған балалардың торсықтарына су толтырып бүкшеңдеп бара жатқанын, от жағу үшін иттің тезектерін жинайтынын, ағаштан «АК-47» жасап ойнайтынын, илесе бірікпейтін қалталы ұндарды сүйреп жүретінін (мәлім себептермен олардан нан пісіруге болмайтын) көретін. Тынбастан соғатын жел күркелерді желпілдетіп, төңіректі ызыңға толатыратын. Қам кесектен тұрғызылған үйлердің төбелерінен батпырауықтарды ұшырып әкелетін.

— Балалардың көбісі дизентерия, туберкулез, аштық себебінен өліп жатты. Әсіресе сол жылы дизентерия қырғидай тиіп, баудай сұлатты. О, тоба, Ләйла, мен қаншама баланың жерге көмілгенін көрдім. Дүниеде адам үшін Нәрестe-сәбилердің жан үзгенін көруден артық қасірет болмаса керек.

Ол сау аяғын бүгіп, қолын тізесіне қойды. Ортада тағы тыныштық орнады.

— Әкем сол жылғы қыстан шыға алмады, — деді ол, — үйқыда жатып көз жұмды. Алла оған жеңілдік сыйлады.

Тарых сол қыста шешесінің өкпесі қабынып, жылжымалы емхана дәрігерінің жәрдемі болмағанда, ол кісіден де ерте айырылуы мүмкін екенін айтты. Оның айтуынша, шешесі ұзақ таңға ұйықтамай, жөтеліп, көкшіл-қоңыр түсті қақырық түкіріп шығады екен. Дәрігерге қаралуға тізілген кезек, дірілдеп-қалтыраған, ыңыранған, жөтелген, үлкен дәреті балағынан ағып жатқан, тұруға дәрмені жетпей, жерге жамбастай жата кеткен адамдармен ұзыннан-ұзаққа созылатын көрінеді.

— Сол дәрігер жақсы адам еді. Шешемді бар ықыласымен емдеп, дәрілерін үзбей бергенінен шешем сол қыстан аман шықты.

Тағы сол қыста Тарых бір баланың алдын тосыпты.

— Он екі, он үштерде болса керек, — деді ол кібіртіктеп. — Тамағына бір парша әйнекті тіреп, қолындағы көрпесін тартып алдым да, шешемнің үстіне жауып қойдым.

Шешесі науқастанған соң Тарых келер қысты бұл лагерьде өткізбеуге бекіпті. Жұмыс істеп, тиын құрап, Пешевардан жылы, суы бар таза пәтер жалдап алып, шешесімен сонда тұрыпты. Көктем шыға тағы да жұмыс қарастырыпты. Кей кездері жүк көлігі лагерьге келіп, бір топ баланы тас тасыту үшін алып кетіп, іс біткенде қолына мардымсыз тиын-тебен, жамылғы мен аяқ киім беріп қайтарады екен. Алайда ол көліктегілер Тарыхты бөліп қарайтын көрінеді.

— Олар менің аяғыма қарап-ақ қалжамнан түңілетін.

Кейде шұңқыр қазатын, шатыр жабатын, су таситын, кірпіш қалайтын жұмыстар табылып тұрса да, оған таласарлық жастар мен балалар жетерлік болғандықтан, Тарых шарасыз қалыпты. Сөйтіп жүріп 1993 жылы күзде бір дүкеншімен танысыпты.

— Ол маған былғарыдан тігілген киімді Лахорға жеткізіп беруімді тапсырып, ақша ұсынды. Бергені мардымсыздау болса да, бір-екі айлық пәтерақыны төлеуге жеткілікті еді.

Дүкен иесі оған автобус билеті мен Лахор теміржол стансасының маңындағы киімдерді тапсырып алатын адамның аты-жөні мен мекенжайын қолына ұстатыпты.

— Былғары киімдерде не барын білетінмін, — деді Тарых. — Әлбетте, алда-жалда ұсталып қалсам, жауабы өз мойнымда болмақ. Оның үстіне, ол шешемнің қайда тұратынын жақсы білетін. Өзімнің де бұл ақшадан бас тартуым мүмкін емес еді. Қыс жақындап қалған.

— Қанша жерге бара алдың? — деді Ләйла.

— Тым алыска дей алмаймын, — деді ол қысыла күліп. — Автобус бекетіне де жете алмадым. Өзімді қауіпсізбін, ешкім назар аударmайды деп ойлаппын. Құдды құлағына қарындаш қыстырып алған бухгалтердің жерге қарап: «Иә, иә, болады.

бұл заттарды алып жүрсе болады» дегеніндей-ақ жеңіл ойлаппын.

Полицейлер киімдерді пышақпен тілгілеп ақтарғанда, қапшық-қапшық есірткі көшеге шашылды.

Тарых әңгімесін үзіп, ыңғайсыздана даусын көтеріп күле бастады. Ләйла оның бала күнінде өз кемшіліктерінен ұялғанда, жауап таппай қысылғанда солай күлетінін еске алды.

* * *

— Ол бір ақсақ адам екен, — деді Залмай.

— Мен ойлаған адамның дәл өзі емес пе екен?

— Ол амандасқалы ғана келіпті, — деді Мәриям.

— Аузыңды жап! — деді Рашид Мәриямның сөзін бөліп, Қолын ербеңдетіп, Ләйлаға қадалды. — Бәрекелді, мынаны қара. Ләйлі-Мәжнүндер қайта табысқан екен ғой кәдімгідей. — Оның жүзі түтігіп кетті. — Сен оны үйге, менің үйіме алып келіп, менің ұлыммен бірге отырғыздың ба?

— Сіз мені алдапсыз, өтірік айтыпсыз, — деді Ләйла тістерін шықырлатып. — Ол адамды менің қарсыма отырғызып... Бәрін біле тұра... Оның тірі екенін білсем, бір-ақ күнде бұл жерден ғайып болатынымды біліп...

— Сен ше? Сен өтірік айтпадың ба? — деді Рашид долданып. — Мені білмейді дедің бе? Сенің анау шата немең жайлы ештеңе білмейді дедің бе? Мені ақымақ санадың ба, жәлеп?

* * *

Ләйла Тарыхтың үнсіздігінен қорықты. Ол сөзін сабақтамаса, кезек Ләйлаға келеді де, Тарыхпен болған істің соңын, қашан, қандай себеппен Рашидке тұрмысқа шыққанын түсіндіруге мәжбүр болады. Тарых әр кезек сөзін түйіндегенде, Ләйланың көз алды қарауытып, көзін одан алып қашады. Ол Тарыхтың қолына, ұзақ жылдардан бергі оның қолына қаулай өскен қара түктеріне қарады.

Тарых түрмеде урдуша үйренгенінен өзге ештеңеден ауыз ашпады. Ләйла сұраса, басын шайқады. Бәрін оның жүзінен-ақ оқып білді. Адам сабауға дайын тұрған жендеттер, адамға толы залдар, төбесін мүк басқан камералар көз алдында пайда болды. Ол жерлердің адамның жаны мен тәнін азаптайтын, жігерін жасытып, рухын мұқалтатын қаратүнек қапас екенін сезді.

Тарыхтың шешесі оны түрмеге іздеп келген.

— Ол үш рет келді. Бірақ кездесе алмадым, — деді Тарых.

Өзінің шешесіне хат жазғанын, алайда оны шешесінің тапсырып алған-алмағанын білмейтінін айтты.

— Саған да хат жаздым.

— Солай ма?

— Көп, — деді ол. — Тіпті сенің Руми досың да менің сол шығармашылығыма таңданыс білдіруі мүмкін.

Ол тағы күлді. Бұл жолы өзінің ойланбастан бірер сөз тауып айтқанын сезіп, даусын онан сайын көтере күлді.

* * *

Залмай жоғары қабаттан айғайлап жатты.

— Баяғы кездеріндегідей-ақ, — деді Рашид: — жараса қалыпсыңдар да. Жүзіңді ашып көрсеткен шығарсың.

— Көрсетті, — деді Залмай. — Ол Ләйлаға қарады. — Сіз көрсеттіңіз, шеше. Мен көрдім.

* * *

— Ұлың мені онша жақтырмаған болса керек, — деді Тарых баспалдақтан түсіп келе жатқан Ләйлаға қарап.

— Кешір, — деді Ләйла, — олай емес. Ол тек... Болды, оған назар аудармай-ақ қой.

Ләйла сөзді басқа жаққа бұрды. Не дегенмен Залмай сәби емес пе. Әкесін жақсы көреді. Жат адамнан тартынуы, жақын тартпауы — қалыпты іс. Бұл үшін оны ешкім де кінәламайды.

Ләйла әңгіме ауанын басқа жаққа бұрмақ болып:

— Мурида тұрып жатқаныңа қанша болды? — деп сұрады.

— Бір жылға толмады.

Ол түрмеде пәкістандық хоккейші Салим есімді кісімен дос болыпты. Салим жасырын полиция қызметкерін ұрып, пышақтап, он жылға кесіліпті. Тарыхтың айтуынша, әр түрмеден Салим сияқты айлалы, өрісі кең, қоғамдық жүйеден саңылау тауып, сытылып шыға алатын адамды табуға болатын көрінеді. Ондай адамдарға ілесушілердің мүмкіндігі мен қатері — егіз. Тарыхтың шешесінің жағдайын біліп, жұқпалы аурудан қайтыс болған хабарын жеткізген де сол Салим екен.

Тарых Пәкістан түрмесінде жеті жылын өткізіпті.

— Түрмеден жеңіл шығып алдым, — деді ол. — Ісімді қараған судьяның ағасы ауғандық қызға үйленіпті. Соның да бір әсері болды ма, әйтеуір жолым болып, рақымшылық жасады.

2000 жылы қыста, Тарыхтың жаза мерзімі біткенде, Салим оған ағасының мекенжайы мен телефон нөмірін беріпті. Ағасының есімі Саид екен.

— Ол маған Саидтың Мурида шағын қонақжайы барын айтты, — деді Тарых. — Туристерге арналған жиырма бөлмесі мен кең залы бар екен. Оған мені інісінің жібергенін айттым.

Ол автобустан түсе салысымен Муриді ұнатып қалыпты. Қар жамылған қарағайлары, суық әрі құрғақ ауасы; мұржаларынан түтін шығып жатқан шағын ағаш коттедждер оған сонша ыстық көріпті. Саидтың есік алдына келгенде, ол мынау рақымсыз дүниеден ғана емес, азап-қасіреттен де ада әлемге келіп қалғандай күй кешіпті.

— Сол жерді жаңа өмір бастауға лайық мекен деп ойладым.

Тарых қонақжайдың тазалықшысы, электригі болып жұмысқа тұрып, бір айлық сынақ мерзімінен кейін Саид оны тұрақты жұмысқа алыпты.

Ол әңгімесін жалғастырды. Ләйла отын бұтап, ағаш кесіп жатқан, ауланың қарын күреп жүрген, раковинаның астындағы су тамшылап тұрған трубаларды жөндеп, ретке келтірумен әбігерленген Тарыхты елестетті. Оған терезеден қарап, тартпадағы ақшаны санап жатқан көзі қысық, дөңгелек жүзді бір адамды да елестетті.

Тарыхтың жатын бөлмесі аспаздың шағын ағаш үйінің іргесіне орналасыпты. Аспаз Адиба есімді жесір әйел екен. Шағын екі ағаш үй қонақжайдың бас ғимаратының сырт жағында. Араларында жиі егілген бадам ағаштары мен ғимаратты айналдыра саябақтарды жағалай қойылған орындықтар. Ортасында пирамида тәрізді тастан қаланған субұрқақ бар. Жаз күндері оның суы бір тынбастан атқылап тұратын көрінеді.

Ләйла оның төсегінде, терезеден үзіліп түскен сары жапырақтарға қарап отырған бейнесін елестетті

Сынақ кезеңінің соңында Саид Тарыхтың жұмыс ақысын толық төлеп, тамағы тегін болатынын айтыпты. Үстіне қалың пальто кигізіп, аяғына жаңа протез салып беріпті. Тарых оның адамгершілігі мен кісілігінен әсерленіп, алғысын білдіріпті. Алғашқы айлық жалақысын алған күні базарға барып, Аленаны сатып алыпты.

— Түгінің ақ болғаны сонша, — деп күлімсіреді Тарых: — қар жауған күннің ертесі сыртқа шыққанымда, оның екі көзі мен тұмсығы ғана көрінді.

Ләйла басын изеді. Тағы да үнсіздік басты. Үстіңгі қабаттан Залмайдың допты қабырғаға лақтырып ойнай бастағаны білінді.

— Сені өлді деп ойладым, — деді Ләйла.

— Солай ойлағаныңды білемін.

Ләйланың даусы дірілдеп, өзін ретке келтіру үшін тамағын қырнап қойды.

— Хабар әкелген адам бір қарағанда кішпейіл көрінді... Оған сеніппін, Тарых. Сенбеуім керек еді. Бірақ солай болды.

Қатты құлазыдым, жалғызсырадым, қорықтым. Әйтпегенде Рашидке тұрмысқа шығуға еш ризалық білдірмес едім. Ешқашан...

— Бұларды түсіндірмесең де болады, — деді ол мүләйім бейнеде. Сөз ауанынан кінәлау, айыптау білінбеді.

— Бірақ мұны білуің керек. Оған тұрмысқа шығуымның басқа да себебі бар, мұнда сен білмейтін істер көп, Тарых. Саған біреу туралы айтар маңызды сөзім бар.

* * *

— Сен де оны көрдің бе? Онымен сөйлестің бе? — деп сұрады Рашид Залмайдан.

Залмай жауап бермеді. Ләйла Залмайдың көзінен оның екіленіп тұрғанын байқады. Өзінің әшкерелегендерінің қарапайым іс емесін сезінген сияқты.

— Сенен сұрап тұрмын, балам.

Залмай түкірігін жұтты. Ләйла мен әкесіне кезек қарады.

— Мен үстіңгі қабатта Мәриямммен бірге ойнадым.

— Шешең не істеді?

Залмай Ләйладан кешірім тілегендей қарап, көзіне жас алды.

— Ештеңе етпейді, Залмай. Шыныңды айта бер.

— Ол... ол астыңғы қабатта, келген кісімен әңгімелесіп отырды, — деді Залмай кібіртіктеп.

— Солай де, — деді Рашид. — Бұлар бір-бірін тапқан екен ғой.

* * *

Тарых қоштасып, үйден шықты:

— Онымен кездескім келеді. Оған жолығуым керек.

— Өзім ыңғайын келтірейін, — деді Ләйла.

Тарых «Әзиза, Әзиза» деп қайталап, күлімсіреді. Рашид әр жолы қызының есімін ауызға алғанда Ләйланың құлағына қорашсынғандай, тілдеп-қитығына тигендей естілетін.

— «Әзиза», қандай сүйкімді есім.

— Атына заты сай өзі де сүйкімді қыз. Көргенде білесің.

— Көргенше тағатым жетер емес.

Олардың көріспегендеріне де он жыл болған. Қараңғы көшелерде жұрт көзінен жасырынып сүйіскен кездері Ләйланың көз алдынан бір-бірлеп өте бастады. Тарыхтың көзіне әлі де ажарлы көрінді ме, әлде жүздерін әжім басқан, бейшара, кексе қатындай көрінді ме? Он жыл. Күн сәулесі астында Тарыхтың қасында тұрғаны дәл қазіргідей, сол он жыл ешқашан болмағандай сезінді. Ата-анасының өлімі, Рашидке тұрмысқа шығуы, кісі өлімі, зымырандар, талибандардың ұрып-соғуы, аштық, балалары... Сол он жыл ішінде болған істердің бәрбәрі де бір көрген түстей білінді.

Кенет Тарыхтың өңі сұрланып, жүзіндегі күлкі табы ғайып болды. Бұл өзгерістер Ләйлаға таныс еді. Бала күнінде протез аяғын қолына алып, Хадимнің соңынан қуған кезіндегі ашулы бейнесіне ұқсайтын. Ол бір қолымен Ләйланың астыңғы ернін сипады.

— Сені осы халге түсіріпті, — деді ол.

Ерніне тиген Тарыхтың алақанының жылуы Ләйлаға сол бір күнді, Әзизаның өмірге келген күнін есіне түсірді. Оның ыстық демі Ләйланың мойнын шарпыған, кеудесі кеудесіне басылған, саусақтары саусақтарымен айқасқан еді.

— Сені өзіммен бірге алып кетсем болғандай екен, — деді Тарых күбірлеп.

Ләйла жыламауға тырысып, көзін тайдырып, жерге қарап алды.

— Білемін. Сен қазір некелі, балалы әйелсің. Сонша жылдардан кейін, қаншама істер болған соң, босағаңда пайда болуға лайық емес шығармын. Әділдік те емес. Бірақ мен сонша алыс жолды басып, сені көруге келдім. Мен... Ех, Ләйла. Сені тастап кетпегенімде ғой...

— Айтпай-ақ қой, — деді Ләйла бәсең үнмен.

— Азырақ құлшынғанымда, уақыт ұтып саған үйленгенімде, бәрі басқаша болар еді.

— Олай деме, өтінейін. Мұндайға төзімім жетпейді...

Ол басын изеп, Ләйлаға қарай бірнеше қадам алдыға жүріп тоқтады.

— Менің еш есебім жоқ. Оның үстіне аспаннан түскендей пайда бола кетіп, сенің өміріңді астан-кестең ету мақсатым болған емес. Пәкістанға кет, көзіме көрінбе десең, қазір-ақ кетемін. Бұдан кейінгі өмірде сені еш мазаламаймын. Мен...

— Жоқ! — деді Ләйла. — Даусы қатты шықты. Тарыхтың қолынан ұстап, сығымдап қыса түскенін сезіп, қолын жылдам тартып алды. — Жоқ, кетпе, Тарых. Жоқ, өтінейін, кетпе.

Тарых басын изеді.

— Ол түстен бастап кешкі сегізге дейін жұмыс істейді. Ертең түстен кейін кел, сені Әзизаға ертіп барайын.

— Одан қорықпаймын, мұны білесің, — деді Тарых. — Бәрін де түсінемін, кешір. Өткен істер үшін кешірім сұраймын.

— Олай деме, қайтып келемін деп уәде бердің. Келдің.

Тарыхтың көзі жасаурай бастады.

— Сені көріп қатты қуандым, Ләйла.

Ләйла қалтырап, Тарыхтың соңынан қарап тұрды. Тұла бойын қайғы мен жалғыздық, талпыныс пен үміт қатар шырмап алған еді.

19

Мәриям

— Мен үстіңгі қабатта Мәрияммен бірге ойнадым, — деді Залмай.

— Шешең ше?

— Ол... ол төменгі қабатта келген кісімен әңгімелесіп отырды.

— Солай де, — деді Рашид. — Бұлар бір-бірін тапқан екен.

Мәриям оның жүзіндегі аласатқан буырқаныстың жоғалып, қасының арасындағы қыртыстардың ғайып болғанын байқады. Рашид кеудесін тіктеп, соғыстың келесі қадамын қалай басу хақында бас қатырған капитандай ойлы көзін жерге қадап үн-түнсіз отырып қалды.

Ол басын көтерді.

Мәриям бірдеңе деуге ыңғайлана бергенде, ол қолын көтерді.

— Тым кешіктің, Мәриям.

Ол Залмайға қарап салқын қабақпен:

— Сен жоғарыға шығып кет, балам, — деді.

Залмайдың жүзінде қобалжу пайда болды. Алабұртып Рашидке, Мәриямға, Ләйлаға кезек қарады. Өзі мәлімдеген істердің үлкендер арасында шиеленісті жағдай тудырғанын түсінген еді. Ол қорқып, тағы да Мәриямға, одан Ләйлаға қарады.

Рашид ызғарлана айғайлады:

— Тез шығып кет!

Ол Залмайды қолтығынан ұстап көтерді. Ол қарсылық көрсетпей жоғарғы қабатқа қарай көтерілді.

Мәриям мен Ләйла қыбыр етпей, жерге қарап тұрысты. Бір-біріне қараса, Рашидтың күмәнін растап беретіндей, ол қонақүйде жұрттың жүк-қоржындарын тасып жүргенде, бұл екеуі оның сүйікті ұлының көзінше бір-біріне көмектесіп жүргендерін мойындап тұрғандай сезініп, көзін бір-бірінен алып қашты. Үстіңгі қабаттан естілген ауыр, нық және тездете жеңіл тыпырай басқан аяқ дыбысына үнсіз құлақ түрісті. Жоғарыдан бәсең үнмен қомпылдаған, жалынып-жалбарынған дауыс естілді. Іле-шала есік жабылып, кілт сылдырлады да, Рашидтың баспалдақтан жылдам түсіп келе жатқаны білінді.

Мәриям Рашидтың баспалдақтан түсіп, кілтті қалтасына салып, белбеуін қолына орап жатқанын көрді. Белбеуінің

жалған мыстан жасалған ұшы сүйретіліп, баспалдаққа тиіп тұрған. Рашидты тосу үшін оның алдына қарай жүгірді. Ол Мәриямды итеріп жіберіп, қасынан жүгіріп өте шықты. Ләммим деместен, белбеуін жалаңдатып, Ләйланың алдына жетіп келді. Қимылының шапшаңдығы сонша, Ләйла қолын көтеріп қорғанып болғанша салып үлгерді. Ләйла маңдайын ұстап, қолындағы қанды көрді де, Рашидке таңдана қарады. Алайда бір секунд өтпей оның жүзіндегі таңданыс азапқа айналды.

Рашид белбеуін тағы көтерді.

Бұл жолы Ләйла білегімен жүзін қорғап, екінші қолымен белбеуге жармасты, бірақ ұстай алмады. Рашид белбеуді төмен түсірді. Ләйланың қолына белбеудің ұшы іліне беріп, алақанынан сусып кетті. Рашид қайта сілтеді. Ләйла бөлмені айнала қашты. Мәриям оның артынан жүгіріп, Рашидке жалбарынды. Рашидтың құлағына тиген Ләйланың бір соққысы қанын онан сайын басына шапшытып, оның соңынан арқырай қуды. Оны ұстап алған бетте қабырғаға тіреді де, қолындағы белбеуімен арт-артынан сабалады. Белбеудің айылбасы Ләйланың кеудесіне, иығына, қолына, саусақтарына аяусыз тиіп жатты. Тиген жерінен қан саулады.

Мәриям белбеудің қанша рет тигенін, Рашидке қанша рет зарлай жалынғанын білмеді. Қанша рет есінен тана, белбеуге жармасқанын, Рашид бетінен қаншама теуіп, шашын жұлғанын да есіне ала алмады.

Рашид Ләйланы тастай салып, Мәрияға бұрылды. Алғашында ол Мәриямды көрмеді. Сәлден соң көзі сығырайып, Мәриямға таңдана, қызыға, тіке қарады. Мұндай тіке қараулар қаймығудан тосырқауға, одан әрі наразылық пен үмітсіздікке айналды.

Мәриям жаулығының астынан алғаш рет Рашидтың көзіне қараған сәтін есіне алды. Көзі айнада түйіскенде, ол Рашидтың көзінен еш нышан байқамаған, ал өзінің көзінен шарасыздық, бойсұну, кінәлаудың менмұндалап тұрғанын көрген.

Кінәлау!

Мәриям дәл сол көзден өзінің қаншалық надан екенін көрді. Өзіне сұрақ қойды.

Ол Рашидке қиянат жасады ма? Ұятқа жолдас қылды ма? Оған адал болды ғой? Құрметтеді ғой? Бұл адамның жауыздығына, тынбай теперіш көрсетуіне, қорлауына тап болатындай не күнә жасады? Ауырып қалса, қарамады ма? Оған және достарының алдына ас қоймады ма? Еш жалықпай қызметінде болып, күтіп-бақпады ма? Оған жастық көктемін, бар өмірін сыйлады емес пе? Солай бола тұра, Мәриямның ие болғаны оның пасықтығы ғана болатыны қалай?

Рашид белбеуді лақтырып жіберді де, оған тақап келді. Ендігі істің жалаң қолмен жалғасатынын білдіргендей алақанын бір-біріне үйкеп жақындай берді. Ол жұдырығын сайлап төне бергенде, Мәриям Ләйланың жерден бірдеңені алып жатқанын көрді. Ол қолын биік көтеріп, Рашидтың қасқа маңдайынан ұрды. Шағылған әйнектің үнімен жарыса, стаканның парша-паршасы шықты. Ләйланың қолы қанға боялды. Рашидтың жарылған қабағынан аққан қан, мойнынан жылыстап, көйлегінің өңіріне жайылды. Ол тістерін шықырлатып, қан тұнған көзін Ләйлаға қадады.

Олар жерге қабаттаса құлады. Рашид аударылып, Ләйланың үстіне шықты да, екі қолымен қылқындыра бастады. Мәриям Рашидке ұмтылды. Ал Ләйла Рашидтың кеудесіне қолын сермеп, шамасы келгенше оны кейін итермекке тырысты. Рашидтың Ләйланы қылқындырып жатқан қолын ажыратпақшы болған Мәриям да бар дәрменімен арпалысып бағуда. Ол Рашидтың қолын тістеді, алайда оның қолы Ләйланың алқымына жабыса түсіп, оның жанын алуға біржола бекіген еді. Өкінішке орай, екеуі жабылса да, оған шамалары келмейтін.

Мәриям артына бұрылып, бөлмеден шығып кетті. Үстіңгі қабаттан аяқ дыбысы, кішкентай алақанның құлыптаулы

есікті тоқтаусыз итергені естіліп тұрған. Мәриям дәлізден жүгіріп өтіп, алдыңғы есіктен атып шықты да, ауланың бір шетіне қарай жанұшыра зымырады. Құрал-жабдық қоятын кепеге кіріп, күректі қолына алды.

Рашид оның үйге қайтып кіргенін көрмеді. Ол әлі де Ләйланы жұмарлай астына басып, көзін шарасынан шығардай шекшитіп, алқымын сығымдап жатқан. Ләйланың өңі көкшіл тартып, қарашығы сыртына айнала бастаған, қарсылығы да бәсеңдеп, қыбыр-қимылы тоқтауға шақ қалды. «Ол Ләйланы өлтіретін болды, — деп ойлады Мәриям. — Бұл жолы шынымен өлтіретін болды». Мәриям бұған жол бермейді. Жиырма жеті жылдан бері Рашид оны бәрінен айырған. Енді келіп Ләйладан да айыруына қарап тұра алмайды.

Ол бойын тіктеп, күректің сабын бекем ұстап, биік көтерді. Күректі Рашидке көрсету үшін оның атын шақырды.

— Рашид!

Рашид басын көтерді. Мәриям күректі бір-ақ сілтеді.

Күректің қыры Рашидтың маңдайына тиді. Екпіні оны Ләйланың үстінен аударып түсірді. Ол саусақтарының ұшындағы қаннан көзін тайдырып, Мәриямға қарады. Оның жүзі мүләйімси қалғандай көрінді. Бәлкім, ол Рашидтың есін жиғызған шығар. Сөйтіп, оның көзіндегі перде ғайып болып, сонша жылдардан бергі өзінің қарғап-сілеу мен балағаттауларына, айыптауларына, зорлық-зомбылығына, рухани езіп-қанауына үн-түнсіз бойсұнған Мәриямның жүзін алғаш көріп тұрған шығар. Шынымен солай болса, Рашидтың көзінде пайда болғаны өкініш болар? Бірақ оның үстіңгі ерні көтеріліп, қинала ыңыранған үні естілді. Сол сәтте, Мәриям бұл істің соңын жалғастыру керектігін түсінді. Егер ол Рашидты осы бойда жайына қалдырса, оның Залмайды қамап қойған бөлмедегі тапаншасын алып шығуына қаншалық уақыт кетер? Егер Рашид тапаншасымен Мәриямды ғана атып, Ләйланың қанына қолын бұлғамайтын болса, ол күректі жерге қоюға разы еді.

Алайда Рашидтың көзінен Мәриямның көріп тұрғаны оның ешкімді тірі қоймайтын жендеттік пиғылының ұшқындары ғана.

Мәриям күректі биік көтерді. Сонымен ол өзінің бақытсыз өмірінің ендігі беталысын алға қарай бар күшімен сілтеген осы соққысымен белгіледі.

20

Ләйла

Ләйла көз алдындағы бейненің, шықырлаған тістердің, қан тұнған көздің, тұтқыр шылым иісінің кімдікі екенін жақсы білетін. Қыбырсыз сілейіп тұрған Мәриямның сұлбасын да бұлыңғыр көрді. Жоғары қарады. Төбедегі қара дақтарды көйлегіне шашырап кеткен шұбар нүктелердің түсіне ұқсатты. Шамның айналасындағы шытынаған сызаттар бірде күліп, енді бірде үдірейе қарап тұрған адамдай құбылады. Ол сыпыртқының басына шүберек байлап, сол төбедегі өрмекші торларын тазалап, Мәрияммен бірге үш рет сырлап шыққан. Енді төбедегі жарықшақтар оның көзіне күлімсіреп емес, келекелегендей көрініп, біртіндеп бұлыңғырлана түсті. Төбе барған сайын кішірейіп, жоғары көтеріле берді. Алыстап барып, пошта маркасындай ғана көрінді. Айналасы қарауытып, Рашидтың жүзі сол қараңғылық ішіндегі от орнындай даққа ұқсап қалды.

Оның көз алдында күміс жұлдыздардан шашыраған жарықтай ұсақ сәулелер пайда болды. Сәулелер арасында жұмыртқа тәріздес таңғажайып геометриялық пішіндер жоғары-төмен, оңды-солды қозғалып бір-біріне жұтылып кетеді. Қайта ажырап басқа пішінге өзгереді де, қараңғылыққа сіңіп ғайып болады.

Алыстан бір үн естіліді.

Балаларының сұлбасы Ләйланың көз алдында сағымдай бұлдырады. Әзизаның сергек, бірақ салмақты, сырлы жүзі. Әкесін пір тұтып, риза болған сыңайда телміре қарап тұрған Залмай. «Бұл өмір осымен бітеді. Бәрі де аяқталады, — деп ойлады Ләйла: — Өкініштi...»

Әйтсе де, оның көз алдынадағы күңгірттік сейіле бастады. Біреу өзін жерден көтеріп алғандай сезінді. Төбе де біртіндеп құлдилап, кеңейе түсті. Төбедегі жарықшақтардан кекесін күлкіні тағы бір рет анық көрді.

Біреу сілкілегендей болды.

— Саумысың, тірісің бе, жауап берші, естисің бе?

Бұл — Мәриямның үні. Оның қанға боялған, уайымды жүзі Ләйланың көз алдында пайда болды.

Ләйла терең тыныс алмаққа тырысып еді, тамағы шыдатпай ауырды. Екінші мәрте тыныстамақ болғанында, алқымымен қоса кеудесі солқылдап, сыздай жөнелді. Енді ол қатты жөтеліп, ыңыранып, тынысын жиілетуге көшкен. Сау құлағы тынбай ызыңдай берді.

Ол басын көтерді. Рашид көзі мен аузы жартылай ашылған күйде сұлап жатқан. Езуінен көпіршіген қызғылт сілекей ағып, шалбарының алды дымданып кеткен. Ләйла әуелі оның маңдайын, артынша қыры қанға боялған күректі көрді.

Ол жан даусымен шыңғырып жіберді.

— Ойбай... — оның тұла бойы қалшылдап кетті. — Ех, бұл қалай, Мәриям.

Ләйла қолын айқастыра кеудесін ұстап, күбірлей берді. Мәриям Рашидтың қасында алақанын тізесіне қойып, қыбырсыз отырған. Көпке дейін тіс жармады.

Ләйланың аузы құрғап, өн бойын суық тер басып, бірдеңелерді тоқтаусыз күбірледі. Рашидтың жансыз тәніне, тұмсығына, ашық көзіне, мойнындағы қатпар-қатпар сызықтарға ұйып қалған қан дақтарына қарамауға тырысты.

Дала күңгірт тартып, ымырт үйіріле бастады. Мәриямның жүзі қуарып, қан-сөлсіз көрінгенімен, өңінен қобалжу мен қорқудың еш әсері байқалмайды. Терең ойға батып, меңіреу жандай бір нүктеге қадала қарайды. Маңдайына қонған шыбын да оны селт еткізер емес. Астыңғы ерінін жымыра тістеген қалпында қимылсыз отырған.

Ол ақыры тілге келді.

— Отыр, Ләйла.

Ләйла оның сөзіне бойсұнды.

— Оны бір жерге жасырайық. Залмай көріп қалмасын.

Олар Рашидтың мәйітін кепеге апармас бұрын, Мәриям оның қалтасынан бөлменің кілтін алды. Ләйла оның аяғынан ұстады. Мәриям қолтығынан көтеруге ыңғайланды. Көтеруге тырысқанымен, Рашидтың денесінің сонша ауырлағанынан сүйреуге мәжбүр болды. Алдыңғы есіктен шыға бергенде Рашидтың аяғы босағаға ілінді де, тізесі бір жағына бүгіліп қалды. Олар мәйітті кері бағытқа бұрып сүйремек болды. Сол сәтте жоғарғы қабаттан әлдекандай үн естілді. Ләйла Рашидтың аяғын жібере салып еңіреп отыра кетті. Мәриям бүйірін таянып, оған шегінерге жол жоғын, есін жиып, іске кірісуін ескертті. Ләйла орнынан тұрып, бетін жуған жасты сүртті. Олар мәйітті сүйреп, құрал-сайман қоймасына апарды да, жұмыс үстелінің артына жатқызды. Үстелде шеге, ара, балға және Залмайға ойыншық жасап бермекке әкеліп қойған цилиндр тәрізді ағаш кесегі тұрған. Олар үйге қайтып келді. Мәриям беті-қолын суық сумен жуып, терең тыныс алды.

— Жарақатыңды көрейін, бүкіл денең тілім-тілім болыпты ғой.

Мәриям түнімен ойланып, ендігі істерді жоспарлағысы келетінін айтты.

— Жол табылады, — деді ол. — Жақсылап ойланып көрейін.

— Бұл арадан кетуіміз керек! Енді бұл жер бізге тұрақ болмайды, — деді Ләйла даусы қарлығып.

Кенеттен Рашидтың басына тиген күректің даусын естігендей болды да, есі кіресілі-шығасылы күйге ауысты.

Ол өз-өзіне келіп, бойын жиып алғанша Мәриям оны сабырмен күтті. Ләйлаға басын өзінің тізесіне қоюды айтып, шашын сипап, ештеңеден алаңдамауын, бәрінің ыңғайлы шешім табатынын байыздап, ұяң үнмен түсіндірді. Өзінің Ләйламен, балалармен бірге кететінін, бұл үйді, қарғыс атқан қаланы, бұл елді тастап, шалғайға, ешкім іздеп таба алмас мекенге кетіп, өткенді ұмытып, өмірді жаңадан бастайтынын айтты.

— Орманды алқаптарға, — деді Мәриям. — Ну орманның арасына кетеміз.

Мәриям Ләйлаға өзі қиял еткенді бір-бірлеп әңгімеледі.

Олар ешкім естімеген, шалғайдағы шағын ауылдың шетіндегі шағын үйде бірге өмір сүреді. Ауылдың жолдары тар, шаң-топырақ болса да, жолдың екі жағалауында аңғарлар, жабайы гүлдер жайқала ашылған. Бәлки ол жолдар жайлауға жалғасар. Шынымен солай болса, балалар масатыдай құлпырған көк шалғынға аунап-қунап, жүгірісіп ойнап мәз-болысар. Мөп-мөлдір, тұнық сулы көлшіктерге алып баратын соқпақ жолдарды да кездестіруге болар, әрине. Балалар өзендегі, көлшіктегі балықтарды, бітік өскен қамыстарды көріп мейлінше қуанар. Қой мен тауықтарды өсіріп, бірге нан жауып, балаларды кітап оқуға үйретеді. Онда бейбіт, тыныш, алаңсыз өмір сүреді. Өткеннің азап-қасіретін саналарынан мәңгілікке қуып, қарапайым өмірден ләззәттануға мүмкіндік алады.

Ләйла сәлге болсын жігерленіп, сыбырлай бастады. Ол келешектегі қиындықтардың өткен өмірдің ауыртпалығына ұқсамайтынын, өздеріне ғана тәуелді болатын, әсер алатын қиындықтар екенін танып жеткен. Мәриямның аналарға тән мейірімді үні оған жұбаныш сыйлады. Ол шығар жол табы-

лады деді. Алла сәтін салса, ертесі ол Ләйлаға жөн көрсетпек. Бірлікте іс қылмақ. Бәлкім, ертең осы уақытқа дейін өздері бір өмір күткен қуанышқа алып баратын, тың қиындықтарға толы жаңа өмірді бастайтын шығар. Ол Мәриямның сергек әрі сабырлы түрде ендігі істерді бір жақты етуді өз мойнына алғанына қуанды. Өзінің шашыраңқы ой-қиялымен, сансыраған санасымен дұрыс шешімге келуі мүмкін емес еді.

Мәриям орнынан тұрды.

— Енді ұлыңның хәлін біл.

Ләйла Мәриямның жүзіндегі қайғының табын адам баласының шырайынан тұңғыш көргендей сезімде болды.

Ол Залмайды қараңғыда, төсектің Рашид жататын тұсында бүктетіліп жатқан қалпында көрді. Қасына қисая кетіп, жамылғы көрпені алып, Залмай мен өзінің үстіне жапты.

— Ұйықтамадың ба?

Залмай Ләйлаға қарамастан:

— Ұйқым келмейді. Бабалу дұғасын әкеммен бірге оқымадым.

— Бүгін түнде екеуміз бірге оқиық, келістік пе?

— Ол сияқты оқи алмайсыз.

Ол Залмайдың кішкентай иығынан қысып, мойнынан сүйді.

— Қане, байқап көрейін.

— Әкем қайда?

— Әкең бір жаққа кетті, — деп Ләйла тамағына бірдеңе тұрып қалғандай қинала дауыстады.

Осы бір қарғыс атқыр жалған сөзді ол алғаш рет аузынан шығарды. Бұл өтірікті тағы қанша айтуға, қаншама рет Залмайды алдауға мәжбүр болар? Ол Залмайдың есіктен кіріп келе жатқан Рашидке қарай жүгіргенін, әкесінің оның білегінен ұстап, екі аяғы түп-түзу болғанша айналдыра ұшырып, оның басы айналып тәлтіректегеніне қарқылдап күліп тұрған кездерін есіне алды. Олардың жөнсіздеу ойындары, құлақты

жарардай айғайлап-күлулері, бір-біріне ұрлана қараулары Ләйланың көз алдынан бір-бірлеп өте бастады.

Ұлының бетіне қарай алмастай болған азап пен қайғы оның кеудесін тырмалап, көкірегін сыздатты.

— Әкем қайда кетті?

— Білмеймін, құлыным.

— Қашан келеді? Қайтып келгенде сыйлық әкеле ме?

Ләйла Залмаймен бірге дұға оқыды. Олар жеті саусақтың әр буынында бір реттен «Бисмилляхи рахмани рахим» десті. Залмай екі алақанын жұптап, аузына жақындатып, үрледі де, қолының сыртын маңдайына тигізіп, бірдеңені тастағандай қимыл жасады. «Бабалу, ары кет, Залмайға жақындама, оның сенімен ісі жоқ. Бабалу, аулақ кет» деп күбірледі. Дұғаның соңында олар «Аллаһу әкбәрді» үш рет қайталады.

Көзі ұйқыға ілінер шақта Залмайдың «Әкем менің кесірімнен алысқа кетті ме? Сіз бен әлгі адам туралы айтқан сөздерім үшін кетті ме?» деген сұрақтары Ләйланы аң-таң қылды.

Ол Залмайды бауырына қыса түсіп: «Жоқ, бұл істер саған қатысысыз, Залмай. Сен кінәлі емессің» деп жұбатпақ еді, ол әлдеқашан ұйқыға кетіпті. Кішкентай кеудесі бір көтеріліп, бір басипады.

Ұйықтар алдында Ләйланың ойы он саққа бөлініп, ес жиып бірдеңені тұжырымдауға келмеді. Таң ата азан үнімен оянғанында санасындағы дүрбелең сәлде болсын бәсеңдеген еді.

Ол бір алақанын бетіне жастап ұйықтап жатқан Залмайдың қасында біраз отырды. Бәлкім Мәриям да түн ортасында бөлмелеріне кіріп, ұйықтап жатқан Ләйла мен Залмайдың қасында отырып, ертеңнің, келешектің жоспарын құрған шығар.

Ләйла өн бойы сырқырап төсегінен әрең түсті. Мойнынан тартып, бақайларының ұшына дейін Рашидтың белбеуінің ізі қалған. Бүкіл денесін ауырсынып, бет-аузын тырыстыра бөлмесінен ілбіп шықты.

Мәриямның бөлмесіндегі шам әлсіз жанып тұрған. Ол жайнамазын бұрышқа жайып, терезеге жаққа қарап бамдат намазын өтеп жатқан. Ләйла ақырын басып, оның қасына келіп отырды.

— Бүгін ертерек Әзизаны көруге бар, — деді Мәриям.

— Сіздің не істемекші болғаныңызды білдім.

— Жаяу жүрме. Автобусқа мін. Сол дұрыс болады. Таксиге мінсең, жалғыз жүргенің үшін олар жолыңды тосады.

— Түндегі уәдеңізді...

Ләйла сөзін сабақтай алмады. Оның өткен түнде суреттеген орманды алқап, атсыз ауыл дегенінің бәрі де жағдайды мезеттік реттеп, баланы жұбату үшін ғана айтылған әңгімелер екенін түсінген еді.

— Рас айтамын, — деді Мәриям. — Саған көңілімдегіні айттым.

— Сіз болмасаңыз, бұлардың маған еш қажеті жоқ, — деді Ләйла құлазып. Мәриям мейірлене күлімсіреді. — Маған сіз бейнелеген дүние керек. Сіз, мен, балалар... Тарыхтың Пәкістанда тұрғылықты жері бар екен. Абыр-сабыр басылғанша сонда жасырына тұрсақ.

— Олай істеуіміз мүмкін емес, — деді Мәриям балаға тәрбие берген анадай байсалды қалпынан жазбай.

— Біз бір-бірімізге қамқор боламыз, — деді Ләйла үні бұлығып, етегі жасқа толды.

— Ех, Ләйла...

Ләйланың даусы біртіндеп ашыла бастады. Мәриямға үй шаруаларын, ас әзірлеуді де өз мойнына алатынын айтып уәде беріп, жалынды.

— Сіз қыбыр етпей жатасыз. Мәңгі шаруа істемейсіз. Дем алып, ұйықтап, бақшаға гүліңізді егіп, сейілдеп жүресіз. Бірдеңеге қажетіңіз түссе, маған айтсаңыз, жылдам дайын қыламын. Бұлай істемеңіз, Мәриям. Мені тастап кетпеңіз. Әзизаның жүрегін езбеңіз.

— Нан ұрлағандардың қолын кесетін олар өлген еркектің мүрдесін байқап, оны екі әйелдің өлтіріп қашып кеткенін білер болса, не көрсетпейді дейсің.

— Ешкім білмейді, — деді Ләйла тынысы жиілеп. — Ешкім де бізді таба алмайды.

— Табады. Ерте ме, кеш пе, тауып алады. Олар төбет иттен қалыспайды, — Мәриямның бәсең үнмен байыптай айтқан сөзерін естіген Ләйла өзінің манадан бергі уәделерінің шындықтан қаншама алыс, қиял мен ақымақтық екенін түсінді.

— Өтінемін, Мәриям...

— Олар бізді тауып алса, сені менімен тең күнәһар санайды. Тарыхты да. Екеуіңнің қашқындарша өмір сүруледеріңді қаламаймын. Ұсталып қалсаң, екі баланың күйі не болмақ? — Ләйланың жас парлаған жанары шұбартып кетті. — Оларға кім қарайды? Талибандар ма? Ана ретінде ойлан, Ләйла, ананың орнында тұрып ойлан. Мен соған алаңмын.

— Олай істей алмаймын.

— Сөз жоқ солай істеуің керек.

— Бұл әділдік емес, — деді Ләйла тамағын қырнап.

— Осылай істесек қана әділдік болады. Бері кел, басыңды мұнда қой.

Ләйла еңбектеп келіп, Мәриямның тізесіне басын қойды. Ол Мәрияммен бірге өткізген күндерді, бір-бірінің шашын өрген, оның қарапайым пікірін құлақ қоя тыңдаған, ықыласты жүзін көріп Мәриямның ризашылық сезіммен тіпті де жігерленіп, тебірене айтқан әңгімелерін есіне алды.

— Міне, бұл әділдік, — деді Мәриям сөзін сабақтап. — Күйеуімізді өлтірген — мен. Ұлыңды әкесінен айырған да мен. Ендеше, мен қашып кетсем, дұрыс болмайды. Қалай қашып кете аламын? Олар бізді ұстай алмаған күнде де, мен... — Оның ерні дірілдеді. — Мен ұлыңның қайғысын ешқашан жеңілдете алмаймын. Оның жүзіне қарай алмаймын, қарауға батылым қалай барады, Ләйла?

Мәриям Ләйланың бұйра шашындағы бір түйінді қолымен шешті.

— Мен үшін бәрі де осымен аяқталады. Маған енді ештеңе қажет емес. Бала күнімде арман еткен, зәру болған нәрсенің бәрін сен бердің. Сен және сенің балаларың маған қуаныш сыйлады. Ештеңе етпейді, Ләйла, еш қысылма. Ешқашан көңіліңді бұзба.

Ләйла Мәриямның айтқандарына қарсы уәж таба алмады. Бірақ үнсіз қалмады. Жас балаша жалбарынды. Мәриям егетін ағаштарды, гүлдерді, оның бағуын күтіп тұрған тауықшөжелерді, атсыз ауыл, балықты көлшіктерді оның есіне қайта-қайта салды. Көз жасы көл болды. Ол жеңілді. Мәриямды ниетінен қайтару мақсатынан ақыры баз кешті. Оның ересектерге тән орынды әрі басым пікірлерімен тең түсе алмай, сәбидей өксіп жылаумен болды. Соңғы рет Мәриямның құшағына енді.

Түс әлетінде Мәриям Залмайдың түскі асы үшін бір үзім нан мен бірнеше кептірілген әнжүр даярлады. Әзиза үшін де жануарлар пішіндес прәндік пен бірнеше құрғақ әнжүрді бөлектеп қойды. Ас-ауқаттың бәрін қағаз қалтаға салып, Ләйлаға ұстатты.

— Мен үшін Әзизаны сүйіп қоярсың, ол — мәңгі көзімнің нұры, жүрегімнің сұлтаны екенін айтарсың. Бір тілегімді орындап, солай істей аласың ба?

Ләйла басын изеді. Ерні жымырылып, дірілдей бастады.

— Айтқанымдай автобусқа мін. Басыңды төмен салып отырғайсың.

— Сізді қашан көрермін, Мәриям? Куәгерлікке шығудан бұрын сізбен жолығуым керек. Оларға нақты жағдайды айтамын. Кінәлі еместігіңізді, солай істеуге мәжбүр болғаныңызды айтамын. Олар түсінеді, Мәриям, оларға түсіндіремін.

Мәриям Ләйлаға қарап күлімсіреді.

Ол еңкейіп, Залмайдың көзіне қарады. Залмай қызыл футболка, түтеленген жасыл шалбар, аяғына Рашид сатып әперген ковбой етік киіп, баскетбол добын қолтығына қысып алған. Мәриям оның бетінен сүйді.

— Мықты жігіт бол, — деді ол. — Шешеңе жақсы қара. — Мәриям екі алақанымен Залмайдың жүзін аялай сипады. Залмай басын тартып алуға тырысты. Мәриям оны өзіне тартты. — Мені кешір, Залмай. Саған әкелген қайғы-қасіретім үшін қатты өкінемін.

Ләйла Залмайдың қолынан жетелеп, көшенің аяқ жағына қарай беттеді. Көше қиылысына келгенде артына бұлылып қарады. Басына ақ жаулық орап, үстіне қара көк күрте, ақ мақта шалбар киген, бір тұтам ақ шашы қасын жауып тұрған Мәриям қақпа алдында телміре қарап тұрған. Күн сәулесі оның аққұба жүзін онан сайын жақырата түскен. Ол қолын бұлғады.

Олар бұрыштан айналып кетті. Мәриямның сұлбасы Ләйланың көз алдынан мәңгіге ғайып болды.

21

Мәриям

Мәриям сонша жылдардан кейін ескі лашығына қайтып келгендей сезінді.

«Уәлаят» әйелдер түрмесі Тауық көшесі маңындағы Шернау алаңында, айналасын ерлер түрмесі қоршаған шаршы тәріздес сұр ғимаратқа орналасқан. Білектей шынжырмен құлыпталған үлкен қақпа Мәриям және басқа да әйел қылмыскерлерді ерлерден бөліп тұратын. Әйелдер түрмесінде бес бөлме камера бар. Камералар тастай суық, қабырғалары қопсып жарықшақтанған, едендері ләс еді. Алақандай терезелері алаң жаққа қаратылған. Әйелдер қалаған уақытында

аулаға шыға алатындай есіктері құлыпсыз болғанымен, терезелерінің бәрі тікенек темір сымдармен торланған, не әйнек, не перде тартылмаған. Талиб қарауылдары сол үңірейген терезелерден қарап, бақылау жасайтын. Кейде қарауылдар қоршау терезенің сыртында шылым шегісіп, әйелдерге арам нәпсілі көзімен сығырая қарап, олар туралы бейәдеп қағытпа-қалжыңдарын желдей борататын. Соның себебінен әйелдердің бір сыпырасы күні-түні үстілерінен бұрқаларын шеше алмайтын.

Мәриям бес әйел, төрт шиеттей баламен бір түнді өткізді. Электр қуаты бар кештерде, олар Нағима есімді бойы бір қарыс, қою қара шашты, нәзік қызды төбеге жетерліктей көтерісетін. Нағима төбедегі қаптамасы сыпырылып қалған электр сымды қолымен түртіп жалғайды. Сонда ғана лампа жанып, бөлмеге жарық түсетін.

Дәретханалар кнім шкафындай ғана еді. Еденнің цементтері жарылып, астындағы төртбұрыштап қазылған терең шұңқырлардан шыққан сасық иіс пен шыбын-шіркейлер әр жерде ұшып жүретін. Ауланың қақ ортасындағы құдықтың маңына айқастыра керіліп арқан тартылған. Оған шұлықтар мен балалардың іш киімдері жайылған. Осында қылмыскерлерді іздеп келушілермен кездеседі. Туысқандары әкелген күрішті пісіреді. Түрмеде оларға тамақ берілмейтін. Бұл аула балалардың да ойын алаңы еді. Мәриямның естуінше, балалардың көбі осында туған. Түрме қабырғаларының сыртындағы әлемді еш көрмеген. Олар денелерінен бұрқыраған зәр мен дәрет исін елеместен күні бойы аулада жүгірісіп ойнайтын. Төңіректі шарлаған талибандар ұстап алып, ұрып-соқпайынша, талибандардың бар-жоғымен де есептеспейтін.

Мәриямды ешкім де іздеп келмеді. Оның талибандарға айтқан жалғыз өтініші де іздеп келушілермен кездестірмеу болды.

* * *

Мәрияммен түрмеде бірге жатқан әйелдердің ешқайсысының қылмысы ауыр емес. Олар тек үйден қашып кеткені үшін ғана түрмеге тоғытылғандар еді. Сол үшін де ол маңындағылардың назарын ерекше аударды. Олар Мәриямға таңдана, кішілік таныта қарайтын. Төсеніш көрпелерін, жамылғыларын ұсынып, тамақты онымен бірге жеу үшін бір-бірімен талласатын. Араларында оны ерекше жақын тартып, бауыр басқаны Нағима болды. Мәриям қайда барса, қолтығынан демеп бірге баратын. Нағима басқалардың да, өзінің де бақытсыз, ауыр тағдырын тарата айтып, шерін тарқататындардың қатарынан еді. Айтуынша, әкесі оны өзінен отыз жас үлкен тігінші біреуге қосуға ризалық білдіріпті.

— Ол адам боқтан бетер саситын. Тісінің саны саусақтарынан аз, — дейтін Нағима.

Ол қыстақтағы жергілікті молданың ұлымен Гардез деген жерге қарай қашыпты. Алайда Кабулдан шығар-шықпастанақ ұсталып, кері қайтарылған. Тергеуде молданың ұлы талибандарға Нағиманың өзін алдағанын, басын айналдырып, дуалап оқытып алғанын айтыпты. Ендігі өмірін құран, намаз оқуға бағыштап, күнәсін жуатынына уәде беріпті де, еркіндікке шығып, Нағима бес жылға сотталыпты.

Ол түрмеде өзін үйдегіден қауіпсіз сезінетін көрінеді. Әкесі оны түрмеден шыққан күні-ақ пышақтап, бауыздайтынын айтып, қасам ішіпті.

Нағиманы тыңдай отырып, Мәриям Нананы еске алды. Сафедкох тауының желкесінен қызыл арай көтерілген бір таңда, Нананың: «Компастың тілі ылғи да солтүстікті көрсеткеніндей, ерлердің кінә тағатын саусақтары дәйім әйелдерді нұсқайды. Үнемі солай болмақ. Соны есіңде сақта, Мәриям» дегені оның құлақ түбінде жаңғырыға берді.

* * *

Бір аптаның алдында Мәриям тергеуге алынған. Сотта құқықтық кеңес яки адвокат, қоғамдық тыңдаулар атымен болмады. Дәлелдер көрсету, шағым айту да орын алмады. Бас-аяғы он бес минутта бәрі де шешімін тапты.

Мінберде отырған жағы суалып, бет терісі жиырылып қалған, қызғылт бұйра сақалды талиб бас судья еді. Көзілдірігі көзін бадырайтып, қарашығының сарғайып кеткенін анық көрсетіп тұрған. Ырғайдай мойны сәлде ораған басын әрең көтеріп тұрғандай көрінетін.

— Кінәңді мойындайсың ба, Мәриям?

— Иә, мойындаймын.

Талиб басын изегендей болды. Басы мен қолының тоқтаусыз қалтырағаны Мәриямға Файзулла молданы елестетті. Ол шай ұрттамаққа ыңғайланып еді, қасында отырған кеудесі тік, басы қайқиған адам ілтипат көрсетіп, кесені алып, оның ерніне тигізді. Талиб риза болған сыңайда көзін жұмды. Мәриям талибтың басқаларға ұқсай бермейтін сықпытын байқады. Оның үнінен шынайылық пен сезімталдық аңқып, күлкісінен сабыр мен төзімділік есіп тұрған. Ол Мәриямға сескену, тіксіну пиғылымен қарамады. Айыптамады. Керісінше, одан кешірім күткендей мүләйім, жұмсақ тіл қатты.

— Өзіңнің не айтқаныңды толық түсінесің бе? — деді бас судьяның оң жағында отырған қыр мұрынды талиб қоқиланып.

Үш тергеушінің ішіндегі жасы кішірегі де сол. Мәриямның пуштунша сөйлей алмайтынын да қыстырып, кінәлай кетті. Мәриям оның билік пен атаққұмарлау, қай жерден ілік тапса, соған үкім кесуді өзінің міндеті мен қақысы санайтын қызуқанды жастардың қатарынан екенін түйсінді.

— Түсінемін, — деді Мәриям.

— Оған таңғалып отырмын, — деді жас талиб сөзін жалғастырып. — Құдай бізді әйелдерден өзгеше жаратыпты.

Миымыз да тіптен ерекше екен. Сендер, әйел заты, бірдеңені еркектердей ойлап жете алмайсыңдар. Тіпті Батыс дәрігерлерінің ғылыми зерттеулері де мұны дәлелдеп шығыпты. Сондықтан біз бір ер куәгердің орнына екі әйел куәгер талап етеміз.

— Өз істегендерімді мойындаймын, аға, — деді Мәриям. — Олай етпегенімде, ол әйелін жазым қылар еді. Әйелін қылқындырып жатқан.

— Сен солай айтасың. Әйелдер әрқашан түрлі нәрсеге ант бере береді.

— Бірақ менің айтқандарым шындық.

— Куәгерлерің бар ма?

— Жоқ, — деді Мәриям.

— Ендеше не істейміз? — деді науқас талиб сөз алып. Кенет ол алақанына құсып жіберді де, мұрнын тартып: — Менің Пешеварда бір дәрігерім бар. Өте кішіпейіл, жас пәкістандық. Оған өткен айда қаралған едім. Өткен аптада тағы да ем алдым. Оған «шыныңды айт, достым» дедім. Ол маған: «Үш ай, молда, ары кетсе алты ай» деп жауап берді. Әлбетте, мұның бәрі Жаратушы Алланың қолында, — ол қасындағы жас талибтың ұзатқан кесесінен шай ұрттады да, қалтыраған қолымен аузын сүртті. — Жалғыз ұлым бес жыл бұрын бақиға озған. Бұл жалғаннан кетуден еш қорқарым жоқ. Бұл дүниеге қиындық көру үшін ғана келгенбіз. Және сол машақатты мойнымызға артып, осы дүниемен қоштасамыз. Жоқ, ажал сағатым соққанда, о дүниеге ризалықпен аттанамын. Десе де, Мәриям, о дүниеге барғанда Жаппар иемнің «Неліктен менің жолыммен жүрмедің? Неге менің зан-жосыныма бойсұнбадың?» дегендеріне жауап таппай қалудан қорқамын. Ұлы Аллаға оның тапсырмаларын орындамағанымды қалай түсіндіремін, Мәриям? Осынау санаулы күндерімде Жаратқан Иемнің бізге нұсқаған жолдарына, заңдарына бас имесіме шарам жоқ. Әрине, бұлай істеу маған да ауыр.

Ол шынтағындағы жастықты сырғытпақшы болды да, ауырсынып жүзін тыжырды.

— Күйеуіңнің ашу-ызасы хақында айтқандарыңа сенемін, — деп жалғастырды ол көзілдіргінің астынан Мәриямға елжірей қарап. — Әйтсе де, сенің қанқұйлы, қатыгездершe қылған ісіңе жағамды ұстадым. Үстіңгі қабаттағы сәбидің әкесін іздеп шырқыраған даусын ести тұра, ниетіңнен қайтпағаның мені ойға салды. Мен қатты шаршадым. Оның үстіне бір аяғым көрде тұр. Сені кешіре салғым-ақ келеді. Алайда Алла мені алдына шақырып, «жұрттың күнәсін кешіру — сенің міндетің емес, молда», десе, не дер едім?

Молданың екі жағында отырған серіктері оған разы болысып, бас изесті.

— Білемін. Сен сонша қараниет әйелдердің қатарынан емессің, Мәриям. Дегенмен адам өлтіріп, ауыр күнә жасадың. Сол күнәңді керек. Мұндай істерге шариғат үкімі анық. Мен сені өзім баратын жерге ұзатып салуым керек, түсіндің бе?

Мәриям басын төмен салып, түсінетінін айтты.

— Алла сені кешірсін!

Олар Мәриямды соттан алып шығудан бұрын, оған өзінің мәлімдемесі мен молданың үкіміне қол қоюды айтты. Ол үш талибтың куәгерлігінде құдды жиырма жеті жыл бұрын Жәлелдің үйінде, молданың куәгерлігінде қол қойғанындай қағаздың астыңғы жағына «Мәриям» деп жазды.

Ол түрмеде он күн жатты. Терезенің жақтауында отырып, ауладағы түрме өміріне назар салды. Жаз бораны түрменің биік қабырғаларының бір шетінен қағаз қиқымдарын ұшырып әкелетін. Үйіріле қалған құйын адамдардың бет-аузын алақанымен жауып тұмшалағандарына қарамастан, құлақ, мұрындарын шаң-топырақпен толтыратын. Күн ұясына батар шақта ғана боран бәсейіп, аңызақ самалға айналатын.

Мәриямның түрмедегі соңғы күні. Нағима бір апельсинді оның алақанына салып, қолынан қапсыра қатты қысты. Аздаған үнсіздіктен соң, Нағима көз жасына ерік берді.

— Сіз менің ақадал досымсыз, — деді ол.

Мәриям күннің қалған бөлігін терезеден телмірумен өткізді. Әлдекім ас әзірлеп жатса керек, мұрнына түтін мен зиренің хош иісі келді. Ауладағы «Қуаласпақ» ойнап жүрген балаларды көрді. Екі кішкентай қыз Мәриямның бала күнінде Жәлел оны тастың үстіне отырғызып, балық аулағанда айтып берген тақпағын әндете жөнелді:

Алақандай көлшік бар
Соқпақ жолдың бойында.
Су жағалап торғайлар,
Шөлін баспақ ойында.
Тайып кетіп аяғы
Түсіп кетті айдынға.

Сол күні түнде Мәриям бір-біріне жалғаспайтын қымқуыт түстерді көрді. Түсінде тізілген он бір тал тасты, Жәлелді көрді. Ол бұрынғыдай жас еді. Әлі де сол кісінің десін басатын жымиған күлкісі, келбетті жүзі, тершіп жарқырап тұрған маңдайы... Пальтосын иығына желбегей жамылып, қызын алып кетуге келген. Қара түсті «Бьюик Роудмастер» көлігін лашықтың алдына тоқтатқан. Файзулла молда тәспісін тарта Мәрияммен бірге арықты жағалап, судағы сағымдары күн нұрымен жарқырап бара жатқан. Арықтың екі жағалауы жасыл желекпен көмкеріліп, Мәриямның мұрнына бұрқыраған жалбыз исі келген. Ол лашықтың босағасында өзіне телміре қарап тұрған Нананы да көрді. Ол құрт-құмырсқа қаптаған көк шалғында асыр салып ойнап жүрген Мәриямды кешкі асқа шақырып тұрған. Үш дөңгелекті арба топырақ жолды бойлай сықырлай қозғалып, дөңге қарай өрмелеп келеді. Сиыр мөңіреп, қой маңырап, төңірек азан-қазан болып жатқан.

«Ғази» стадионын бетке ала қозғалған жүк көлігінің дөңгелектері шұңқыр-шұқанақтардан өткен сайын Мәриям да бірге шайқалады. Көлік осылай секірген сайын оның белі сыздап ауыра берді. Қарсы жағындағы құрал ұстап отырған жас талибтың көзі оған түсе берді. Өзіне берілген жазаны осы жүзі жылы, көзі оттай жанған жас талиб атқара ма?

— Қарныңыз ашты ма, шешей? — деді талиб кір түрып қалған ортаңғы саусағының ұшымен көліктің қабырғасын тықылдатып.

Мәриям басын шайқады.

— Менде прәндік бар, өте дәмді. Қарныңыз ашса, жеңіз.

— Жоқ, рақмет інім.

Талиб басын изеп, Мәриямға таңдана қарады.

— Қорқасыз ба, шешей?

Мәриямның тамағы құрғап, тынысы тарылып кетті.

— Иә, қатты қорқып келемін, — деді Мәриям даусы қарлығып.

— Менде әкемнің суреті бар, — деді талиб. — Оның өңі есімде қалмапты. Велосипед жөндейтіні ғана еміс-еміс есімде. Дегенмен оның қимыл-қозғалысы, қалай жүретіні, күлетіні, даусының қандай екенін білмеймін, — ол көзін басқа жаққа бұрып, сәл үнсіз тұрды да, Мәриямға қайта қарады. — Шешем оның арыстандай айбатты, батыл адам екенін айтқан. Әйтсе де коммунистер тұтқындап ала жөнелгенде оның жас балаша жылай салғанын да айтқан еді. Айтайын дегенім, мұндай кезеңде қорқу дегеніңіз — қалыпты жағдай. Ұялатындай іс емес, шешей.

Сан мыңдаған көз оған қадала қараған сәт. Қатарласа тізілген темір орындықтарда адамдар мойындарын созысып, алаң ортасына қарасады. Мәриям жүк көлігінің арт жағынан түсе берген сәтте, жиналғандар таңдайларын қағысып, сыбырласып-күбірлесіп гу-гу болды да кетті. Дауыс зорайтқыштан оның қылмысы оқылып, күнәсі жәрия етілгенде, жұрт тегіс

бастарын шайқасып, жағаларын ұстасты. Десе де, ол топтасқан адамдардың өзіне кектене яки жанашырлық тұрғыдан бас шайқасқандарын ойлап жатпады. Қалың нөпірге көз салмады да.

Таңертең ол өзінің ақымақтарша жалынып, жылап жіберуінен уайымдаған. Соңғы сәттер таяғанда ақыл-есін жоғалтып, шырқырай жылауынан, лоқсып-құсуынан, тіпті дәретін ұстай алмай қалып масқара болуынан алаңдаған еді. Бірақ көліктен түсіп алаңға қадам басқанда, аяқтары бір-біріне шалынбады. Қолдары оңды-солды бұлғақтамады. Ешкім де оны сүйеп-сүйреп, жетелемеді. Өн бойынан сәл қалыпсыздық сезіне қалса, Залмайды, оны өміріндегі ең қадірлі адамынан айырғанын, оның ендігі тағдыры әкесіз, әкесінің мейір-махаббатынсыз өтетінін көз алдына келтіреді де, еңсесін тіктеп, еш қарсылықсыз алдыға ілгеріледі. Қару асынған біреу оған қатарласып, алаңның түстік қақпасына қарай жүруін бұйырды. Ол төңіректегі халықтың өзіне қарап тұрысқандарын сезді. Өзінің және өзіне кесілген жазаны атқаруға тағайындалған талибтың көлеңкесінен көзін алмай алға жылжи берді.

Кей сәттерді санамағанда, өмірдің өзіне оң қабақ таныта қоймағаны Мәриямға аян еді. Әйткенмен, ол соңғы жиырма қадамды басарда осы бейопа жалғаннан аз-кем ләззат алуды тіледі. Ләйланы бір көруді, оның жағымды күлкісін соңғы рет естуді, онымен бірге жарқыраған жұлдызды аспан астында шай іше отырып сырласуды арман етті. Әзизаның бойжетіп, сымбатты сұлуға айналғанын көре алмайтынын, ұзатылу тойында саусақтарына қына жағa алмайтынын, тойда шашу шаша алмайтынын ойлап қайғырды. Әзизаның балаларын көріп, олармен бірге ойнағанында қандай бақытты болар еді!

Алаң қақпасына аз қалғанда, қасындағы адам Мәриямға тоқтауды бұйырды. Ол кідірді. Бұрқасының жұқа пердесінен жаза атқарушының қаруын ыңғайлап жатқанын көрді.

Осы бір соңғы минуттарда Мәриям көп дүниені арманда-ды. Көзін жұмғанда тұла бойын өкініш емес, қамсыздық пен тыныштықтың жылы лебі шарпыды. Мына дүниеге шата, артық пенде, жабайы шөп болып келіп, енді міне, бір әйел жұртқа мейір-махаббатын бағыштаған, басқалардың да сү-йіспеншілігіне бөленген адам ретінде бұл дүниемен қоштас-қалы тұр. Ол — біреудің досы, серігі, қамқоршысы, анасы! Өмірін мағыналы өткізген опалы жан. Мәриямның өмірі құрметке лайық өмір. «Харами» болып басталып, қадір, са-лауатпен аяқталған өмір.

Ол соңғы тынысын Құран аяттарын үнсіз қайталаумен үзді.

— Тізерле, — деді талиб.

«Иә, көк пен жерді жаратқан, күнді түнге, түнді таңға ай-налдырып, күн мен айды бағындырған Жаратқан ием, ерекше қамқор, аса мейірімді ұлы Аллам, күнәларымды кешкейсің!»

— Қане, тізерле, жерге қара.

Мәриям өзгелердің бұйрығын соңғы рет орындады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

1

Тарыхтың бас ауруы барған сайын асқына түсті.

Кей түндерде Ләйла оянып, төсектің бір шетінде басын уқалап отырған Тарыхты көретін. Оның бас ауруы Насирбахта басталып, түрмеге түскеннен кейін тіпті де ауырласқан. Басының сақинасы ұстағанда кейде құсып, бір көзі көрмей қалуға дейін баратын. Өзінің бұл ауруы жайында айтқанда ол қасапшының пышағы шекесінің бір тұсынан тесіп кіріп, екінші тұсынан шыққандай деп суреттейтін.

— Ауыра бастағанда, пышақтың дәмін татқандай күйде боламын, — дейтін ол.

Кей кездері Ләйла орамалды дымдап, оның маңдайына басса, ауруы сәл бәсеңдегендей болады. Кейде Саидтың дәрігері берген дөңгелек ақ дәрілердің де аздап көмегі тиетін. Дегенмен көп түндерде ол екі алақанымен шекесін шеңбектеп, ыңыранудан өзге шара таппайтын. Ондайда көзі қызарып, мұрнының суы тоқтамайды. Ләйла қасына келіп, оның неке жүзігін таққан қолын алақанына алып, екінші қолымен мойнын уқалап беретін.

Олар Мурияға келген күні-ақ үйленген. Олардың үйленетінін естігенде Саидтың көңілі жай тапты. Ол енді некесіз ер-әйелдің өз қонақүйінде тұруы дегендей мәселеге бас қатырмайды. Саид Ләйла ойлағандай беті қызыл, көзі сығырайған адам емес, қою мұртының ұшы ішке ширатылған, ұзын ақ шашы қасының үстінен жанына қарай қайырыла таралған, жүзі жылы, сөз-әрекеті мүләйім адам еді.

Сол күні ол молда шақырып, Тарых пен Ләйланың некесін оқытты. Қоярда-қоймай Тарыхтың қолына ақша ұстатты. Тарых базарға барып ол берген ақшаға бір жұп неке

жүзігін сатып алды. Балалар ұйқыға кеткенде олардың некесі оқылды.

Молда олардың басына жасыл жаулық жапты. Тарых пен Ләйланың көзі айнада түйісті. Түйіскен көзден қуаныш жасы да, той шаттығы да байқалмайды. Ләйла өздерінің айнадағы бейнелеріне үнсіз қадала қарады. Жүздеріне мезгілсіз түскен әжімдер, көзінің астындағы солған қыртыстар олардың бір кездегі толықсыған жас, келбетті түрлерінің орнын басқан. Тарых ернін қыбырлатып, бірдеңе айтпақ еді, біреу бастарындағы жасыл жаулықты сырғытып ала берді. Ләйла оның не демек болғанын білуге шарасыз қалды.

Сол түні олар бір төсекке жатты. Төмендегі жиналмалы төсекте балалардың қатты ұйқыға кеткен, пысылдап, жеңіл қорылға басқан дыбыстары естіліп тұрған. Ләйла балалық шақтарын еске алды. Ол кездері озара сойлесу дегеніңіз соншама қиын емес еді. Бір-бірінің сөздерін бөліп, жағаларынан тартысып, өз мақсаттарын ұқтыруға тырысатын. Артынша бір-бірін келекелей күлісетін. Демде қайта татуласатын. Енді, міне, сонша жылдардан кейін, бір-біріне айтар сөз, шағар мұңдары көп бола тұра тосырқаса берген. Бұл түні Ләйла Тарыхқа айтпақ болған көп сыры ғайып болғандай үнсіз қалды. Ол үшін Тарыхтың қасында болу, оның өн бойынан тараған ыстық жалынға шарпылу, маңдайын оның бетіне тигізіп, қолын сығымдай ұстап, бір жастыққа бас қоюдың өзі шүкіршілік еді.

Түн жарымында Ләйла шөлдеп оянды. Тарых бейне қолындағы шары ұшып кетуінен алаңдап, жібінен бекем ұстаған жас баладай Ләйланың білегінен мықтап ұстап алыпты.

Ләйла Муридің тұманды салқын таңдарын, қызыл арайлы әсем кештерін, жұлдызы жарқыраған жым-жырт түнгі аспанын ұнатып қалды. Жасыл қарағайлар арасында бұтақтан-бұтаққа секіріп, жоғары-төмен құйғыта жүгірген тиындар, Демде құйып-басылатын өткінші жаңбырдан паналаған са-

тушылар. Ол кәдесыйлар сатылатын дүкендер мен шеберханаларды жақсы көретін. Жергілікті тұрғындар жаңадан салынған құрылыстардың Муридың табиғи келбетін бүлдіргеніне наразы болатын. Ләйла олардың жаңа ғимараттар үшін неліктен соншама қапаланатындарын түсінбей қиналатын. Егер Кабулда жаңа ғимараттар салынса жұрт тегіс қуанып, алақайлаған болар еді.

Заманауи дәретхана, ванна, монша, ысыт-суық сулардың үй ішінде болғанына ол аса тәнті болды. Әр таңда Адиба есімді әзілқой аспаздың бірдеңені турап тықылдатқаны мен Аленаның маңыраған үнінен оянатын.

Кейде ол Тарых пен балалардың ұйқысын бақылап, өткені мен бүгінін ойлағанда көзі жасқа толады.

Таңертең Тарых пен Ләйла бөлме-бөлмені аралайды. Тарых белбеуіне сылдырлатып, бір бума кілт пен терезе тазартқыш сұйықтық құйылған бөтелкесін қыстырып алатын. Ләйла қолына сүрткіш, дезинфекция құтысын, дәретхана щеткасын және жиһаздарды тазалауға арналған сұйықтықтық бар шелегін алып, Тарыхтың соңынан ілесетін. Әзиза бір қолына еден сүртетін шүберек, екінші қолына Мәриям жасап берген қуыршағын ұстап, олармен бірге жүретін. Ал Залмай аяғын сүйрете, тырпылдата басып, құлықсыз ілеседі.

Ләйла ендегі кілем-кілшелері шаңсорғышпен тазартады. Тарых ваннаны, дәретхананы жуып-шайып, шкафтар мен сөрелерге таза сүлгілерді бүктеп қояды. Тазалық бөмесіне шағын шампунь құтыларын, бадам иісті сабындарды ретті тізеді. Әзиза терезелерді өзім сүртемін деп қасарысады. Қуыршағын өзінен екі елі алыстатпай, жақын тұсқа қойып қояды.

Неке оқылып, бірнеше күн өткен соң, Ләйла Әзизаға Тарых хақында әңгімелеп берді.

Әзиза мен Тарыхтың арасындағы жақындық Ләйланы қайран қалдырды. Тарыхтың сөзі бітпестен Әзиза оның ойын

оқып үлеретін. Тарых та Әзиза бірдеңе сұрамас бұрын керегін дайын қылады.

Кешкі ас мезгілінде олар бейне ұзақ уақыт бөлініп қайта табысқан бір отбасы адамдарындай бір-біріне қулана күлімсірейді.

Ләйла шын сырды түсіндіргенде, Әзиза терең ойға шомып отырып қалды.

— Оны жақсы көремін, — деді ол ұзақ үнсіздіктен соң.

— Ол да сені жанындай жақсы көреді, Әзиза.

— Өзі солай деді ме?

— Мұны саған сөзбен айтуының қажеті жоқ.

— Маған бәрін жіпке тізгендей баяндап бер, шеше. Бәрін де білгім келеді.

Ләйла оның айтқанын орындап, бастан-аяқ түсіндірді.

— Әкең өте жақсы адам, қызым.

— Ол алысқа кетіп қалса ше? — деді Әзиза.

— Ешқайда кетпейді. Маған қарашы, Әзиза. Әкең сенің жаныңды жараламайды. Бізді тастап кетпейді.

Әзизаның уайымнан арылған жүзі Ләйланың жүрегін езді.

Тарых Залмайға ағаш ат сәтып әперді. Арба жасап берді. Түрмедегілерден үйренгеніндей картондарды кесіп-бүктеп, арыстан, кенгуру, жылқылар мен құстарды жасап берсе де, Залмай бұл сыйлықтардың бірін де қабылдамады, дөрекілене лақтырып тастады.

— Есексің! — деп айғайлады ол. — Ойыншықтарыңның маған қажеті жоқ!

— Залмай! — деп шыр-пыр болды Ләйла.

— Ештеңе етпейді, — дейді Тарых. — Оны еркіне қоя бер.

— Сен — менің әкем емессің! Әкем алыс сапарға кетті. Қайта оралғанда сенің сазайыңды береді. Қашып құтыла алмайсың. Оның екі аяғы сау. Сен сорлыда жалғыз-ақ аяқ.

Түнде Ләйла Залмайды бауырына басып, онымен «Бабалу» дұғасын бірге оқиды. Ол Рашидты сұраса, Ләйла алысқа

кеткенін, қашан оралатынын білмейтінін айтады. Сәбиді алдап, бір өтірікті мың сан рет қынжылмай қайталағанына ашынады. Залмайдың сұрақтары жанын жегідей жейтін. Әйтсе де, Ләйланың одан өзге қылар қайраны бар ма? Залмай әр күні дерлік түскі ұйқыдан оянып, әткеншектен түскен бойда Рашидты сұрайды. Кейінірек, аяқ бауын өзі байлай алатын, мектепке өзі бара алатын болғанда да осыны сұрайтыны, Ләйланың дағдылы өтірігін тағы қайталайтыны анық.

Күндердің күнінде бұл сұрақтардың желігі басылып, сап тыйылатынын да Ләйла жақсы біледі. Уақыттың өтуімен Залмай да әкесінің неге тастап кеткенін ойламайтын болады. Көшеде бүкшиіп кетіп бара жатқан яки қиылыстағы шайханаларда шай ішіп отырған адамдар арасынан әкесін таба алмайды. Келесі бір күндерде, өзен жағалап бара жатып немесе із шалмаған қарлы алқапты көріп, әкесінің жоғалып кетуінің сонша қарапайым іс еместігін, өзіне айтылмаған терең сыр мен бітеу жараның барын сезінеді. Естігендерінің орындалмас қиял, құрастырылған ертегі болғанын танып жетеді.

Ләйла өзінің Муридағы өміріне риза еді. Бірақ бұл қуаныш қолға оңай келген, еш қиындықсыз жеткен бақыт емес.

Демалыс күндері Тарых Ләйла мен балаларды сауда орталығына ертіп барады. XIX ғасырдың орта шенінде салынған англиялық шіркеу маңындағы қолөнер, әшекей бұйымдарын сататын дүкендер мен шеберханаларды аралайды. Тарых оларға көшеден дәмді чапли кәуаптарын алып береді. Жергілікті тұрғындармен, фотоаппарат, ұялы телефондарын көтеріп алған еуропалықтармен, ыстықтан қашып келкен пенджабдықтармен қосылып, серуен құрады.

Кей кездері олар автобуспен Кашмир шоқысына баратын. Сол жерде тұрып, Тарых оларға Желум өзенінің аңғарын, қарағайлы тау баурайын, ну орманмен көмкерілген тау шоқыларын көрсететін. Сол ормандардан маймылдарды да кездес-

тіруге болатынын айтқан. Олар Муридан отыз шақырым арыдағы Натиагали гүл бағына да барған. Губернатор сарайына тұтасатын жолда Тарых Ләйла мен балалардың қолынан жетелеп алған еді. Жол бойы британдық зираттарға тоқтап, таксимен тау шоқысына дейін шығып, тұман шөккен жап-жасыл жылғаларды тамашалайтын.

Дүкен терезелерінің алдынан өтіп бара жатып, өздерінің әйнектегі бейнелеріне Ләйланың көзі түсетін. Ер, әйел, қыз, ұл. Сырт көзге қарапайым, ешбір құпия-сырдан, өтірік пен өкініштен ада жарасымды отбасы болып көрінетіндері оған аян еді.

Түндерде Әзиза бастырылып, сандырақтап оянып кететін. Ләйла оның қасына бүктемелі орындыққа отыра қалып, желкесін, иығын сипап тыныштандырып, ұйықтатады.

Өзі де түс көретін. Түсінде Кабулдағы үйіне жалғыз өзі қайтып барып, баспалдақпен көтерілген. Есіктердің артынан үтікті пысылдатып, кірліктерді қаттап, көне Герат әуендерін ыңылдаған бір әйелдің үнін естіген. Алайда есікті ашып, бөлмеге енгенде ешкімнің де қарасы көрінбеген.

Мұндай түстерден ол денесін тер басып, қалшылдап, көзі жасаурап оянатын. Көрген түстері оны әр жолы солай мазалайтын.

2

Қыркүйектің бір жексенбісінде Ләйла тұмауратып қалған Залмайды ұйықтатпақ болып жатқан еді, Тарых есіктен оқтай атылып кірді.

— Естідің бе? — деді ол. — Олар оны өлтіріпті. Ахмад Шах Масуд өліпті.

— Не?

Тарых босағада тұрып, сөзін сабақтай жөнелді.

— Естулерге қарағанда, Ол Мароккодан шыққан, өздерін бельгиялықтармыз деп таныстырған екі журналиске сұхбат беріп жатқанда, бейнекамераға жасырылған бомба жарылып, Масуд пен журналистердің бірі сол жерде ажал құшыпты. Екіншісін атып өлтіріпті. Олар әлгі журналистерді Әл-Каида ұйымының адамдары деп күмәнданып жатқан көрінеді-мыс.

Ләйла шешесінің Ахмад Шах Масудтың портретін өз бөлмесіне іліп қойғанын есіне алды. Суретте ол сәл еңкейіп, бір қасын көтере біреудің сөзін тыңдағандай жымиып тұрған. Шешесі Ахмад Шах Масудтың Ләйланың ағаларының қабірі басында тұрып, дұға қылғанына сонша риза болып, аузы-аузына тиместей көрші-қолаңдарына баяндап берген еді. Көршілері бір-бірімен төбелесіп, Ауғанстанда ішкі соғыс қозғалған кездерде де шешесі Масудты ақтаған-тұғын. «Ол жақсы адам, — дейтін шешесі. — Ол тыныштықты қалайды. Ауғанстанды қайта құруды ойлайды. Бірақ олар оған жол бермейді. Мүлдем жол бермейді». Нәтижесінде бәрі де кері айналып, Кабул топырақ үйіндісіне айналған уақытта да шешесі үшін Масуд баяғы сол Панджшердің арыстаны болып қала берген.

Масудтың ашынышты өліміне Ләйланың көңілі ауырса да, өзінің туған өлкесін оның қалай ойрандағаны әлі есінде. Қабірлікке айналған үйлердің қирандысынан қазып алынған мәйіттер, жерленіп болған балалардың неше күн өткен соң табылған аяқ-қолдары...

Зымыран оғы төбелерінен түсер алдындағы шешесінің шырайы Ләйланың әлі есінде. Өзінің қасына түскен әкесінің бассыз денесі, оның футболкасына басылған алтын қақпа көпірдің суретінен атқылап шығып жатқан ыс пен қанды қалай ұмыта алсын?

— Жерлеу рәсімі өткізіледі, — деді Тарых. — Бұған сенімдімін, Равалпиндиде өткізілуі мүмкін. Айтарлықтай дабыралы болады.

Ұйқыға бас қоймақ болған Залмай да орнынан тұрып, көзін уқалады.

Екі күннен кейін, олар қонақ бөлмелерді тазалап жатқанда, алыстан айғай-шу естілді. Тарых қолындағы заттарын тастай салып, сыртқа жүгірді. Ләйла ілесе жөнелді.

Айғай-шу қонақүйдің лоббиінен шығып жатқан. Ресепшннің оң жағындағы күту орнында бірнеше орындық пен диван айналдыра қойылып, диванға қарсы бұрышқа теледидар қойылған еді. Саид, консьерж және бір топ қонақ теледидардың алдына қаумаласа жиналып алған. Тарых пен Ләйла топ арасынан қыстырылысып, алдыға өтті.

Теледидар арнасы BBC-ге қосылған. Тарых Саидқа бірдеңелерді айтты. Ол жауап беруге ыңғайлана бергенде, экраннан әуеде қалықтаған ұшақ көрінді де, биік ғимараттарға соғылып, жойқын жарылыс жасады. Төңіректегі жұрт демдерін ішіне тартысты.

Екі сағатқа жетпейтін уақыт ішінде екі ғимарат та қопарыла қирап түсті.

Көп ұзамай барлық телеарналар Ауғанстан, талибан және Усама бен Ладен туралы айта бастады.

* * *

— Талибандардың не дегенін естідің бе? — деді Тарых.

— Бен Ладен жайында ма?

Әзиза Тарыхтың қарсысында шахмат тақтасына тесіле қарап отырған. Тарых оған шахмат ойнауды үйреткен еді. Ол әкесінің шахмат ойнағандағы әрекеттерін салып, қабағын көтеріп, астыңғы ернін шығара саусақтарын қозғалтып, кейінгі жүрісті ойланып кеткен.

Залмайдың тұмауы да басылып, ұйқыға кетті. Ләйла оның кеудесіне дәрі жағып жатқан.

— Естідім.

— Талибандар «Усама бен Ладен — біздің қонағымыз. Қонақты қуып салу пуштундардың әдебіне жат» дейтін көрінеді.

Тарых қорынған сыңаймен таңдайын қақты. Өз ұлтының меймандос әдет-салтының мейлінше бұрмаланып, аяқасты болғанына ашынып тұрғаны байқалады.

Ғимараттар ойрандалып, бірнеше күн өткенде, Тарых пен Ләйла қонақүйдің лоббиіндегі теледидардың алдына тағы келді. Теледидарда Джордж Буш сөйлеп тұрған. Артында үлкен Америка туы бар. Бір сәтте оның даусы діріл-дей бастады.

Саид оларға Буштың соғыс жариялағанын ағылшыншадан аударып түсіндірді.

— Кімдермен соғыспақшы екен? — деді Тарых.

— Сіздің еліңізден бастайтын көрінеді.

— Ендеше, бұл соғысты да сонша жаман деуге келмес, — деді Тарых.

Тарых қолын Ләйланың ішіне, басын оның кеудесіне қойып жатады. Солай жатқанда Ләйла өзін қорғалғандай, қауіпсіз сезінетін. Құлазуы, осы күндерінің сәттік қуаныш болып қалуынан алаңдауы ұмытылып кететін.

— Бұл не дегенің? — деді Ләйла.

— Отанымыздың қазіргі жағдайын айтамын. Маған бұл соғыстың соңғы нәтижесі жақсы болатындай көрінеді.

Олардың отанына тағы да бомба жауа бастады. Бұл жолғы-сы американдықтардың бомбасы. Ләйла күн сайын қонақ бөл-мелердің кірліктерін ауыстыра жүріп теледидардан соғыс жаңалықтарын көретін. Американдықтар тағы да командир-лерді қаруландырып, Солтүстік Альянстың көмегімен тали-бандар мен Усама бен Ладенді Ауғанстаннан қуып шықпақшы болған.

Тарыхтың сөздері Ләйланың мазасын қашырды. Оның басын кеудесінен итерді.

— Жаман іс емес дейсің бе? Адамдар, әйелдер, балалар, кәрі-жас демей қырылып жатса, жақсы іс пе? Үйлер үйіндіге айналып жатса, жаман іс емес пе?

— Түшшш... Балаларды оятасың.

— Бұлай деуге дәтің қалай барады, Тарых? — деді Ләйла оның сөздерін ызалана бөліп. — Карам деген жерде қаңғыған бомба түсіп, жүздеген бейкүнә халық қырылып қалды ғой? Солардың мәйітін көре тұрып, жақсы іс дейтінің қалай?

— Жоқ, — деді Тарых, шынтағымен денесін тірей басын көтеріп, Ләйлаға қарады. — Дұрыс түсінбедің. Айтайын дегенім...

— Сен оны білмейсің, — деді Ләйла. Даусы біртіндеп көтеріле берді. Талас-тартыстары ерлі-зайыптылар арасындағы алғашқы керкілдесуге айналды. — Моджахедтер қырқыса бастағанда Кабулдан тайып тұрған сен нені білуші ең? Кабулда қалған — мен. Соғыстың қандай болатынын мен білемін. Сол соғыста ата-анамнан айырылдым. Соғыстың себебінен ата-анасынан айырылған менмін, Тарых. Енді келіп сенің аузыңнан «Соғыстың соңғы нәтижесі жақсы» дегенді естіп тұрғанымды қарамайсың ба?

— Кешір, Ләйла. Кешірім сұраймын, — ол Ләйланың жүзін алақанына алып, өзіне қаратты. — Дұрыс айтасың, мені кешір. Айтпағым, бұл жолғы соғыстың азырақ оң нәтижесі болып, Ауғанстанға жылт еткен үміт ұшқынын алып келер ме деген ойым еді.

— Бұл туралы енді сөйлескім келмейді, — деді Ләйла.

Өзінің Тарыхқа дөрекі сөйлегеніне таңғалды. Оған айтқандарының әділетсіздік екенін білетін. Соғыс оның да ата-анасын алып кетті ғой? Оның Тарыхқа болған ашуы әлдеқашан тарқаған. Тарых ұяң үнмен сөздерін жалғап жатқан. Ол Ләйланы өзіне тартып, қолынан, маңдайынан сүйгенде, қарсылық көрсетпеді. Тарыхтың айтқандарының негізсіз емесін ол білетін. Ойлаған мақсатын да әбден түсінетін. Ақиқатында

бұл соғыс керек те шығар. Буштың бомбалары Ауғанстанға жаңа үміт сыйлар. Десе де, бұл сөздерді ол өзіне айта алмайды. Ата-анасының жанын жалмаған сол бомбалар басқалардың да өмірін қиятынын, Ауғанстандағы бейкүнә сәбилер Буштың сол зымырандарынан тұл жетімдерге айналатынын біле тұрып, қалайша соғыс жақсы дей алсын? Олай деу Ләйла үшін өзін-өзі алдаудан өзге ештеңе емес-дүр.

Сол түні Залмай жөтеліп оянды. Ләйла орнынан тұрып болғанша, Тарых сау аяғын төсектен сырғытып, протезін киді де, Залмайдың қасына келіп, оны қолына алып көтерді. Төсекте жатқан Ләйла қарацғыда оған үңіле қарады. Залмай басын Тарыхтың иығына қойып, мойнынан мықтап құшақтап алды. Кішкентай аяқтары Тарыхтың жамбасына тиіп тұрған.

Тарых төсекке қайтып келді. Айналаны тыныштық басты. Ләйла қолын созып, оның бетін сипалап еді, дымқыл білінді.

3

Ләйланың Муридағы өмірі оған тыныштық пен жайлылық алып келді. Жұмысы да сонша ауыр емес. Демалыс күндері Тарыхпен бірге балаларды Патриата тауына, Пинь-Пойнт шоқысына алып шығып, етектегі Исламабадтан тартып Равалпиндиге дейінгі қала базарларын тамашалайтын. Көк шалғынға көрпе, жамылғыларын жайып жіберіп, қытырлақ прәндіктерін, қияр мен зімбір шырынын ішетін.

Ол дәйім қазіргі тұрмысына дән риза екенін өз-өзіне күбірлеп айтатын. Рашидпен бірге өткізген зұлмат күндерде, дәл осындай өмірді аңсаған еді.

2002 жылғы шілденің бір күні. Тарых пен Ләйла туған жерлері жайлы әңгімелесіп, төсекте жатқан. Ол жақта болып жатқан өзгеріс көп еді. Коалиция әскерлері талибандарды Ауғанстанның барлық ірі қалаларынан қуып шығып, Пәкістан шекарасы мен Ауғанстанның оңтүстігіндегі таулы

өңірлерге дейін ығыстырды. Халықаралық бейбітшілікті қолдау күштері Кабулға жіберілді. Хамид Карзай Ауғанстанның уақытша президенті болып сайланды.

Ләйла ішке бүккен ойларын Тарыхқа айтуға бекінді.

Бір жыл бұрын ол Кабулдан шығып кете алғаны үшін қатты қуанған. Әйтсе де, соңғы бірнеше айдан бері өзінің балалық шағын өткізген сол шаһарды сағына бастаған. Шор базардың қайнаған көшелері, Бабыр бақшалары, су сатушылардың ешкі терісінен тігілген тұлыптарын иыққа артып айғайлайтыны, Тауық көшесіндегі саудаласқан адамдар, Картехпарвандағы қауын сатушылар... ойынан кетпейтін болды.

Дегенмен елін сағыну Ләйланы Кабул жайлы ойландырған бірден-бір себеп емес-ті. Көбіне ондағы өзгерістер елеңдетті. Кабулда мектептер салынғанын, жолдарға жаңадан асфальт төселгенін, әйелдердің жұмыс орындарына қайтып барғанын естіген соң, бұл жақтағы өмірі тыныш әрі жайлы болса да, әйтеуір бірдеңе жетіспегендей, нәтижесіз, уақыт ысырап етумен тең білінді. Кейінгі күндерде әкесі Хакімнің: «Есейгенде қандай адам болуға бекінсең, сондай бола аласың, Ләйла. Сені жақсы түсінемін. Бұл соғыс біткенде, Ауғанстан саған мұқтаж болатынын да білемін» дегені құлағынан кетпеді.

Шешесінің сөздері де Ләйланың есінде. Әкесі Ауғанстаннан кету жайлы айтқанда, шешесі: «Ұлдарымның арманы орындалғанын өз көзіммен көремін. Ауғанстан азат болғанда осы топырақта тұрып тойлаймын. Ұлдарымның армандарының жүзеге асқанын көрсем, олар да менің көзіммен сол күндерді көреді» деген еді. Міне, осы сәтте Ләйла ата-анасы үшін болса да Кабулға қайтуды, олардың Ауғанстандағы өзгерістерді өз көзімен көруді қалады.

Алайда бәрінен маңыздысы, оның ойында Мәриям бар. «Мәриям осы үшін өлді ме? — деп сұрайтын Ләйла өз-өзінен. — Ол Ләйланың шетелде қызметші болып жасауы үшін өзін құрбан етті ме?» Мәриямға Ләйланың өз балаларымен

алаңсыз өмір сүргені жеткілікті шығар. Әйтсе де, Ләйла үшін бұл істер кенеттен маңызды мәселеге айналған.

— Қайтып кеткім келеді, — деді Ләйла.

Тарых орнынан тұрып, оған қарады.

Ол Тарыхтың кең маңдайына, білектеріндегі шымыр бұлшық еттеріне, өткір көзіне қадала қарап, оның келісті бітіміне ынтасы ауды. Арада бір жыл өтсе де, өздерінің қайта қосылғанына, Тарыхтың шынайы өз күйеуі ретінде қасында жатқанына Ләйланың сенгісі келмей тұрған.

— Кабулға қайтамын дейсің бе?

— Сен бірге қайтуды қаласаң ғана.

— Риза емессің бе? Осында жүргеніңе қуанышты жандай көрініп едің.

Ләйла жастықтан басын көтеріп отырды. Тарых шетке ығысып, оған орын ыңғайлады.

— Көңілдімін, — деді Ләйла: — әлбетте, бұл жерде өте көңілдімін. Бірақ... мұнда қашанғы тұрақтаймыз, Тарых? Бұл біздің топырағымыз емес, біздің жұртымыз Кабул... оның үстіне Кабулда үлкен өзгерістер жүз беріп жатыр. Жақсы жағдайлар. Менің де сол істерге араласқым, бірдеңе істегім, үлес қосқым келеді. Айтпағымды түсіндің бе?

Тарых басын ақырын изеді.

— Шынымен қайтқың келе ме? Мұның рас па?

— Иә, рас. Десе де, себеп бұл ғана емес. Қалайша екен, әйтеуір мұнда тұра берсек, дұрыс болмайтындай сезінемін.

Тарых саусағының ұшына қарап, аз үнсіз отырды да, басын көтеріп Ләйлаға қарады.

— Бірақ сен де бірге баруды қаласаң.

Тарых күлімсіреді. Қасының ортасындағы қыртыстар ғайып болып, басы ауырмайтын, бір кездердегі әзілқой, жайдары Тарыхқа айналды. Бәлки бұл Ләйланың қиялы болуы мүмкін. Дегенмен уақыттың өтуіне ілесіп, бұрынғы Тарыхтың бейнесі оның көз алдына ылғи да келе беретін болған.

— Мен де, — деді ол. — Саған қиямет-қайымға дейін ілесемін, Ләйла.

Ләйла Тарыхты өзіне тартып, ернінен сүйді. Сол сәтте ол Тарыхқа деген махаббатының тіпті де терңдей түскенін сезінді.

— Рақмет, — деді ол маңдайын Тарыхтың маңдайына тигізіп.

— Өз елімізге қайтайық.

— Бірақ алдымен Герагқа барамыз, — деді Ләйла.

— Герат?

Ләйла түсіндіре бастады.

Балаларға өз жөнімен түсіндіру дұрыс еді. Ләйла бір апта бұрын көрген түсіне көңілсіз болып жүрген Әзизаның қасына отырып, оған Кабулда талибандардың жоқ екенін, соғыстың да болмайтынын, ендігі жетімдер үйіне бармайтынын байыптап түсіндіре бастады.

— Бәріміз бірге тұрамыз. Сен, әкең, Залмай және мен. Менен мәңгі айырылмайсың. Уәде беремін, — ол қызына қарап күлімсіреді. — Тіпті сен бір жігітті ұнатып қалып, оған тұрмысқа шыққаныңша бірге тұрамыз.

Олар Муридан кететін күні Залмайды жұбату қиынға соқты. Ол Аленаның мойнына мықтап асылып алған.

— Оны Аленадан айыра алмай жатырмын, шеше, — деді Әзиза.

— Залмай, біз автобусқа ешкіні алып шыға алмаймыз, — деп түсіндірді Ләйла.

Тарых Залмайдың қасына тізерлей отырып, Кабулға барғанда оған Алена сияқты ешкі сатып әперетінін уәде етті. Залмай бұртиып, Аленаның мойнынан қолын әрең босатты.

Олар Құран Кәрімді үш рет сүйген соң, Тарых оны биік көтерді. Балалар оның астынан өтті. Саид Тарыхқа жәрдемдесіп, жүктерін көлікке тиесті. Оларды бекетке дейін ұзатып салды.

Ләйла шалқалай сүйеніп, ұзап қалып бара жатқан Саидқа назар салған сәтте, көкейінде көп сұрақ қылаң берді. Муридай тыныш жерді тастап бара жатқандары ақымақтық па? Ата-анасы мен ағалары ажал құшқан, бомбаның ыс-түтіні енді ғана сейіле бастаған бұлыңғыр мекенге барулары ақымақтық па?

Әкесінің Кабулмен қоштасарда айтқан екі тармақ ғазалы Ләйланың құлақ түбінде жаңғыра бастады.

Ай сәулесі шатырда, айдың санын кім білген,
Жарқыраған мың күн де қабырғадан көрінбес.

Ләйла басын төмен салып, кірпігіне тұнған көз жасын сығымдады. Кабул оны күтуде, оған мұқтаж болуда. Оның жұртына қайтуы — дұрыс шешім.

Десе де, Кабулға барудан бұрын, ол өзінің соңғы қоштасуын мінсіз орындауы керек.

Ауғанстандағы соғыс Кабул, Герат және Кандагары байланыстыратын жолдарды талқандап тастаған еді. Гератқа оңтайлы жолмен бару үшін, Иранның Машад деген жері арқылы өтуге тура келетін. Олар Машадта бір түн қонып, ертесі басқа автобусқа алмасты.

Машад көшелері адамға толған, тыныш қала. Ләйла автобус терезесінен жол жағасындағы саябақтарға, мешіттер мен хело кәуап мейрамханаларына көз салды. Автобус шииттік сегізінші имам Резаның қабірінен өткенде, Ләйла қабірдің жарқырап тұрған мәрмәр тастарын, алтын күмбезін анық көру үшін орнынан тұрып, мойнын соза қарады. Бұл қабірлердің қаншама ғасырлардан кейін де сонша айбынды тұрғанын, мінсіз сақталғанын көріп тамсанды. Өз еліндегі Будда мүсіндерін елестетті Бабаларынан қалған сол жәдігерлер әлдеқашан топырақ үйіндісіне айналып, Бамиян аңғарының боранымен шаң-тозаң болып көзден ғайып болған еді.

Он сағаттан соң автобус Иран-Ауғанстан шекарасына жетіп келді. Шекараға жақындағанда жолдың екі жағалауында керіш топырақ пен қаңырап бос қалған үйлер көріне бастады. Шекарадан Герат қа беттемес бұрын, олар ауғандықтардың босқындар лагерінен өтті. Алайда Ләйланың көзіне көрінгені шаң басқан қара күркелер ғана. Ол қолын созып, Тарыхтың білегінен мықтап ұстады.

Герат көшелерінің көп бөлігіне түсті кірпіштер төселіп, жолдың екі жағалауына иісті қарағайлар отырғызылған. Қаладағы саябақтар мен кітапханаларға қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ғимараттарды сырлап-бояп қалпына келтірген еді. Бағдаршамдар да іске қосылған. Ләйла электр қуатының да тұрақты жеткізіліп тұрғанына таңғалды. Естулерге қарағанда, Гераттағы Исмаилхан есімді шонжар Иран мен Герат шекарасынан жинаған елеулі кедендік табыстарын жұмсап, Гератты қайта құруға жәрдемдескен көрінеді. Оларды «Муваффах» қонақүйіне алып бара жатқан таксист Исмаилханның есімін жасқана, құрметпен атады.

«Муваффах» қонақүйінде екі күн қону үшін олар бар қаражаттарның бестен бірін төледі. Ұзақ жолда балалар да әбден діңкелеп қалған. Ресепшндегі қонақүй қызметкері Тарыхқа бөлмелерінің кілтін ұсынып жатып, мұнда шетелдік журналистер мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері үнемі келіп тұратынын айтты.

— Бен Ладен де осында бір рет қонған, — деді ол.

Бөлмеге екі төсек қойылған, тек суық су ғана ағатын. Төсектердің арасындағы қабырғаға ақын Хожа Абдулла Ансаренің портреті ілінген. Ләйла терезеден даңғаза көше мен жолдың екі жағалауындағы саябақты көре алатын. Саябақтағы гүлдер арасында түсті кірпіштер төселген жолдар бар еді. Теледидарға үйренген балалар бөлмеде теледидар жоқтығына налып, көп отырмай ұйықтап қалды. Жолсоқты болып шаршаған-

дарынан Тарых пен Ләйла да ерте ұйықтады. Түн ортасында әлдекандай есінде қалмайтын түстерді көріп оянғаны болмаса, Ләйла дәйім Тарыхтың білегіне басын қойып қатты ұйықтайтын.

Ертесі олар жаңа піскен нан, айва шырыны және қайнатылған жұмыртқамен таңғы астарын ішті де, Тарых Ләйлаға такси тауып келді.

— Сенімен бірге бармаймын ба? — деді Тарых Әзизаның қолынан ұстап тұрып. Залмай Тарыхқа қолын бермесе де, оның аяғына сүйеніп тұрған.

— Жалғыз барайын.

— Аландаймыз ғой.

— Ештеңе етпес, — деді Ләйла. — Балаларды базарға апарып, бірдеңелер алып бер.

Такси орнынан қозғалғанда Залмай қыңқылдай бастады. Артқы орындықта отырған Ләйла артына бұрыла қарап, Залмайдың тыпыршып Тарыхтың қолын тартқылап жатқанын көрді. Оның Тарыхты қабылдай бастағаны Ләйланы қуантса, бір жағынан жүрегін де езетін.

— Гераттық емес болдыңыз ғой? — деді таксист.

Талибандарға қарсылығын білдіру үшін жұрт қатарлы ол да шашын желкесіне түсіре өсіріп алған еді. Ләйла оның мұртының сол жағындағы тыртығына назар салды. Алдыңғы терезенің шопыр жақ астыңғы тұсына шашын қос бұрым етіп өрген жас қыздың суреті жапсырылыпты.

Ол өзінің Пәкістанда бір жыл тұрғанын, Кабулға қайтып бара жатқанын айтты.

— Дихмазаң?

Ләйла жолдың екі жағалауында мыс шеберлерінің шәйнекке тұтқа орнатып, тері илеушілердің түрлі теріні күнге жайып жатқандарын көрді.

— Осында бұрыннан тұрасыз ба, аға?

— Иә, осында туғанмын. Бар өмірімді осы жерде өткізіп келемін. Бұл жердің ыстық-суығын бір кісідей білемін. Әлгі дүрбелең есіңізде бар ма?

Ләйла есінде қалғанын айтты. Таксист сөзін сабақтады:

— Бұл іс 1979 жылдың наурызында кеңестіктер басып кіруден тоғыз ай бұрын болған. Бірнеше гераттық Кеңес Одағының кеңесшілерін өлтіріп қойыпты. Соның себебінен кеңестіктер танкілері мен тікұшақтарын жіберіп, қаланы үш күн бойы атқылады. Ғимараттарды қиратып, мұнараларды талқандады. Мыңдаған адамды ажал құштырды. Неше мың адамды. Сол күндерде мен де әпкем мен қарындасымнан айырылдым. Қарындасым он екіде еді. — Ол суретті нұсқады. — Мынау сол.

— Жатқан жерлері жайлы болғай, — деді Ләйла.

Ол әр ауғандықтың әңгімесі өлім мен қайғы-қасіретке толғанына қайран қалды. Дегенмен сол адамдар қапысын тауып өмір сүре беруге тырысады. Сонша жәбір-жапаны бастан кеше тұрып, әлі тірі жүргеніне, осы көлікте отырып, мына адамның әңгімесін тыңдап отырғанына Ләйланың сенгісі келмеді.

Гүлдаман қабырғалары қам кесектермен тұрғызылған, шатырлары тегіс үйлер мен лашықтардан құралған шағын ауыл еді. Лашықтардың сыртында, күн қарып қарайып кеткен әйелдер терлеп-тепшіп ошақ қағыстырып, бірдеңелерін қайнатып-пісірісіп жүрген. Бір топ қашыр осқырынып-пысқырынып науадағы жемге бас қойысады. Тауықтарды қуалап жүрген балалар таксидің соңынан жүгірісе жөнеледі. Ләйла үш дөңгелекті арбамен тас тасып жүрген адамдарды көрді. Олар да кідіре қалып, өтіп бара жатқан көлікке қарасады. Күмбезі опырылып кеткен қабірдің қасынан өткенде, Таксист оның ауылдағы белгілі сопының қабірі екенін айтты. Жол шетінде үш бала тат басқан жел қалақшаларының көлеңкесінде батпақпен ойнап отырған. Таксист көлігін жол шетіне тоқтатып,

тезеземен басын шығарды. Олардың арасындағы үлкендеуі оның сұрағына жауап беріп, дөң үстіндегі жалғыз үйді көрсетті. Таксист балаға алғыс айтып, қайта қозғалды.

Олар айналасы дуалмен қоршалған жер үйдің алдына келіп тоқтады. ауладағы інжір ағашының бұтақтары дуалдан асып салбырап тұрған.

— Көп кідірмеймін, — деді Ләйла таксистке.

Орта жастағы аласа бойлы, қызғылт шаштыры ағара бастаған, үстіне ауғандық дәстүрлі киім — пирхан-тюмбан мен ұзын шапан киген адам есік ашты.

Олар бір-бірімен амандасты.

— Файзулла молданың үйі ме? — деді Ләйла

— Иә, мен оның ұлымын. Атым Хамза. Көмегім керек пе, ханым?

— Сіздің әкеңіздің ескі досы Мәриям туралы хабар алайын деп келген едім.

Хамза таңырқай көзін жыпылықтатты.

— Мәриям...

— Жәлелханның қызы.

Ол кірпіктерін қайталай қағып-қағып жіберіп, аз кідіріп тұрды да, екі алақанымен бетін баса, көзін үлкен ашып, шірік тістерін көрсете күлді.

— Ә! — деді ол демін ішіне тартып: — Иә! Мәриям! Сіз оның қызысыз ба? — ол мойнын созып, далаға қарады: — Ол да сізбен бірге келді ме? Қаншама жыл өтіп кетті. Мәриям қазір осында ма?

— Ол қайтыс болды.

Хамзаның жүзіндегі күлкі ғайып болды.

Ол жерге қарады. Олар босағада бір сәтке үнсіз тұрды. Алыстан есектің аңырағаны естілді.

— Кіріңіз, — деді Хамза есіктің екінші қанатын ашып, — төрлетіңіз.

Аздап безендірілген үйдің еденіне Герат кілемі төселіпті. Қабырғаларға айналдыра кестеленген жастықтар тізіліп, Меккенің суреті ілініпті. Олар ашық тұрған терезенің тұсына келіп отырды. Іргедегі бөлмеден әйелдердің сыбырласқан үндері естілді. Жалаң аяқ жас баласы көк шай мен пісте-бадам салынған жайпақ табақты көтеріп келіп, олардың алдына қойды. Хамза балаға қарап басын изеді.

— Ұлым ғой.

Бала үндемей шығып кетті.

— Жағдайды баяндап берсеңіз, — деді Хамза кейісті бейнемен.

Ләйла мән-жайды бастан аяқ әңгімеледі. Сөзі біткенше өзі ойлағаннан көбірек уақыт жұмсады. Сөз соңында жыламауға тырысты. Арада бір жыл өткенде Мәриям жайында айту ол үшін жеңіл емес еді.

Ләйланың сөзі біткенде, Хамза қолындағы кесесін сипалап үнсіз отырып қалды.

— Қадірлі әкем оны жақсы көруші еді, — деді ол арадағы үнсіздікті бұзып. Ол туғанда құлағына азан шақырып, атын қойған. Оны апта сайын іздеп баратын. Кейде мені де ертіп барушы еді. Ол Мәриямның ұстазы әрі досы болатын. Әкем — өте қайырымды адам. Жәлелхан Мәриямды біреуге беріп жібергенінде ол қатты қайғырды.

— Әкеңіздің дүниеден өткеніне қайғырып отырмын. Жатқан жері жұмақ болғай.

Хамза басын изеп, ризашылығын білдіреді.

— Алла оған ұзақ ғұмыр берді. Жәлелханнан да ұзақ жасады. Әкемізді ауылдың зираттығына жерледік. Мәриямның анасының қабірінен алыс емес. Әкем жәннәтқа лайық, періште пейілді жан еді.

Ләйла кесесін дастарханға қойды.

— Сізден бірдеңе сұрасам болар ма?

— Әрине.

— Мені Мәриям тұрған үйге апарсың?

Таксист күте тұруға келісті.

Хамза мен Ләйла ауылдан шығып, Гүлдаман мен Гератты жалғайтын жолға түсті де, дөңнен құлдилады. Он-он бес минуттан соң, Хамза Ләйлаға беткейді екіге бөліп тұрған соқпақ жолды көрсетті.

— Осы жолмен барамыз.

Бұралаңдаған соқпақ жолдың екі жағалауына бұта-бүрген мен тікенек шөптер қаулай өскен. Анда-санда ұйтқи соққан соқыр жел жол шетіндегі биік шөптердің басын ырғап, Ләйланың білегіне ұрады. Бірі биік, бірі тапал, бірінің жапырағы ұзын, енді бірінің жапырақтары қабаттаса өскен сан алуан жабайы гүлдер желмен тербеліп, көздің жауын алады. Сайраған құс пен шегірткенің шырылы да үндестік тауып, Ләйланың құлағына әсем, сырлы музыка әуеніндей естілді.

Соқпақ жол иреленделп дөңге қарай бұрылды. Олар солай беттеп екі жүз метрдей жүргенде жазыққа шықты. Ләйла кідірді. Бет-аузына қонған шыбын-шіркейді қағып-сілкіп, сәл тынықты. Бұл жерден төңіректегі қат-қабат таулар, андыз өскен ақ теректер, қайыңдар мен әр әлуан жабайы ағаштар көрініп тұратын.

— Мұнда бұрын бұлақ бар еді, — деді Хамза кейіп. — Біраз уақыт бұрын тартылып қалды.

Ол Ләйлаға бұлақтан өтіп, аз өрлесе жететінін айтты.

— Мен осында күтейін, — деді ол ақ теректің астындағы жалпақ тасқа отыра беріп. — Сіз барып келіңіз.

— Көп кідірмеймін.

— Алаңдамаңыз. Бара беріңіз.

Ләйла оған алғысын білдірді де, бірнеше тастан аттап, арғы бетке өтті. Газды сулардың бөтелкелері мен тот басқан қалбырлар арықтағы батпақтан қылтиып, әр жерде шашылып жатыр.

Ол жел тербеген мәжнүнталды көрді. Жүрегі дүрсілдей соқты. Мәжнүнтал Мәриям суреттегендей жазықтың ортасына өсіпті. Артына бұрылып қараганында, төмендегі Хамза қара ноқаттай болып көрінді. Ол қадамын жиілете беріп, тасқа сүрініп жығылды. Орнынан тез тұрып, шалбарының етегін тізесіне дейін түрді де, ілгерлей түсті. Мәжнүнталдың түбіне жетіп барғанында әбден діңкелеп қалған еді.

Мәриямның лашығы өз орнында тұрған.

Жақындай келе ол лашықтың терезе әйнектері мен есігінің жоқтығын байқады. Мәриям айтқан тауық кепелер, тандыр мен ағаш қоймалардың қарасы да көрінбейді. Ол кіреберісте аз аялдады. Іштен шыбынның ызыңы естіледі.

Ләйла есіктегі үлкен өрмекші торын айналып өтіп үйге кірді. Үй іші қараңғы еді. Сәл кідіріп көзі үйірлескен соң, маңайды шолып шықты. Лашықтың іші оның ойлаганынан әлдеқайда тар көрінді. Еденге төселген тақтайдың аз бөлігі ғана қалған. Өзгесін әлдекімдердің отындыққа жұлып алғандары көрініп тұр. Еден қураған жапырақ, сынған құты, сағыз қағаздары, жабайы саңырауқұлақтар, сарғайып кеткен шылым қалдықтарымен толып, арам шөп басып, қабырғалары көгеріп кеткен. Он бес жыл. Міне, бұл — Мәриям он бес жыл тұрған үй.

Ләйла тізесін еппен бүгіп, қабырғаға сүйене отырды да, сырттағы желге құлақ түрді. Төбе мен бұрыш-бұрыштың өрмекші торламаған тұсы қалмапты. Қабырғада үлкен әріптермен жазылған жазулар көрінеді. Сылағы қопсып түскендіктен, Ләйла оны оқи алмай, орысша жазылғанын ғана шамалады. Бұрыштағы бос қалған құс ұясының жанында бір жарғанат асылып тұрған.

Ол көзін жұмып, аз отырды.

Пәкістандағы кезінде Ләйла Мәриямның бейнесін көз алдына келтіре алмай қиналатын. Тап бір тілінің ұшындағы сөзді айта алмағанындай әрі-сәрі күйге түсетін. Бірақ дәл

қазір, осында, Мәриямның келбеті Ләйланың көз алдында тірі кезіндегідей-ақ пайда бола кетті. Оның бұрылып қарағаны, ұзын иегі, терісі қатпарланған мойны, ернін жымқырып күлгені...

Ләйла Мәриямның етегіне бас қойды. Мәриямның жеңіл ғана тербеткенін сезді. Әне, ол бәсең үнмен Құран аяттарын оқуда. Ләйла оның аузынан шыққан әр сөзге денесінің әлсіз тербеліп жатқанын сезінуде.

Кенет, қаулаған арам шөптерді біреу тамырларынан тартып әкеткендей жерге сіңіп ғайып болды. Өрмекші торлары сиқырлы күштің әсерімен қабырғалардан ажырай бастады. Құс ұясы қопсып, қылшықтары мамықтай үлбіреп, терезеден ұшып шықты. Ғайыптан пайда болған өшіргіш қабырғадағы орысша жазуларды құлан-таза сипап өтті.

Еңдегі тақтайлар бүтінделе қалды. Ләйла үй ішіндегі екі төсекті, ағаш үстелді, екі орындықты, бұрыштағы шойын пешті көрді. Қабырғадағы шыны-аяқтар, шәугім-тоғалар тізілген сөрелер де бұрынғы орнында пайда болды. Сыртта тауықтардың үні естілді. Арықтағы судың сылдыры да құлаққа шалынды.

Кішкентай Мәриям үстел басында, керосин шамның жарығында, ыңылдап ән салып, қуыршағымен ойнап отыр. Жүзі жылтырап, сүмбіл шашы арқасына таралған. Оның тістерінің бәрі сау еді. Ләйла Мәриямның жіпті шаш қылып, қуыршағының басына желіммен жапсырып жатқанына қарап тұрды. Тағы бірнеше жылдан кейін, сол қыз өмірден ештеңе талап етпейтін, басқаларға еш салмақ салмайтын бір әйелге айналады. Адам есебінде күйініш-сүйініші, қайғы-қасіреті, басқалар тарапынан ту талақайы шыққан тәтті түстері барын ешкімге айтпайды. Сол әйел бейне теңіз түбіндегі тас сияқты, тағдыр төлкегін үн-түнсіз көтереді. Бірақ оның пәк кеудесіндегі мейірбандық өмір бұраңдарында жоғалып кетпей, керісінше, күн өткен сайын үдей түспек.

Ләйла бұл қыздың көзінен Рашид та, талибандар да бұза алмайтын, тастан да берік, ақыр-аяғында оның өзіне гана тиесілі болатын, Ләйла арқылы жүзеге асатын баға жетпес құнды дүниені көрді.

Кішкентай қыз басын көтеріп, қуыршағын үстелге қойып, Ләйлаға күлімсірей қарады.

— Ләйла?

Ләйла қорқып көзін ашты да, тынысы жиілеп, алға қарай жылжыды. Төбедегі жарғанат үркіп үй ішінде арлы-берлі жалпылдап ұшты да, терезеден шығып кетті.

Ол үсті-басына жабысып қалған жапырақтарды, шаң-тозаңды қағып, сыртқа шықты. Күн еңкейе бастаған еді. Жел күшейіп, ауладағы шөп-шалаң мен мәжнүнталдың ұсақ бұтақтарын оңды-солды желпіп тұрған.

Жүрерден бұрын Ләйла Мәриям ұйықтаған, ас ішкен, Жәлелді күткен ескі лашыққа соңғы рет қайырылып қарады. Мәжнүнталдың бұтақтары әр тербелгенде құлауға шақ қалған қабырғаларға ұрылып жағымсыз дыбыс шығарады. Әлдеқайдан пайда бола кеткен қарға лашықтың төбесіне қонып, бірденені шоқып алды да, қарқылдап ұша жөнелді.

— Қош бол, Мәриям.

Ләйланың етегі жасқа толды. Артына бұрылып, бітік шөптер арасымен тездете басты. Хамза әлі сол тастың үстінде отырған. Ләйланы көріп, орнынан тұрды.

— Қайтайық, — деді Хамза. — Сізге беретін бірдене бар.

Ләйла есік алдындағы гүлзарда Хамзаны күтті. Оларға шай әкелген бала інжір ағашының астында тауықты қолтығына қысып, Ләйлаға қарап тұрған. Хиджаб ораған екі әйелдің де терезеден сығалап тұрғанын Ләйла байқап қалды. Бірі — жасамыстау, екіншісі жиырма жастар шамасында болса керек.

Есік ашылып, Хамза қолына сандық көтеріп шықты.

Ол сандықты Ләйлаға ұсынды.

— Жәлелхан мұны қайтыс боларынан бірнеше ай бұрын әкеме берген екен, — деді ол. — Мәриям үшін жақсылап сақтап қоюды аманаттапты. Әкем сандықты екі жыл сақтады. Қайтыс болар алдында маған беріп, Мәриям үшін сақтап қоюымды тапсырған. Бірақ ол... сізге дейін мұнда келмеді.

Ләйла жұмыртқа пішіндес темір сандыққа қарады. Зәйтүн түстес сандықтың жиегіндегі сары жолақтары шұбарланып түсе бастапты. Екі жақтауын аздап тот басқан, алдыңғы бетінде кішірек ойығы бар еді. Ләйла оны ашпақшы болды да, құлыптаулы екенін байқады.

— Мұның ішінде не бар?

Хамза кілтті оның алақанына салды.

— Әкем бұл сандықты ашпады, мен де ашпадым. Мұны ашу сізге нәсіп болған екен. Бұл да Алланың қалауы шығар.

Ләйла қонақүйге оралғанда, Тарых пен балалар әлі келмеген еді.

Ол сандықты тізесіне қойып, төсекте отырған. Іштей мұны ашпауды, Жәлелдің айтпағы құпия болып қала беруін ойлады. Әйткенмен, қызығушылығы жеңіп, кілтке қолын созды.

Ол сандықтан үш нәрсені қолына алды: конверт, шағын қалта және бейнетаспа.

Ләйла таспаны алып, тіркеу бөліміне барды. Орта жастағы қызметкер оған қонақүйдің ең үлкен бір бөлмесінде ғана бейнемагнитофон барын айтып, бөлме бос болғандықтан бастап баруға мақұлдық берді. Ол телефонда сөйлесіп тұрған жас жігітке орнына қарай тұруды тапсырып, Ләйланы екінші қабатқа бастады.

Қызметкер есікті ашып, оны бөлмеге кіргізді.

Ләйла маңайына қарауға да үлгермей, бұрыштағы теледидарға беттеді. Бейнемагнитофонды қосып, таспаны салды. Экраннан бірнеше минутқа дейін ештеңе көрінбеді. Бос таспаны Жәлелдің Мәриямға несіне бермек болғанын түсінбеген ол кідіріп қалды, алайда аздан соң музыка ойнап, экраннан

суреттер көріне бастады. Ол қабағын түйіп, фильмді бір-екі минут қарап отырды да, тездетіп алдыға айналдырып еді, тағы сол фильм қайталанды.

Қызметкер оған сұраулы көзбен қарады.

Экранда қойылып жатқаны — Уолт Диснейдің «Пиноккио» фильмі. Ләйла мұның неге сандыққа салынғанын түсінбеді.

Тарых пен балалар сағат алтыдан кете қайтып келді. Әзиза Ләйланың алдына жүгіріп келіп, әкесі әперген көбелек тәрізді күміс алқасын көрсетті. Залмайдың қолында батырмасын басса, шиқылдап дыбыс шығаратын дельфині бар.

— Қалай болды? — деді Тарых Ләйланың иығынан ұстап.

— Жақсы, кейінірек айтамын.

Олар жақын маңдағы кәуапханаға кешкі астарын ішуге барды. Үстелдеріне май басқан резеңке дастархан төселген, түтіні қолқаны қауып, ыс сасыған кәуапхана тым тар еді. Дегенмен олар жұмсақ әрі дәмді кәуап пен ыстық нанға тойып шықты. Тамақтан соң көшені айналып сейілдеді. Тарых балаларға дүңгіршектен балмұздақ алып берді. Балмұздақтарын жол шетіндегі орындықтарда отырып жесті. Олардың арқа тұсындағы тау шоқылары іңір шапағымен қарауытып көрінеді. Кеш түссе де ыстық қайтпаған. Балқарағайдың хош иісі мұрынға келеді.

Ләйла бейнетаспаны көріп болған соң, бөлмесіне қайтып келіп, Тарых пен балалар келмес бұрын конвертті ашқан. Онда сары түсті бедерлі қағазға жазылған хат бар еді.

Хатта жазылғаны:

1987 жылдың 13 мамыры

Қымбатты Мәриям, бұл хатты сау-саламат тапсырып алуыңды Ұлы Алладан тілеймін. Өзің білетіндей, бір ай бұрын сенімен жолығу үшін Кабулға барғанмын, бірақ сен жолығу-

ды қаламадың. Іштей тарықсам да, сені ешқашан кінәламаймын. Сенің орныңда болсам, мен де солай істер едім. Маған деген ықыласыңнан әлдеқашан айырылып қалғанмын. Алдыңда айыптымын. Дегенмен бұл хатты оқып отырсаң, есігіңнің алдына қойып кеткен хатымды да оқыған, тілегім бойынша Файзулла молдаға жолыққан болар едің. Солай істегенің үшін шексіз ризамын, Мәриям. Саған бірнеше ауыз сөз айту мүмкіндігіне ие болғаныма қуанар едім.

Сөзді неден бастасам екен?

Сенімен соңғы рет сөйлескеннен бері әкең көп қасірет шекті. Өгей шешең Афсун 1979 жылғы дүрбелеңде қайтыс болды. Сол күні сіңілің Нилуферге де қаңғыған оқ тиіп, жан үзді. Сүйкімді Нилуферімнің қонақтарды таңғалдыру үшін басымен тік тұра қалатыны көз алдымнан бір кетпейді. Ағаң Фархад 1980 жылы соғысқа аттанып, 1982 жылы кеңестіктер оны Хильмандтың маңында атып өлтірді. Оның сүйегін көру маған нәсіп болмады. Балаларыңның бар-жоғын білмеймін. Бар болса, солардың өмірін тілегейсің, менің саған тарттырған азап-қайғымды бермеуіне дұға қыл. Олар түсіме кіреді. Ажал құшқан балаларымды дәйім түсімде көремін.

Сен де ылғи түсіме кіресің, Мәриям. Даусыңды, күлкіңді сағынамын. Саған кітап оқып берген, бірге балық аулаған кездерді еске аламын. Сол кездер есіңде ме? Сен жақсы қызсың, Мәриям. Әр жолы сені ойлағанымда, кеудемді ұят пен өкініш шоқтай шыжғырады. Өкініш... Сен дегенде, Мәриям, өкінішім теңізден терең. Герaтқа мені ізdеп келгеніңде жолықпағаныма қаншама өкіндім.

Есікті ашып, сені алып кірмегеніме қынжыламын. Сені өз қызым қатарында көріп, үйімде тұра беруіңе рұқсат етпегеніме өкінемін. Несіне солай істедім? Масқара болам дедім бе? Атыма дақ келтірмес үшін бе? Қарғыс атқан соғыста бәрінен айырылып, шер-шеменді, қиыншылықты бастан өткізгенімде сол абырой-атақтың маған не керегі болды? Соры-

ма қарай, мен кешіктім. Бәлки, бұлардың бәрі де мен сияқты қараниет, тасбауырлардың тартатын жазасы-дур. Қазіргі күйімде, сенің опалы, жақсы қыз екеніңді, саған әке болуға лайық еместігімді айтудан өзге еш шарам жоқ. Мені кешіруіңді өтінемін. Мені кешір, Мәриям, кешір, кешір.

Сен білетін кездегідей бай емеспін. Коммунистер жерімнің көп бөлігін, дүкендерімнің барлығын тартып алды. Дегенмен Аллаға шүкір, басқаларға қарағанда жағдайым әлі де жақсы. Кабулдан қайтып келген соң жерімнің қалған бөлігін саттым. Саған тиесілі мұрагерлік үлесті де осында салып қойдым. Бұл үлкен байлық болмаса да, саған аздап жәрдемі тиер (Ақшаны долларға айырбастауға мүмкіндігім болды да, айырбастауды жөн санадым, ақшамыздың тағдыры не боларын бір Алла ғана біледі.)

Мұнымды дұрыс түсінуіңді өтінемін. Сенің кешіріміңді ақшаға сатып алуды ойлаған емеспін. Сатып ала алмайтынымды да жақсы білемін. Тек саған әу бастан тиесілі қақыңды бермекпін. Сен үшін қамқор әке бола алмадым. Өлер алдында болса да, парызымның титтей бөлігін өтеп кету ниетім бар.

Иә, өлім. Жай-жапсарын түгел баяндап, мазаңды алғым келмейді. Әйтсе де, санаулы күндерім ғана қалды. Дәрігерлердің айтуынша, жүрегім әлсірепті. Мендей бір әлсіз пендеге ендігі өлімнен өзге не көрінсін.

Мәриям, бұл хатты оқыған соң, саған жасаған қиянатым мен қайрымсыздығымды мейірімді жүрегіңмен жібітіп, маған рақым қылуыңды, Мендей күнәһар әкеңді іздеп келуіңді, есігімді тағы бір рет қағуыңды үміт етемін. Бір рет болса да саған есік ашып, сені бауырыма басу бақытына ие болуыма мүмкіндік беруіңді шын діліммен өтінемін, қызым. Бұл үмітімнің дәл қазіргі жүрегімдей әлсіз, іске аспағы бұлдыр екенін де білемін. Сөйте тұра күтемін. Есігімді қағуыңды күтемін.

Алла саған ұзақ ғұмыр, жақсы өмір сыйлағай, қызым. Салауатты, сүйкімді перезенттер бергей. Мен саған бере алмаған шаттық пен тыныштықты, отбасы бақытын нәсіп қылғай.

Аман бол. Аллаға аманат.

Сенің құрметіңе татымайтын әкең Жәлел

Олар қонақүйге қайтып келді. Балалар азырақ ойнап ұйқыға кетті. Ләйла Тарыхқа хаттың мән-жайын айтқан соң, шағын қалтадағы ақшаны алып, оған көрсетті. Тарых Ләйланың жас жуған жүзін сүртті. Маңдайынан сүйіп, бауырына басты.

4

2003 жыл, сәуір айы

Құрғақшылық аяқталды. Өткен қыста қар тізеден келетіндей жауды. Бірнеше күннен бері жаңбыр толастамаған. Кабул өзенінің арнасы толып, көктемгі тасқын «Титаник» базарын шайып кетті. Көшелер шылқып, жүргіншілер лай кешіп, көліктер әр жерде батпаққа батып жатты. Толтыра алма тиелген есек арбалар жаңбыр суларын шалпылдатып безіп барады. Алайда ешкім де зарлап-қақсамады. Ғайып болған «Титаник» базарын да ешкім жоқтамады. Жұрт тегіс: «Бұрынғы Кабулымыз жасыл желекті, жәннәт шаһарымыз керек» деседі.

Ләйла балаларының артқы аулада жүгірісіп ойнағандарына қызыға қарап тұрған. Олар Дихмазаңдағы екі бөлмелі шағын үйді жалға алған. Аулада анар ағашы мен бітік өскен итмұрын бар еді. Тарых балаларға әткеншек жасап, Залмайдың ешкісіне қоршау тұрғызып берді. Ол Тарыхқа еліктеп шашын сыпыртып тастады. Онымен бірге «Бабалу» дұғасын оқуды енді Тарых мойнына алған. Әзизаның қою шашы жаңбыр суымен шылқып, басын сілкіп қалса болды, Залмайдың бет-аузына шашырайтын.

Залмай жақында алтыға толмақ. Өткен аптада олар Әзизаның он жасқа толған туған күнін атап, оны кинотеатрға апарған. «Титаник» фильмін кинотеатрда ашық көру кабулдықтарға ақыры нәсіп болған еді.

— Тездетіңдер, балалар. Кешігіп қалмайық, — деді Ләйла олардың түстік астарын қағаз қорапқа салып жатып.

Таңғы сағат сегіз. Ләйла сағат бесте тұрып алған. Әзиза оны бамдат намазына оятқан. Таң намазы Әзизаның есіне Мәриямды салатын. Қатал уақыт оның Мәриям жайлы естеліктерін бейне арамшөптерді жұлып тастағандай көңілінен өшіріп тынғанша, бұл оның Мәриямға жақын тұратын бірден-бір жолы екені Ләйлаға аян еді.

Намаздан кейін Ләйла төсегіне қайта қисайды. Тарых жұмысына жүргенде, оның көзі ілініп кеткен. Тарыхтың бетінен сүйгенін шала-шарпы есіне алды. Ол француз қайырымдылық қоғамының жарылыс салдарынан мүгедек болғандарды протезбен қамтамасыз ету бөлімінен жұмыс тапқан.

Залмай Әзизаның соңынан ілесіп, асүйге жүгіріп кірді.

— Екеуің дәптер, қарындаштарыңды алдыңдар ма? Оқулықтарыңды ше?

— Мұнда, — деді Әзиза сөмкесін ашып көрсетіп. Оның кекештенуі азайған.

— Жүрейік онда.

Ләйла балаларын сыртқа шығарып, есікті құлыптады. Жаңбыр жаумаса да, таң салқын. Аспан шайдай ашық, бұлтсыз болатын. Олар бір-бірінің қолынан ұстап, автобус аялдамасына қарай беттеді. Көшеде үш дөңгелекті арбалар, такси, БҰҰ-ның жүк көліктері, автобустар, әскери джиптер қайшыласып кеткен. Шала ұйқы сатушылар дүкендерінің темір есіктерін ашып, сағыз, шылым сататындар әлдеқашан саудаларын қыздырып үлгерген. Жесір әйелдер көше қиылыстарында өткен-кеткеннен қайыр тілеп отыратын.

Кабулда күн сайын өзгеріс. Жұрт жабыла аулаларына, көшелерге көшеттер отырғызып, тоз-тозы шыққан үйлерін сырлап, ағартып, жаңа үйлер тұрғызу үшін кірпіш тасиды. Арық-тоған, құдық қазысады. Терезелеріне гүл түбектерін қатарластыра тізеді. Жақында Ләйла мен Тарых балаларын қайта жаңғыртылған Бабур бақшасына алып барған. Сонша жылдардан кейін Кабулдың көше қиылыстарында рубаб, табла, дутар, аккордеон және танбур үндері, Ахмад Захирдің ескі әндері қайта жаңғыра бастады.

Ләйла ата-анасының бұл күндерді өз көзімен көргенін сонша армандайтын. Өкінерлігі, Кабул бейне Жәлелдің хаты секілді кешігіп тәубеге келді.

Ол балалармен көшені кесіп өтпек болғанда, қара түсті «Тойота» құйғытып келді де, қолсозым жерден үсті-бастарына су шашып өте шықты. Жүрегі аузына тығылған Ләйла балаларын иығынан жұлқа артқа тартты. Көлік екі рет сигнал беріп, көше қиылысынан шұғыл бұрылды да, көзден ғайып болды.

Ол балаларының қолынан мықтап ұстап, көліктің соңынан ызалана қарап тұрды. Есерсоқ шонжарлардың Кабулға қайтып келулеріне рұқсат етілген. Ләйланың ата-анасын өлтірген жендеттер ендігіде бау-бақшалы зәулім сарайларда құс жастықт жастанып, жайлы тұрып жатқан. Онысымен қоймай, ана министрліктің министрі, мына министрліктің орынбасары болып тағайындалып, өздері ойран қылған аудан, ауылдарда жалға алынған көліктерге мініп ойқастап жүретін. Соны ойлағанда Ләйланың кеудесін ыза кернейді.

Алайда ол өзіне кек пен өшпенділіктің құлы болмасқа уәде берген. Мәриям да бұл жолды қаламайды. Ол тірі болғанында: «Бұлай істеудің пайдасы не, Ләйла?» дері анық. Сондықтан да, Ләйла өзі үшін, Тарых пен балалары үшін тек алға қадам басуды шешкен. Мәриям үшін де солай етпек. Оны түсінде көретін. Өткенді артқа қалдырып, алдыға қарай

жүрген және келешекке үмітпен қараудан өзге қылар қайраны да жоқ еді.

Заман тізесін бүгіп, қолындағы баскетболды айналдыра, бір топ балаға дәріс оқып жатқан. Алаң жиегіндегі Ләйланы байқап қалды да, қолын бұлғап айғайлады:

— Сәлем, мұғалім мырза!

Ләйла да қолын көтеріп, оның сәлемін жылы қабылдады.

Жетімдер үйінің шығыс жақ қабырғасын жағалай алма көшеттері отырғызылған. Оңтүстік жағындағы қабырға қайта қалпына келтірілісімен Ләйла тағы бірнеше түп көшет отырғызуды жоспарлады.

Аулада жаңа әткеншек, турник және гимнастикалық жаттығу құрылғылары бар. Ләйла есікті ашып, ғимаратқа кіріп кетті.

Олар жетімдер үйінің іші-сыртын жаңадан сылрлап, бояп шыққан. Тарых пен Заман төбенің тесіктерін жамап, қабырғаларды сылап, терезелерді ауыстырған. Балалар ұйықтайтын бөлмелерге кілем төсеген. Өткен қыста Ләйла балаларға бірнеше төсек, жастық пен жамылғы көрпелер сатып алып, әр бөлмеге шойын пеш орнатып берген.

Бір ай бұрын Кабулдың «Анис» газеті олар жайлы жазған. Заман, Тарых, Ләйла және балалардың суретін де басқан. Газеттегі хабарды оқып отырып Ләйла бала күнгі достары Гити мен Хасинаны есіне алды.

«Гити екеуіміз жиырмаға жетпей төрт бала туып үлгереміз. Бірақ сен, Ләйла, біз мақтан тұтарлық адам боласың. Құдай қаласа, бір күндерде газеттің бірінші бетінен суретіңді көретінімізге сенімдімін», — деген еді Хасина.

Екі жыл бұрын Ләйла Әзизаны Заманға тапсырған дәлізге қарай беттеді. Сол кезде Әзизаның қолын өз қолынан қалай ажыратқаны Ләйланың әлі есінде. Осы дәлізде оған көз жасын көрсетпес үшін жанұшыра жүгірген, Мәриям оны айғайлай шақырған. Әзизаның шырқырап жылаған аянышты

үні құлақ түбінде әлі күнге жаңғырығып тұрады. Дәліздің қабырғалары ендігіде әр түрлі плакаттармен, динозаврлар, мультфильм кейіпкерлері, Бамияндағы будда мүсіндерінің суреттерімен безендірілген. Екінші жақтауына балалардың жазып-сызған шығармалары ілінген. Олардың көбінде үйлер мен саябақтарды таптап бара жатқан танкілер, «АК-47» қаруланған еркектер мен соғыс көріністері, босқындар лагеріндегі күркелер бейнеленетін.

Ләйла артына қайырылды. Сыртта оны балалар күтіп тұрған. Басына жаулық ораған қыздар, кепеш киген ұлдар оны көрген бетте жүгіріп келіп, қаумалап алысатын. Бір-бірін итере шуласып, қолын созып, оның назарын өзіне аудармаққа тырысатын. Кейбірі Ләйланы «Ана» деп те шақыратын.

Ол балаларды сапқа тізіп, сыныпқа бастап кірді.

Тарых пен Заман қабырғалас екі бөлмені біріктіріп, осы сыныпты жасаған. Едендегі мүжіліп, үгітілген кірпіштердің үстіне уақытша брезент төсеген. Тарых жақын арада еденге цемент пен кірпіш қалап, үстіне кілем төсеп беретінін айтып уәде берген. Заман есіктің маңдайшасындағы тақтайды сырлап, оған бір шумақ өлең жазып қойды. Бұл өлең Заманның «Ауғанстанға уәде етілген көмек қаржысы келмейді. Елді қайта құру қарқынды жүргізілмеді. Жемқорлық асқынып кетті. Талибандар қайта топтасып жатыр, олар кек қайтармақ. Әлем Ауғанстанды қайта ұмытады» дейтіндерге берген жауабы еді.

Бұл жолдар Хафиздің ғазалдарынан:

Жүсіп оралса, Хананға қайғырмаңдар,
Гүлстан айналса молаға, қайғырмаңдар.
Топан су басса әлемді бір күндері,
Нұх келіп жол көрсетер, қайғырмаңдар.

Ләйла сыныпқа кіріп келді. Балалар кітап-дәптерлерін парақтап, бір-бірімен сыбырласып жатқан. Әзиза парталасымен

сөйлесіп отыр. Арт жақтағы біреуі қағаз ұшақты сыныптың екінші басына қарай ұшырды.

— Балалар, парсы тілі оқулығын ашыңдар, — деді Ләйла қолындағы кітапты үстелге қойып.

Олар кітаптарын парақтай бастады. Ләйла терезенің жақтауына келіп, алаңдағы доп лақтырумен жаттығып жатқан балаларға қарады. Алыстан бұлдырап көрінген тау жотасынан қызарып күн көтерілді. Баскетбол бағанының темірлері, әткеншектің шынжырлары, Заманның мойнындағы ысқырығы мен әйнегін алмастырған көзілдірігі күн нұрымен шағылыса жарқырайды.

Ол алақанымен терезенің әйнегін қалқалап, көзін жұмды. Терезеден өткен ыстық леп жүзін шарпыды.

Кабулға оралғанда, Ләйла талибандардың Мәриямды қайда көмгендерін біле алмай көп қиналды. Оның қабірін тауып, Құран оқуды, басына гүл қоюды ойлаған. Ал қазір Ләйла үшін оның маңызы шамалы. Мәриям әрқашан өзімен бірге. Оның рухы қайта сырланған қабырғаларда, балалардың қол-аяғын жылтқан жылы көрпелерде, жастықтарда, кітаптар мен қаламдарда. Мәриям сол балалардың күлкісінде, Әзизаның намазда оқыған аяттарында, ең керегі ол Ләйланың жүрегінде, оның жүзіне түскен жарқыраған күн сәулесінде.

Ләйла өзін біреудің шақырғанын естіп, артына бұрылды. Ол Әзиза еді.

— Шеше, сізге бірдеңе болды ма?

Сыныптың іші тым-тырыс. Балалар оған қадала қарап қалған.

Ол Әзизаға жауап бермекші болды да, жүрегі айнып, алақанымен аузын басты. Әзиза оның жауап беруін күтті. Ләйла орнынан қозғалмады.

— Шеше?

— Құлыным, — деді ол күлімсіреп. — Ештеңе болған жоқ. Жағдайым жақсы. Өте жақсы.

Ләйла өз үстеліне қарай жылжыды.

Ол Тарых пен балаларға жақсы жаңалығын жеткізгелі бері, кешкі ас үстінде ат қою ойынын ойнау олардың күнделікті әдеттеріне айналды. Әркім өз тапқан есімдерін ұсынып, талас-тартыс жасады. Тарых «Мұхаммед» деген есімді жақсы көретін. Залмай жақында «Супермен» фильмін көрген. Ол ауғандық ұлдарға неліктен «Кларк» деген есім қойылмайтынын түсінбейтін. Әзиза «Аман» деген есімді мақтады. Ләйла «Өмір» дегенді ұнатты. Алайда бұл ойын тек ұлдардың есімі жайында ғана болатын. Ал егер қыз туа қалса, оған қандай есім қоюды Ләйла әлдеқашан шешіп қойған — Мәриям.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім 5
Екінші бөлім 88
Үшінші бөлім 163
Төртінші бөлім 316

«Үздік шетел әдебиеті» сериясы

Халед Хоссейни

ЖАРҚЫРАҒАН МЫҢ КҮН

Роман

Аударған *Төлеген Меллат*

Редакторы *Гүлзат Ақжолова*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Беттеген *Ақмарал Кадикенова*

Басуға 22.12.20 қол қойылды.
Пішімі 60 × 84 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,46.
Тапсырыс №0247. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13



Халед Хоссейни – роман жанрында жазатын ағылшын тілді ауған жазушысы. 1965 жылы 4 наурызда Ауғанстанның Кабул қаласында ауқатты отбасында дүниеге келген. Анасы тарих және парсы тілінің мұғалімі, ал әкесі дипломат болған. Халед 11 жасқа келгенде, отбасы Францияға қоныс аударып, әкесі Ауғанстан елшілігіне қызметке тұрады. Араға төрт жыл салып, олар Ауғанстанға қайтулары тиіс болатын, алайда ондағы саяси билік өзгеріп, осы екі ортада Ауғанстанға Кеңес әскері кірген еді. Сондықтан оның ата-анасы Америкадан саяси баспана сұрап, Сан-Хоседе қоныстанады. Халед сол жақта медициналық білім алып, он жылдай дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезеңде жазушылыққа бет бұрып, 2003 жылы «Желмен жарысқан» атты алғашқы романы жарық көреді. Бұл кітап үлкен сұранысқа ие болып, АҚШ-та бестселлерге айналды. Кейін роман желісімен фильм түсіріліп, жазушы эпизодтық рөлді сомдап шыққан болатын.

Жазушының сондай-ақ «Жарқыраған мың күн», «Теңізге мінәжат» және «Тауды аралаған жаңғырық» романдары бар.

«...Мәриям диванда көрпеге оранып жатып, терезеге қонған қар ұшқындарына қарады. Нананың айтуынша, әр түйір қар ұшқыны бұл дүниеде азап шегіп жатқан әйелдердің тынысынан пайда болып, аспанға бу болып көтеріледі-мыс.

— Олар жиналып, бұлтқа айналады, — деген еді Нана. — содан соң біздің, әйелдердің, азап-машақатқа сонша шыдамды екенімізді, қиындыққа үн-түнсіз төзетінімізді адамдардың есіне салу үшін қарға айналып, жерге қайта түседі...»

FOLIANT

ISBN 978-601-338-676-8

ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕН

www.foliantbooks.com

Көркем әдебиет. Жарамдылық мерзімі шектелмеген. Тауар сертификатталған. Барлық сала және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Тауар саласына байланысты кеңірат-талапты «Фолиант» баспасы ЖШС қабылдайды. Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ш. Айманов көш., 13-үй. «РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды.

/foliant.books